

Зияда Аманбаев

*Әулет аралық
естелік*



Балқаш - 2001

Зияда Аманбаев

**Әулет аралық
естелік**

2-ші бөлім

Балқаш. Қалалық баспаханa.
2001

**ББК 84 Қаз 7-4
А 52**

Аманбаев Зияда Аманбайұлы.
А-52 Әулет аралық естелік. Естелік-шежіре. Балқаш. 2001.
175-бет.

ISBN 9965-00-084-0

ББК 84 Қаз 7

А $\frac{4702250201}{00(05)-01}$ Құлақтандырусыз © Аманбаев З.

1954 жылдың 26 наурызында Сөйсен Сарқыт жөңгемізге үйленіп, отау көтерді. Тойды жер аяғы кеңігенде, мамыр айының ортасында “Калинин” ұжымшарының орталығы Қаратал ауылында өткіздік.

Ол уақытта тойхана, палатка тігу дегендер жоқ болатын. 3-4 киіз үй тігілетін. Тойда құнан жарыс, күрес болды, қаппен жарыс, арқан тартыс ойындары қызықты өтті. Бөріне 3 орыннан бөйге берілді.

Сөйсеннің шаңырақ көтеріп, отау болып шыққаннан кейінгі өзінә бұйырған өлшеулі ғұмыры Ақшатау көніші мен Бабаң айрығы, Ақжарық, Қызылсөңгірде өтті. Өмірінің соңғы айлары мен соңғы күндері де, соңғы демі де осы қасиетті мекенге бұйырды.

Құдайға төуба. Сөйсеннің жұртында, Ақжарық жерінде, Арақбай, Бұланбай, Майлы, Сөдір бабалар ұрпағының өскен-өркендеген елінде үбірлі-шүбірлі, кішігірім бір ауыл қалды.

“Әркімнің жүрген жері — Мысыр шаһары” деген халықтың даналық сөзі дәл осы Сөйсеннің өмірінің соңғы кезеңіне арнап айтылған десе де болғандай. “Сыйласуға жат жақсы” дегендей, Сөйсенді аталы елдің азаматтары құшағын жайып қарсы алды, ортасынан ойып орын берді. Сөйсенбай деп атын тіке атамай, Сөйсен деп басына көтерді. Тіршілігінде қатты құрметтеді. Тағдыр жетіп, дәм таусылған шақта үлкен-кішісі бірнеше күн аяғынан тік тұрып, ақ жуып, арулап бақиға жөнелтті.

Қарамеңде бабамнан Жолдықара. Жолдықарадан: Күмбө. Күмбөден: Сыздық. Сыздықтан: Қоянбай. Қоянбайдан: Сөйсенбай, Қайырбөрлі.

Сөйсенбайдан:

- Қайролла, одан Еркөбұлан.

- Зейнолла, одан Ботагөз.

- Аманолла, одан Әлия.
- Қуанышбай, одан Айдын, Саян.
- Қалиолла, одан Бақыт, Мағыжан.
- Ғарифолла, одан Мейрам.
- Қабидолла.

Қайырбөрліден: Бүркіт, Қайрат. Бүркіттен: Әлиса.

Келесі Ұлу жылы — 1976 жылда меңгілікке есте қаларлық опықты жыл болды. Асқар тауымыз, бөрімізді аузына тістеп асыраған, арқасына сап аялаған, не қиыншылық күндерде пана болған, өмірімізге өшпес сана болған, ұлына ұзын тон, қызына қызыл тон кигізіп, отадан төңірегін қала қылған, алып қорған өкөмізден айырылды.

(Иманды бол, абзал өкө!)

Әкөйді Ақшатау көнішінде халқының ортасында, нағашы жұртының өлінде, “өкөден кім аяйды қолда барын” дегендей, нұсқа сөздің бағытымен перзенттік жүрегіміздің соңғы жылуын бөлеп шығарып салдық. Әкөй Бабаң басына жетіп, бақиға тыныстады.

1922 жылы Қарамөнде би бабасының өу баста Қарқаралы тақтайынан Көлтөге арнаған Көсенесінің құрылысын балшықтан қайыра көтеріп, сауын айтып, дүбірлетіп ал бергенде бөйге атына шапқан 12-13 жасар қарадомалақ блли.

1930-шы жылдардың аласапыранының алдында өсепші болып өл аузына іліге бастаған, оң қол, сол қолын танып жақсы мен жаманды айыра бастаған, аштыққа ұшыраған халқына қамбадағы қазынаның бидайын бөліп беріп, дариядан өрі өтіп қашқын атанатын, жасырынып Бөрлітөбе, Алланы паналайтын балаң жігіт;

Ел өсін жиып, өтегін жаба бастаған соғыстың алдында аз жылдардың ішінде Алла берген ақыл, қабілетінің арқасында аудандық Совет атқару комитетінің орынбасары, бадепді мекөме басшысы болған халық ағасы.

1941-1945 жылдардағы қанды құйын соғыс уақытында “Өндіріс” ұжымшарын басқарып, халқының жөсір қатын жетім бала атаған тобырына тағы да қол ұшын бергені үшін Соғым сою, мал айырбас

Бұзау, өгіз, бәрі бір бас.

Қойдың құны қозы болса,

Арзан малға кім бой ұрмас — дейтін астарлы шумақтың құныкері болған, жазасын Жаңаарқа-Ортау аймағында өтөген айыпкер, ел дәулетін шашқан "өл жауы" атанған жалалы;

Сталинді ажал алып, Берияны жауыздығы жалмағаннан кейінгі бостандықтан босағасында бақыт тауып, ауданның өсіп-өркендеуіне ақыл-парасатымен, өнегелі өсиетімен, маңдай төрімен төлімді үлес қосқан ардагер ақсақалы;

Адам өміріне төн Алла берген өрбір кезеңін тәубашылықпен өз мөндерінде өткізген өрбір пәнде пайғамбарының киелі жасына іліккеннен кейін о дүниенің қамын ойлары сөзсіз.

Расул Ғалайһи уасс-саламның барлық уағыздары мен өмірлерін шын жүрөктен қабылдап, бұлжытпай орындауды мойындаған, шамасы көлгенше исламның жолын уағыздауға ат салысып, өмірінің ең қадірлі шағында ауданының иманы атанған — молласы;

Осы бір ғұмырнамалық шағын топтама — 1908-ші — мәшін жылы дүниеге келіп, 1994-ші — ит жылы 86 жасында өмірден озған біздің жан өкөміз Әлтайыма, Ақтоғайдың ардақты Әлағасына, Мақажанның Әлімханына төн. Шаханың Қарамөндөсінен — Жолдықара, одан Мөзбай. Мөзбайдан — Мақажан, Мақажаннан — Әлімхан, Әлімханнан — Әсет, Әсеттен — Қайырбек, Сабырбек. Қайырбектен — Шыңғыс. Сабырбектен — Санабек.

1977 жылдың қыркүйек айында Әлтайымды нағашы жұртына, Дешокты (Демешті) төркін жұртына қыдыртқанымыз бар. Кезекті бір демалыста сапарға шығып жөкжатты аралап, үлкеніне сәлем бөріп, кішісінің сәлемін алу — қазақ қазақ болғалы ата-бабадан жалғасып көле жатқан дәстүр, алтын көпір.

Ілгеріде өске алынғанындай Әлтайымның нағашысы Қарашор, Қаракөсек, Шөкшөк, Нұралы, Жаманбай одан Төтібай молла, Төтібай молладан — Өжет. Өжет өжемізден — Әлтай. Төтібай молланың Мұхтарынан — Ғабиден, Демеш.

Сонымен 4-5 күндік жолсапарымыздың бағдарламасын жай өңгіме үстінде Әлтайым "қызым саған айтам, көлінім сен тыңданың" ишаратымен жүруге дайындық кезінде өске

салып тастаған болатын.

— Құлсат өліне, Қарақуыс жеріне аяқ баспағалы табаны күректей 49 жыл болған, ендігі жылы тура өлу жыл болады екен — деп, Әлтайым өлденені жоғалтып, ойына түсіре алмағандай алысқа қарап біраз ойланып отырды да, «я», деп өңгімесіне қайыра көшті.

— Я, соңғы Қоянды жәрмеңкесіне 1928 жылы келуіміз керек. Дәл солай. Содан бері өлуге тарта жыл ішінде не көрерметтер келіп, не көрерметтер кетті ғой, аумалы-текпелі опасыз дүниеде.

Шіркін-ай, шіркін-ай десеңші, бері өтірік, бері жалған, түк болмағандай. Елу жылда — ел жаңа, жүз жыл — қазан... қадау, қадау деп, даналар дәл айтқан ғой, шіркін! Қадау-қадау қада болып міне біз қалыппыз, бұған да төуба, Аллаға шүкіршілік өтемін — деп, тоқтады моллекөң.

— Қазіргі жолда өзгеше болуы керек. Баяғы ноғай Уели байдың Қызылеспө-Берікқара-Қарқаралы көруен жолы өскірді, жоқ та шығар — деп, Моллекөң маған қарады.

Құдай қаласа, ауданнан Май заводы, Былқылдақ арқылы Милыбұлақтың үстімен жүреміз деуім мұң екен, Әлтайым:

— Ой, мына жолың тура Құлсаттың Қарақуысына, Беріктасқа бірақ түсірді ғой. Арғы жағы Түйетас, Қаңқай, Шымылдық жал, Жарлы бойы, Түнқатар — бері-бері асық ойнаған жер ғой, — деп мақтана масаттанып қалды.

Келесі күні Аллаға іштей сыйынып, Қарқаралыны бетке алып, жолға шықтық. Түскі сағат бірден асқан шақта Қарқаралының Милыбұлағына іліккеннен бастап, Бұғыбай басшымыз ерекше бір рахаттанған сөзіммен тауларға таңырқай қарап, жүргізушіге тоқтауға ишарат етті.

— Әй, Қазекөң жиені (Қазақбай — Барлықтың үлкен өкесі, менің нағашым), мынау биікті, екі жақтағы, Қарақуыс тауы деп атайды. Анау көрінген қалың қорым — деп, күншығыс жақтағы таудың өтегін мөзеп, бейіттерді көрсетіп, — сол үлкен қорымда, мына ұзын жігіттің аталары, менің ұлы нағашыларым жатыр, сол аруақтарға бір дұға бағыштайық. Алла қабыл ойласын — деп, қос тізерлеп отыра қалып, дүң оқыды. Бөріміз қол жайып, аруақтарға Алладан иман тілеп, “Аллаһу ақпар” дедік.

— Әлтай, Құлсат нағашымыз да осы мазарларда ма

білесіз бе? — деген менің сұрауыма:

— Менің бұл жаққа келмегеніме жарты ғасыр болыпты, ұмытып қалдым да. Біздің өкелерімізден көйін қыз алып, күйеу болған, сүйек жаңғыртқан өзің өкенсің, білсең айта қойшы — дегені Моллөкөңнің жұлып алғандай.

Біз Кекталдың өткеліне іліккенде сағат тілі де түскі өкіден үшке ауысып барады өкен. Деген түскі астың шабытты көзі. Демеш те бұрыннан қалыптасқан өдеті бойынша жолға арналған “шағын асханасын” іске қосып, жарты сағаттан сел астам уақытта аузымызды асқа тигізді.

Балалар өзенге шомылып, рахаттанып жатқан кезде, Әлтайым бізге нағашылары туралы өл аузындағы өзілдердің шығуын білесіңдер ме деп қойып:

— Біз өстіген көйінгі Шөкшек атаңның төуірі Байсат өл билөгөн, билігіне өл тоқтаған, дуалы ауыз, көшөлі адам болыпты. Ал, Байсаттың өзімен бірге туған інісі Құлсат шаруаға ғана ие, ақкөңіл, аңғармай сөйлейтін адам өкен. Байсат жасы көліп, тағдыр жөтіп дүние салады. Байсөкөң қонағасын хабарлауға жан-жаққа ағайын-туыс, құдандалы-жөкжатқа ат шаптырып, хабаршы жібереді. Құлсатты таяу жер деп, Көңестас жақтағы ағайындарға жіберген өкен. Құлсөкөң ауылға шауып көліп, ағасының өлгенін айтуды ұмытып көтіп, “не ғып жүрсің?” дегендерге, “Құлсаттың осы атқа мінгені — мінген” деп айқайлап шауып жүр дейді. Сонда барып халық “Байсат қайтыс болған өкен, мынау өнді өзіме билік тиді” деп шауып жүр өкен ғой депті — дөді Әлөкөң.

— Ағасының орнына атқа қонған Құлсөкөңе де көп ұзамай тағдыр көліп, демі таусылар шағы таянғанда ағайын-туыстары көліп көңілін сұрап тұрады өкен — деп, өңгімесін Әлтай қайыра жалғастырды.

— Бір күні жиналған ағайындардың ішінөн қу тілді бір жігіт тұрып: “Аға, халқыңыз жиналып отыр, сіз не айтады, арттағыларға қандай өсиөт қалдырады өкен деп отыр” депті. Сонда Құлсат нағашымыз басын көтөрмөстөк “Е, шырақтарым, айтар өсиөтім көп қой, менің. Ең бірінші, өкі Қарақуыстың арасын жақсылап тұрып жауып алыңдар” дегенде, өзілкөш, өжеттөу көлген көліні, өзіл-қалжақ араластыра: “Ата-ау, қос Қарақуыстың арасына мөткө шақ көле мө, не мөткө дөл көледі” деп, сұрақты төтөсінен бір-ақ қойған өкен. Атасы көлінінің

сұрағына ойланбастан, ұялып іркілместен: "Оған қанша матке қажет, менің "сирағымның" ұзындығындай салдау жетіп жатыр емес пе?" дегенде (сирақ дегеніміз сыпайысы), көліндері есіктен бір-ақ атқыпты, қалған халық күлкіден шөгі қатыпты — деп, Әлтайым өзі де көзінен жас аққанша күлді. Біз де күлкіден шөгіміз түйілгенше көгімізді алдық.

— Ай-хой, шіркін-ай десеңші, бұрынғының үлкендерінің аңғалы-ай, ақ көңілі-ай?! Осы еңгіменің жарымы қоспа болса да, жарымы аңғалдықтан шыққан шындық өкөніне дау жоқ қой — деп, басын шайқап біраз отырды. Құлсаттың үлкен жиені.

Машина өзен жиегінің жарлауытты, ой шұңқырлы қалың шалғынын біраз жапыра жүйткітіп, алаңқаймен қалың бетегелі боз жонға шыға көлгенде, бұғыбай басшымыз орындығынан қозғалақтап, екі иығына алма-көзек ауыр бұрылып:

— Пай-пай, жүйрік атты Қоянбайдың балалары-ай, Жарлыға келіп қалыппыз ғой. Мынау Түйетас — деп, оң жағында қалып бара жатқан айдаладағы шөккен түйеден аумайтын жөке шоқыны нұсқап, — ана жатқан Шымылдық жал, одан өрі Түнқатар таулары — деп, сол жақ иығына қарап қойды.

— Шөкшек өлі Жарлы бойындағы көлін түсіру, қыз ұзату. Айт сияқты, тағы басқа үлкен тойларда ат жарысын осы Шымылдық жалдан мына көсіліп жатқан Жарлы бойына дейінгі сар жазықпен жіберетін. Большевик өлі келе қоймаған, менің 9-10 жасар көзім, Аманбай сол жылы үйленген. Түржіке бай Сараны Шөкшек Қаңтарбай ауылына ұзатқанда өре көліп, той куәсі болғанымыз бар. Сол жолы Шөкшек құдалар Байдың жалғыз нөмересі Аманбайға жүздіктің көзінен өткендей, жылқының сұлуы торы төбел дөнен мінгізді. Жүрісті, жүйрік ат болды.

Жиырма екінші жылы Бабаң бейітін қайыра көтеріп ас беретінде Торытөбелді жаратып бейгеге қосқалы отырғанды. Сөкітай деген атқамінер бөлсөнді лауға мініп, көйіннен атқа қызығып, қайтармай көтті, — деп өкінішпен сөзін аяқтағанша, тақтайдай жолда жүйткіген темір тұлпар Жарлы бойына өністей берген сөтте, Барлыққа (жүргізуші) сол жақ қолының сұқ саусағын болар-болмас көтеріп, тізгініңді тарта тұр дегендей ишарат жасады жол басшымыз.

“Ымды білмеген, дымды білмейді” дегеннен тысқары тәрбиеленіп, Әлкейімнің (Әлбергеннің) өнеге-әсиетіне құлағы қанып, көзі тойып өскен Барлық та атының төжегішін дереу іске қосып, арғымағының басын тартып, кілт тоқтай қалды.

— Балалар, қасиетті өлдің, көшегі қасиетті бабалардың жұртына, бақилық зираттарына дұға бағыштап, тірілеріне бас иіп тағзым етейік — деп атынан түсуге өсігін ашып, таяғын ала берді де, сезін одан өрі жалғастырып өкетті.

— Мынау, қаламыз совхоз орталығы ғой. Әй, үкімет-ай, сай-саланы, сары далаға қала салып, халықты өн дәулетке шалқытып қойған! Шіркін, біз түгілі, біздің ата-бабаларымыздың бабасы көрмеген шығар-ау.

Бала күнімізде келіп жүргенімізде мына ырыс қонған, құт дарыған Жарлы өлкесі ұзына бойына өр атаға бөлінген қыстау болатын, өркімге тиесілі сары жайлау өді. Үкімет көлгеннен кейін «Шөкөмө» деген мектеп ұйымдасты. Қазір өнді мынау, адам айтса нанғысыз, өз көзіңе өзің сенбейсің.

Ал өнді, мынау үлкен қабірстанда жатқандарға, барлық бұрынғы өткөндерге бір дұға бағыштайық. Осы бөйіттөрдің анау орта шөніне таман құлауға айналған үлкен мазар — мөнің жобалауымша Демөштің төртінші үлкен өкөсі, ұзын жіпттің атасы, мөнің, мыналардың ұлы нағашысы — Жаманбай бабаның көсенөсі болу көрек — деп, тізерлей отыра дұға оқыды.

Бөріміз де қасиетті өлкөнің, киөлі топырақтың қойнында жатқан аруақты бабалардың өздөрінен бастап, барлық бақилық болған ұрпақтарының рухына Алладан иман тілеп, “Аллаһу акпар” дөдік. Дұғасын бағыштап тамамдаған Моллөкөң орнынан көтөріле бөре, өтөпн бір-өкі қағып жіберіп, оң қолын күнге көлөгейлөп, мазардан өрі ауылдың күнбатыс жағындағы алыстан мұнартқан тауларға барлай қарап тұрып:

— Әлгінде анау көгөргөн тауларды Түнқатар таулары деп айтып өдім ғой. Сол таулардың осылай қараған бөктерін Жарайыл деп атайды. Оның нөге Жарайыл атаңғанын біз білмедік. Сол Жарайылда қыстау бар, қыстаудан онша алыс өмес үлкен қорым бар. Сол мазарда Қоржынбай, Сатыпалды деген өкі өкөлөрің жатыр. Ол кісілер туралы қайтарда өңгімөлөйміз — деп, өңгімесін тамамдап, атына отыруға бөт алды.

Қарамен “тысталып” жабылған көтерме жолға доңғалағы тиген жол басшымыздың көк жорғасы тізгінге ие бөрместен зуылдап ала жөнелді. Әне-міне дегенше, Мырзашоқыны өтектей, Ақтопырақты жанай өтіп, Комсомол шыңына келіп қалды.

Мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумының тәжірибе стансасының орталығы болған бұл жерде Дешоқтың әкесі Мұхтар мен шешесі Күлшар әкесі 1961 жылдан 1974 жылға дейін еңбек етіп, мекендеп тұрған болатын.

Жол “Комсомол шыңының” шаршы өрінен асып түсіп, төменге ылдилай аспанмен тілдескен қарағайлы, қайың-теректі орманға өнген кезде, Қарқаралының қарт жиені таныс нағашыларының біріне көзіккөңдей: “Шіркін-ау, тау-тас, табиғат өзгермейді өкен ғой. Сол баяғы қалпы. Құлсат нағашымыздың Сырашысы да өзгермей тұр ма өкен?!” — деп, маған қарады.

— Әлтай, жаңа, Сырашыны “Құлсаттың Сырашысы” дедіңіз, сонда қалай, бұл жерде Шөкшөк атаң сыра ашытқан ба? — деп, бір жағы қалжақ аралас сұрақ қойып қалдым.

— Құлсөкең құрылысын салмаса да, қызығын көрген, сыра ашытпаса да, сусынын қандырған ғой. Мынау бекет олардың келе соғып шөлін басатын, қете соғып, қайта айналып келгенше деп, қош айтысатын қимас мекені болған ғой.

Бірде қар өрі, мал төлдөрдің алдында Құлсат нағашымызды ауылы қалаға шай-қант, көрек-жарақ өкелуге жіберсе көрек. Құлсөкең Сырашыға аман-есен жөтіп, таңдай жібіту шөл басуға ұласып, шөл басу көңіл көтеруге ұласады. Көш қараңғысы түсе қалаға жөтіп қонбақшы болып жүріп көтеді. Ауылдан шыға ұйықтаған базаршыны аты көрі бұрылып, аман-есен аулына алып келіпті. Төздөтіп қайтқан базаршының алдынан шыққан ауылдың үлкен-кішілері ат-көлік амандық сұрасқанда, Құлсөкең:

— Қарқаралы төгіс көшіп көтіпті, Қалмақ шапқан ба, білмеймін. Жұрттарында шөуілдеген күшіктері ғана қалыпты деп өтірік жыламсырап отыра көтіпті, Қайрат өкөуміздің нағашымыз — деп, Қайраттың кішкене мұрнын қысып қойды шөжіре өкөміз.

Ол күні біз бұғыбай басшымыздың өмөуріні бойынша Қарқаралы қаласын қақ жарып өтіп, толық аралап таныстыруды көйінге қалдырып, сөлем өтіп Қарағайлы

көнішіне, арнап шыққан ауылға тартып көттік.

Нағашылы-жиенді үш дария және көршіден арнайы шақырған екі ақсақалмен бөсеуі іңір көшінен басталған қызу өңгімені алма-көзек ауыстыра отырып, таңға таянғанша созды. Білем. Сол күнгі көштің үлкені, үй иесі Алтайдың туған нағашысы, Демештің әкесі, бізге қадірлі қамқоршы — Төтібай молланың Мұхтары да, отырғандардың жас жағынан да, жол жағынан да кішісі Алтайдың нағашысы, Мұхаң ақсақалдың інісі, Дешоктың ағасы, осы ортаның қадірлі өз ағасы, ер ағасы — Райыстың Мұғиыны.

Мұғиын ағасы Мұхтармен Балқаш мыс алыбының ірге тасын қалаған, жұмысшыдан көтерілген ел ағасы атанған. Балқаш мыс заводының қазақтан шыққан тұңғыш паровоз машинисі. Алматының жоғары партия мектебін тамамдаған, завод парткомының секретары болған. Өмірінің соңғы кезінде туған топырағы Қарағайлы көн-байыту комбинаты директорының орынбасарлығынан құрметті демалысқа шыққан болатын.

Мұхтар әкеміз 1986 жылдың қысында 86-ға қараған жасында дүние салды. Араға он жыл салып, Мұғиын ағамыз 1996 жылдың қысында өмірден озды.

Бір Алладан рахмет, пайғамбардан шапағат тілейік!

Аруақты Төтібай молланың арты, құдайға тәуба, өскөн, өркендеген бір ауылды ел, ұлдары өсіп ұяға, қыздары өсіп қияға қонған. Немере, шөберелер ер жетіп, нөменелі Ата атанған өнегелі, өркенді.

Ертеңінде түскі демалыстан кейін Қарқаралыдан 45 шақырым, Қарағайлыдан 30 шақырым қашықтықтағы Талды өзенінің бойындағы, “Қырғызия” көңшарына таяу көң жазықта қос Мұқанның Бабасы, біздің Молланың ұлы нағашысы Нұралы бабаңның басына барып, зиярат өтіп қайтуға жолға шықтық. Бабамыздың басында мен бұдан он шақты жыл бұрын Мұғиын ағаның Армияда жүріп қайтыс болған баласын жерлегенде болғанмын. Бабаңның күмбөзінің жаңбыр, жел, күннен мүжіліп құлауға айналып тұрғаны төңірегіндегі өңгіме Мекке, Мединеге ауысып, одан Түркістандағы Құл Қожа Ахметтің мавзолейіне келгенде, өңгімеге мен де араласып, көрген ғаламаттарымды айтып тастадым. Сол кезде Мұғиын ақсақал маған тіке қарап:

— Қожа Ахмет Бабамыздың басына барғаның азаматтығың. Бізден, мына үш шалдан сен оздың. Бірақ, сен өкөнді де апаруың көрек. Әкөңнің аяғы кемшін, ақыр Мөккөге бара алмайды — деп өзілдеді.

Мен болсам, биылғы қараша айындағы демалысымда Алтайымды, құдай қаласа, Түркістанға, Қожа Ахмет Иассы бабасына, одан өрі Ақтөбенің Шалқарындағы құдаларға апаратынымды айтып, уәде беріп тастадым. Дәмештің де бірге болатынын естен шығарғаным жоқ.

Бабаң басынан көштөтіп оралған біздер, аттың басын Қарағайлының дәл ортасы — Мөдениет Сарайының қарсы алдындағы қоршауы ат шаптырым, шатырлы үлкен ақ үйге тіредік. Бұл — Мұғанның меншік үйі.

Сол көштегі, сол қасиетті дастархан басында әңгіменің ақ дариясында өңкей "сен тұр, мен атайын" саңлақтар жағаға бір соқпай, ескексіз жүзумен түнді орталап барып, тарқасты. Мұндай қауымды жерде Моллөкөң кісіні көбірек тыңдап, өңгімешіге сұрақ қойып, өңгіме ауқымын көңейтіп, қоштап отыруға бейім болатын. Реті келгенде өңгімені тартымды құрап, тіл шеберлігімен, ойының ұтқырлығымен, сөз өткірлігімен тыңдаушысының жүрек қылын деп басатын еді.

Сол түндердегі ғибраты мол өңгімелерімен нағашыларының (ақсақалдардың) ыстық ықыластары Құлсаттың жиенінің 50 жылғы сағынған жүрек сандығын аузы-мұрнынан шығарды-ау деймін. Ертеңіндегі сапарымыз, Мөди ақын айтқандай, "Атыңнан айналайын, Қарқаралыға" сәлем беруге арналды.

Сол бетте қаланы жоғары өрлей отырып, көшенің Қаратөбе баурайына тірелетін «Қоңырдың құдығы» аталған шетіне таяғанда кішкене төбешіктің үстінде құлаған үйдің орны, тасы мен мұндалап тұр. Біздің де қаланы баса-көктей өтіп, іздеп көле жатқан, аңсап көле жатқан Құнанбай піріміздің мешіті осы еді. Екі күннен бері қасиетті жерін, ұлы бабаларының өлін көріп таудай өскен Моллөкөңнің көңілі су сөпкөндөй басылғанын қобалжыған торыққан жүзінен байқау қиын емес еді.

Осы бір құлазыған көңілді жұбатқысы көлді ме, өлде қала, мешіт туралы түсінік бергісі көлді ме, Мұғиын ағамыз үнсіздікті үзіп:

— Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің қараңғы, мешеу қазақ халқы үшін жасағаны ұшан-теңіз. Көшпелі, қысы-жазы түйенің қомында жүретін, шаңды аяқ Тобықтыны түйеден түсіріп, Балқаш сияқты Мысыр шаһарына бергісіз қала салып берді. Қойда неше жілік барын білмейтін, жамбас пен мойынды айыра алмайтын Исабай, Исағұл, Жаңажылбайдың балалары ат орнына аэроплан мініп, өл биледі — деп жиеніне өзілмен біздің Тобықтының, Шаханың, оның ішінде Әлтайымның өкелерінің аңқаулығын шалып өтті.

— Бірақ, — деді Мұғаң, — Партияның бірақ қателігі болды. Дінге соқтықпау керек еді. Құдайға халықты қарсы қойғаны ірі қателігі еді. Байқаған адамға Исламның дінімен партия жолы бірдей, айырмашылығы аз. Сол қателіктің құрбанына шалдыққан қасиетті жердегі Алла үйінің, Аллаға сиынатын киелі орнының бірі — осы Құнанбай қажының мешіті. Сырт қаңқасы көйінге дейін, 1960-шы жылдарға дейін тұрды.

— Әлаға, Құнанбай өкелеріңнің мешітті қалай салғаны, қай жылдары салғаны туралы естіген шығарсыз? — деген сұрақпен Мұғаң сөзді өрі қарай жалғастырып кетті.

— Құнанбайдың Қарқаралы округінің билеушісі, дуанбасы, бір сөзбен айтқанда, аға сұлтан болған жылдары 1848-1852 жылдардың аралығы өкенін архив те, Мұхтар Әуезов те дәлелдейді. Қарқаралыға мешіт салуды Қүнөкөң дуанбасы болып келген алғашқы 1849 жылы жоспарлаған болу керек. Келесі 1850 жылы мешіттің құрылысы басталған.

Алысты болжайтын, заманының көмеңгер өл басшысы Қүнөкөңнің мешітті не Семейге, не Шыңғыстауға салмай, Қарқаралыға салғызуы, шындығында, өлін, келешегін ойлаған даналық іс. Мүмкін, Шыңғыстаудағы қалған бес болыс Тобықтысы мен Тоқырауын, Балқаш бойындағы “Мұсылманның жұртын” іздеген екі болыс Тобықтының ортасына байланыс үшін салғызған шығар, — деп өлді ду күлдірді.

Мешіттің құрылысын жүргізуге бүкіл Қарқаралы дуанының халқы сырт қалмағаны Аллаға аян. Дегенмен, жергілікті жердің халқының, қаланың байлары мен саудагер-купецтерінің қосқан үлесі ерекше болған. Соның ішінде Халиолла Хамитұлы Бекметов деген татар көпесі Құнанбайға ақыл-көңес беріп, мешіттің жобасын жасап, орнын белгілеген, қаражаттан көп көмек көрсеткен.

Қүнөкеңнің Халиолла көпесті мешіт құрылысын жүргізуге өлден өрек басшылыққа алуына екі түрлі себеп болған. Оның алғашқысы — XIX ғасырда осы өңірге келген, Балқаш төңірегінен қорғасын, алтын іздеп тапқан, Қытай, Индия, Ресеймен ірі сауда-саттық жасап, өз еңбегі, маңдай терімен байыған, байлығымен қатар Қүнөкеңнің өзімен тең түсетін ақыл-парасатты болуы.

Ал, соңғысы — Халиолла байдың төрт әйелі болған. Соңғы төртінші әйелі немесе тоқалы — Файни Шоңбайқызы — Тобықты, Қүнөкеңмен туыс, қарындас болып келеді. Файни Шоңбайқызы ақылына көркі сай, қайратты, өркек бағалы адам болыпты. Ендеше, Халиолланың Қүнөкеңге күйеу бала болуы көп мәселені шешкен.

Бұдан өрі, Мұғаң мешіт құрылысының 1850 жылы басталып, 1852 жылы аяқталғанын, мешіт құрылысы басталған жылы Қүнөкеңнің өкесі Өскенбайдың қайтыс болғанына, көлесі 1851 жылы жазда Көкшетаудың Көкжайдағында Өскенбайға үш жүздің баласын жинап, дүбірлетіп ас бергеніне тоқтала келіп, Құнанбайдың мешітке баз-базда соғып көткені болмаса, қолы тимеген, барлық істі тындырған Халиолла Бекмөтов жөнө Халиолла бай мешіттің жанынан медресе салдырып, бала оқытқан, — деп сөзін түйіндеді.

Сөзге табиғаты сараң Мұғаңның Мұхтар ағасы:

— Ей, шырақтарым-ай, бір Алла жар болсын! Бардың жоқ болуы, жоқтың бар болуы Аллаға оңай ғой. Кешегі Нұралы бабаңның басы да құлап, тозып тұр. Мынау, Қүнөкең мешітінің өнді біразда орны да болмайтын шығар — деп орнынан тұрды.

Қарқаралы — шөжірелі өлке, өткен тарихында ұрпақтан ұрпаққа жетерлік өнеге-тағылымы мол мәдени-тарихи ескерткіштерге бай өлке. Біздің саяхатшылардың өндігі мақсаты — Қарқаралының ғажайыбы, табиғаттың бар жұмбағын ішіне бүккен, Үшқараның биігінде толқын атқан Шайтанкөл.

Құрметті оқушым, Шайтанкөлмен сіздер қазақтың атақты жазушыларының бірі Сәбит Мұқановтың “Сұлушаш” поэмасындағы Сұлушаш-Қайсар арасындағы махаббаттың шиеленісті оқиғасынан сырттай таныссыздар деп ойлаймын.

Біз сөгіз шақырымдық тау жолына сағатқа таяу уақыт жұмсап, 400 метр қияға жаяу өрлеп, көлге жеткенімізде жақпартаспен көмкөріліп, қайың, қарағаймен өріліп, шалғынды

бөйшешектермен өдіптөлген аумағы ат шаптырым биік құздағы төкаппар көлдің бергі қабақ жағалауында, қазақша айтқанда, оймаққа шаншым орын жоқ

Киелі көлімізге шомылып, салқындап, жанымызға ләззат алғандай рахаттанып, тау өтегіне қайта оралғанда, Мұғиын ағамыз өңгімені сұрақтан бастады:

— Қалай, жігіттер, Қарқаралының Рицасы ортаймап па, суы салқын шығар? Зияда сен. Кавказда Сочи, Гаграда болдың ба? Сендерге, партия қызметкерлеріне путевка дайын ғой — деп, мені өңгімеге тартты.

— Бүгін көлде адамдар көп өкен. Көл көмерінен аспаса, ортаятын емес. Мен мұнда 1968 жылы шілде айында болғанмын. Еш өзгеріс жоқ. Кавказда болғаным жоқ, Алматыдан аса алмай жүрмін — деп, қысқа жауаппен құтылғым көліп өді, дастархан басындағы өңгімені одан өрі өзі жалғастырып өкетті.

— Жассыңдар, өмір қалыпты тұрмайды. Баяғыдағы бабаларың айтқан “Асың барда өл таны бөріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп” деп, Кавказ, Қара теңізде 1954-1956 жылдары өкі рет болдым. Алғашында Сочиде «Ленин» санаторийінде, өкіншіде Гаграда “Холодная речкада” болдым. Жаңағы айтқан Рица көлі Гаграда биік таудың басында, қаладан 25 шақырым. Соған дейін құздың арасын жарып салған асфальт жол шыңдағы көлге бір-ақ тірөйді. Ал, біз болсақ мынау, 8 шақырым жерге өрлеп көліп-көліп, жарты шақырымға жете алмай, өкпөмізді соғып отырғанымыз. Бізді қойшы, мына Құлсөкөңнің жиөнінен ұят болды ғой. Қарқаралыға жете алмай, Сырашыдан қайтқан нағашысы құсап, Әлөкө, сіз де өліңізге айтасыз ғой, Шайтанкөл орнында жоқ өкен деп — дөгөнде, күлкіге булыққан Әлтай да іле:

— Әй, сөз төрелігіне жүгінөтін атам балалары-ай, жөн айтасыңдар, менің нағашым, жолдың мынандай өкенін білмөй кетті ғой, сабаз. Әйтпөсе, Шайтанкөлге жол салыңдар деп, сендерге өсиөт қалдыратын өді ғой — дөгөнде, бөріміз күлкіден құлап қалыппыз.

Осы сөтте Мұғаң да қарап қалмай:

— Жарықтық үш жүзге өнеге айтқан Қарамөнде Бидің ұрпағы-ай, сіз де қызық өкенсіз, табан астындағы Қарқаралыны таба алмай жүрген адам, жер мен көктің дөл ортасына

орналасқан тостағандай көлді қайдан табады? — дегенде күлкіден тау да жаңғырығып кеткендей болды.

Әзілі жарасқан нағашылы-жиенді қариялар қалжақтан көңілдің көк жиегін біраз аспандатып алды да, өңгімені Сөбиттің “Сұлушаш” поэмасына қарай ойыстырды.

— Атақты жазушымыз Сөбит соңғы көзде Сұлушашына дұға тілеп, Шайтанкөлге көлді деп өстігенім жоқ. Әнөбір жылы 60 жасқа толу қарсаңында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Күршім аудандарына барғанында Күршімдік Көрөйлер Сөбитке Алтай тауының шеткі сілемінің бөлек шоқысын «Сөбит аға шоқысы» деп атаймыз дегенде, Сөбит тұрып, көзіне жас алып.

— Қазақта құрметті қонағына ат мінгізіп, шапан жабушы өді, қыз бөріп, қыз алысып құда түсіп жатушы өді. Сөйтіп, сүйек болушы өді. Атамөкені, жер анасы — сол анасының биігін сыйлаған жомарттықты, Күршімдік бауырларым, сөндерден ғана өкшілендім, — деген өкен. — Мүмкін, Сөбең бізден Қарқаралы тауын тұтас дөметті ме өкен? — дегенде, тағы да бір күлкіге көнеліп қалдық. — Білетіндер, қатар отырғанда өзіл-қалжыңға Сөбеңнен гөрі Мәриям жөңгеміз ұтқыр өді деп айтады.

Бірде Қырғыз өлінде Ыссық көлде қыдырып жүргенде Қырғыз ақыны Қуанышбай Мәліковтың үйінде қонақта отырып қазақ пен қырғыздың туыстық-ағайындығы, аға баласы, іні баласы деген салада мадақтау өңгіме қызған көзде, Сөбең отырып:

— Қырғыз бауырларға қарағанда, біздер қазақтар ақсүйектеуіміз ғой — депті. Құрметті қонағының оғаш қалжағына ыңғайсызданып қалған Мәліков.

— Оның рас, Сөбе, біздің Қырғыз Алатауының сайы толған Кенесарының өппақ сүйектері — депті. Екеуінің арасындағы ыңғайсыздықты аңғара қойған Мәриям:

— Өткеннің өңі тайып, топырақ басқанның шаңын қағып қайтөміз, түбі бір ағайынның өңін айырып қайтөміз. Мен осында Наурызбайға тартқан азаматтарды көріп, туысқан болсаң осындай бол дегім келіп отыр — дегенде, Қуанышбай Мәліков орнынан тұрып келіп, Мәриямның жаулығының шетінен сүйіпті. Манадан бөрі ыңғайсызданып отырған Сөбең де Мәриямды арқадан қағып, жадырап қалыпты.

Әңгіменің өзін-қалжағы, Биіктің ұшар басынан өскен жұпар иісті тау самалы, Демештің дала дастарханы, оның қызыл күрең шайы, бәрі-бәрі Шайтанкөлге сапарымыздың жүректө қалар асыл бейнесі болғаны өлі есімде.

Сез реті келгенде айта кетейін, араға жыл салып, 1978 жылдың 7 қарашасында Кавказ жеріне, Қара теңіз жағалауына тұңғыш рет табаным тиіп, Абхазияның Гагра қаласының "Күншуақ" санаторийінің дастарханынан дәм таттым. Осында менен бір жеті бұрын, қарашаның 1-інде келген Әбдіғұлдың Әшембегі мен өзіміздің қадірменді Мүсікөңнің (Мүслима — Әшікөңнің сүйікті жұбайы, ғұмырлық алтын қазығы) қолынан Қара теңіз жағалауында қазақша өрулік жөдім.

Келесі 1979 жылдың 12 ақпаны мен 7 наурызы аралығында екінші рет Сочидың "Зеленая роща" демалыс орнында болып, Қара теңіздің оңтүстік шығысында Сухумиден бастап, Пицунда, Адлер, Мацеста, Сочи, Хосто, Рица көлі, Ахун тауы, одан әрі солтүстік батысында Туапсеге дейін аралықты өркін аралап, Кавказдың не ғажайып көремөттерін көзбен көріп, талай жерінің дәмін таттым. Сол жолы қайтарда Москваға соғып, "Бухарест" қонақ үйінде (8-12 наурыз) 4-5 күн аялдағаным бар.

Осылайша, Мұғиын ағамыздың пайдалы кеңесіне ер уақытта қарыздарлықпен өске алып, рахмет айтып келемін.

Кавказдан Қарқаралыға, Рица көлінен Шайтанкөлге қайыра оралар болсақ, өңгіме өскі арнасымен Қарқаралының сұлу табиғатын тамашалауға жалғаса бермек.

Еліміз өгемендік алып, дініміз бен діліміз қайта оралған аз жылдың ішінде аруақтар рухы жаңғырығып, өулие бабалар даңқы асқақтады. Осындай бүгінгі ұрпақтың ұлы бабалар аруағына бағыштаған ұлан-асыр бастамаларының бірі — Талды бойындағы Нұралы бабаңның көсенесі жаңадан салынып, ат шаптырып, ұлы дүбір той өткізді, рухына бағыштап ас берді. Игі іске мұрындық болғандардың ішінде өзіміз білетін Жақатайдың Айыпханының, Ағөділдің Қасжанының болғанына барлық ұрпағының пәрзенттік жүрегіне біз де риза болдық.

Жетпіс жылдан астам уақыт құдайсызданып құлазыған қазақ даласы, соқаның түреніне түсіп күлі көкке ұшқан өулиелер моласы жеті жылда Алланың пәрменімен, адал

жүректі ұлдарының жәрдемімен даласы ислам дінімен күңіреніп, мешіттері мен кесенелері Пайғамбарымның нұрымен түрленіп сала берді.

Сондай аруақ сыйлаған, ұрпақ қамын ойлаған ақиық азаматымыздың ілгерісі — Қара, Сөңкібай баба ұрпағы Шақарбаев Төлеубай. Талаптың тұлпарының үзеңгісіне ерте аяқ салған кезінде Қарқаралы аудандық партия комитетінің І-хатшысы, Қарқаралы ауданының өкімі болған азамат — Төкөн Құнанбай қажының мешітін жаңадан салғызды. Осындай аруақ сыйлаған абзал азаматқа тек Қарқаралы өңірінің халқы ғана емес, өрісі аруаққа сыйынған қазақ өлі, бөрісі Абай өлінің, Сөмей жерінің халқы ақ жүрегінен алғысын айтары сөзсіз.

Біздер, Ақтоғай, Балқаш өңірінде тұрып жатқан Тобықты руы. Қүнөкөң қажы ұрпағымыз деп өсептейтін ағайындар атынан Төке, өзіңізге жүректің терең сөзімінен рахмет айта отырып, Қараменде, Көңгірбай, Сөңкібай бабалар аруағы жөбеп-желей берсін демекпіз!

Нағашыларына көлген жиендердің, төркіндеген қыздың, қайын жұртына көлген күйеудің қасиетті Қарқаралы жеріне арналған саяхат-сапары төртінші күнге ауғанда аттың басын елге бұрғызды.

Үлкөн жиенге ат мінгізіп, шапан жауып, кіші жиенге тай мінгізіп, қалғанымыздың қойны-қонышымызды ақ батаға толтырып, қадірлі ағайын қимай қош айтысып, шығарып салды. Бірі ұлдан, бірі қыздан туып, өсіп-өнген үш қария, бір мөуелі бөйтеректен тараған ғұлама үш дария сол бір бірін-бірі қимай қоштасқан сәттен соң, сегіз жыл өткенде, 1985 жылдың тамызында ортақ перзенттері Демештерінің қаралы қазасына жиналатындарын сөзген жоқ еді.

Үлкөн өлде, қасиетті жерде Әлтайды, құдай қаласа, сыр бойына, Түркістан жеріне Құл Қожа Ахмет Иассы, Арыстанбаб жатқан бабалар өліне қыдыртамын деген уәдені араға біраз жыл салып барып орындаған едім. Уәде үрдісінен шыға беру мүмкіндігі үнемі туа бермейтіні заңды құбылыс.

Осы тұста оқушының өсіне сала кететін ескертпе — қолыңыздағы естелік — еулет аралық жазба болғандықтан,

шаруашылық мәселесі туралы өңгімелеуден шама келгенше сақ болуды ойластырдық.

Дегенмен, өмір сізді тек еңбектенудің нәтижесінде ғана өсірмейтіні — жаратылыстың заңы. Сондықтан да, сенің өмірде өз орныңды тауып, өліңе өркөлеп жүргенің — еңбектің арқасы. Халықтың, көптің еңбегінің арқасы өкөнін, бір сөтке өстен шығарсаң — өмірден қол үзгенің.

Біз де, халық деген қасиетті жардың бір лағы өсебінде, жағасында жазымызды өткіздік. Ел басқару легінде жүрген ұзақ жылдардағы не жақсылық, не құрметтің шарапаты, өсіміңді өлің өлеген марапаты, тағылымы биік мінберлер мен алыс-жақын өлдерге саяхаты — бөрі-бөрі, «Жөмші» атты Дөгерес қойын өсіретін асыл тұқымды көңестік шаруашылықтың бөрекө-құт тайқазанының киөсінен, нақты айтар болсақ, төрт құлағын төң ұстаған өрлік еңбектің иөсінен.

Аяқ алысын алғаш "Ақтоғай", "Қоңырат" көңшарларынан бөлініп, отау болып шыққаннан оң бастаған шаруашылық, ұйымдасқан қажырлы еңбектің нәтижесінде аз уақыттың аралығында қатарынан ілгері жылжып, облыс, республикаға, өрісі Одаққа танымал дәрежеге иө болды. Шаруашылық бірнөше дүркін сол уақыттағы социалистік жарыс биігінен көрініп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитөтінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Көсіподақтардың республикалық Советінің жөнө Қазақстан ЛКСМ Орталық комитөтінің ауыспалы Қызыл Туларымен, Құрмет Грамоталарымен марапатталды.

1980 жылы шілде айында біздің шаруашылықтың нөгізінде қой тұқымын асылдандыруға арналған "Қой шаруашылығын өркендетудің басты шарты — қой тұқымын асылдандыру жөнө Қазақстанның жартылай шөлейт аудандарында жартылай биязы қылшық жүнді Дөгерес қойының жаңа тұқымы туралы" Одақтық семинар-көңес өткөн болатын. Осы семинар-көңестен көйін шаруашылық Дөгерес қойының жаңа Отанының бірі атанды.

Ал, өмірінің өң өрлеугө бастаған саналы көзеңін қой шаруашылығын өркендетугө арнаған, көзінде Ленин, Октябрь Революциясы ордендерімен марапатталған, "Қазақ ССР-нің еңбек сңіргөн ауылшаруашылығы қызметкөрі", дала академигі, шопан ұстаздарының ұстазы, Ақтоғайдың ақиығы — Зікірия

ақсақал — Дегерес қойының тектік авторы атанды. Жаңа сортты жүн өткізудің мемлекеттік жоспары жылма-жыл артығымен орындалып, мұның өзі көңшар экономикасының өркендеуіне бірден-бір бастаушы саласына айналды.

Шаруашылықтың осылайша өркендеу жолына түскен шағында, оның жасампаз малшы-механизатор қауымының да даңқы аймаққа аян болды. Олар дала академигі Зікеңнің еңбек өнегесі мектебінен дәріс алып, өсиетін орындап, өзін пір тұтқан Рақымбөрлінің Ақытайы, Әбәудің Бөлөкбайы, Қияштың Базары, Омарханның Сағындығы, Нұрханның Шөкәрімі, Башайдың Шәмелі, Рақымжанның Әбжаны, Сүйгенбайдың Дүкенбайы, Кәрбоздың Қатайы, Бөйсөктің Мөдіханы, Байжұманның Боранқұлы, Ақшолақтың Ерғабылы, Сқақтың Қарпығы, Оспанның Иманайы, Шөкітайдың Сөрікбөгі, Көрімнің Мараты, Байболаттың Байтаны, Баспақтың Өмөні, Хасеннің Орынбегі, Оңғарқұлдың Оңалбайы, Күзөмбайдың Сұлтаны, Баймағанбеттің Сұлтаны, Аханның Бегендігі, тағы көптөген еңбек тарландары.

Шаруашылықтың сол тұстағы өрісті жолы осы жолдардың авторын 1978 жылдың 16-18 желтоқсанында өткен облыстық партия комитетінің III конференциясына делегаттыққа сайласа, сол III конференция делегаттары облыстық партия комитетіне мүшелікке сайлаған.

Егер бұл құрмет облыс совхоздары арасынан бір ғана совхоз партия ұйымына тиесілі екенін өскөретін болсақ, бұл сөз жоқ, "Жемші" көңшары еңбеккерлерінің абыройлы еңбегінің жоғары бағасы екені сөзсіз.

1979 жылдың 6-28 қарашасының аралығында дем айдап Батыс Еуропа жеріне аяқ басып, Киев, Бухарест, София қалаларынан дем татудың құрметі де халықтың арқасы екенін айту парыз.

Бұл сапар — Болгария Халық Демократиялық Республикасына туристік саяхат сапары болатын. Жезқазған облысы бойынша 28 адамнан құралған топтың жетекшісі — облыстық Совет атқару комитетінің жауапты қызметкері Әжібеков Мүсілім болатын. Партиялық жағынан топқа

жетекшілік Ақтоғай ауданынан жалғыз делегат осы жолдардың авторына қосымша жүктелген. Топтың құрамында Мүсілім екеумізден басқа Қуат Жандарбеков — Жезқазған қаласы жоғары көрнеулі электр жүйесінің бас инженері және Ұлытау ауданы “Ұлытау” совхозы трактор бригадасының бригадирі болды. Қуат — өзі бір ақкөйлек, жаны жайдары, адамның іші бауырына кіріп кететін өлгезек жігіт. Ал бригадир болса, бұйығы, көп сөйлемейді, өзінше бұзып-жарып ештеңе айтпайды, көп тыңдағанды ұнатады, ақкөңіл азамат болатын.

10-шы қараша күні көшкісін сапарға аттанатын болып, арнайы автобуспен Киев вокзалына жеткен болатынбыз. Көшкі қонақасыны вокзалдың рестораны сыйлады.

Москва, Киев стансасының түнгі сағат он өкіге қарсы аттанған Москва-София жүрдек отарбасы Украинаның астанасы Киевтің үстімен өтіп, екінші тәулікке қараған түсте Румынияның астанасы Бухарест қаласына аялдады. Бұл жерде жолаушылар екі сағат аялдайды екен. Біздер тағы да Қуаттың бастамасымен басшыдан рұқсат алып, қала аралауға аттандық. Мақсатымыз — қаланы үлгергенімізше тамашалап көру, мүмкіндік болса, нан нә су ауыз тию болатын. Вокзал төңірегінен көп ұзамай-ақ бір үлкен көше бойында қарсы алдымыздан қолында қызмет папкасы бар орта бойлыдан биіктеу, офицер киімді, өдеміше көлген көлбетті қараторы жігіт бізге таяй бергенде, Қуат бұрылыңқырап:

— Ассалаумағалейкум! — деп қолын ұсынды.

— Әлікөмсәлем! — деп, офицер күлімсіреді.

Беріміз де жамырай сөлемдесіп, іздеп келе жатқан бауырымызды кездестіргеннен артық мез болып қалдық. Қуанышы қойнына сыймаған Қуат бірден:

— Сіз қазақсыз ба? — деп сұрақты тетесінен қойып қалды.

— Жоқ, мен ноғаймын — деп жымиды жоғалып табылған бауырымыз. Біздің одан өрі “татар өкенсіз ғой, өзіміздің туысқан өкенсіз ғой” деген жалпылама қуанышымызға:

— Я, ноғай, татар түбі бір туысқандар. Бірақ біз ноғайлар татарлардан бөлекпіз — дөді де қойды.

Бұдан өрі бұл жерге қалай келгенін сұрастырдық. Жаңа бауырымыз сұраққа көңдеу жауап берді.

— Менің атым — Абдулмәлік Физат. Әкөм соғысқа Москвадан алынған өкен. Содан хабарсыз көтіп, 1944 жылы

Румынияда пленде екенінен астыртын хабар алған шешем адам дәрігері болатын, үш-төрт жасар мені алып, осы Румынияға келген екен. Бухаресте 1956 жылдан тұрамыз. Әкем де, шешем де өлген. Әйелім, екі балам бар. Өзім Бухаресте докторлық институт бітірдім, жауынгерлер госпиталында істеймін. Әйелім елшілікте тілмаш — деп, сөзін бітіре бергенде, мен де қарап қалмай, “өзіңізден басқа өшкім бар ма, қазақ бар ма?” — деп, көудемө сыймай тұрған сұрағымды қойып қалдым.

— Я, мұсылман көп, осы Бухарестің өзінде елу мың мұсылман тұрады. Орталығымыз бар, мәдениет сарайымыз бар. Аралас 3 мектеп бар. Діни ғұрыптарымыз толық сақталған, ауыз бекітеміз, айттық шаламыз. Шағын мәшітіміз бар. Үйлену тойы бәрі мұсылман дәстүрі бойынша өтеді.

Бір таңғаларлық жәйт — ұлтжандылықтары. Елу мың мұсылман-бауырлар бірімен бірі қыз алысып, қыз беріскен құда-құдағи болып, сырттан қыз алып, қыз беруге қатаң тыйым салынған екен. Мұндайда санаулы уақыт тез жылжитыны қандай, біз де асыға сағатқа көз салдық, бауырымыз да асығыстау сөзге араласып, үйінің қала ортасында алыс екенін айтып, сіздер үлгермейсіздер деп көшірім сұрағандай болды.

Осы кезде ешөйінде сөзге сараң бригадирің:

— Уақыт болып қалар, бір су ішіп алып, қайтайық — дәуі мұң екен, бауырымыз жүріңдер деп бізді өрте жөнелді. Бір екі көлденең көше өткеннен кейін, оюлап тастаған өдемі залға кірдік. Орындыққа дейін ою-өшекей. Бауырымыз бізді ұзындай көлген көң үстелге отырғызды да, жетіп көлген даяшы жігітке бірдеңелерді айтып бізге қарап, бір күліп алды. Содан кейін жеңіл шайнамамен нан көлді, екінші айналымда ортасында дөңгелек құтылы көлемі литрге таяу шарап болу керек, ұсақ қалбырлы сусындар алдымыздан орын алды. Айналасы 40 минутке жетпейтін уақытта бауырымыздың ақ пейілінің ақ дастарханынан Алланың бұйырған дәмін ойда жоқ жерде ауыз тиіп, рахмет айта тысқа шықтық.

Ғабдулмәлік бауырымыз бізді вокзалға апаратын тік даңғылға жеткізіп, қоштасуға рұқсат өтінгендей сол қолын көудесінің жүрек тұсына алақанымен басып тұрып, оң қолын ұзына даңғыл бойына созған бойы “сапарларыңыз оң болсын”

деп басын төмен иді.

Біз де қас-қағым сөтте ғайыптан көздескендей қас тті бауырымызды өң мөн түстің арасында қоштасуға қия алмай, қоштаспауға шыдай алмай, "өлжіреген" жүрепкөн кезек-кезек бауырымызға тартып, күрең қоңыр жүзінөн сүйе бердік, сүйе бердік.

Бұл сапар өз алдына ауызға аларлық өсері, жазып жария етері жетерлік жекө хикая.

Осы жолдардың авторы 19 жылды араға салып сол бір сапардың жетекшісі Әжібектің Мүсілімімен 1998 жылы 24 қазан күні Ақтоғайда Сатыпалдының Абзалы мөн Мүсілімнің жиені Сәулештің отау көтеру тойында көздесіп, бұл жолы төсекте бастары, төскейде малдары қосылған, құдай қосқан құда болып, төске-төс тиістіріп, құшақтасқан болатын.

1979 жылдың маусым айының ортасында Алматыдан қазақтың қаһарманы (батыры) Қасым Қайсеноұлы, атақты өзіл-оспақ ойдың дүлдүлі Оспанхан Әубөкірұлы, белгілі ақын Қасенжан Талғарұлы үшеуі арнайы іс сапармен Балқаш қаласы арқылы Тоқырауын ауданының көңшарларын аралап, "Шұбартау" көңшарынан Жөмшіге Құлпөйістің Ізбасары бастап көлген болатын. Құрметті қонақтарды көңшар көңсесінің партия комитеті хатшысының көң бөлмесінде қабылдадық. Батырмен, батырдың қасына өрген сүйікті ақындарына амандасуға көлген көңшіліктің толасы біразға дейін басылған жоқ. Ол кезде көңшардың қонақ үйі жұпынылау болатын. Аса құрметті қазақтың біртуар батыр ұлын қазақша қонақ өтіп, күтуді мақсат өтіп, үйге орналастырдық. Қонақтардың келуі туралы хабар болмағандықтан, киіз үй тігіп қарсы алуға көш болып қалғанын айтып, Батырдан көңшіліктің атынан көшірім сұрадым.

Ертеңінде көздесуге жиналған халық клубтың залына сыймай, ауызғы бөлмелерге тігінөн-тік тұрғанда, аяқ алып жүретін жер болған жоқ. Бұл — халықтың біртуар асыл перзентінің асыл бейнесін бір көруге, бабалар жолын қуған батыр тұлғасына бас июге ынтызар жүректерінің сағынышы еді. Батыр ағамыз халық алдында өңгімеге беріліп, өткенді

мақтан өтуден бой тартып, халқының көкейінде жүрген өзі туралы ойларын ортаға салып, сұрақтарына жауап беруге тырысты.

Осылайша, Алатаудай заңғар ағамыздың өкі сағатқа созылған халқының ықылас-ризашылығына толы әңгімесін өріксіз аяқтауға, үлкен кісіге демалыс беруге халқынан рұқсат сұрадық

Көзек орақ тілді Оспанханға келгенде, өзілқой ақынның аузынан шыққан қарпы түзу, мазмұны қыңыр сөзден құралған өр сөйлемі халқын күлкіден өсін жиғызбады. Оспанханның сөзінен кейін Алтай мұғалімнің орындауымен басталған ақынның “Балдызым” өнінің соңы үлкен ойын-сауыққа ұласты.

Қасенхан Талғарұлы болса, өзінің “Әкөмнен қалған тауларым” атты өлеңдер жинағындағы терең жүрек төбірөнісін халқына ыстық лөбізімен жайып салып, тыңдаушы жұртының ақ алғысына бөленді.

Мөртөбелі қонақтарға халқының атынан ат мінгізіп, шапан жаптық, қайыра қолға түспес қымбатты қонақтардың құрметіне “Көксаз” жайлауында отырған атақты шопан Рақыжанның Әбіжанының үйінде түстік қонақасы бердік. Күлдірайхан қарындасымыздың қашанда бал-шөкөр татып тұратын сары қымызы бұл жолы өрекше баптаумен бөстілік қымыз дәрежесінде өкөн. Сырлы тостағанға сапыра құйылған сары қымызды “алыңыздар” дөген ишаратпен өкі-үш ұрттаған қасиетті қаһарман аға:

— Міне, нағыз қазақтың Сарыарқасының сары қымызы! Фашистер Қазақстанға байлығымен қоса, осы сары қымыз, сарала қазы-қартасын иемдөнбек болды ғой, атаңа нәлет! — дөп, тостағандағы қымызын сімірө жұтып үстөлге қойды.

Халқына ризашылықпен рахметтерін айтқан құрметті қонақтарды Социалдың (марқұм) “Москвич-412” мәшинөсімен, Көпбайдың сары тұлпарымен “Қоңырат” көңшарына дөйін шығарып салдық. Құшақтасып қош айтысып, қайыра көздөскөнше, бір-бірімізге бақытты күндөр тіледік.

Халқының қадір-құрметіне өркін орана бастаған боздақ шағында Осаған дүниөден озды.

Топырағың торқа болсын, халқының абзалы!

...

Сол жылы Дашок өкеуіміз Алматыдағы демалыстың соңынан 5 қазан күні бір жетіге қыдырып қайтуға Москваға ұштық. КПСС Орталық Комитетінің №9 подъезі арқылы “Ярославль” қонақ үйінің 1-ші корпусының 207-ші номеріне орналастық.

Мен бұдан бұрын Москвада өкі-үш рет болсам да, Съездер Сарайының ішіне кіріп тамашалау сәті түспеген болатын. Осы жолы Демештің орыстарға кірімділігінің арқасында сарайдың түгі бір қарыс кілем жолшалары (дорожка) арқылы “делегаттарша” адымдап көле жатып, ойыма Мағираның XVII съезіне делегат болып қатысқаны, дәл осы дәліздің үстінде асқақ сөзіммен шаттық көрнөген көңілмен ауылына, бізге жөделхат жолдау ойына түскен шығар деген болжам келді. Мағираның Москвадан жолдаған жөделхаты:

28.04.78. Съезд. Москва 73-835

Съезд. Каз ССР. совхоз Жамшинский

Аманбаеву Зияда

Поздравляю Вас с праздником 1-мая. Желаю счастья, здоровья, успехов в труде и личной жизни.

Ирина Магираш

Мағиран болса, Қостанайлық апасы Көмшат Дененбаеваның жолын қуып, Ақтоғайлық, тілті облыстық қатарлары арасында темір тұлпардың құлағында атша ойнаған тұңғыш Тұйғын.

Он жылдықты ойдағыдай тамамдаған Мағиран өкөннің ақылымен өке жолын қуып, механизатор болуға бөлін бөкем бұды. Сол кездегі көңшарда ұйымдасқан 6 айлық курсты тамамдап, трактористік куәлікке ие болды. Алғашында өке жетегіне жөгілген бала тұйғын көп ұзамай өз қатарына құрбыларын тартып, кластастарынан өріптестер тобын құрды. Осылайша, “Жөмші” көңшарында тұңғыш “Гүлдер” атты қыздар трактор комсомол-жастар бригадасы өмірге көлген өді. Бригада жетөкшісі — ВЛКСМ XVII съезінің делегаты Ирина Мағиран. Жетөкшіге демөп дем бөруші, қиындықта жөбөп жөлеуші Ирин Дөулетбөк ақсақал. Дөукөң ақсақал өс біліп өңбөк өте бастағаннан ұзық ғұмырын туған топырағынан табан аумай, маңдай төрін өл игілігіне бағыштаған адам.

Бригаданың алғашқы қарлығаштары — Смағұлова Күлкөң, Тоқабөева Қайыркүл.

1982 жылдың қараша айының орта шенінде Ақтөбенің Шалқарына Әлтайымның алғаш сапарының сәті түсті. Сөз басында айтылып кеткендей, Әлтайымды Шалқардағы құдалары құрметтеп қонаққа шақырып, күткеніне екі-үш жылдың жүзі болғантұғын.

Әлтайымның Шалқарлық құдаларға ресми сапарының бұғыбай басшысы — Қазиді атқосшылары Демеш және осы жолдардың авторы болатын Ертеректегі уағдаластық бойынша отарбаның жол билетін Балқаштан Түркістан қаласына дейін ғана алдық. Түркістаннан Шалқарға дейін көз көлген жүрдек отарбаға отыруға болады.

№7 Алматы-Москва жүрдек отарбасының жүру кестесі бойынша келесі күнгі түскі сағат екі жарымда Әлтайымның Құл Қожа Ахмет Иасы бабасының көк күмбесіне көзі түсті. Араға жарты сағаттан астам уақыт салып, абзал жаратылған Әлтай молла қасиетті Түркістанның өулиесінің іргесіне жетіп дұға бағыштап, зиярат етті. Біз көлгенде кесененің басына келіп-кетіп жатқан ығы-жығы адамдар тобыры көздесе қоймады. Төк Мавзолейдің күн шығысқа қараған үлкен қақпасының кіреберісінде шоқша сақалды, сұңғақ бойлы ақсары ақсақал ғана сөз күдігімізді бір жола сөйілткендей болды.

— Ассалаумағалейкум, хазрет! Сұлтан Құл Қожа Ахмет бабамыз, қолдай гөр піріміз! Қиямет жуық! — деп айқайлап, сөлем өткен кезде жаңағы отырған ақсақал адам орнынан атып тұрып:

— Уағалейкумассалам, қария! — деп жайған құшақтары айқара қауышып, үш рет алма-көзек төстөрін тиістіріп өтті. Қос қария бірін-бірі инабаттылық, ізеттілікпен құрметтей отырып, жөн-жапсарларын сұрасқаннан кейін аруақтарға бағышталып оқылатын аятты қонақ молла оқуға тиіс болды.

Шырақшы молламыздың аты Ырзалы болды (екесінің атын ұмыттым). Шыққан төгі — Қожа өулетінен. Бұл жерде тұрмайды екен, уақытша имамның сұрауы бойынша көлген Түбі, біржолата көшіп келгісі келетінін аңғарып та қалдық.

Біздің молланың шарифат жайында сұраған сауалдарына кідірместен жауап беріп жатты. Ал, қасиетті Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген Қаз дауысты Қазыбек би, Әнет

баба, тағы басқа арғындық аруақтардың қабірін сұрағанда, ол іркілместен, олар бұл мазардың ішінде жоқ. Оларды жерлейтін орын да болмаған. Бір кезде көсененің айналасы биік дуал болған, қазір ол дуалдың іргесі ғана көрініп тұр. Дуалдың іші, көсененің айналасы сол аруақты бабапардың қабірі — деп, жалпылама жауап берді. Қасиетті құдық жайлы қойған сауалға Ырзалы ақсақал:

— Құдықты екі жылға тарта уақыт болды, облыс, Алматыдан адам дәрігерлері келіп, уақытша жапқызып кетіпті, ұзынқұлақтан өстуім, алыс облыстардан өздеріңіз сияқты көлгендер, қайтарларында ырым өтіп су алып қайтып, елге тарататын болған. Сол сулардан “ауру шықты” деген қауесет таратып жіберген. Ол олай болуы мүмкін емес. Бұл су — қасиетті су ғой. Менің ойымша, суды резеңке, темір ыдыстарға құйып алады да, су көпке шыдамай, бүлініп кетуі өбден ықтимал. Және тағы біздің қазақта қасиетті суды өстіген адамның бөрінің ауыз тигісі көледі де, су жетпей қалса, ауылдың ащы суын да пайдаланатын дүмшөлөрдің көсірі — деп түйді езі ойын.

Біз болсақ, Ырзалы ақсақалға қасиетті Бабалар басына арнайы түней жатуға келмегенімізді, төк жолай соғып, дұға етуге ғана келгенімізді, құдай қаласа, дөм жазса, арнайы сапармен көлу ойымызда бар екенін айтып, көшірім сұрадық.

Ортада жатқан Қожа Ахмет бабамыздың кілемге оранған биік қабіріне маңдайымызды тигізіп, құлпы тасынан сүйіп, баба рухынан көшірім сұрай “қиямет жуық” деп қош айтыстық.

Көсененің үлкен босағасынан аттамас бұрын аруақтарға арнап дұға бағыштаған ерқайсымыздың нөпіл садақамызды (ол уақытта “құран” деп 30 сом бөретін) Ырзалы моллаға ұсынып, аруақтарға тағы бір аят оқуын өтіндік. Аруақтар, әманда, жебеп, желей берсін!

Көшкі сағат 6-дан 15 минут көткенде біз отырған “Андижан-Москва” жүрдек отарбасы Қызылорда. Аралды бөтке алып, орнынан қозғалып кетті. Осы кезде Әлтайым аяқ асты күлкіге бульғып:

— Жаңағы менің мұңдасымның (Ырзалыны айтып отыр)

біздің Ақтоғайдан келгенімізді, менің Боранбайдың жиені екенімді ауытпай танығанына таңғалып отырмын Шіркіннің мөргені-ай — деп күлкісін ерөң басты. Әлтайымның әкесі Мақажанның шешесі — Байдәулеттің қызы, Мақажанның туған нағашысы, Әлтайымның ұлы нағашысы Байдәулет атаң болып келеді. Ал, Боранбай болса, осы Байдәулет бабаңның ұрпағы. Ақкөңіл, аңқау, өзіл-қалжаққа көтерімді адам болса керек.

Елуінші жылдардың аяғында, алпысыншы жылдардың басында Байдәулет Ошақбайдың Жиынбайы (Нәсіпбектің әкесі) Қожағұл атаңның біраз ақсақалдарын өртіп, Түркістанға, Қожа Ахмет бабаңның басына зиярат өтіп қайтқанда, қасиетті құдықтан су апарып, өлге бір қасықтан үлестіріп ауыз тигізгені бартын. Әлтайым Боранбай нағашысының атағы мен сол Жиынбай нағашысының “зәмзәм” суын үлестіргеніне күлген екен.

Қызылорда қаласынан өткеннен кейін, жалпы өдет бойынша жолаушылық үстелге, көшкі асқа отырдық. Отарбадағы жолаушының “ыстық” тамағының дөні шай болып келеді. Жасалған дастарханның дәл ортасына, жұқа ақ қағазға өдемілеп оралған шөлмекті қойып жатып Дашок:

— Әлтайым, (Дашок жиенін осылай атайтын) жаңа қасиетті бабамыздың басында болдық, аруақтардың топырағын сипап, “Аллаһу ақпар” айттыңыз, қасиетті құдықтан су ауыз тиюге жабық болды. Сонсоң мынау “аққайнарды” — жүзім суын баба басының сусыны ғой деп, Түркістаннан өдейі алдым — деді.

— Пай-пай, Құлсаттың баласы-ай, өкөңнің асының мадақтауын асырып жібердің ғой, болмас, Алла көшірер, бір кішкене ауыз тиейін — деп күлді.

Баяғыда сарт айтыпты дейтін өңгіме бар.

“Сарт: — осы қазақтар бейішке бара ма? — деп сұралты Сонда, молла тұрып: — жоқ бармайды, төк босағадан сығалайды — депті. Сонда сарт тұрып: — қазақ сығалады дегенше, кірді дөсеңші” дегені ойына түскен осы жолдардың авторы 200 грамды қырлы стақанды ақ көбігін асыра төгілтіп, Құлсаттың жиенінің қолына ұстата бергенде:

— Демөш, мен баяғыда айтпап па өдім, “Елеген мен Зиядадан жаның қалмас” — деп, бір күліп алды да, бос стақанды дастарханға қоя салды.

Ертеңінде “Сөксөуіл” стансасынан өткеннен кейін ертеңгілік шай ішіліп болып, жолаушының өрмегі — газет-журналға көз жүгіртіп отырғанбыз. “Ара” журналының орысшасы “Шмельді” оқып отырған Демеш ақырын ғана мені түртіп, журналдың бетіндегі екі адам бір шөлмекті бөліп ішіп отырған, үшінші адамның тізерлеп намаз оқып, қолын жайып, екі көзінің артына, араққа қарап отырған суретін көрсетіп, күлейін деп күле алмай отыр өкен. Суреттің астында “Не спеши мулла, молись, Ваше доле оставим” деген жазуға көзім түскенде, менің де кеудемді жын-шайтан кеулеп кетіп, журналды ашық бетінде Әлтайым алдына қоя салдым. Молла орысша, қазақша сауатты болатын, жазуы да мәрдей өдемі. Есепке жүйрік, жан-жақты өміршең жан өді. Журналды қолына алғаннан кейін, суретті өбден көріп, жазуын оқып шыққаннан кейін:

— Мынау нағыз мен ғой. Шіркін, “үкіметтің құрығы ұзын” деген осы ғой, ұзын жігіт түнде звондап айтып қойған өкен ғой — деп күліп жатыр.

Осы күні көшке қарай, өл орынға отырар шақта жүрдек отарбамыздың жол серігі — қызымыз Шалқар бекетіне келгенімізді хабарлады. Жол сөмкелерімізді алып, түсуге беттеп өсіктің баспалдағына Әлтайымның аяғының тигені сол өді, екі жігіт екі жағынан тік кетеріп алды. Біз қасиетті Шалқар жеріне қанша барғанымызда станса басынан жастармен қауышатынбыз. Бұл жолы Берден Шерипасымен, Әбуали Тыныштықбай, Бөкөй, Қаламқас, Аманқос-Зибалар жинала келіп, Ақтоғайдың молласын алдынан шығып, қошемөтпен сөлем беріп, ата салтымен қушаққа қушақ айқасып, төске төс тиістіріліп қарсы алды. Осы бір он шақты күннің айналасындағы Әлтайымыздың қазақ жерінің орталық кіндігінен шығып, оңтүстік батысын тұтастай аралаған сапарындағы ата-бабалар мекенінен көргендері мен алған ғибрат-тағылымдарына Шалқар өлінің ағыл-тегіл сый-құрметін қосыңыз. Әлтайымның өз сөзімен айтқанда, “бұл бір құдайға теуба дейтін ғұмыр ішіндегі дей жүретін қымбатты ғұмыр болды”. Аттанар алдында Ақтоғайдың молласы:

— Құрметті халайық, менің сендерден көрген өнегелілеріңе, бөреке-бірліктеріңе, ағайын-туыстықтарыңа, сый-құрметтеріңе кішкене жүрегімнің рахметі тапшылық, алғысы азшылық өтеді. Сондықтан мен Алладан тілеп, барша халқыма

ортақ ақ бата бөрейін — деп, отыра қалып қолын жайып:

— Бисмиллаһи - рахман - рахим!

Уа, жаратқан ием құдірет,

Ақ тілегімізді өзің қабыл өт!

Әр шаңыраққа Пайғамбар бөрекесін берсін,

Әрқайсысына Ұлықпан өкімнің жасын берсін,

Халықтың іргесіне амандық берсін,

Елімнің ұл-қызына адалдық берсін!

Бөреке-бірліктеріңіз бұзылмасын,

Ағайындық сыйластығымыз үзілмесін!

Әр істе аруақтар оңдасын,

Өмірде еш жамандық болмасын!

Бақ-мөртөбелерің биіктеп,

Бір Алла баршамызды қолдасын! Әмин! — дегенде, барлығымыз да “қабыл болсын” айтып, бәтімізді сипадық.

Шалқардан Ақтөбеге телефон соғып, Қалыш ағайдың отбасының амандығын білгенімізде, Қапаң Әлтайымды қонаққа шақырып, “Нақыпбек ағаңыздың сыбағасын ауыз тиіп көтіңіз” — деп, (Нақыпбек молла Қалыштың әкесі) жатып жабысты.

Моллекөң баласының өтінішін аяқ асты өте алмай, 350 шақырымдық жолға тағы да белді бөкем буып, құдаларымен қимай қош-қош айтысып, Ақтөбеге аттанып кетті. Ақтөбе шаһарында екі күн болған Әлекөң баласы Қалышты құшақтап, нөмересі Жанна мөн нөменелері Айнұр, Әнуарлардың маңдайынан сүйіп мауқын басты. Қаланы аралап, көрмеген жердің дөмін татты.

Енді біз Ақтөбеден Қарағанды қаласына самолетпен ұшуға Москва-Ақтөбе-Қарағанды-Алматы бағыты бойынша ұшатын рейске билет алдық. Қапаң әкесіне шапанын жауып, беркін кигізіп, құрметпен сый-сияпат жасады. Мұндай сый-құрметтен мен де құр қалмадым. Әбдіраның түбіне сақтияндай сақтап орап тастаған 16-шы деп аталатын қосауыз мылтығын сыйға тартты.

...

1983 жыл — Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің 1973 жылғы қыркүйек айындағы Қаулысымен ұйымдасқан “Жәмші” кеңшарының өз алдына шаңырақ көтеруінің он жылдығы.

Он жыл ішінде “Ақтоғай”, “Қоңырат” кеңшарларының жекелеген мал фермаларынан мал, техника, адам күштерімен ғана бөлініп шыққан шаруашылық кеңшар халқының қатты қолдауымен, қажырлы еңбектерінің нәтижесінде үлкен өрлеу жолына түсті десек, өштеңені де қосып, артық айтқандық болмас. Алғашқы бір-екі жылдың өзінде-ақ кеңшар орталығы Нүркен селосы жаңа жерден, бұрын ат арқандайтын қазық та қағылмаған, сары даладан бой көтерді.

Даналар айтқандай, “Игіліктің өрте-көші болмайды” екен. Араға он жыл салып 1993 жылдың қараша айының 4-5 жұлдызында “Жәмші” кеңшарының 20 жылдық мерейтойы дүбірлеп өтті.

Ауылдың 20 жылдық тойына аудан облыс, республикадан құрметті қонақтар көп шақырылды.

Тойда Алматыдан келген бұрынғы Қарағанды, Жезқазған облыстарын жиырма жылдан астам уақыт басқарған, кезінде “Жәмші” кеңшарына көнже ұлындай бүйрегі бұрып тұратын Хамза Бижанұлы Жұмабеков, қазақ ауыл шаруашылығы институтының профессоры, ғылым докторы Төлеухан Садықұлов, ұзақ жылдар Балқаш қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған, Республикаға танымал, кезінде Балқаш қаласы мен Ақтоғайдың қамын бірдей ойлаған Жүніс Әбуғалиев сияқты құрметті қонақтар құттықтау сөз алып, жәмшіліктерге, аудан халқына амандық, зор денсаулық, бақыт тіледі.

Ақтоғай сияқты бөрекелі аймақтың тұңғыш Генералы Совет Малгаждарұлының өзінің аса жауапты да, ауыр қызметіне қарамастан туған топырағының сөл қуанышына құстай ұшып жетуі — халқын тойға-той ұласқандай, ауылының үлкен-кішісінің қуанышты жүректеріне қызыққа қызық қосып, бір көтеріп тастады.

“Сүйер ұлың болса, сен сүй,

Сүйінерге жарар ол” — деп, ұлы Абай дәл осы Сөбөңдей перзенттерін айтса керек.

1983 жылдың желтоқсан айының соңында “Кеншоқы” кеңшарының партия комитеті хатшысы Жолдыбек Күләйменов,

Ағадыр ауданы "Ақшатау" көңшары партия комитетінің хатшысы Социал Жақсыбекөв және осы жолдардың авторы үшеуі туысқан Қырғыз Республикасының "Ыстықкөл" санаторийінде көзекті демалысқа бөлінген бір айды бірге өткізген болатын.

Жолдыбек — жас жағынан төмендігі болғанмен, еңбек жолы жағынан бірде ілгері, бірде төңесіп, тіпті өріптестігі жағынан "құрдастығымыз" басым болып, жиырма жылдан астам уақыттан бері "сыйласымдық көмесінің" ескегін бірге өсіп келіп жатқан абзал дос.

Социал болса — жаратылысынан биязы, тумысынан кішіпейіл, үлкен-кішіні бірдей ұстайтын өлгезек жан. Осыларына байсалды өңгімесін, өз ісіне іскерлігін қосыңыз.

Ыстықкөл, Шолпаната — мүмкіндігі келген жемігәтқа бір барып демалуға болатын, Алатаудың шырша жамылған саясында көрері көп, бөрер төлімі мол тарихи өлке.

Шолпанатада, Ыстықкөлдің жағасында ұлы Мұхтардың өмірінің соңғы кезінде тұрған, бірнеше шағармаларын жазған бір қабатты үйін ұлы адам өзі қайтыс болғаннан кейін Қырғызстан жазушылары Одағы Мұхтар Әуезовтың мұражайына айналдырған. Мұражайда дананың барлық заттары, бүркітіне дейін сақталған, тамаша! Бірақ, ұлы жазушының 64 жылдық өмір жолына 6 бөлме таршылық өтіп тұрғаны ақиқат. Соған қарамастан, Қырғыз ағайындарға үшеуіміздің ыстық жүрегімізден шыққан рахметке толы ақ алғысымызды Социал мұражайдың күнделік дәптеріне қолтаңба өтіп қалдырды.

Демалыстың мөрзімі аяқталып, 1984 жылдың қаңтар айының 20-21 жұлдызында Пішкөк қаласын аралауға аялдағанбыз. Қырғызстанның ЦК-сының жеке қонақ үйі бері санаторийдөгідей тегін.

Келген күні көшкісін қалтамда адрес жазатын қапшығымн қарап отырып, осыдан 5-6 жыл бұрын жазылған 42-56-30 санды телефон нөмірлерін төрген өдім, әр жақтан «Сізге Қапан көрек пе?» дөген өгдөлеу өйел даусы өстілді. Телефон құлағынн Қапан ақсақалдың өзі келді.

«Ассалаумағалейкум!» деп сөлем беріп аты-жөнімді айтқаннан-ақ, бірден танып, «Сен Тобықты Шаха өдің ғой, осы» — деп, одан өрі өл-жұрттың амандығын сұрауға көшіп

кетті. Аmandық соңынан ертең түскі бірде қонаққа күтетінін айтты. Мен қасымда өкі жолдасым барын айтып, «рахмет!» деп едім, Қапан ақсақал «өзіміздің елдің жігіттері болса тіпті әйбөт болды, өңгімелесеміз» — деп, қуанып қалды.

Жігіттерге ертең сағат бірде Қапан ақсақалдың үйіне қонақ болатынымызды айтқанымда, өкеуі де оның кім болатынын, қандай жақындығы бар екенін білгісі келген сұрақтарды молайтты. Мен болсам, тек «құда боламыз» деген жалпылама жауап бердім. Жолдыбек отырып, Қапанның әкесінің атын сұрағанда, «Боқай» деуім мұң екен, «бұл кісі біздің аталас, жақын ағай болады» — деп, көліншегі ұл тапқандай бөтер қуанды.

Мұндайда қазақша жол-жоралғыны жақсы білетін Жөкен жеңгесіне арнап көйлек-жаулықтарын өзірлеп, дәл көрсетілген мерзімде такси көлігімен Пішкөк қаласының (ол көзде Фрунзе) 10-мөлтек ауданындағы 37-үйдің 43-пәтеріне сақ өте түстік.

Үй иесі үлкендерімен амандасып, танысқаннан кейін Жөкен (Жолдыбек) билік тізгінін өз қолына алып, аға-жеңгесімен қайыра құшақтасып жатты.

Қапан ақсақалдың туған апасы, біздің шешеміз Зүпия 1977 жылы Алматыда дүние салғанда қонағасыға елден ағайындар барған болатын. Біз Қайыр өкеуіміз Ақшатаудан жеткен болатынбыз. Бауырының қонағасына Қапан ақсақал Пішкөктен келген екен.

Біздің Қапанмен құдалық таныстығымыз дәл осы «жақсының шарапаты мыңға» деген тұлпардың ізі, өкі бірдей жақсының сарқытын ішкен қасиетті анамыздың қонағасынан басталған еді. Екі бірдей жақсының сарқыты деп астын сыза көрсетіп отырғанымыздың жөні бөлек.

Анамыздың шыққан төгі, төркіні Өтеміс-Тоқсан-Сарым руы, Сандыбайдың Боқайының қызы.

Анамыздың көлін болып келген жері, алғаш ана атанып ақ жаулық жамылған өлі Тобықты ішінде Шахаұлы Қараменде бидің Дүйсекесінің Молдажан, Молдажаннан Қиқым, Қиқымның Сөрігінің Нұрланы — қол ұстасып қосылған өрі.

Сөз басында өздеріңізге таныс болғандай, Көпбайдың жолдасы Аққыз (Мүгілсім) шешеміз Сөріктің үлкен көліні Зүпия анамыздың туған абысыны болып келеді. Нұрлан болса, Көпбайдың туған інісі. Көпбайдан — Әбдіраш, одан Рүстем,

Қасым. Нұрланнан — Тоқтар, Сапар. Тоқтардан — Шыңғыс, Алмас

Ендеше Зүпия анамыз келген жерінде де тегін адамдардың сарқытын ішпегені хақ.

Тоқтар дүниеден ерте кетті. Ол кезде мен ауылда болмағандықтан, топырақ салуға бара алмай, елжіреген жүректен:

«Алма-Ата 79

Кремлевская 72, кв. 59

Сәриковым.

*Қымбатты Рима Шыңғыс Бәрімізге қадірлі
Тоқтардың арамыздан мезгілсіз кету ауыр қайғысына азалы
сөзіммен ортақпыз.*

*Қымбатты бауырдың топырағы торқа жатқан жері
жайлы болсын!*

Алла ұлдарына ұзақ бақытты аұмыр бәрсін!

Аманбай өүлеті.» —

деген азалы жеделхатпен жұбатқан өдік.

* * *

Оқушы назарына алдын ала айтылғандай, 1985 жыл осы жолдардың авторының жанұясына жайлы жағдай жеткізбегені мәлім.

1952 жылы 18 жасында Алладан ақ тілеумен көтерген отауының адалбақанынан алтын діңгегі атанған, 33 жыл қосағымен қоса ағарған, 9 ұл мен қыз мөпелеген, халқына қадірмен Дәшок дегізген шағында, 52 жасында, өмір төріне енді аттаған кезінде, бақыт баспалдағына өрлеу үстінде аяулы жан, мейірімді ана — Дәмеш өмірінің үлкен бесінінде ерте кетті арамыздан.

Өзінің де ұстанған қағидасы, ұрпағына да айтар өсиеті — біреу ғана болатын. Адалдық — имандылықтың тұтқасы. Таза жүр, жолдас-жораңа, ағайын-туысқа адал бол. Өтірік-өсек айтпа, ұрлық жасама, қонаққа қабағыңды шытпа, барыңды аяма, жоқ болса, шын пейіліңді аяма — деп отыратын өді.

Халқының Дәмеш деген азан шақырып қойған атын өзгертіп «Дәшок» деп атаулары да осындай жүрегінің жұмсақтығы,

жанының тазалығынан туған халқының асыл бағасы болар
Сол кезде Ұлытау ауданында аудандық партия комитетінің
1-хатшысы болып істейтін Сағадат Жапабайұлы бауырымыздың
біздің ауыр қайғымызға ортақтасып жіберген жеделхатын
келтіре кеткенді лайық деп көрдік.

Т Е Л Е Г Р А М М А

из Улытау
8.08.85

№62
Срочная

Актогай с/з Жамшинский
Аманбаевым

Просим глубокое сопереживание по поводу безвременной кончины горячего любимой дорогой для нас всех уважаемой Дамеш Желает Вам Зекке и близким крепкого здоровья долгих лет жизни.

С.Дюсөбеков.

Құдайға төубашылықпен айтар болсақ, Демеш үш отау көтеріп, 8 нөмересіне өрні тиді. Салтанаты мен Нұрболатына жұмсаған мейірі өлшеусіз еді. Бұл өкеуінің де аяулы өжесіне Алладан тілер жақсылығы шексіз шығар. Өйткені, өжелерінің мазарына қойған құлпытастағы ойылып жазылған өлең жолдары солардың жүрек сағынышын айтып тұрғандай:

Сылдырап мейірім — бұлағы,
Жайлаушы ек мұңсыз жағасын.
Жалғанның жалғыз — жұмағы —
Құшағың еді-ау анашым.

Осы бір 1985 жылдың жазы мен 1987 жылдың көктемінің аралығы от басына, балаларға оңай болған жоқ

Атақты Ақан серінің мына бір өлең жолдары адам өмірінің осындай сәл шегініске түскен шақтарына арнап айтылса керек.

«Жер жақсысы білінер қыс келгенде,
Көлдің көркі көрінер құс келгенде.
Ағайын-достың сыры ашылар.

Басына қиын-қыстау іс келгенде» — деп.

Бұрын-соңды да, осы заманда да ешкім ағайын-туғанын қанжығасына байлап жүрмейтіні сияқты, біз де өмір жолымен, күн көріс қамымен, мәдениеттірек айтқанда, қызмет бабымен туыстан ертеден шалғай жүрдік. «Туыстың дос бола алмауы

мүмкін, ал дос әрдайым туыстай бола алады» деген В. Франклиннің өсиетнамасы өмірден дәлелденіп алынған тұжырым екеніне, осы екі жылдың ішінде біздің жанұямыздың, осы жолдардың авторының басынан көшкен өмір ағысы дәлелдейді.

Ту бастан, 1974 жылдан не жақсылықты, сәл ренішті бір шатырдың астында бірге бөлісіп келе жатқан Қақабайдың Елегенінің жанұясы өзгеден ерекше екенін айтқан абзал.

Алғашқы айлардан қонысқа қоса қонған, бұрыннан туыстай болып кеткен Атабайдың Тасболатының жанұясының жас та болса ұжым-өнегесі, тәлім-тәрбиесі, еңбекшілдіктері айналасына үлгі боларлық.

Қызмет бабымен жетпісінші жылдардың соңында көрші болып қоныстанған Құтжанның Ғазизі мен Орынбасар қарындас туралы жолдастыққа тән, қияметтегі көршілікке тән айтар өңгіме де жеткілікті, жанұямыздың атынан жолдар рахмет те жеткілікті.

1986 жылдың тамыз айында Ғали мен Гүлжанаттың отауын көтеріп, тойын өткізу;

1987 жылдың мамыр айында Алланың жазуымен балаларға ана болып келген Қанашты «Қаратал» кеңшарынан келін қылып түсіріп, қасиетті қарашаңырақтың кілтін тапсыру — көршілердің ұйтқысы Орынбасардың өншісіне тиген еді.

Осы жерде Шалкиіз ақынның мына бір шумақ өсиетнамасын келтіре кеткен орынды сияқты:

«Бір жақсымен дос болсаң,

Азбас-тозбас тон өтер.

Бір жаманмен дос болсаң,

Күллі өлге күлкі өтер». (*Шалкиіз*).

Жәмші өлінің, Нүркен ауылының бір шаңырағын былай деп бөлетін, бір жанұясын былай деп жөкелейтін өшкім жоқ, баршасына қарыздарлықпен басымызды иіп, жүрегіміздің тереңінен рахметімізді айтамыз. Адал жүрекпен сол бір күндері «Азбас-тозбас тон өткен» абзал жандарға жүрегіміздің ақ төрі әрқашан ашық.

Қанаш жаратушының жазуымен Дәмештің орнына от басына ұйтқы болып келген көктемде көпті көріп, жиганы мол-дария, айтқаны уәжіп, аузы дуалы-кәрия Зікең ақсақал сәлемдесе келгенде:

— Зияда-Қанаш қарақтарым, мынау бір Алла оңғарып, сөті болған жұмыс екен. Мынау, қасиетті Қарекеннің бір шаңырағы ғой, құдай құр тастамаған. Демеш марқұм қарапайым, іші-бауырыңа кіріп тұратын шаруақор адам еді, иманды болғыр. Мынау Қанаш та біраз өмірді көрді. Демештің өзі құсаған бұл да шаруақор жан. Алла өзі мына аруақты босағаға осындай жандарды жазып тұр ғой, бақытты өмір болсын — деп, ақ батасын берді.

«Бірлестікке» көшіп келген 1970 жылдың күзінде Зікең ақсақал қасында Тәтікең бар, арнайы «қоныс аман болсын» айта келгенде шай ішіп отырып, әңгіме үстінде айтқан тілегін Демеш «қырқтың бірі — қыдыр» деген деп, ырым етіп, аузынан тастамайтын еді. (Ол күні бұл жолдардың иесі үйде жоқ, іс сапармен Қарағандыда болатын).

— Қарағым, мынау Қарекеннің ұрпағының дастарханы ғой, берекенің ісі бар екен, берекө-құт деген жанның бөріне жолай бермейді. Сондықтан, құт-берекелерің арта берсін, қоныстарың аман болсын, әумин! — деген екен, аруақ жанаған қадірлі қариямыз.

Расында, кемеңгер ата-бабаларымыз «қырқтың бірі — қыдыр» деп осындай данагөй қарияларын, жүрегі хат, көкірегі шежіре ағаларын ғана айтқан ғой.

1989 жылы көкек айының ортасында Жөзқазған облыстық партия комитетінің Лекторлар тобының жетекшісі Әубәкір Ахметбеков бастаған, құрамында облыстық партия комитетінің нұсқаушысы ем лекторы Близнаков бар, облыстық оқу бөлімінен, облыстық Совет атқару комитетінен, Ұлытау аудандық партия комитетінен барлығы жеті адам комиссия келіп «КПСС XXVII съезінің шешіміне сай Ақтоғай ауданы «Жәмші» кеңшары партия комитетінің еңбекшілерге атеистік тәрбие берудегі жұмысы туралы» облыстық партия комитетінің 26 мамырда болатын бюросына құжат дайындаған болатын. Комиссия табандаған бір жеті жүріп, кеңшар орталығынан бастап төрт бөлімшеде болып, адамдармен әңгімелесіп, үш мектепте оқушыларға 24 сұрақтан тұратын анкета таратты, елді мекендердегі мазарларда болды.

Бір сөзбен айтқанда, «Алланың ісіне, дінге қарсы қарулы көтеріліске» жан-жақты дайындықтың ақырғы байқауы сияқты еді.

Облыстық партия комитетінің бюросына жүретіннен үш күн бұрын түсімде «облыстық бюроға М.С.Горбачев қатысатын болған екен, бірақ Израильдың үстінде Горбачевтың самолетін Израильдықтар атып түсіріпті. Горбачев аман қалған екен, екі аяғы үгіліп кетіп, соған қайыра аяқ салуға Ленинградқа әкетіпті» дейді біреу.

Мен не түс екенін білмей, болжай алмай, тек обкомның бюросы «қолайсыздау» өтеді-ау деп ойладым.

Осыған ұқсас түс 1962 жылы Н.С.Хрушевтің тақта отырғанында көрініп, жыл жарымнан кейін дәл келіп өді.

Бюроға кеңшар директоры Қауаз Мұқажанұлы өкеуіміз қатыстық. Кеңшар партия комитетінің обкомның бюросына берген есебі жобалы болып, жүрек орнына түсті, көмшілігіміз де болмайтыны заңдылық.

Осы бюродан кейін дүниенің кілті кері бұрылып, Алла оңғарып, дініміз бен діліміз үстемдік алып, менің есебім мен Михаил Сергеевич жайына қалды.

* * *

Адам шыр өтіп дүние есігін ұлан-байтақ Жер-Анамыздың өзіне бұйырған есік пен төрдей жазирасында ғана ашады да, ол пұшпақты қасиеттеп «кіндігімді көскен, кірімді жуған жерім» деп жүрегіне ұялатады. Жер шарындағы барлық пенде туған жеріне жүрек төрінен орын бөлер болса, алып Жер-анамызда оймаққа шаншым жер қалмас өді-ау.

Көрпетай мен Нұртай баурайы, Сарысандық пен Тесіктас сайлары, Қарабие мен Темірастау ойлары, Сарытоғанбай мен Оралбайдың қырлары — бөрі-бөрі Құланшы, Шаха бабаңның кейінгі үш өулетіне қасиетті ата қоныс, кіндік көскен қадірлі мекен. Балалық бал дәуреніміз замана жүгі қанша қиын болса да біз үшін «тәттілікпен» өткен, ауыр еңбекпен есөйіп өр жеткен жазирамыз ауылдан аз да болса да шалғай жүрсек те, көзден таса болса да, көңілден бір сәт шыққан емес. Өйткені, қасиетті Қарабие мен Темірастаудың ақ бұлағынан әкеміз аттарын талай суарған, аналарымыз талай келіп су алған. Өйткені, көң қойнауында мәңгілікке тыныстап ата-бабаларымыз, ана-бауырларымыз жатыр.

Көрпетай-Тесіктастан бастау алатын Қаратал өзенінің өр

төсінде Ебескіден (Құланыш) Мәмбет, одан Дүкен, одан Мырзахан, одан Тұрлыбектің Қырбасының Қозыкүреңі, Тайкүреңі жатса, сәл етекке ойыссақ, Жазылбек-Құлжамбек өкелерің, осы өзенді жағалап, төмен қарай ағыс бойымен сапарыңызды жалғастыра бөріңіз, бетіңізді батысқа беріп Чапай ауылына жете үлкен қорымда Егімбай, Маймыш, Кенжебек, Нұрымжан, Әйнек өкелерің, Балжан, Әзиха, Көжек, Мәкөжан шешелерің, Амангелді, Өмен тағы басқа бірнеше өке-шешелерің мән аға-бауырларың жатыр. Бәрін атау мүмкіндігі болмағандықтан, Алладан, аруақтардан көшірім сұраймын?!

Құрметті оқушым, өзеннің осы қабағымен аяңдап, ауыл ортасына таман келсеңіз, Айтбай мән Мәликенің, Жақыпбек пен бәйбішесінің мазарындағы аруақ ұрпақтарына дұға бағыштап, төменіректе Шайқы, Сағатбек, Қадиша марқұмдардың төңірегіндегі аруақтар рухына «Аллаһу акпар» айтасыз.

Ауылдан төмен біраз ұзағанда Қарабие өзеншесінің Қаратап өзеніне құйылысындағы дөңді халық «Омаш басы» деп атап кеткен. Бұл жерде Ақсақ атаңның (Майдамша) Сатыпалдысынан (Сәмбет) — Есдәулет. Есдәулеттен — Шегенбай, одан Тұмабай (қайтыс болғанда тұсына 60 көкала бас атан байлайтын атақты, аруақты Тұмабай осы). Тұмабайдан — Тіләш, одан Омаш. Сол Тіләш пен Омаштың биік күмбезі тұр. Омаш, Тіләш мазарынан төмен қарай үлкен қорымда жатқан аруақтардың бәрін аттарымен атауға мүмкіндік болмағандықтан, аттары аталмаған аруақтардан көшірім өтіне отырып, бұл жердегі — Маймыштың анасы Қатыкей, Қамбетбай, Сейітбек, Ыбырай, Бибіжан, Ақжолтай, Жекен, Рухия, Дариға, Сәдуақас, Ақмағанбет, Қабдолла, Кәрібек және өзеннің күншығыс қабағындағы Әжікей мән Салиха марқұмдардың аруағының рухына бір дұға бағыштаған жөн.

Сарытоғанбай. Торақ бұлағында жатқан Қазыкей өкелеріңмен Чапайда жатқан Сисабек, Сәбила аналарыңа да Алладан тілек тілеп, «Аллаһу акпар» жасауды ұмытпаған абзал. Құдайдан рахмет, пайғамбардан шапағат болсын! Әумин.

Құрметті Баба әулетінің жаңа ұрпағы, оң сапарыңызды Абыздың Қараталының ағысымен жалғастырар болсаңыз

«Қаратал» аулында екі жағалаудағы қалың мазардан Тұрсын, Адамбай әкелеріңнің, Дәніш, Бибіғайша, Жаңлыс, Әміржан шешелеріңнің, Әбілқәдір ағаларыңның кесенесіне кездесің.

Одан әрі ағыс бойынша 20-25 шақырым төмен жылжысаңыз Нүркен ауылы шетінде Дәмеш пен Байыздың күмбезіне келесіз.

Жәмші атанған үлкен өзеннің арнасымен тағы да 50-60 шақырым сапарыңызды жалғастырасаңыз, Алматы-Астана жолы бойында Қарамендеұлы Сәрік бабаның мазарына ат басын тірейсіз (бұрын жазылған). Осы үлкен жолмен Қарағандыға қарай 35 шақырым жөне жүрсеңіз, Ақшатау кенішінде мәңгіге тыныстаған Ыбырайым-Тәкіш, Оразхан, Тыныштық, Оңал, Шайза, Ақберген, Сырым, Қазына, Үпәш, Мөжін марқұмдар жатыр. Құлпытастарын сипау міндетің.

Енді сапарымызды біз үшін Мекке сипаттас Ақжарықтан, Сәдірқожа, Бабаң бастарынан бастасаңыз ата-бабаның өткенімен тереңірек түйсінеріңіз сөзсіз. Бұл жерде Қараменде би ағасы Орманмен, Келте, Бөйдегелді, Жолдығара атты үш баласымен мәңгіге тыныстаған (басқасына мінәжат ету міндетің).

Тоқырауын ағысының Сәуле аулында Айтмағанбет, Түменбай әкелерің бөйбішелерімен тағы басқа тілеуқорларың дұға дәмәтіп жатқанын ұмытпаңдар.

Аудан орталығында көп қорымда Өжет өжең Совет немересімен, Сәмбай, Ақымжан шешелерің Күлшікәні, Көпбосын, Байбосынымен жатыр.

Құрметті оқушым, Тоқырауынды ағысымен жағалап, 65 шақырым Ақтұмсық, Ақжарға келдіңіз. Бұл жерде Мошөкөң басы атанатын үлкен қорымда Домбай атамьздың төңірегінде Қайназар, Қыздарбек, Аманбай, Райымбек, Жүніс, Әдібектермен бірге бақиға мекендеп жатқандарды тегіс атауға мүмкін болмағандықтан, рухтарынан көшірім сұрадым.

Дәл осы Ақжардан батысқа қарай 20-25 шақырым Қарақия қайқаңында Қарамендеұлы Туыс батыр жатса, шығысқа қарай 25-30 шақырым жерде Балқаш-Шұбартау көтерме жолы бойында Қарамендеұлы Дүйсеке би мәңгілікке тыныстаған. Бабалар аруақтары баршамызды жебей берсін!

Өзен жағалап Нарманбет ақынға дұға бағыштар болсаңыз, Қарасу бойында жатқан Бақтыбек Моншақбай, Шортан, Тілеуқабыл, Клараны еске алуды ұмытпағаныңыз абзал.

Тоқырауын жағалаған ұзын жолымыз Қоңырат кеншінде Сламбек, Асылбек, Айтбай, Күлшім, Жәмила, Сақып, Разақ, Марат, Сақып, Разақберлі, Теңізбай және аттары аталмаған рухтарға соғып, Жұмағұлда Дәнибек, Маңқыбай, Зейнәл, Тілеухандарға дұға өтіп, Қарамұрында Әбіжан, Бегетай әкелеріміздің төңірегінде барлықтарына рухына зиярат өткен соң Баладересіндегі Ізтілеу әкеміздің үлкен қорымында бақилық тыныстаған аруақтар рухына бағыштаған дұғаңыздың, жайған қолдың сауабын барлық аруақтарға бағыштадым деуді ұмытпаңыз.

Алдын-ала жазылып кеткендей, Алматыда жатқан Зүпия шешелеріңді, Әбдіраш, Ыбырайхан, Тоқтар, Ақтөбедегі Қапыш әкелеріңді, Жаңылған шешелеріңді де ұмытпаңдар.

Әумин.

1990 жыл — менің пайғамбар ғ.с. жасына қарай қадам басуыммен басталып, ата салтымен ақсақал атауына құрметпен ие болған жылым.

Алпысқа келген екем деп асып-тасып ат шаптырып, жорға жарыстырып той жасамасақ та, балалар, от басы, ағайын-туыстар, қатарлас-өріптес жолдастар басын қосып, 60-қа құтты болсын, алпыстың арғы жағына жүрек жарды ақ тілеулерін айтып жатты.

Солардың ішінде облыстық Совет атқару комитетінің Құрмет Грамотасы орысша болғандықтан, аудандық партия комитетінің Құттықтау Хатын ұсынуды жөн санадым.

Қ Ұ Т Т Ы Қ Т А У Х А Т

Құрметті Аманбаев Зияда жолдас!

Қазақстан Компартиясы аудандық комитеті, халық депутаттары аудандық Совет атқару комитеті Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен құттықтайды.

Сіз, еңбек өткен 40 жылдан астам уақыт ішінде аудан, совхоз экономикасы мен мәдениетін дамытуға үлес қосып, партия, Совет, халық азарту жұмыстары саласында көп жылдар бойы жемісті еңбек жасадыңыз.

25 жылдай халық мұзәлімі деген қастерлі де құрметті,

ардақты өсімді абыроймен ақтап, жастарды тәрбиелеуге өзіңіздің мол тәжірибеңізді жұмсадыңыз.

15 жылдай уақытта үздіксіз «Жәмші» совхозы партия комитетінің секретары ретінде коммунистердің сеніміне ие болып, өзіңіздің барлық күш-жігеріңізді партиямыз бен үкіметіміз алаа қойған міндеттерді жүзеге асыруға бағыттай білдіңіз, совхоз шаруашылығына тікелей араласуда, коммунистерді басқаруда ұйымдастырушылық қабілетіңізбен білікті, саяси басшы ретінде танылдыңыз.

Бұл күнде, кемел жасыңызға келген торқалы тойыңыз үстінде, Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, зор семьялық бақыт тілейміз!

Қазақстан Компартиясы аудандық
комитетінің секретары: Р.Жүнісов.
Халық депутаттары аудандық
Совет атқару комитеті председателі: Д.Нүркеев.

Қасиетті халқымның, қадірлі қатарластардың, абзал өріптестердің ізгі тілекті іні-қарындастардың ақ тілектері қабыл болып, бұл күнде тыныш демалыста, ақсақалдар ауылында аяңдап, жүріп жатқанымызға Аллаға шүкіршілік келтіріп, баршаларыңызға рахмет айтамыз.

Жергілікті қаламгер, белгілі журналист Махмұт Сәдуақасұлы туған өлкесі Ақтоғайының өткені мен бүгінгісіне терең толғана, тебірене келіп, қаламынан туындаған тарихи ойларының қорытындысына «Ақтоғай — алтын бесігім» деп ат қойған еді.

Бұл — бір ғана қаламгердің жүрегінің туған жеріне деген ыстық лебізі емес еді, бұл — Балқаш көлінен Қаражал-Маутанға дейінгі, Айыртастан Жәмшіге дейінгі аралықты мекендеген барша адамдардың Ақтоғайына деген жүрек әмірінен туындаған алтын айдары еді.

Ақтоғайдың алтын бесігі — Шабанбай би мен Жалаңтөс батыр, Қараменде би мен Жидебай батыр, Сана би мен Сеңкібай батыр бабалардың ұрпақтары өсіп-өніп, өркендеп

өмірге жолдама алған, жалпақ ел.

Ақтоғайдың алтын бесігі — Әлихан Бөкейханұлы, Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермекұлындай қазақтың үш арысына, қазақтың үш ғұламасына мекен болған даңқты Орда.

Ақтоғайдың алтын бесігі — ірі қазақ ақыны Нарманбет Орманбетұлы, қазақтың бұлбұлы Күләш Байсейітова, ақиық әнші Манарбек Ержанұлы, сегіз қырлы, бір сырлы Шашубай Қошқарбайұлы, айтыскер ақын Кенішбай Жұбандықұлы, атақты күйшілер Шалғынбай, Әшімтай, Аққыз сияқты ұл-қыздармен, даңқты перзенттерімен бізге қымбат, әлемге өйгілі.

Алтын бесік Ақтоғайының әр он жылда дүбірлетіп тойлап өтетін мерейтойларына өркендеген өлкенің Қазақстанның түкпір-түкпірінде, әрісі шет елдерде жүрген ұлағатты ұрпақтары жиналып Бабаларына дұға, ұлыларына тағзым, бүгінгілеріне ақ жүректерінен шыққан ақ тілектерден алқа тағып, Ақтоғай аспанын ән мен күйдің думанына бір бөлеп тарайтын еді.

Осы бір жолдардың иегері де сүйікті Ақтоғайының жарты ғасырлық мүшел тойына, одан кейін 60 жылдық мерекесіне қатысқан жерлес бауырларына, құрметті қонақтарына бірекі ауыз лебізін білдірген еді. Соның соңғысын естелікке ұсына кеттік.

— Қымбатты Ақтоғайдың 60 жылдық торқалы тойының көнекөз куәгерлері, сүйікті ұл-қыздары және құрметті қонақтары!

Сіздерді «Ақтоғай» атты «Алтын бесігіміздің» 60 жасқа толу шаттығымен «Жәмші» көңшары еңбеккерлері атынан ізгі ниет білдіруіме рұқсат етіңіздер!

Ақтоғай ел тарихына ежелден еншілестігімен, көңтерімді шыдамдылығымен, бейнетқор-бөрекелілігімен, досына мейірімді, өгескеніне нарттығымен, досына да, дұшпанына да әділ бағасымен қызығынан қиыншылығы мол 60 жылдық ақ жолдан өтті.

Ақтоғай — қойнауы алтын кеніш, әулие, көмеңгер, болжампаз, ойшылдарға, дарынды даналарға толы өлке

Сонау, Әз Тәуке хан тұсынан үш жүзге аттары мәшһүр болған Қараменде мен Жидебай, Жалаңтөс батыр мен Шабанбайды өз топырағында есіріп, өнегелі өмір беріп, халқының қамы үшін қасиетке бөлеген ұялы өлке, өскен өлке,

содан тарих төрінен ұлағатты ұрпақ өсіруден ешкімнен кенде қалмаған тәрбиелі, тәлімді өлке.

Баяндамада саралағандай, Ақтоғай — Әлихан Бөкейхановтың асыл арманды, Ленинмен кездескен Алашының — Қазағының бірлігін, ұрпақ келешегін ойлағанда ақыл жиып тыныстар, тірек алар бір пұшпағы болған тарихи өлке.

Өзінің бүгінгі республикаға әйгілі дүбірлі тойының тарихи шежіресі болып отырған Әдбірахман Жәнібекұлының, Жалау Балғабайұлының, Жаманқұл Шайдарұлының, Саят Тохметұлы бастаған бір топ көшегі ақтоғайлықтардың, бүгінгі қадірлі қонақтардың Ақтоғайына ат сабылтып, сағына жетуі — біздерге деген, халыққа деген үлкен сый-құрмет болса керек.

Сондықтан қымбатты қонақтар, Сіздерге зор денсаулық, семьяда мол бақыт, өмірде абырой биігін тілейміз.

Ақтоғай — өзі өмір жасаған 60 жыл ішінде Уғар Жәнібековтен бастап Серікбай Оразалинге дейінгі аралықта батырлар өсірген, Маубас Мұханов, Сәтибек Ибраевтан бастап Зікірия Көпбаев, Сейілханов Сейдіғалиға дейінгі аралықта еңбектің ерлерін тәрбиелеген ерлік пен еңбек академиясы.

Ендеше өзінің 60 жылдық тарихында алғаш рет қаршадайынан қолдай еңбекпен баулыған тумасын аудандық партия комитетінің I хатшысына дейін көтеріп отыр.

Ақтоғай 60 жылда алғаш рет Рымбек Жүнісұлы сияқты өз ұлының басшылығын да қуанышын, бақытын халқына паш етуде.

Ауданның ірге тасын бірге қаласушы алғашқы серіктерді ұйымдастырып, колхоздасуды белсене жүргізген Бектұрған Молдаханов, Әйнек Әбілхалықов, Моншақбай Жантулақов, Дода Малыбаев, Шөкен Жалғасбаев, Бақтыбек Арбақбаев, Аятай Дошаев т.б. көптеген ардақ тұтар әкелер жасап кеткен байлық бастауын Ленин орденді Жұмабек Сәрсенбаев, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері Әбіжан Ықсанов, Ыбырай Әлікеев, Тоқабай Қыдырбаев, Рахымберлі Аяғанов, Мәді Жухиндер еңбектерімен, дариядай шалқыта түсті.

Жәмші топырағынан түлеп ұшқан жастар, ғылым кандидаттары Арғын Қадыр Омашевтар, Алтай Зейнелғабдин, Мәден Ноғайбаевтар Алматыда, Амангелді Шәріпов

Қарағандыда еңбек етуде.

Бүгінгі тойдың құрметті қонағы болып отырған Асылмұрат Тұрғанбеков Жетісу өңірінде, Талдықорған облысының облыспен пара-пар Панфилов ауданында І-хатшы болып аса жауапты міндет атқарады. Асылмұрат таяуда ғана СОКП-ның XXVIII съезіне қатысып қайтты. Республика Жоғарғы Советінің депутаты.

Құрметті Асылмұрат арқылы сыртта жүрген мақтан тұтар жастарымызға:

Елің сүйген дана ғалым бол,
Жанған оттай жалын бол,
Атың шығып өлемге,
Дүниенің төрт бұрышына мөлім бол! — дөп тілейміз.
Құрметті қонақтар, ағайындар!
Той құтты, тілегіміз дұрыс болсын,
Ақтоғай өңіріне дәулет орнап, ырыс қонсын!
Адал еңбек әрқашан бақ әкеліп,
Мәртебесі Ақтоғайымның биік болсын!

Дініміз, діліміз, құдай қалап, қудалаудың құрығынан құтылып, мұсылмандық шариғатымыз салтанат құра бастаған алғашқы сәттерден-ақ аруақтар рухы ұрпағын мөңгүрттік ұйқысынан оятып, имандылық тағылымына тарта бастады.

Қазақ елінің әр бұрышынан, әр руынан аруақты бабаларға, дулығалы батырларға ас беріп, мазарын көтеріп, той жасау қолға алына бастаған алғашқы, 1990 жылдың жазында Қотана-Балқаш өңірі, Ақтоғай-Тоқырауын өлі бір туар дарын дүлдүлінің бірі — Шашубай Қошқарбайұлының 125 жылдығына ас беріп, дүбірлі той өткізді.

Атамекені — Балқаш көлі жағалауы, Бала Дересін төңірегі, Шашубай қызылында сегіз қырлы, бір сырлы ақынға арналып зәулім ескерткіш қойылды.

Арқаның ақиық сан-салалы өнер сәйгүліктерінің бірі Шашубай атамыздың салтанатты тойына шақырумен, арнайы қонақтың бірі болып қатысқан едік.

Тойда өткенді еске түсіріп, аруақты ата-бабаларды құрметтеудің тағылымды өнегесіне дән риза болдық. Жалғыз біз емес, жалпы халықтың жүрегі осы тойда тарқасты.

Аруақты еске алып, тойды ұйымдастырған аудан, қала басшыларына жүрегімізді жарып шыққан рахметімізді айта

отырып, Алла әр кез істеріңді оңға бастап, аруақтар жебеп-желей бәрсін! — деп тарқастық.

Ас пен тойға ешкім ішіп-жеп қайту үшін, кем-көтік іздеп мін тағу үшін бармаса керек. Тойдан титтей де болса тәрбиелік тағылым, астан аруақты құрметтеудің киелі тәлімін жүрекке түйу үшін барса керек.

Аруақ жанаған Шашубай атамыздың тойы осы жолдарды жазушының ойына да үкілі үміт отын тұтатқандай өсер өткен еді.

Бірақ, ол кезде өркін қимылға өлі де тосқауыл тұрған. Батыл кірісуге көлденең көдергілер көптеу болатын. Солай бола тұрса да «ағайын болып Қарамөнде бабаңа ас бәрсек, шіркін-ай» деген ойлар өртелі-көш ақтоғайлық ағайын-ұрпақтарын соңғы кезде өрекше толғандырып жүрген болатын.

Ұрпақ үшін, біздер үшін, айшықты киелі бастама халық жүрегінен, аруақ сыйлаған асқақ азаматтарымыздың көңілінен, сол ауыр көзөңдердің өзінде де, Бабамыздың сөтке өстен шақпағанына тарих куә, уақыт куә.

Сонау, 1964 жылдары атеистік тәрбие коммунистік партияның басты құралы, тәрбие саясатында өрісті мұраты болып тұрған өрбікпе шақта Қазақстан Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакторы, филология ғылымының докторы, ғалым Рымғали Нұрғалиев Ақтоғайда Қарамөнде би бабаның басында болып, рухына мінажат өтіп, топырағын сипап қайтқан болатын.

Араға біраз жылдар салып жетпісінші жылдардың басында Қазақтың Мемлекеттік Университетін жаңа бітірген, Қарамөнде бабасы мен Нарманбет ақын туралы өрте ізденіп, даналық көусарларына қалам тартып жүрген Туғанбайдың Амангелдісіне ұстаздық өнегелі өсиетін айтып, болашақ әдебиет жолына ақ тілеу тілегенінде бабаң туралы өте қамқор жүректен сан қырлы асыл қасиеттерін айта келіп.

— Қарамөндедей қасиетті бидің басына күмбез тұрғызып, құлпытас қойылды ма? — деп сұрағанда, Амангелді:

— Күмбез соғыла қойған жоқ, құлпытас қойылды — дегенде ғалым ағасы жұлып алғандай:

— Әлімханның қойған цемент көктасы ма, оның жылы да қатө, ақсақалдар бар ғой, бір-бір биелерін шығарып, неге ие болып, аруаққа күмбез неге тұрғызбайды, неге мәңгілік

ескерткіш — дұрыс құлпытас қоймайды? — деп жүрек сыздатқан ащы алаңгершілігін елге, ұрпаққа жанайқайы есебінде жолдаған-ды.

Қамқор жүректен шыққан аруаққа деген махаббатқа толы бұл толғаныс сөлөмінде ғалым Қарамөнде би тек билік айтқан, қиыстырып сөз тапқан көп бидің бірі емес, ел аралық бітімгерлік байланыстың данасы, үш жүздің, исі қазақтың көмеңгер бабасы. Сондықтан, бидің ой маржандарын, дана өсиеттерін, «ел аралық» әділетті нұсқауларын төрең зерттеп, асықпай жинақтап ұрпаққа, халқына жеткізу керектігін ерекше аманат еткен өкен.

Амангелді болса, «көктен іздегені жерден табылып» Алматыдан Ақтоғайға асыл да ауыр аманат арқалап қайтқан болатын. Асылы — бабасының биік тұлғасының ұлылыққа толы парасатты жан дүниесі есігінің тұтқасына қол тигізуі. Ауыры — ел ақсақалдарына айтқан аманаты болатын. Бұл көзде барлық өлдегі сияқты аруаққа күмбез салмақ тұрсын. Ақтоғайда бұрынғы салынған мазарларға байқау өрістеп тұрған кез болатын. Астанадан жеткен аруақты сөлөмді естіген ел ақсақалдары: Мақжанның Әлімханы, Омардың Сәтбегі, Стамбектің Сөйілбегі, Қынашаның Күлмағанбеті, Бөкелтайдың Айтмағанбеті, Сәдіханның Көмегі, Ноғайдың Әбілі, Дошайдың Аятайы, Әбілданың Әріні, Жүкіжанның Кенжеғарасы, Аманбектің Қасабегі, Қожабайдың Сағындығы іші қазандай қайнайды, күресерге дәрмені жоқпен көп уақыт іштен тынған болатын.

Амангелді болса, уақыт ызғарының лөбіне төзімділік бағыт ұстап, іздену, жинақтау жұмысын жалықпай жалғастыра беретін болатын. Ұлылар есімі ортамызға оралып, ұрпағымен қауышатынына сол көздің өзінде хабардар өді десек, өштеңені артық айтпаймыз.

Осындай нық сенім мен бөрік мақсатты ұстанған ол қос аруақты бабалар туралы жергілікті басылымдарда жазып келгені баршамызға аян. Әсіресе, қайта құру деп аталатын кезеңнің соңғы жылдарында атақты өткен асыл даналарымыз бен тарихи мұраларымызға бет бұрыс түзеле бастаған сәттен бастап, ол Бабаң туралы аудандық «Арқа өңбеккері» газетіне тарихи деректерді үзбей жазу арқылы Биді халқына табыстырып, оралымды ой тастаған болатын.

Әсіресе, ғалым Рымғали ағасының «ақсақалдарға сәлемі» негізінде 1990 жылдың желтоқсан айында «Арқа еңбеккері» газетінің №149 санында жарық көрген мақаласында Бабаң мазарын жаңартып, құлпытас қоюды өрекше көтеріп, баршамызға ашыла ой тастады. Келесі жазған арнауында «Бабаларға бас иеді бүгінгі ұрпақ» деген игі ниет бүгінгі ұрпақ үлесіне тиіп отыр» — деп басталып, өрі қарай:

— Орақ ауыз, от тілді өулие өткен, үш жүзге әйгілі билердің бірі — Қараменде бабамыз. Қарекөң жайлы қысқаша пікір білдіргенде ол кісінің бойындағы үш түрлі қасиетті даралап көрсеткен артық болмаса көрек.

Біріншісі — Қалмақ ханы Қалденнің қолына тұтқын болып түсіп қалған Абылайды босатып алудағы дипломатиялық тапқырлығы.

Екінші — Қаз дауысты Қазыбекпен бірге бірнеше билікке қатысты ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін «Үш жүзге өрнек үлгі айтқан» Қар би атанды. Соның айғағындай болып біздерге там-тұмдап жеткен билік, өнегелі сөздерінің мән-мағынасының тереңдігі.

Үшінші — тірі көзінде өулие атанып, аруақ байланған бабаң рухының өзі дүниеден қайтқанымен қысылғандарды жөбеп-жөлейтін қасиетінің бүгінгі күнге жетуі ешкімді де күменға қалдырмайтын шындық.

Бір басына осындай үш қасиет дарыған Қарекөң есімі көшегі күнге дейін жаңсақ бағаланып, партиялық құдалауға түсіп келді. Соның келеңкесі көп жылдар бойы бабаң басының тозып, жүдеушілікке өкеліп соқтырды...

Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан кезеңде көп болып көмектесіп бабам басына монументтік құрылыс — мазар (мавзолей) орнатсақ ұрпақтық борышымыздың аз да болса етелгені дәр өдік.

Сөз арасында біраз жылдар бұрын осы ниетке алғаш қозғау салып, ой-түрткі жасаған Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакторы, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Рымғали Нұрғалиевтің есімін құрметпен өрекше еске ала кеткен орынды — деп, түйінді-өнегелі ой тастағаны оң ісімізге шақыртқы да, бастаушы да болды.

Осыдан кейін аруақты аңсаған ақсақалдарымызды ілгері

қойғанның өзінде, Баба сыйлаған атқа мінер ел азаматтары ерекше алаң көңіл ойланыстарын кездескен жерде, бас қосқанда ортаға салып, төуекелге бөл байлауға бәтуа деп жүрді.

Әсіресе, «Еңбек» кеңшары, Қуаныш бөлімшесі (Бабаң ауылы) тұрғындары атынан Кенішбай ақынның 125 жылдық мерей тойы құрметіне құлпытас қойып, көсенәсінің тұсаукесер жиынында сөз алған Айтжанның Серігі «Бабамның қорғаны ескіріп, құлағалы тұрғаны туралы» ел басшыларына, халыққа үндеу тастап, үлкен азаматтық танытқан болатын. Ағайынның осы бір ұлағатты биіктігі ұрпақтық, халықтық намысты оятып сең мұзына қозғау салғандай болған еді.

Бабаңа сол кездерде мазар соғып, ас берсек деп армандап ұрпақтық үн қатқандар ішінен Тайбектің Сатыпалдысын, Нұрбайдың Қауланын, Тілеубектің Өмірбегін, Бейсенбінің Мұратын, Жанкөнің Жақанын, Шалқарбайдың Кәукербегін, Рығайбектің Баймырзасын, Байболаттың Әбузарын ерекше атаған жөн.

Кенішбай ақынның тойынан кейін Амангелді жұмысқа ие болып, бөл шешіп кірісу керек өкөнін Ғалым өкеуімізге арнайы айтты. Осыдан бастап батылсыздау, іштей толқумен кездескен ағайынға ақыл сала сөйлесе бастадым.

1991 жылдың күзінде алыс жолдан келе жатып, Балқаш қаласында балаларға жолай соққаным бар. Сол жылы Бөгетай өкемізге, Әбікөйдің Нұрғалиына, ағайын-туыстарға арнайы сәлем беріп, ойымды білдірдім. Бұл жақтағы ағайындар қуанышты қарсы алды. Ас бермесек те, бергендей, көңілге медет болды.

Елде Әлімхан молла, Айтмағанбет ақсақалға ақылдасқанымызда, Моллекөң тұрып:

— Істеріңді бір Алла оңғарсын! Жөке, бөліне шабуға болмайды. Абайлаңдар, біріншіден — аруақ ортақ, екіншіден — «ат сатсаң ауылыңмен» деген, ел ағалары, ел басшылары не дейді, үшіншіден — «өкі шабарға аттың жәйі жоқ» деген, екі жұмыс ауыр болар, алдымен мазарын көріңдер — деді де қойды.

Айтмағанбет өкеміз:

— Алла оңғарсын, аруақ жар болсын! Мынау үлкен жұмыс екен, Әлекең сөзі дұрыс, басшыларсыз, жергілікті халықсыз

болмайды. Алыстағы, жан-жақтағы балалармен де хабарласу керек шығар

Әлеке, жігіттер өздері білсін, әлдері келсе ас та берсін, кесенесін де жаңартсын — деп, қолдап тастады, бізді

Қос көненің келелі кеңестерінің қисыны баршылық. Осылайша ой толғауында жүргенде уақыт зымырап өте берді. Сапарымыз түсіп Айыртауда өткен Ағыбай батырдың асына Қарамөнде би ауылын өзірлеп апарғанымызды бұрындар айтқан өдік.

Ағыбай батыр асын, дәлірек айтқанда, мөрейді тойының дайындығы мен өтуін көргеннен кейін көңілге көп күдік көрінісін көрсетті.

Ел аузында «Қозы-Көрпешті» айта алмаған былғап алады» деген келтірме-теңеу сөз бар. Осы бір мысал сөз ойға орала береді.

1992 жылдың жазында, маусымның мамыра жай бір кешінде Ақтоғайдан Байжұманның Сағатайы телефон соғып, амандық-саулық сұрасқаннан соң:

— Зияда, Қарекөң бабаңа не ойлап жатсың? Кеше Амангелді өзімізге қараған жігіттерге келіп, «алыс-жақын ел аруақтарын іздеп, қам жасап жатыр, біз тым-тырыспыз. Зиядаға неге айтпайсыңдар, былтыр да өштеңе демей кеткен» деп реніш-қынжылысын айтты — деп сөзін аяқтады. Мен өз ойымды, үлкендер пікірін толық айтып, қобалжуда жүргенімді де жасырғаным жоқ. Ертең ауданға барып, құдай қаласа, жігіттермен ақылдасып іске төуекел деп батыл кірісетінімді айттым.

Келесі күні сәрсенбінің сәтінде Ақтоғайда Байжұманның Сағатайы, Қияқбайдың Бердіғалиы, Ыбырайдың Ғалымы, Нөкештің Оразы, Жарылғапұлы Махмұт, Үйсінбайұлы Қайырқұл, Қаппарұлы Амантай, Тохметұлы Жарылғап, Ноғайұлы Амантай, Мұханұлы Тұңғышбай, Омашұлы Амантай, Туғанбайұлы Амандар алдын-ала пікірлесіп келісімге келдік.

Келісім бойынша уақытша, аудан еңбекшілерінің жалпы жиналысын өткізгенше, жұмысқа басшылық жасайтын 7 адамнан ынталы топ (төрағасы З.Аманбаев) құрылды.

Ертеңінде Сағатай өкәуіміз аудан өкімі Сағадат Жапабайұлы Дүйсебеков мырзаның алдында болып, Қарамөнде биге халқының атынан ас беріп, мазарын қайыра

тұрғызатынымызды айтып келісімін алдық және қаржылай көмекті ұйымдастыру мақсатында аудандық акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіптік банк бөлімшесінен Қарамөнде Шахаұлының атына жеке есепшот ашуға мүмкіндік алдық. Бұдан тысқары аудан тұрғындарының жалпы жиынын өткізу туралы мәселе шешілді. Осылайша, асқа алғашқы дайындық жұмыстары басталып та кетті. Бір Алла өзі оңғарсын!

Көп көшікпей Ақтоғай селосы тұрғындарының жиыны болып өтті. Сол жиынның хаттамасын толығымен оқушыға ұсынып отырмыз.

Ақтоғай селосы тұрғындары жиынының Х А Т Т А М А С Ы

Ақтоғай селосы. №5 13 шілде 1992 жыл.

Жиынға қатысқан азаматтар — 92 адам

Жиын басқарушысы: Нөкешов О. — Ақтоғай селолық Кеңесінің төрағасы.

К Ү Н Т Ә Р Т І Б І

XVIII ғасырда Ақтоғай өңірінде өмір сүріп, Ақтоғай селосының территориясында жерленген Қарамөнде биге ас беріп, зиратын жаңартып, белгі қою туралы. (Хабарламашы Туғанбаев А.)

ТЫҢДАЛДЫ: XVIII ғасырда Ақтоғай өңірінде өмір сүріп, қазақ халқының сақталып қалуына өзіндік үлес қосқан орта жүз, арасының биі Қарамөнде бабамыздың туғанына 300 жыл мұғдары болып отыр.

Қазақ халқы егемендік алып, өз туы мен елтаңбасын, өн ұранын жаңартып, дүние жүзіне Қазақстан Республикасы деген атпен жаңа мемлекет болып құрылып отырғанда осы арманды бұрыннан аңсап, бүкіл қазақ даласында қоғамдық өмірдің дамуына ықпалы болаан, топ жарып сөз сөйлеген, жер дауы, ел дауы, рулық таласта билік айтқан, сыртқы жаулардан елді қорғауда қол бастаған бабалардың бірі Қарамөнде биге өшкімнің таласы жоқ

Сондықтан баба аруағын құрметтеп ас беріп, зиратын жаңарту, басына дұрыстап белгі қою қажет деп есептейміз.

ПІКІР АЙТУШЫЛАР:

1. Садыханов Хаиза — ветлабораторияның бастығы.
2. Жарылғапов Махмұт — «Арқа өңбеккері» газетінің

редакторы.

3. Байжұманов Сағатай — Сақтандыру мекемесінің бастығы.

4. Қаппаров Амантай — мұнай базасының директоры.

5. Мұқанов Тұңғышбай — аудан әкімінің орынбасары.

6. Нөкешов Ораз — Ақтоғай селолық Кеңесінің төрағасы.

7. Қоянбаев Қайыр — Ақшатөу көн-байыту комбинатының прорабы.

8. Қияқбаев Бердівали — аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы.

9. Аманбаев Зияда — «Жәмші» кеңшары, зейнеткер.

Орта жүз, арын биі Қарамөнде бабамызға биылағы жылы ас беріп, келесі жылы мазарын тұрғызып, басына белгі қою үшін аудандық банктен қор жинау шотын ашу, ол үшін ұйымдастыру комитеті, Ақтоғай, Приозерный аудандарынан жұмысшы комиссиялары құрылсын деген пікірге бірауыздан қосылды. Жиын көпшілік дауыспен

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Бабаға ас беру осы жылдың қыркүйек айының 25-26 жұлдызында Ақтоғай селосының солтүстігіне таман Қарамөнде бабамыздың зиратының басында өткізілсін. Осыған байланысты ұйымдастыру комитеті құрылсын:

1. Аманбаев Зияда — комитет төрағасы.

2. Нөкешов Ораз — хатшысы.

3. Байжұманов Сағатай — мүшесі.

4. Ноғалов Амангелді — мүшесі.

5. Қаппаров Амантай — мүшесі.

6. Қалиақпаров Мырзахан — мүшесі.

7. Жарылғапов Махмұт — мүшесі.

8. Туғанбаев Амангелді — мүшесі.

9. Садыханов Хамза — мүшесі.

Бабаға ас беріп, зиратын жаңартып, басына белгі орнату үшін қор жинайтын жұмысшы комиссиясы құрылсын.

III. Баба қорына қаражат түсіру үшін төмендегі азаматтар шаруашылықтарға, аудан, қалаға жауапты болып бекітілсін:

1. Ибраев Ғалым — Балқаш қаласы, Қоңырат поселкесі, «Балқаш» совхозы.

2. Қияқбаев Бердіәали — Балқаш қаласы, Қоңырат поселкесі, «Балқаш» совхозы.

3. Туванбаев Амангелді — Балқаш қаласы, Қоңырат поселкесі, «Балқаш» совхозы.

4. Жарылғапов Махмұт — «Шұбартау», «Айыртас» совхоздары.

5. Садыханов Хамза — Нарманбет, Абай атындағы совхоздар.

6. Байжұманов Сағатай — «Қоңырат» совхозы, Сарыарқа ұжымы.

7. Қаппаров Амантай — «Еңбек» ұжым. кәсіп., «Ақтоғай» совхозы

8. Аманбаев Зияда — «Жәмші» совхозы.

9. Нөкешов Ораз — Әлихан Бөкейхантегі кооп. одағы.

10. Есмағанбетов Амантай — Ақтоғай селосы, «Қызыларай» совхозы.

11. Тохметов Жарылғап — «Көншоқы» совхозы.

12. Қоянбаев Қайыр — Ақшатау көн-байыту комбинаты.

13. Жазылбеков Сырым — Қайрақты

IV Ұйымдастыру комитетіне (төрағасы Аманбаев З. жолдас) комиссия жұмысына бақылау жасап, ай сайын қорытып отыру, ас беретін үйлерді белгілеу, сойыс малдарын реттеп, шақырылатын адам санын анықтау және ас берудің жеке шарасын жасау тапсырылсын.

Жиын басқарушысы және

азаматтар атынан:

О.Нөкешов.

Бабаң арналған ас берудің үлкен жауапкерлігін халық сеніп міндеттеген соң алаң көңілден арылып, күндіз күлкісіз, түнде ұйқысыз шапқылап жұмыс жасаудың күні туды. Оның үстіне астың өту мерзіміне келгенде 25-26 қыркүйек болсын деген ұсыныс өз аузымнан (одан өрі созуға күн суытып кетеді) шығып қалғандықтан да уақыт өте тығыз.

Бабаң аулы болып есептелетін «Қоңырат» көңшары, Чапай ауылдарына ағайындар болып арнайы барып үлкен-кішісімен кездестік. Елден басталған Бабаң асына сауын айту сапары тоқтаусыз жалғаса берді. Оны естеліктің көлер парақтарынан кездестіретін боласыздар.

Көп көшікпей Бабаң асының жұмыс жоспарын жасап

комиссия отырысында талқылап, бекіттік.

31 шілде күні аудандық акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіптік банк бөлімшесінен Қараменде Шахаұлының атына жеке есеп шот ашу туралы аудан әкімінің №193 санды өкімі шықты.

№193

31.07.1992 жыл.

Аудандық акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіптік банк бөлімшесінен Қараменде Шахаұлы және Шабанбай Қалқаманұлы аттарына жеке есеп шоттарын ашу туралы

Қазақстан Республикасының «Тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау мен пайдалану туралы» Заңына және тарихи тұлғалардың есімін ұрпаққа мәңгі қалдыру мен халықтың ұсыныс-пікіріне сай даңқты бабаларымыз Қараменде Шахаұлының және Шабанбай Қалқаманұлының зираттарын қалпына келтіру, ескерткіш белгі қою мақсатында

Ө К І М Е Т Е М І Н :

1. Заманында шәһендік өнерімен, көсемдігімен, батырлығымен аты шыққан бабаларымыз Қараменде Шахаұлы мен Шабанбай Қалқаманұлының аттарына аудандық акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіптік банк бөлімшесінен жеке есеп шоттары ашылсын.

2. Осы өкімді орындау аудандық акционерлік-коммерциялық агроөнеркәсіптік банк бөлімшесінің меңгерушісіне (З.Исмағанбетова) жүктөлсін.

3. Қараменде Шахаұлының есеп шотына түскен қаржыға иелік жасап, жұмсау Ақтоғай селолық Кеңесінің төрағасы О.Нөкешовке тапсырылсын.

Ақтоғай ауданының өкімі:

С.Дүйсөбеков.

1.07.1992 ж.

Көшірме дұрыс: қолы 3.08.1992 ж.

Бұдан әрі комиссия мүшелері, жалпы жанашыр азаматтар жұмыла іске кірісіп кетті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген даналар қағидасы дәл осындай ел бірлігіне, азаматтар ерлігіне

арнап айтылса керек.

Ең күрделі жұмыс, ауыр да абыройлы жұмыс — Бабаң өмірі, Бабаңды халыққа дана би, әділ би, көсем би, шешен би атандырған сыры мен қыры мол өмір жолы, аруақты «Қара көмбе» атандырған қара бүркітінің қасиеттерін бұғаудан босатып, ұрпағына саф алтындай жарқырата көрсету.

Бұл жұмыс бабаңның өз ұрпағы Ақтоғайлық танымал зерттеуші, нарманбеттанушы Туғанбайдың Аманына талсырылды.

Астың жариялылығын шұғыл түрде алуан түрлі жолдармен (баспасөз беттері, радио, телөдидар, телефон, жөделхат, т.б.) алыс, жақын ағайынға, жалпы халқына жаңғырта жеткізу, шақыру билеттерінен бастап, Бабаң өміріне арналған көрнекті сый-сияпаттарды бастырып өзірлеу, Бидің өнегелі өмірі туралы кітапша, арнайы беттер шығару жұмысы — Бабаңның ұрпағы, әм жиені Сәдуақастың Махмұтына міндеттелді.

Астың күрделі саласы — той өтетін жер, киіз үйлер тігілетін орын, тігілетін үй саны, келетін қонақ мөлшері, оларды қабылдау орны, ауданда түнөмеге қонатын орын, ат жарысатын, жорға жарысы өтетін, көкпар, қыз қуу, күрес өтетін орындар, аудан халқын ас өтетін орынға жеткізу, тойдың саптанатты бөлімі өтетін дала мінберін жасату, тағы да толып жатқан ұйымдастыру шаралары бабаң ұрпағы Байжұманның Сағатайына сенілді.

«Көптеген жау қашырады, көмектөген қонақ жөнелтеді» деген дуалы ауыз, қазақ даналары. Аудан тұрғындарының жиынының хаттамасында аттары арнайы аталған азаматтар, одан сыртқары аттары аталмай-ақ аруақты бабасын сыйлаған халық азаматтары аяқтарынан тік тұрып қонақ аттандырғанын, жоқтан «көп болып түкіріп» көл жасағанын жүрек тебірене отырып еске алу, еске алған сайын ұрпақ атынан рахмет айту — мәңгілік парызымыз.

«Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим.

Оратып ұмытылған ұлы салтын,

Көтеріп ата-баба елдің даңқын.

Еске алып, есіміне басты иіп,

Бабама ас береміз, Уа, Халқым!

Асқа кел, сауын айттық, бөйгең болсын,

Ақ отау тартуымен келіп қонсын.

Ортақ қой қуаныш пен кейісіміз,
Үлес қос, бата-тілеу қабыл болсын!
Әумни.

ҚАРАМЕНДЕ БИ 285

Құрметті _____ Сізді
Бөлінбес алты Алаштың баласы деп,
Сіздерді бауыр тартып сауын айттық.
(Алыста жүрген ағайынға)

Үш жүзге өрнек үлгі айтқан,
Қараменде бабаның
Шапағаты қолдасың,
Аруақты өткен дананың!

Ас 1992 жылдың 25-26 қыркүйек айында Ақтоғай селосында өтеді.

«Асты өткізу жөніндегі ынталы топ» — деген ақ үмітпен алғашқы бабаң асына сауын айта шақыру құрметтері халқына таралып та кетті.

Аудандық әкімнің жоғарыдағы аталған әкімі бойынша ашылған аудандық банктегі есеп шотының анықтама-хабарламасы басылымнан шығып, түтін басына, мекемелерге жеткілікті мөлшерде таратылды.

Бабаңа ас беруге арнайы құрылған ынталы топтың арнайы комиссиясы Шахаұлы Қараменде бабамызға арналған ас беру рәсімінің 20 бөлімнен тұратын дайындық шараларының кестесін жасап, оны комиссияның отырысында заңдастырып бекітті. Жасалған осы ұйымдастыру жұмысының шаралары негізінде әрбір жұмысқа бөлінген салалар бойынша бекітілген жауапты адамдар өз шараларының кестесін жасады. Мұның бәрі, айналып келгенде «сөн салар да мән салар, атқа тоқым кім салар» болмай, «Түйе көп болса, жүк сыймайдының» көбін кимей, әркімнің бабаң аруағы үшін неге жауапты екенің, не жұмыс тындыратындарының басын ашып берді.

Әркім өз саласында, қызығушылық, бәсеке жарыспен, Бабаң аруағына қарыздарлықпен қызу іске күндіз демей, түн демей, ерте демей, көш демей араласып жатты.

Жасаған шара бойынша тігетін киіз үйден бастап аяқ

сүртетін, киім тазалайтын щеткаға дейінгі күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар тегіс тізілді.

Ұйымдастыру жұмыстары қалыптасқаннан кейін, комиссия мүшелері арнайы бөлінген ел азаматтары, аудан, мекеме басшылары шарада көрсетілген өздерінің өлді мекендеріне жүріп кетті. Онда жігіттер жергілікті халықпен, ел басшыларымен көздесіп, бабаңа берілетін ас туралы (25-26 қыркүйек) сауын айтып, хабардар өтіп, халықтың пікірімен санаса отырып, сол жерде жұмысқа басшылық жасайтын жетекшілерін сайлады.

Ақтоғай, Тоқырауын, Балқаш төңірегін аралап, халықпен жүздесуге комиссия мүшелеріне аудан өкімі, аудандық Совет үлкен қамқорлық жасап, аудандық ішкі істер бөлімінің жаңа «УАЗ» жеңіл автомашинасына жәнә мекеме басшылары Ғалым мен Бердіғалиға бір жетіге рұқсат берді.

Бұл жерде «киіз кімдікі болса, білек соныкі» деген аталар даналығын ұстанған аудан басшылары — Сағадат пен Мырзахан бауырларымызға мың да бір рахмет!

Сәт сапардың басы «Қоңырат» көңшарынан, елден басталғаны туралы алдын-ала хабардар өткен болатынбыз.

Бұл жолы сапарды бұғыбай басшымыз Байжұманның Сағатайы бабаң басына дұға оқудан бастап, бабаң айырығын өрлей «Ақжарық», «Қуаныш» ауылымен «Еңбек» көңшарына соғуды жоспарлаған өкен.

Көшінде Тобықты, Бораншы атақты Көтен палуанның ұрпағы Садықбектің Қазииның үйінде қонағасы үстіндегі бір әңгімесінде бұғыбай басшымыз:

— Ертең осы жердің халқымен бас қосып, әңгімелөскөнімізде осы жердің, «Қуаныш» сөлолық Көңесінің атын Қарөкең атына ауыстырса деген ой салсақ, қалай болады? — деп ой тастады.

Біз «өте дұрыс болар еді» деп мақұлдастық. Ертесіне ауыл ақсақал, азаматтарымен жүрген жүрісіміздің мақсатын айтып, өңгіме бастағанымызда, ауыл басшысы ретінде, аудан азаматының бірі өсебінде Қалидың Құсыманы сөз бастап:

— Аруақ ортақ, ол рас, Қарөкең бабамыз сіздерден бізге жақын, біздің өз бабамыз. Өйткені, бабам біздің ауылда жатыр. Біз бабамның қасиетті жерінде, киелі топырағында өсіп, өркендеп отырмыз. Сондықтан, Бабам тойын біз өткізуіміз

керек, асты бабаға біз беруіміз керек — деп, сәл кідірді де, Бабаға не сый, құрмет көрсетсек те артық болмайтыны аян. Мен бабама ауылымыздың атын беруді, сіздерден сұраймын.

Егер, осы пікірді қолдасаңыздар, аудандық Советтен сіздердің аттарыңыздан сұрап қаулы қабылдаймыз — деп, аяқтады сөзін.

«Халық — ақбөкен» деген рас екен, барлығы бір ауыздан Құсыманға рахметті жаудырып жатты.

Аруақ жанаған қасиетті халқының Бабасына деген ақ толқын, ағыл-төгіл ақ пейіліне ризашылықпен «Қызыларай» елін бетке алып аттанып кеттік.

Берікқара, Былқылдақ, Қарасиырдың су қоймасын басып, түске қарай «Қызыларай» кеңшарының орталығы «Ақжарық» қонысына ат басын тіредік.

Бұл жерде Сақаңның (Сағатайдың) жол серік қосшыларымен бұрынғы кеңшар директоры, қазіргі одақтың төрағасы Қасымның Серікбайы ауыл азаматтарымен өзі қарсы алды.

Жобасы Ақтоғайдан штабтан телефон соқса керек, біздің келетінімізді, бұйымтайымызды біліп, халықты хабардар етіп қойған екен. Күндізгі сағат 3-те халықпен дидагласуға мүмкіндік туды. Жиында ауыл азаматы Әбеудің Сүндөті, Байжұманның Көрібегі, Ықыласбектің Сөдуі, Мәжіманның Нілтайы сөйлеп, халық атынан Бабаң асына қабыл болсын айтып, сәттілік тілеп, Қызыларай халқы Қарамөнде би баба асына бір кісідей қатысатындықтарын білдіріп, көңілімізді тағы да тоғайтып тастады.

Бұл жердегі Бабаң асына дайындық жұмысына басшылық жасайтын комиссия құрамында Қасымның Серікбайы мен Тойымбектің Қазыкөні екенін халыққа хабарлап рахмет айтып, аттанып кеттік.

Ә.Бөкейхантөгі кооперативтік одағына (бұрынғы «Қаратал» кеңшары) арнайы бөлінген комиссия мүшелері келетін болғандықтан, біз жолай соқпай өтіп кеттік.

Келесі күні Ғалым, Бердіғали үшеуіміз Балқаш өңірі, Тоқырауын бойына сауын айта сапарға аттандық. Жолай Шығыс Қоңырат кенішінде Батсайым апайға бұрылып, сәлем бердік. Бабасына ас беретінімізді айтқанда қуанышынан кезіне жас алып, біз асты өткізіп тастағаннан бетер, айналып,

толғанып, ақ алғысты жаудырып жатты.

Қоңырат кеніші ертеден-ақ біздің Бабаң ұрпағына мекен болған қарашаңырақтың бірі іспеттес.

Кешегі бір коммунизмге бет алған заманда мұнда ізтілеудің Әбдіғалиы мен Бөлекбайдың Сламбегі, Түсіптің Асылханы мен Зәкірдің Айтбайы, Қамбетбайдың Разақ, Разақберлісі мен Исатайдың Мараты қоныстанса, бұл күнде ақсақалы Бақтыбектің Қасымы мен Сламбектің Хамзасы, Күлмағанбеттің Амантайы бастаған бір ауыл Би ұрпағы тұрып жатыр. Сол ағайындардың бүгінгі барымен бас қосып, басталған істің бағдарламасымен таныстырып, алдағы ауқымды атқаратын істің жайын ағайынмен ортаға салып, «көлісіп пішкен тон келте болмас» дегендөй, ой бөлісіп, аз да болса, іс оңға басқандай бөлденіп қалдық. Асқа дайындықтың Қоңырат бойынша басшылығы Күлмағанбеттің Амантайы мен Сламбектің Хамзасына, Бақтыбектің Қасымбегіне міндеттелген болатын.

Балқаш шаһарында кездесуді бірден әкімшіліктен, мекемелерден бастамай, өзімізге тән ақсақалдардан, атқамінер азаматтардан бастадық та, жұмысшы комиссиясының мүшелері Рақымбектің Мейрамбегіне, Мұстафаның Спимұхамедіне, Тұрсынның Әбілкөдіріне билік тізгінін қолдарына беріп, Ақтоғайлықтар атынан «сенім куәлігін» қоса тапсырдық.

Приозерный ауданы бойынша жұмысты көз көргендікке салып, бірден аудан өкімі Байыз Төләубайұлы Мейрмановтың жұмыс кабинетінде бастаған едік. «Сабақты ине сәтіммен» деп, осындай оңға басқан сәттілікті айтса керек көмөңгер қазағымыз, қолма-қол төңірегіндегі азаматтарын жинап ақылға салғанда, сөзді өзі бастап:

— Қараменде би бабамыздың ата-қонысында біздер отырмыз. Асты біз беруіміз керек еді. Бірақ, тойды бұрын бастап қойдыңыздар. Дегенмен тойды осы Тоқырауын-Балқаш бойында өткіземіз деп біздің жігіттер айтып жүрген — деп, көзін қысып, қалжақтап қойды.

Бұл қалжыңды біздің өзімізге тән кейбір азаматтардың пайдаланып, бұра тартқысы келгендердің көздескенін де жасыруға болмайды.

Аудан бойынша асқа дайындық жұмысына басшылық

жасауға аудандық Советтің төрағасы Жұманбайдың Әміртайына тапсырылғанын айтқанымызда Байыз Төлеубайұлы:

— Ол өте дұрыс, мән де солай деп ойлап отырмын. Ол кісі қазір кезекті демалыста, таяуда жұмысқа шығуға тиіс. Оған дейін мен өзім қолға ала берермін — деді.

Аудан басшысының аруаққа деген құрметіне, ағайынға деген көң пейіліне ризашылықпен рахметімізді айтып, ақ жүректен ағытылар алғысымызды астың соңына аз ауқымға аялдатып, аттандық.

Әміртай бауырымызды сол аудан орталығында, жаңадан салып жатқан үйінің маңында кездестіріп, Бабаң асы жайлы алдымен біз, соңынан Әміртай ой-пікірің, ақыл-кеңесін ортаға салып, ортақ мәміледе пікір қорытып, «көздескенше күн жақсы болғай» деп тарастық.

Келесі күнгі сапар — аруақты бабалардың атынан ізі қалған, күәсі болып бүгінгі ұрпағының көзі қалған киелі қара қоныс, айдынды атамекен Дөресінге тартты. «Адам айдаса бармассың, дәм айдаса қалмассың» деген көненің даналығындағы қағидасындай, туып өсігін ашпаған нағашымыз Жуантаяқ Ғапының Жақсырақымының атшаптырым көң ауласының көк дарбазасына аттың басын бір-ақ тіредік.

Жақаң ақсақал жоғарғы білімді ұстаз. Бірнеше жыл Қоңырат, Балқаш, Дөресін төңірегінде мектеп директоры болып қызмет атқарған, білікті басшы. Көйінгі жылдары Дәулетек (Жуантаяқ) пен Дадан тобықтысының шежіре тарихын зерттеумен шұғылданып жүрген, қолына түскенін, өртөден көңіліне жиган-тергенін ұрпағына мұра етіп ұсынған қаламгер.

Елім дегенде өлеңдеп отыратын, жаңалық іздеп жарғақ құлағы жастыққа тимейтін, көзі ашық, көкірегі ояу Жақаң Бабаңа берілетін ас туралы хабарды бұрыннан естіп қуанышта отыр екен. Біздің келетінімізді де естіген сияқты.

Бабаң асына арнап «Аруағыңа бас ұрдым» атты екі-үш шумақ жүрек сөзін де дайындап қойыпты. Жақаңның Бабасына арнаған жүрек жарды ақ тілегі мынау еді:

Үш ғасыр өткен туғанына бүгінде,
Қасиетімен көліп жеткен бұл күнге,
Қарекеме төуіп етіп адамдар,
Шапағатына Сенім артар түбінде.

Аруағына көппен бірге бас ұрдым,
Ақылы — дария, аруақты асылым.
Толқымалы куәсіндей бейнең бар,
Тоқырау мен жылап өткен ғасырдың,
Ұрпақтарың еске алысып ас береді,
Кеңіл босап, кезімізге жас келеді.
Қолымыздан келер бар ма керемет,
Дұға оқып, бас игеннен басқа өнді.

Ж.ҒАЛЫҰЛЫ.

Жақсырақым ақсақал мен Дүйсенбай молланың нөмересі Нығметтің Әбікені екеуі Дөресін өлінің Бабаң асына дайындығы туралы алаңсыз аттануымызды өтініп, «Алла әбүйір берсін!» деп, ақ тілекпен шығарып салды.

Бұдан соң арада біраз күн өткеннен кейін, «Балқаш өңірі» газетінің 18-тамыздағы көзекті санында «газет ішіндіп кітапша» айдарымен Жақсырақым Ғалыұлының «Қарамөнде би — Арқа ардақтысы» атты Бабаң өміріне арналған топтамасы қалың қауыммен қауышқан болатын. Топтаманың толық нұсқасы сәл кейін сала өздеріңізбен көздесетін болады.

Балқаш өңірінен үшінші күннің кешіне қарай Нарманбет ауылының өскі Қарасуында Алтынбектің Қасенханының дүниеден озған қонағасына қатысуға байланысты сапарды Тоқырауынды өрлей бастаған болатынбыз.

Қасенханның қонағасына жиналған, алыс-жақын жерден келген көп адамдармен жүзбе-жүз кездесіп, Бабаң асы туралы хабардар өттік, шақыру қағазын тараттық «Жақсының шарапаты мыңға» деген өнеге сөзі осы болар. Біздің жұмысымызға Қасенхан рухының шапағаты тиіп жатыр-ау деп ойлап, Алла алдынан жарылқасын дедік.

Бабаңа ас беруге байланысты ой толғауында жүргенде Бердіғали бірде кабинетінде отырғанда:

— Зеке, осы Шыңғыстауда Абайдың басында болдыңыз ба? Шіркін, сол жақтағы өлді бір көрсе, Бабаң асы туралы хабарласақ қой — деп үлкен ой толғағаны бар.

Мен Қазақстанның көп жерін көргенде, Сәмәй мен Шығыс Қазақстанға дөм тартып, сәті түспегенін айтып, Шыңғыстауға бір бару арманым екенін жасырғаным жоқ. Әңгіме осымен тоқталып қалған еді.

Балқашта Бөгетай өкөміздің үлкені Шахманның үйінде

түскі тамақта отырғанда алдағы жүретін жолдың бағыты «Айыртас» кеңшарына ауысқан кезде. біздің ойымызға «Айыртастан» әрі Абай ауданы қанша жер екен, егер ұрымтал болса барып қайтсақ, Бабама ас беретінімізді айтып, асқа шақырсақ деген төтті арман тағы оралған болатын.

Бердіғали: «350-400 шақырымнан аспауға тиіс, бензин қинамаса, өте дұрыс болар еді. Онда Шаха деген ата бар екен, Жүністің Рымбегі айтып еді және елді көрсек, Абай басын көрсек. Ең басты мақсат — ағайынды Бабаң асына құрметтеп шақырсақ» — деп төтті қиялын ұштай түсті. — Шақыру қағазы қанша қалды? — деді. Мен 15-төй қалғанын айтып, енді сол жаққа сақтайық дедім.

Бұдан кейін жүрісті ширатып, күндіз-түні жүру керек болды. Бензинді төуекел деп, Бабаң аруағына сыйынып, жолдағы ағайындарға сендік. Осылайша Қарасудан түнделетіп шығып, жаңа орталықта Жәкен мен Кәкешеге бар шаруаны тапсырып, машинаны «кеңірдегінен шығара тойғызып алып», сол күні түнгі сағат екі жарым мезгілінде Айыртастағы Сағатбектің үйіне келіп, жетіп қондық.

Ертесіне ертеңмен кеңшар директоры Жақсылық Аманбайұлының кеңсесінде Әуез Исбекұлы бар, ауыл басшыларымен қысқаша көздесу өткізіп, шаруамызды айттық. Ауыл азаматтары пікірімізді ынталы қарсы алды. Бұл жердегі барлық басшылықты азаматтар комиссия мүшелігінде бұрыннан ұсынылған Аманбайдың Жақсылығы мен Исбектің Әуезіне міндеттеді.

Абай ауданына барып-қайтуға Жақсылық көмек жасап, жол картасын сызып берді. Барып-қайтуға жететін бензинмен қамтамасыз етіп, үлкен азаматтық танытты. Дана халқымыздың «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген асыл қағидасын «Азаматтың азаматтығын айт, абыройы артсын» деп, өң бере өзгерте айтар болсақ, Бабаң асына жасаған қызметі үшін, Жақсылыққа дәл осылай айтқан болар едік.

Жақсылықтың бастауымен, Әуездің көмегімен Айыртас елі жартылай көшіп келіп, Бабаларына қазақы салт-дәстүрімен ас берді. Бабаңның аруағының рухына арнап жеті моллаға құран (нәфіп садақа) берді.

Ас туралы ойдағымызды кейін сала азды-көпті оқитын

боларсыздар. Мынау бір-екі ауыз сөз ішке сыймағандықтан емес, әңгіменің реті келгендіктен өзі сұранып тұрғандай болды.

Біз бір Аллаға сыйынып, Жақсылықтың қолдауымен Абай еліне, Шыңғыстау жеріне, көп тобықтыға. Бабам жұртына аттанып кеттік.

Дайындалған жол бағдарламасы бойынша бастау бекетіміз — Сөмей облысы, Шұбартау ауданы «Жорға» кеңшарының орталығы 45 шақырым болатын.

«Қойы қоралас, малы аралас» жатқан бұл өңірдің сай-саласын жатқа білетін Ғалым бізді жол-жөнөкөй бір әулиенің басындағы бұлаққа апарды. Бұлақтың бірнеше бастауы бар, әр бастаудың суының түсінде, дәмінде бірінікі-біріне ұқсамайтын өзгешелік бар. Бұлақтың қорымының айналасындағы өскен талдардың ақтық байлауға бос бұтағы жоқ.

Біз де әулиенің аруағына білген дұғамызды бағыштап, орамалымызды байлап, «қорғап, қоршап жата гөр» деп, өрі қарай аттанып кеттік.

«Жорғадан» бастау алған көтерме жол 51 шақырым өткеннен кейін Абыралы-Баршатас көтерме жолына көлденең келіп, екі жағына бірдей тең орталықтан (Абыралыға — 81 км, Баршатасқа — 80 км) келіп қосылды. Жол серіктер ақылдаса келіп, Абыралыға бұрылды. Өйткені, жер көру үшін баруда Абыралымен барып, қайтарда Баршатаспен қайту тиімді сияқты. Жол серіктеріміз де солай түсіндірген болатын. Абыралы жолы жазық та, Баршатас жолы 60-70 шақырым Шыңғыстың ішін аралап кетеді екен.

Атақты Абыралыға, мың өліп, мың тірілген Сөмей полигонының орталық ошағы болған, бірнеше тарап, бірнеше қалпына келіп орыстардың төлкегіне айналған Абыралы-Мейзек жеріне, атақты Қашаубайдың Әміресі мен Бегалының Сапарғалиының еліне келдік.

Аудан орталығы Қайнар ауылының орналасқан жерінің табиғаты ерекше көз тартарлық әсем екен. Ауылдың солтүстік батыс арқасына керегедей ұзыннан ұзақ көрілген биік заңғардың табанын қолдан тартып, болаттан әдейі құйғандай, етек-басы жинақы, төкаппар бейне халқына кең қойнын ашып, тесін ұсынған мейірімді ана сияқты биік шың басынан әр шаңырағына төбесінен мейірім төгіп тұр.

Биіктің терең шатқалынан бастау алып ауданның дәл ортасынан қаққа жара ағып жатқан қасқа бұлақ көпшіліктің көрікті қонысы, құтты мекеніне «Қайнар» деген қасиетті атауды өзі сыйлағандай өрке де өркін сылдырайды.

Ауданның («Қайнардың») күн шығыс етегін жағалап ағып өтетін өзен жағасына жетіп, аз дамылдаған сәтте менің ойыма Әміренің әкесінің Жәмші өзенінің бойында жылқы баққаны, Әміренің сонау 1926 жылы қазақ халқының атын әлемге танытқан атақты Париж сапарындағы жалғыз жан серігі Ақтоғайлық Балғабайдың Жәмбегі жасаған домбырасы түсті.

Сапар нұсқаушымыз бойынша, өндігі бетіміз Абыралы-Семей үлкен жолымен (асфальт) 91 шақырым жүріп өтіп Саржол-Қарауыл көтерме жолына жетіп бұрылу.

«Саржал» кеңшары — Абай ауданының солтүстігіндегі Абыралымен шектесетін шеті болса, Семей полигоны алдымен аталатыны сөзсіз, сондағы құлағыңызға бірінші шалынатын, теледидардан көзіңізге алғаш көрінетін көремет көскіндеріңіз осы Саржолдан.

Үстелдің бетіндей «қара» жолмен сыдыртып отырып, Шаған өзенінен өткенімізді де білмей қалыппыз. Оң жағымыздағы анандайдан жарқырай көрінген жол сілтеме көрсеткішіндегі «Қарауыл-74» бөлгіні жүргізуші баламыз Қуандықтың көзінің шалып қалуы мұң екен, ағып келе жатқан тұлпарымыз да оңға бұрыла бөре аңтарылып тұра қалды.

Төртеуіміз құдайға теуба келтіріп, «ел шеті осы болар» деген межемізді бір-бірімізге айтпасақ та іштей түсініп, көдесі жалпақ тізеден келетін бетегелі кең жазыққа жата кетіп, Жер-Анаға маңдайымызды тигізіп, дәл осы жерді Бабам өзі басып кеткендей ыстық сөзініп, топырағын иіскөп, жүректен елжірегеніміз бір Аллаға аян.

Жүрегімізді ерекше бір асығыстық сөзімі билеп алғандай машинаға жедел отырып, Қарауыл қайдасың деп, жүйткітіп ала жөнелдік.

Жиырма бес, отыз шақырымдай өткенде жолдың батыс жағындағы ұсақ шоқылардың баурайында кішігірім қаладай елді мекен көздесті. Жолдың оң жағындағы жазуда «Совет Одағының Батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы кеңшар», «Медеу-1» деген сөздерді оқығаннан кейін менің ойыма: «Ақтан бұлағы» осы болмады ма екен, Нысан абыз өулиенің зираты,

Оразбайдың Медеуі осы жерде болды ғой» деп, оқығандарым ойыма түсіп, езіме-өзім сұрақ берумен, мазасыз күй кештім.

Жалғасқан ұзақ жолды әрі қарай жалғастыра отырып, 40-45 минут уақыт өткен шақта оң жағымыздан қалмай ілесе жарысып келе жатқан биік таудың, адырлы сілемінің кезекті белесіне шыға келгенде батысынан да, шығысынан да биік тау жоталарымен көмкерілген қалың бөтегелі сары даланың кеуделеп келген ортасында нардың өсем өркешіндей жалғыз қоңыр шоқы қол бұлғап «жөніңді айта көт, іздегеніңді де, жоғалтқаныңның да жобасын білемін» деп тұрғандай. Біз де ат сабылтып, сағынып келе жатқан, қасиет шалған Қарауыл атанған қара шоқымыз осы болды» деген қуаныш толқуымен, жол бойында, анандай жерде шөп шауып жүрген тракторист баланы шақырдық. Атын сұрағанымызда, «Ербол» деп жауап берді.

Менің: — Қай Ерболсың? — деген сұрағым: «Тобықты боламын» — деп, жауап берді.

— Ой, Ербол әкел қолды, біз де Тобықты боламыз — деп, Ғаләң бауырының қолын қайыра алып, бетінен сүйді. Біз де бірінші бауырымыздың, алғашқы тобықтымыздың бетінен сүйіп, жөнімізді айттық.

Ерболдан қайда тұрғанымызды сұрағанымызда:

— Е, сіздер, ағатайлар, бұл өлге, Абай ауылына алғаш келіп тұр екенсіздер ғой — деп, жан-жағына барлай қарап алды да, — Мынау, батыста ұзыннан созылып жатқан тау — Шыңғыстау осы, бір шеті жаңа өздеріңіз өткен Шаған өзенінен әрі басталып, шығысында Тарбағатайды білесіздер ғой, сол Тарбағатай тауымен шектеседі.

Ал, мынау, Қарауыл шоқысы — Абай ауданының орталығы. Осы шоқының арғы бетінде, өне, көрдіңіздер ме, шеткі үйлері де көрініп тұр — деді де бетін күн шығысқа бұрып, — анау биікті Үлкен Орда, былайғысын Кіші Орда дейді, былайғы биікті Шұнай таулары деп атайды — деп, кідіргенде, тоқтауын пайдаланып, мен Жидебай мен Ақшоқы туралы сұрағанымда:

— Жидебай — мына көрініп тұрған көк ағаш, осы жерден 10-12 шақырым болады, тура тұсында тұрсыздар. Ал, Үлкен Ақшоқы, Кіші Ақшоқы содан (Жидебайдан) өрі, сонау мұнартып көрінген көп таулар, бұл жерден 60-70 шақырым болады, алыс — деп бітірді сөзін Ербол бауырымыз.

Біз болсақ жерден бір-бір шәкім топырақ алып иіскеп, маңдайымызға басып жатырмыз. Тіземізді бүгіп, білетін дұғамызды бағыштаған біздер, Ербол бауырымыздың ұлылар ұрпағына тән түзу жауабына рахмет айтып, Қарауыл ауылына тартып кеттік.

Кешегі Шыңғыстау, бүгінгі Абай ауданының орталығы, ұлылар елінің, даналар мекенінің жүрегі Қарауыл табалдырығын аттаған күніміз сенбі, 1992 мешін жылының 6 қыркүйегінің көшкі сағат жеті жарымының шамалары болатын.

Күн демалыс болғандықтан, Бердіғалидың ұсынысы бойынша аудандық милиция бөлімінің кезекшілігіне келіп тоқтадық.

Бекең бізді сыртта қалдырып, сақшыларға тән сардарлығына лайық, туған табиғатына тән ізеттілігіне (Бекең біздің кішіміз болатын) басып, ішке кіріп кетті. Арада 15-20 минут өткен мөлшерде машина төңірегінде тұрған біздерге милиция формасындағы, иығындағы жұлдызы «майор» деген атақты ағңартқандай, орта бойлы, қоңырқай өңді, қараторы жігіт ағасы сәлем беріп, ішке кіруімізді өтінді.

Ішке кіргеннен жаңағы азаматымыз төрдегі жалғыз орынға жайғасқаннан кейін «Қош көліпсіздер, жолдарыңыз болсын!» айтып, өзінің атын Қабдыкөрім Ілиясұлы екенін, осы мекеннің иесі екенін таныстырды.

Біздің бастық біздің кім екенімізді, сапар бұйымтайымызды айтып, таныстырғаннан кейін, сөз кезегін алған Қабдыкөрім, біреуге телефон соғып, телефон құлағын орнына қойғаннан кейін:

— Абай еліне басқан қадамдарыңыз құтты болсын! Істеріңізге сәттілік тілеймін. Ауданымыздың әкімі мен аудандық Советтің төрағасы Қытай Халық Республикасына кеткен еді және де бүгін демалыс болғандықтан басшылар болмай тұр. Қарауыл селосының әкімі Дәрібаев Жақан деген азамат қазір келуге тиіс — деп, сөзін аяқтағанша, қағілез, жүріс-тұрысы ширақ, адамдарға елжірей қарайтын, орта бойлы, қараторы азамат «Сәлем бердік» деп, кіріп келді.

Амандық-саулық, танысу рәсімі аяқталған соң, мен келген сапар мақсатымызды, уақыт аз, тығыз екенін айтып, өртөң күн демалыс болса да, ел ақсақалдарымен, ауыл азаматтарының барымен кездесіп, сәлемдесіп, әңгімелессек

деп өтіндім. Жақаң еш ойланып, қиналмастан мүмкіндік толық болады деп, тек уақытын айтуды бізге салды. Біз көздесуді сағат ертеңгі 10-ға деп ұсындық.

Екі бастықтың бірінен соң бірі «алыс жолдан шаршап келдіңіздер, үйге жүріп дем алыңыздар» деп бәйек болғанына қарамастан, Ғаләң «Қонақ үйіне тынығайық» деп бастыртпады.

Қонақ үйіне баяғыда Бабам салдырып кеткеннен бетер, кеудені көре көсіліп, Аллаға төубамен төбірене жатып дем алдық. Екі жігіт «Қаракөз» кафесінде кешкілік қонақасы берді. Ертеңгілік шайды да самауыр қойып қазақ салтымен сыйлады. Біз болсақ, мынандай ерекше құрметке бір жағы қысылып, таңғалып та жүрміз.

Уағдалы уақытымыз жөтіп, сағат онға таянғанда Жақаңның ұсынысымен село әкімінің үлкен бөлмесіне кіргенімізде, оң жақтағы терезе алдына қойылған жұмсақ орындыққа ұзыннан ұзақ жайғасқан он бір-он екі ақсақал, ортасында бір аруана бар, орындарынан тұрып, біз бір ишаннан келгендей алма-кезек сәлем беріп, күнде көріп жүрген ағайын адамша денсаулығымызды, отбасымызды, өлдің амандығын елжірей сұрасып жатыр.

Кіріспе сөзбен таныстыру рәсімін Жақаң жеткізе өңгімелеп, жиналып отырған Шыңғыстаудың бүгінгі дана да қарт шежірелерін аты-жөнімен, халқы қадірлеп сыйлайтын өнегелі өмір жолдарымен атап өтті.

Сөз кезегі түйенің үлкені... болмасам да, келгендердің үлкені болғандықтан, маған ауысты. Мен қысқа ғана келу сапарымызды үш мақсатқа арнағанымызды айттым.

Бірінші: Бабамыздың аты аунап түгі қалған, түйесі аунап жүгі қалған, түп жұрты — қалың елі қалған Шыңғыстау өңіріне, қасиетті ұрпағына сәлем беру.

Екінші: Қараменде бабаларымыздың 285 жылдығына арналған асқа шақыру (сауын айту).

Үшінші: Қараменде бабамыздың өмірнамасы туралы деректер, шежірелер жинақтау. Байкөкше ақынның Қарекен туралы шығарған екі поэмасын білетіндер бар ма?

Алғашқы сұрақты Шыңғыстаудың бүгінгі Құнанбайы атанып кеткен, ел ардақтысы Хафез Ыбырайұлы Матаев бастады.

«Шыңғыстаудан екі болыс Тобықты аруақты Бабамыздың

соңынан еріп көшкен екен, қазір қанша таза туысымыз бар деп білеміз. Атақты, оқыған, ел басқаруды, еңбекте, өмірде ат жалында даңқы шыққан ағайындарымызды білсек» сияқты сауалдар қойды.

Біз, расында, мұндай сауалдар болады деп ойлап, дайындалғанымыз жоқ-тың. Білгенімізше жобалап, ағайынның көңілін тойдырмасақ та, төңіректен берген жауабымызға ризашылық білдіріп жатты.

Хафез Ыбырайұлы «Көтен палуан өкелеріңізді білесіздер ме? Палуаннан ұрпақ бар ма?» деп сұрағын тағы да жалғастырып, үшеуімізге кезек-кезек көз қиығымен қарап қойды.

Палуаннан ұрпақ бар екенін айтып, «Бораншы» деген бір тайпа ел болмаса да, өскен ұрпақ, өрісті ауыл екенін, оның ішінде палуаннан біз білетін тұяғы Садықбекұлы Қазиды жеке атауға алып, сұраушының көңілін риза еткендей болдық.

Сол бір шағын да болса, тарих парағына татырлық туысқандардың кездесуде даналар елінің бүгінгі дарияларының ыстық лебіздерінен қысқаша үзінді келтіре кетелік.

АБАЙЛЫҚТАРДЫҢ АҚ ТІЛЕГІ:

«Ас тегін адамға берілмейді. Ол – елді, халықты бірлікке, ынтымақтыққа, туыстыққа шақырады. Бабамызға ас береміз деген ниеттеріңіз қабыл болсын. Азаматтық танытқан өкелсіздер! Бұл істеріңіз ерлікпен пара-пар».

Хафез Матаев — Шұбартау, Абай аудандарын 25 жылдан астам уақыт басқарған халық қамқоршысы, өлінің ақиық ағаларының ағасы, Қарамөнде-Кеңгірбай билер ұрпағы.

«Біз тарихшы емеспіз. Қарекен жайында көп біле бермеуіміз мүмкін. Дегенмен де, ақтоғайлық бауырлардың бабамызға ас береміз деген бастамалары бізді үлкен қуанышқа бөлеп отыр. Сіздерді Қарекеннің аруағы қолдап, мертебелеріңіз өсіп, абыройларыңыз асқақтай берсін! Қарекен ұлы би, Кеңгірбай үлкен би еді. Екі ұрпақты табыстырған Тоқырауын халқына рахмет!».

Рымхан Ғабдуллин — Абай, Шұбартау аудандарын 20 жылдан астам басқарған ел ағасы, от ауызды, орақ тілді халқына қадірмөнді ақсақал, баба ұрпағы.

«Аз ғана Тобықтының басын қосу үшін үлкен шаруа тындырған екенсіздер. Біздің Абай ауданының өкімінде қан бар. Ол кісі асқа қатысуымызға қолдау көрсетеді. Ас қабыл болсын! Баршамызды баба рухы желеп-жебей берсін. Иә, үлкен шаруа тындырған екенсіздер».

Бимұрат Мұқажанов — тағылымды тарихшы, ұлылар өлінің дарынды шежіре бұлағы, халқына қадірменді ақсақал, баба ұрпағы.

«Екі қара шалдың — Қарекөң мен Кеңгірбай бабаларымыздың аруақтары жөбеген ұрпақтарының арқасында бүгін туыстық, бауырластық алтын көпірі салынды. Ұрпақпен ұрпақ қауышып, мерейіміз асты. Ұзағынан сүйіндірсін!».

Бекен Исабаев — Шыңғыс өлінің Абай-Шөкөрім, Мұхтартанушы шежіре сандығы, аруақтар шырақшысы, Берлідөгі Мұхтардың мұражайының директоры.

«Шыңғыстың 20 мыңнан астам тобықтысы бірін-бірі іздеп, таба алмай жатқанда Қарекөңе ас беріп, өлдің басын қосқан Ақтоғайлықтардан айналайын. Үлкен іске қамқоршы болып, қолдау көрсеткен Ақтоғай ауданының өкімін бетінен сүйіп, құшағыма құшамын».

Ұлықбек Байырбекұлы — ұлы Абай өлінің қарт ұстазы, ертеден СССР Жағрафия қоғамының мүшесі, халқының қамқоршысы, ардагер ақсақалы, бабалар ұрпағы.

«Ел іздеген, туыс іздеген қымбатты бауырларым, аман-есен жүрсіңдер ме? Елдерің, халықтарың, ол жақтағы Қараменде бабамыздың жұрағаттары, ұрпақтары төгіс аман ба?»

Кеше кешкісін көршім Қаби келіп, милицияның алдында Жезқазған облысынан келген бір-екі адам Тобықты Шаха боламыз, осы жақта Шаха деген ру бар ма деп сұрады. Мен сені айттым деп келді. Содан ойда қалдым. Бұл кімдер болды деп ойым сан-саққа жетеледі.

Артынша, Жақаң телефон соғып, «Ақтоғайдан бауырларымыз іздеп келіпті, еңгімелесейік, танысайық

деп сіздерді ертеңгі сағат онға шақырып отыр» деп, сіздердің келу сапарларыңыздың жөнін айтты.

Қарекең бабамызға ас береміз деп Бабамыздың туысың елін іздеп келген өкөнсіздер, келген қадамдарыңыз құтты болсын! Аруақ сыйлаған, ағайын-туыс іздеген бауырмалдық жүректеріңнен айналдым! Қасиетті аруақтың ұрпақтары, Бабамызға арнаған астарың қабыл болсын!

Енді мен өзімді таныстыра кетейін.

Сары бабамыздың Кішігінен Әнет бабаң туады ғой. Әнет бабамның үшінші әйелінен Шаха, Есболат. Есболаттан ұрпақ бар.

Шахадан — Айтуар, Бостан, Төуке туады. Мен осы Айтуар атамыздың ұрпағынан тараймын. Рахмет бауырларым, алдағы істеріңе Алла қуат берсін!».

Келима Орынбекова — Әнет баба Шахасының ұрпағы, парасатты, ардагер ана.

Тұнып тұрған тарих, шалқыған шежіре қарияларымызға жүрек жарды рахметімізді айтып, бабаң асына шақыру қағазын тараттық.

Түскі асқа дейін біраз уақыт барлығын пайдаланып, Қабдыкәрім мен Жақан бізді Жидебайға бастап алып жүрді. Қарауыл мен Жидебайдың арасы 24 шақырым жол. Ал, тікесінен жай жолмен барсаңыз 12 шақырым.

Жидебайда алдымен Зере мен Ұлжан әженің, Шәкәрімнің әкесі Құдайбердінің зиратында болып, білген дұғамызды бағыштап, суретке түстік. Көзек дананың бір көздегі ақ ордасы, бүгіндегі мұражайын аралап, тамашалауға ауысты. Мұражайды еркін аралап, Абай емес, Қазақ атты ұлы ата-бабамыздың қарашаңырағының аруақты албарынан кіріп, құт қонған қазандығынан бастап, ұлы Абайымыздың төңірегіне абырой-бақыт сыйлаған, мәңгілік даңқ сыйлаған алтын ордадан шыққандай ләззатқа мейірлендік.

Қанған мейіріміз бен алған өсерімізді естелік кітабына жазып қолтаңба қалдырдық та, аяғына: «Ұлылар еліне тізе бүгіп, тағзым еткен, даналар жеріне басын иіп, сәлем еткен Қараменде би ұрпақтары:

Аманбайдың Зиядасы,
Ыбырайдың Ғалымы,

Қияқбайдың Бердіғалиы.

Өмірбектің (Қазыкейдің) Қуандығы.

Мешін (1992) жылы, қыркүйектің 7 жұлдызы» — деп тамамдадық.

Мұражайдың директоры Физат ағайымыз өл салтын, жер даңқына сай ерекше ықыласпен жүрегіндегі рахметке толы ақ алғысын аямастан ақтара айтып, «Абай» журналының бірінші санын әрқайсымызға сыйға тартты.

Біз болсақ, Физат ағаны ортаға алып суретке түсіп, өскөрткіш бейнесін өлге жеткіздік.

Уақыттың тығыздығынан Шидегі Биатаның басына соға алмай, Ақшоқыдағы Қажының басына бара алмай, аруақтар рухтарынан кешірім сураумен, сырттан дұға етіп, Жидебаймен қимай қоштастық.

Қарауылға қайта оралғанымызда сағат тілі түскі екі жарымды көрсеткен өкен. Қонақ үйінің кең сенегіне кіре бергенімізде қарсы есіктегі «демалушы» бөлмесінен екі мемлекеттік кездесетін қонақтары сияқты бағанағы көзтаныс абзал ағаларымыз шыға көлгенде, ізін суытпай кездескенімізге масаттанып қалдық.

«Қаракөздің» құрметті қонақ күтетін ерекше залында ағайындық түстік қонағасы рәсіміне жиналды. Дастархан басында баршамызға бағыт беретін, асабалық басшылықты Жақан тағы да өз қолына алды.

— Қонақтың үлкені Бабаң ұрпағы деп басты менің алдыма қойғанда, «Қиналған Жамбыл жері осы болды», бірдеңе дейін десем аузымды аштырмайды. Тәуекөл деп, оң құлағын кесіп Қуандыққа беріп, енді осы басты Ұлы ағаңнан бастап үлкендерге ырымын жасайық — деп осы жиынның ең үлкені, оң жағымдағы Ұлықбек ақсақалдың алдына қойдым. Бас Қуандықтан басқаны тегіс жағалап шықты.

Жақан бірінші сөзді Хафез Ыбырайұлы ағасына берді. Хафең өз сөзінде осы бір қасиетті табақта бүкіл Шыңғыстау елінің, бабалар ұрпағының ақ ниеті, ақ пейілі сыймай тұрғандай сезімге бөледі.

Келесі сөз көзегі қонақ ретінде маған берілді. Мен Шәкәрім қажы сөзімен айтқанда, 1780 жылдары жеті болыс Тобықты осы өлкеге 55 жылдан астам (1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бері) уақыт аттың жалында,

түйенің қомында күн кешіп, қазақтың жарты жерін жайлай көшіп. Ордың Қарағашынан аман қайтып, қасиетті қазақ жерінің аруақты бір пұшпағы қарт Шыңғыстауға басы аман, іргесі бүтін, түтіні түзу, ұжымы берік, туысқандығы тұтас жеткендігі бабалар ауылында, ғұлама ортасында отырғандай сезініп, сағынып келген шөліміздің қанып қалғанын, бірақ сағыныштың тәтті күндері алда жатқанын еске алып, рахмет айттым

— Келесі сөз кезегін Абай елінің, Шыңғыстау жерінің бүгінгі тарихының тұнығы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар аталары мұрасының булағы Биағаға береміз — деп. Жақан бізді қол шапалақтауға шақырды. (Биаға — Бимағанбет Мұқажанұлы — ғұлама шежіре, зерделі тарихшы, Абайды терең білетін, Шәкәрімді дәріптеуші ұстаз, Мұхтармен бірге болып, ұлының өнеге бұлағынан дәріс алған Абай елі ардасының алды).

Ұлылар дастарханына ақ тілек айту құрметі біздің Ғалең көлгенде, Ғалең өз сөзін:

— Құдайға тәуба, заман жаңғырып, дініміз, діліміз халқына қайта оралып, бабалар аруағына бас ию құрметі біздің сыбағамызға тигені үшін де, біз езімізді бақытты санаймыз. Соның арқасында ұлы елімізді, қасиетті жерімізді, сіздер сияқты ардақты ағайын-бауырларымызды көргенімізден артық бақыт болмаса керек — деп бастап, терең тебіреніспен туысқан түбі бір екі елдің ара байланысын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, тереңдете беруге ақ тілек тіледі.

Ақ тілектің кезегі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Қабдыкәрім бауырымызға тигенде, тілі шешен, ойы терең де оралымды Қабыкәң өзінің Найман руынан екенін, бірақ кіндік қаны Шыңғысқа тамғаны, өнеге, өнер-білімді Абай ауылының ауасы мен суынан алғаны туралы тебірене айтты. Бұдан соңғы ақ тілекті Жақан Бердіғалиға бергенде, тағы да отырғандарды құрметтеп, қошеметтеп қол шапалақтауға шақырды.

Бекең әдеттегіден де саңлақты көтеріліп:

— Мен жаңағы Хафеңнің сөзінен кейін ойланып отырсам, 200 жылдан астам уақыттан кейін елге табанымыз тиіп, дәмін татып, сағыныш сәлемін беріп отырғанымыз ол тек, осы төртеуіміздің ғана жүрек сағынышымыз емес, бұл сағыныш Қарекәң бабамыздан бергі алты атаның армандап кеткен жүрек сағынышы. Бізді ұйқыдан оятып, ой салған, ұрпақ бірлігіне бізді бастап жол салған — сол аруақты бабалардың рухы

— деп, сәл кідіріп, одан әрі өзінің Ұлытау өңірінде Бабалар жұртында бұдан бірнеше жыл бұрын барып қызмет жасағаны, ондағы Кеңгір, Ырғыз өзені, Көбімалды бабалар атына байланысты мекен-жайлар туралы қызықты деректермен сөзін тамамдады.

Жақан көпті көргендігіне басып, ұлы елдің ұлы екеніне сайып, жас та болса бабаң ұрпағы деп Қуандыққа құрметтеп сөз беріп, соңын өзі жалғастырып өкетті.

Жақан кішкене желпініп алғаннан кейін ақ тілекті өрі қарай жалғастыруға бет алып:

— Тіршілік иесі, адам денесі қос мүшеден құралған, оның бірінсіз тіршіліктің мәні де, сәні де болмайды. Абай елін, Шәкәрім жерін, Мұхтар ауылын тұтас Ұлы дене десең, сол ұлы дененің егіз екі мүшесінің бірі (Хафең) ағайындар дастарханын бастап беріп еді, енді сол ұлы дененің екінші (өкі көзінің бірі) мүшесі Рымқан аға қорытады — деп, тоқтады Жақан.

— Мән кеше кешкісін Жақаңнан телефон арқылы «Қарамеңде бидің ұрпақтары іздеп келіпті, ертең таңертең кеңсеге келіңіз, ел үлкендеріне сәлем береміз деп отыр» дегенде, қуаныш па, әлде абыржу ма, ештеңе айта алмай, жарайды дей беріппін. Түнімен ойлап шықтым, «бұл не адамдар, неге іздейді» деген сияқты сұрақтарға жауап таба алмай өбден мазам кетті.

Бұл іздеп келіп, сәлем беруге шақыртып, үлкендік, ағалық көрсетіп отырған Қарамеңде би бабамыздың ұрпағы емес, рухы шығар деп едім. Сол ойым ақ болды. Аруағыңнан айналайын ұлы бидің рухымен кездестік, ұлылар елін сағынып, іздеп келген ұлы жүректі ұрпағымен кездестік. Тәуба, ел іздеген, туысқан іздеген жүректеріңнен айналдым — деп, келбетті бейнесіне біткен, мол мейірімімен әрқайсымыздың жүрегімізді іздеп, кеудемізді бір-бір тінтіп шықты да, сөзін өрі қарай жалғастырып кетті.

— Бата тілекті Абай ауылының ардақтысы, ұлағатты ұстазы, жасы үлкен қариясы Ұлықбек аға бастайды, құрметті қонағымыздың үлкені Зия ағамыз аяқтайды, — деп жиынның төрағасы сөзін тамамдап, ақсақал екеуімізге ишарат өткендей болды.

— Аллаға сыйырудан бастаған ақ тілегін Ұлы ағаң терең

де шешіле талдаумен бабалар өміріне арнап, өте мәнді, ізгіліктің иірімі мол, өнегелі өсиет айтумен аяқтады.

Маған Алла жалбарынып, жәрдем тілеу, Бабалар аруағына сыйынып, жөбеп-желеу тілеу ғана қалды. Қонақ күтумен уақыт қадірін жете сыйлайтын ұлы елдің шоңдары құшақтасып қош-қош айтысып, сағат көшкі дәл алты жарымда бізді қазақша аттандырып салды.

Ауылдан осылай қарай бет алғандағы жол-жоспарымыз бойынша, қайту сапарымыз Шұбартау ауданының орталығы Баршатас арқылы дегеніміз оқушының ойында болар.

Жол жүрудің қыры мен сырын, хикаясы мен құпиясын бізден гөрі жіті білетін Бекөң Баршатас жолының сапарбағытын алдын-ала Қабдыкөрім мен Жақанға қағазға түсіртіп алыпты.

Келген қонақтарды құрметтеп қарсы алу, құрметтеп қыр асырып шығарып салу Абайдан бері атадан балаға мирас болып жалғасып көле жатқан ата дәстүр бойынша, бізді Жақан мен Қабдыкөрім күн батысына қарай, Шыңғыстауды тікелей бетке алып бастап тарта жөнелді.

Қарауылдан шыққан жол Шыңғысқа өрлей 3-4 шақырым жүргеннен көйін «Абай» көңшары деген қақпадан өтіп, ауылдың солтүстік батыс жағын өтектей жүріп биік дөң басына шағарды. Жол басшыларымыз осы дөңге сөл кідіріс жасауды өтінді де, «мынау тұрған жеріміз тұнып тұрған тарих, соны сіздерге көрсете кетейік деп тоқтадық» — деп, Жақан одан әрі сөйлеп кетті.

— Мынау — Шыңғыстау, қазір осы жолмен өрлеп отырып «Ақбайтап биігін» асасыздар, біз сол қайқаңға дейін барамыз. Шыңғыстауда теңіз дөңгөйінен мың метрден астам саналатын «Хан», «Берлі», «Қара жартас» биіктері бар. Мынау тұрған биікті «Түйеөркөш» деп атайды. Бұл алқап — сұлулықтың ғажайып бейнесі Абайдың Тоғызжанының ата қонысы. Әне, анау, көңшар орталығынан белектеу — Тоғызжанның алтын ұясы, өз қыстауы, қазір шопандар аулы.

Қарауыл өзені Шыңғыстың құздарынан бастау алып, осы жермен бұлқына-буырқана ағып, аудан орталығын қақ жарып, Ақжар мен Жидебай қорығына құлайды.

«Абай» романынан ойларыңызда болар, Абай мен Ерболдың тасып жатқан Қарауыл өзенінен өгізге мінгесіп

өтетін тұсы да осы ауылдың өне бір шетінде — деп, келген жағымызды мезгеді.

Ал, мынау жатқан Ақжарды «Тоғыжанның Ақжары» деп атайды. Тоғыжанның әкесі Сүйіндіктің ауылының көктемгі, күзгі қонысы болған. Бірде Абай Тоғыжанға көптен келе алмай, Ерболдан хабар алып, жігіттермен түнделетіп келіп, аңдушыларға қолға түсіп қала жаздап, жүйрік атпен өзі де жолдастары да аман-есен қашып құтылып, Ордадан бергі Ақжарықтың даласында аттан түсіп отырып. «Сап, сап көңілім, сап көңілім» өлеңін қиыстырған өкен, қайран махаббат-ай — деп, Жақан әңгімесін бітірді.

Бәріміз де жапа-тармағай «атқа» отырып, Шыңғысты өрлей тартып кеттік. «Түйөөркөштөн» 17 шақырымдай өткенде манадан бері Жақпартасты қиялармен өрлеп келе жатқан тау жолы биік қайқаңнан асып түсіп, кең алаңқайға құлай берді. Осы тұста жол басшымыз да «тоқта» дегендей жүрістерін бәсеңдете бастады.

Жақан әңгімесін бірден жол жайлы бастап, Қарауылдан бері, Шыңғысты етегінен өрмелеп 20-22 шақырым жол жүріп, Шыңғыстың екінші жағына асқанымызды, өнді өтөкке дейін сай-саламен 50-60 шақырым жүретінімізді, жолдың бұрылатын жерлерін, соғатын ауылдарды, өзен, тауларды талдап айтып, қағаздағы сызылған жоба бойынша түсіндіріп берді.

Абай еліне тұңғыш сапарымыздың соңғы дөмін қарт Шыңғыстың, қасиетті Шыңғыстың «Ақбайтал биігінің» асуында тұрып ауыз тиіп, екпеттеп жатып маңдайымызды жеріне тигізіп, топырағын иіскеп, тағзым еттік.

Қабдыкөрім мен Жақанның ұлылар елінің ұрпағына сай биік адамгершіліктеріне шексіз рахметімізді айтып, құшақтап, беттерінен сүйіп, келесі көздөскенше күн жақсы болғай айтысып, бір Аллаға сыйынып тартып кеттік.

Биік құзды, терең шатқалды өкі жағын тал-қайың, терекпен көмкеріп тастаған тау жолымен бір сағаттан астам жүргенде көздөскені жалғыз қыстақ болды.

«Абай жолы» эпопеясынан өсте қалған оңтүстіктен солтүстікке қарай бірнеше жүз шақырымға жоталана созылған Шыңғыстың кей жердегі өні жүз, кей жерінде 40 шақырым болатын.

Біз Шыңғыстың екінші бетінің етегіне шыққан шақта күн

ұясына қонуға бет алған екен. Осы тұста жол бірнеше бағытқа тарап, бірнеше бағыттан жолдар келіп қосылды.

Менің елге қарай бағыт алған жолға мегзеушілік кесірінен 12-15 шақырымға кері кетіп, адасып, қайтып келдік.

Шыңғыстың қалың қойнауында сағаттан астам жүрген жол бойы, адасып жүрген аз уақытта, менің ойымнан сонау Ақшоқы, Бөрлі, Аралтөбе мен Тышқаннан бір жеті көшіп, Шыңғыстың Ақбайтал асуымен асып, Шұбартаумен шектес Ботақан ошағы, Бақанас, Байқошқар өзендерінің жайлауын жайлайтын Абай ауылының көш жолы осы болмады ма екен, асуымыздың аты «Ақбайтал» шығар, адасып барып қайтқан кең алқаптағы суы мол бұлақтар Абайдың «Кеңқоныс» жайлауы емес пе деген ойлар «шіркін-ай» деген қуанышты қиялға жетелей берді.

Үлкен жолмен біраз жүргеннен кейін алдымыздан ақ шағала қалашық кездесті. Ауыл шетіне бұрыла жүріп, сұрағанымызда, бұл — асыл тұқымды жылқы заводының орталығы болып шықты.

Осы жерде менің ойыма ұлы Мұханның «Бүркітші» әңгімесі сақ өте түсіп, «Керегетас» қайсысы болды екен деген көкірегіме сауал ұялап, машинаның әйнегінен жан-жағыма қарай бердім.

Мектепте V сынып (класс) оқушыларының «Бүркітші» әңгімесінен жаттайтын үзіндісінің «Екі аңшы көле жатқан бөктер, шымы тұтас беткей болатын» деген жолдарының аузымнан қалай шығып кеткенін де байқамай қалыппын.

Қазақша ымырт жабыла дейтін мезгілде Баршатас селосына да келіп жеттік. Баршатас — Сәмеі облысы Шұбартау ауданының орталығы. Шұбартау — жетпісінші, сексенінші жылдары комсомол-жастар шопандар бригадасын ұйымдастырудың тұңғышының бірі атанып, республикаға, әрісі Одаққа аты шыққан аудан. Бұл жұмыс әсіресе Шаймағанбет Мақашевтың аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде шарықтау шегіне жетіп, Одаққа өнеге мектебіне айналған болатын.

Біздің Ақтоғай ауданынан да Шұбартауда болып, комсомол-жастар шопандар бригадасының іс-үлгісімен таныспаған кеңшар басқарушылары кемде-кем. Бірақ, осы сапарға дейін мені Шұбартауға дәм тартпағаны һақ.

Ғалең «Айыртас» кеңшарында әуелде партия комитеті

хатшысы, соңынан кеңшар директоры болып қызмет жасаған жылдары көршілес Баршатастықтармен көп араласқан, жолдас-жора, таныстары баршылық екен. Уақыттың минеті санаулы болғандықтан, өзенге, көпірге таяу бір үйден нан, тұз, су ауыз тиіп, Баршата-Қайнар көтерме жолымен елді бетке алып аттанып кеттік.

Баршатастан «Жорға» кеңшары арқылы өтіп, 175 шақырымдық ара қашықты артқа тастап, түнгі сағат екілердің мөлшерінде ел шетіне, өзіміздің «Айыртас» кеңшарына жетіп қондық.

8 қыркүйек, дүйсенбі күні түске жақын өзіміздің «Шұбартау» кеңшарына көлдік. Сол кездегі кеңшар директоры Жақсыбектің Шүкірі, селолық әкімі Адамбектің Жұмағазысы қарсы алды. Азаматтарға рахмет, көңсе төңірегіндегі атқамінерлерді жинап, өңгімелесуге жедел мүмкіндік жасады.

Бабаң асы, өтетін уақытына дейін, мезгілінің таяп қалғанын айтып, асты ертең өткіз десен де дайынбыз деп құлшынып отырған азаматтарды көріп, көтеріңкі көңіліміз одан өрі көкке өрледі. Сөйтсек, ас өткізу жөніндегі аудандық комиссиядан туған ауылына бөлінген Сәдуақастың Махмұты келіп, үлкен шаруа ұйымдастырып кеткен екен.

Мұндағы жұмысқа басшылықты Шүкір мен Жұмағазыға және молла Шалқарбайдың Кәукербегіне тапсырдық.

Жолай «Абай» кеңшарына соққанымызда кеңшар директоры Әлмағанбеттің Байзағы, Жақыпбайдың Бекмұраты да ауылда болмай, жөн білетін ешкімге жолыға алмай, көңіліміз кішкентай да болса, жабырқау тартып қалды.

Біз жолдастығымызды, сыйластығымызды көлденең тартып, Байзақтың атына сәлем хат қалдырып кеткен едік, екі күннен кейін Байзақ сонша жерден, ауданы бөлек, ауылы бөлек, өрі беріден соң атасы да бөлек, бірақ азаматтық адамгершілігі жоғары, аталы ұрпақтығын танытып, Ақтоғайға өзі келді.

Бабаң асына да халқын бір кісідей ұйымдастырып, сүбелі үлесімен аруаққа сый-құрмет көрсеткен Абайлықтарға, басшылары Байзақ пен Бекмұратқа Қараменде би ұрпағы атынан рахмет айтып, аруақ жебеп-жөлей бөрсін дейміз.

Құрметті оқушы, біз Абай өліне, Шыңғыстау жеріне Қотана-Балқаш өңірінен, Ақтоғайға соқпастан, аудан

басшыларына хабарламастан кеткеніміз естеріңізде болар.

Ауданға ат-көлік аман-есен жеткен күннің өртеңінде, яғни 9-қыркүйектің өртесінде Сағадат Жапабайұлының кеңсесінде болып, жүрген сапарымыз жайлы айтып, Абай өліне барып қайтқанымызды айтып, хабарласа алмай кеткенімізге ғафу өтінгенімізде, Сағадат білікті басшы, ойлы азаматтығын танытып:

— Зеке, өздеріңіз ағайын іздеп, көшіп кеткелі жүрген жоқсыздар ма? — деп, өзілмен қалжақтап күліп алды да, кішкене ойланып отырып:

— Дұрыс болған екен. Ол жақтағы ағайын-туыс аман ба екен. Хафез Матайұлы ағамыздың елі ғой, ол ағайымыз аман ба екен? Жолықтыңыздар ма? — деп, алды да одан әрі бабамыздың тойын жақсылап бір өткізсек, келер жылы халық болып мазарын көтерсек. Бүгін, мінеки, бабамыздың жүрегінде кеткен асыл арманың, Шыңғыста қалған ұрпағына бағыштаған аманатын жеткізу құрметіне ке болып отырмыз. Бұның бәрі Бабамызға ұрпағы — біздер арқылы сыйлаған Алланың үлкен құрмет-шапағаты болар. Бабамызға не сый-құрмет жасасақ артық болмайды. Айналайын аруағыңнан, Бабам бізге риза болар, аруағы баршамызды жөбеп-келей берсін! — деп, ризашылық сезіммен сөзін аяқтады.

Бұдан соң аудандық Кеңестің төрағасы Мырзахан Омарханұлының кеңсесінде болып, жасы кіші, іні болса да қызметтестікпен «көмеге бір мінгөндер» ілесінде болғандығымызға сайып, Сағадат Жапабайұлының айтқан әңгімені түрі-түсін ауыстырмай, көлем-салмағын өзгертпей қайталағанымды мұқият тыңдаған ол:

— Бұл — үлкен құдіретті шаруа. Бір жаратушы күштің бар екенін мойындадық. Алла өзі мойындатты. Алла асықпайды, аруақ асықпайды деген осы. Жетпіс жыл өмір сүріп, «жер жүзіне әділет орнатам» деген коммунистік партияның бір-ақ күнде тас-талқаны шықты. Оның жанын жаһаннамға жіберген — бір Алланың өзі.

Аруақтар рухы ұрпағымен табысып, абырой, даңқы қайыра жаңғыруда. Соның куәсі — Қарекен бабамыздың алдағы асы.

Жақсы ісіміздің барлық бастаушысы да, Сіздерді Шыңғыстауға жетелеп жүрген де бір Алла, одан кейін аруақтың өзі. Істеріңізге Алла әбүйір берсін, сапарларыңыз кейінгі

ұрпаққа өнегелі іс болған екен, ағайындығымыз жалғаса берсін! — деп, аяқтады төраға сөзін.

Біз қасиетті ұлылар елінен, Шыңғыстау жерінен көткеннен кейін, көп кешікпей, Қытай Халық Республикасынан іс сапардан оралған Абай ауданының өкімі Орал Арғынбекұлы, аудандық Советтің төрағасы Байбота Орынбайұлы аудан өкімі Сағадат Жапабайұлына телефон соғып, «Қарамөнде бидің асына Шыңғыстаулықтар жан-жақты дайындықпен, асқа қазақша тарту-таралғыларымен, халыққа көрсетер сый-құрметтерімен халық болып жиналып, он-он бес үй тігіп, тойға қонақ болып қошемет көру үшін емес, Бабаң тойына Шыңғыстаулық ұрпақтары атынан қонақ жөнелтіп, қызмет жасап, ұрпақтық парыздарын өтеу үшін көп халық келетінін айтып, аруағын сыйлап, Бабамызға мазар салып, ас бергелі жатқан Ақтоғайлық азаматтарға, халыққа рахмет жолдап», аудан аралық тұңғыш байланыс жасайды.

Сағадат Жапабайұлы болса, кең толғана отырып, «келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, бабаңа берілетін астың республика, облыс көлеміндегі жоспарлы шаруа емес, аудан көлеміндегі, ағайын аралық, ынталы топтың бастамасы өкөнін және аудан орталығының мұнша көп қонақ қабылдап, орналастыруға мүмкіндігінің жоқ екенін айтып, екі басшы ортақ пікірмен келісімге келіп, тіл табысады.

Сөз орайы келгенде 200 жылдан астам уақыт бұрын қонысы ауып, іргесі бөлінген, жүрісі өзгеріп, қабырғасы сөгілген ағайындар жүрегінің алғашқы тоғысқан сөттері туралы онда жүргендерді бір-екі ауыз сөзбен өңгімелей кетейік.

Абай еліндегі, аруақтар жеріндегі ағайындардың Қарамөнде бабаларының асына келетіндіктері туралы хабар екі ауданның басшылары Орал Арғынбекұлы мен Сағадат Жапабайұлы екеуінің арасындағы телефон байланысынан кейін халық арасына, ағайын ортасына тез тарап, аруақ аттары жаңғырыққан, рухтар төбірөнген киелі жаңалық болып тарап жатты.

Біз алғаш барып, ағайын-туыстарды асқа шақыра, сауын айта барған сапарымыздың хабарын өстіген қасиетті қарияларымыз Әлімхан, Сейілбек, Аққожа, Аятай, Әрін, Мұхтарбек, Айтмағанбет, Бөгетай, Нұрғали ақсақалдар құдайға төуба деп, «ақсарбас» атап, Қарамөнде мен Кеңгірбай

бидің аруақтарына бағыштап жатты.

Түбі бірге туысын сағынған, ел бірлігін, ағайын-туыстығын, аңсаған, аруақ жанаған халықтың қадірмөнді қариялары аталы іске «ақсарбас» айтып, «аруақтап, құдайға төуба» деп жатқанда, ел ішінен де өз аузына өзі ие бола алмаған, бұл жұмысқа «алты аласы, бес бересілі» қатысы жоқ, өзінің жеті атасының атын атап бере алмайтын дүмшелер, даңғазалар Қараменде мен Кеңгірбайдың арасындағы заманында өткен көмеңгерлердің ұрпақ болашағы үшін терең толғанып, төбірене шөшкен даналық болжамдарына «талқылау» жасап, «төрелік» айтқысы келгендер де болмай қалған жоқ.

Шыңғыстау — Хан биігінде атақты Шыңғысханды киізге орап хан көтерген киелі өлке.

Шыңғыстау — қазақтың маңдайына Абайдай дара дананы, Шөкөрімдей ғұлама дарияны, Мұхтардай алып дарынды сыйлаған аруақты өлке.

Сіз, ие Қарқаралы өңірінен Абыралы арқылы келе жатыңыз. Не, Семей-Ертіс бойынан Архат, Орда асып келе жатыңыз — көкжиекті тұтас алып жатқан, ұзыннан-ұзын созылып, көсіле түсіп, заңғарлары жұлдызбен тілдескен Шыңғыстауға тап боласыз.

Расында, оңтүстік шығысында қарт Тарбағатай тауларынан тілдескен Шыңғыстау өкі жүз шақырымнан астам созылып, солтүстік батыс, Сарыарқаға жетеді. Ал, көлденеңі кей жерінде 40, кей тұсында 100 шақырымға жетіп, қазақ сахарасының ортасына көрегедей тартылған.

Осы ортадағы Қарауыл төбе деп атанатын өзіндік ауыз толтырып айтарлық тарихы бар, кішкене ғана қара плющ тақиядай әсем шоқы — Шыңғыстаудың көудесін ала орналасқан кіндігі сипатты.

Сол заманда Көрегедей Шыңғысты қия алмаған Биатаның Мұсабай, Көкше, Құлықтан тараған бес болыс Тобықтысының алғашқы кеңес үкіметі келгенде Шыңғыстау ауданы болып ұйымдасқандығы астанасы (орталығы) осы Қарауыл төбенің оңтүстік батыс беткейінде отау көтеріп келе-келе Абай ауданының орталығы, даналар өлкесінің, аруақтар өңірінің ақ ордасы, ұлылар мекенінің Меккесі атануда.

Әріректе Қараменде, Кеңгірбай, Көбей, Сана би бабалардың, Мамай, Тоқтамыс батырлардың Нысан абыз,

Құнанбай қажылардың аты аунап түгі, түйесі аунап жүгі қалған киелі қонысы, бүгінде Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты қазақтың үш алыбының алтын аймағы Абай ауданында 27 мыңнан астам халық 3 448 465 гектар жерұйығында мекендеп отырғаны әлемге аян.

Шыңғыстау өлкесі батырлық пен дарынның, өнер мен еңбектің алтын босағасы десе де болғандай. Абай атасының «Ғылым таппай мақтанба» деген өсиетінің айғағындай Шыңғыстау өңірінен 6 ғылым докторы, 85 ғылым кандидаты, 8 Жазушылар Одағының мүшесі, 6 Қазақстан Республикасының халық артисі, 4 республикаға өңбегі сіңген артистер шыққан. Аруақты өлден, киелі топырақтан Советтер Одағының үш батыры, он жеті Социалистік Еңбек Ері шығып, ұлылар өлінің ұлылығын, даналар жерінің даналығын көкке көтеріп тұр.

Шыңғыс өлінде аруақты бабалар мен аталарды құрметтеудің де, ардақтап тәу етудің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан имандылық мектебі өмір сүруде.

Соның айғағындай халықтың қамын ойпаған даңқты адамдарды Түркістандағы Ахмет Иассауи көсенесіне жерлеу сонау, өрте уақыттардан бері қалыптасыпты. Соның алғашқысы — Мамай батыр да, екіншісі — Әбілпейіз.

Екі аруақтың екеуінің де, алып жүруге қолайсыз болғандықтан, ішкі құрылыстарын алып, өлге, Мамайдікін — Орда тауының етегіне, Әбілпейіздікін — Қылышбек жайлауындағы тау үстіне жерлеген. Екеуіне де күмбез тұрғызған.

Жоғарыда әңгіме арасында айтып кеткеніміздей, 1993 жылы 26-28 тамыз күндері Абайлықтар Мамай батырдың 300 жылдық мерей тойын өткізіп, бұрынғы күмбезінің орнына Маңғыстаудың ақ мәрмәрінен алты бөлімді күмбез кетеріп, басына қызыл граниттен құлпытас қойған болатын.

Біз де, ақтоғайлықтар да үй тігіп, ас беріп, батырдың жаңа мазарына рухына арнап құлпытас қойып, ат жарысының аламан бөйгесінің бас жүлдесіне ат тіккен (сыйлаған) болатынбыз.

Сол жолы Тоқтамыс батырдың 270 жылдық мерей тойына қатысып, ақ мәрмәрдан бой көтерген зәулім күмбезіне құлпытас қойып, ас бергеніміз және де ат жарысының ала-

ман бәйгесіне батыр баба рухына арнап ат тіккеніміз оқырман қауым ойларыңызда болар.

«Бір салған бейітті түзетуге болмайды» деген көне қағиданы халқының дана ұлдарына деген сүйіспеншілікпен айырбастаған ұлылар ұрпағы Нысан бабаның бейітінің бұрын төрт рет қаланғанына қарамай, екі жүз жыл өткенде Ақтан бұлағындағы баба мейіті Медеу ауылының орталығына қайыра жерленіп, күмбез орнатылып, басына құлпытас қойылған.

«Алып — анадан» деген, Жидебайда қазақ халқына Абай, Шөкәрімдей даналарды сыйлаған Зере-Ұлжандардай ұлы аналардың мазары мрамор мен қызыл граниттен ерекше ернекте өріліп, аналық асқақ мейірім мен парасаттылықтың шуағын шашып тұр.

Ұлы Абайдың ең сүйікті шөкірті, әрі жан досы Көкбай ақын 1926 жылы атақты Күшікбай бұлағында қайтыс болғанда, туған жері Мұқыр өзенінің бойына Көкбай көлінің жағасындағы өзі салдырған мешіті мен медресесінің іргесіне жерленіп, «Түйемойнақ» тұрғызылған. Абайлықтар 1994 жылы ақынның басына Маңғыстаудың ақ мәрмәрінен күмбез салып, құлпытас қойды. Медресесін қалпына келтірді. Ақынға ас беріп, 130 жылдық мерей тойды тойлаған болатын.

Құрметті оқушы, мына бір оқиға елең етіп сүйсіндірерлік, елдікке, ұрпаққа өзгеше ой саларлық тағылымы төрең оқиға, өнеге-әсиет.

Абай ұрпақтары жаппай қуғынға ұшырап, Шыңғыстаудағы 500 үйден астам Ырғызбай ұрпағынан бір ғана Болтақай Тойғанбайұлы ақсақалдың үйі қалған шақта, Абайдың Мағауиясының Жағыпары, оның шешесі Дөмегөй, қарындасы Кәмила Ертіс жағалы Ново-Шульба ауданы Уба-Форфост селосында тұрып қайтыс болып, сонда жерленген. Кейінде Абай ауданының бірінші патшысы Хафез Матайұлы мен М. Әуезов кеңшарының директоры Орал Арғынбекұлы екеуі ана сүтімен адамдықтың асыл қасиетіне негіздегендіктерін танытып, Дөмегөй, Кәмила (Мұхтардың әйелі), Жағыпарлардың денесін алдырып, аталары Құнанбайдың үлкен Ақшоқыдағы зиратының жаңына жерлетіп, көк тас қойып, бейіт салдырған.

Бұл — Абай аталарының аруағын сыйлап, ұрпағын ардақтаған абайлықтарға тән асыл қасиет десек, ештеңені

де артық айтқандық бола қоймаса керек.

Атақты Бөрлі тауымен қанаттас Аралтөбедегі Абай қыстауының жанында бұрынғы төрт құлақты бейіттерде Ділде мен Әйгерім жерленген екен. Ұлы Абайларының 150 жылдық дүниежүзілік дүбірлі тойы қарсаңында ұрпақтары екеуіне екі бөлек ақ мәрмәрдан кесене сыйлатып, ескерткіш қойылыпты.

Аралтөбедегі Шыңғысқа қарай Тышқанның биік қатпарлары — Абайдың тұла бойы тұңғышы Ақылбайдың қыстауы. Қыстау алдындағы Ақылбайдың бұрынғы саман бейітінің орнына, Абай тойы қарсаңында Маңғыстаудың ақ мәрмөрінен мазар тұрғызылып, ескерткіш қойылған.

Шыңғыстың елі мен жерінің ақпа құйылысында тұрған Бөрлі мен Тума көлі «Шыңғыстың данасы», қазақтың Мұхтарының кіндік кесіп, кірін жуған атамекені. Осы қасиетті ата қоныста төрт құлақты балшық бейітте ұлы адамның Дінәсіл әкесі, әкесі Омархан, ағасы Қасымбек, оның көліншегі Ғадия, шешесі Нұржамал жерленген болатын. Дананың 100 жылдық мерей тойы қарсаңында осы бейіттің орнына Шыңғыстаулықтар атақты ақ мәрмәрдан күнмен таласқан күмбөз көтеріп, құлпытас қойды.

Бөрлі тауы мен Ақшоқының арасындағы кең жазықты «Ералы жазығы» немесе «қорығы» деп атайды. Ералы болса, Кеңгірбай бидің (Би ата) бөйбішөден туған үлкені, Шыңғыс өлі, ұрпағы аруақты әулие санайтын Ералы — осы кісі. Ералыдан — атақты Бөжөй.

Ералы бабамыздың бейіті өз атындағы жазықтың Орда жақ шетінде, Еңлік-Кебек басынан 4-5 шақырымдай ғана жерде тұр. Бабаның ұрпақтары М.Әуезов атындағы шаруашылықты жиырмаға тарта жыл басқарып келе жатқан Амантай Мұхатаевтың тікелей қамқорлығымен ерекше сәулетті мазар тұрғызып, (1998 жылы) ас берілді.

Ералы бабамызға біз де Қараменде би өкесінің атынан құлпытас қойып, құран-хатым түсірдік.

Даңқты Жидебай қорығындағы Шидің бойында, Абай, Шәкәрім мазарларынан 5-6 шақырым жерде дөңнің басында атақты би, өл басы Кеңгірбай бабаның зираты бар. 1825 жылы Би ата дүниеден озады. Бір жыл өткеннен кейін Құнанбай қажы бата алған өкесінің басына биіктігі 7 метр

күмбөз орнатады.

Арада 153 жыл өткөннөн кейін, 1978 жылы ұрпақтары Би атаның мазарын ақ (силикат) кірпішпен қаптаған. 1996 жылы бабаның 260 жылдық мерей тойы қарсаңында шошақ бейітті ішіне қалдырып, Маңғыстаудың ақ мермерінен мавзолей тұрғызды.

Ұлы бидің бауыры үлкен бидің 260 жылдық мерей тойы Ұлы Абайдың 150 жылдық ұлы тойынан күніне күні ауыспай, тура бір жыл өткенде, тамыздың 7-11 аралығында өтетіні туралы шақыру қағазын алғаннан соң, ағайындар атынан Мұқанның Тұңғышбайы, Сәкеннің Мырзағалысы, Туғанбайдың Амангелдісі, Зияданың Байызы бесеуіміз (Байыздың «УАЗ»-ымен) сағынышпен Шыңғыстауды бетке алып, Аллаға сыйынып, жолға шықтық. Мерейтойға қатысқан ағайындар атынан мен сөз сөйлөп, Би атаның жаңа мазарына Қараменде би ағасы атынан құлпытас қойып, Көкі анамыз өкеуіне өкі құран (нефіл садақа) бердік.

Тойды және Би атаның мазарының тұсаукесерін кіріспе сөзбен бастаған «Абайдан соң» атты жаңалықтың көшбасшысы Көмен Оразалин ағамызға шапан жаптым.

— Қадірлі ағайың, қазақ жері — даналар мен батырларға арналған ақпөйіл ана құшағы сияқты. Олай дейтінім, ұланғайыр қазақ даласын, оның қазақ деген халқын тек даналар басқарып, батырлар қорғаған.

Сол айтулы батырдың бірі — Жалаңтөс Құлықұлы баһадүр. Ақтоғай еңірін Тоқырауын бойын мекендеген халықтың басым көпшілігі осы Бабаның ұрпағы.

Таяуда, келесі жұмада Ақтоғай елі осы Бабаның 300 жылдығын атап өтіп, ас береді.

Сол тойды басқарып жүрген Баба ұрпағы Мейірхан, Орал атты азаматтар Сіздерге үш қайтара дұғай сәлем айттып, тойға шақырып, Би атаға, Көкі анамызға арнап 2 құран қақысын жолдап өді. Аманат сол құран қақысын тапсыруға рұқсат етіңіздер — деген өдім.

Абай тойынан кейінгі аз уақыттың ішінде Шыңғыстаулықтар өз күштерімен Жидебайдағы Абай ауылынан Шидегі Би ата ауылының арасындағы 6 шақырымдық жолды таспен көтеріп асфальттап, мазар жанына 8 бөлмелі үй салып, Бидің өз ұрпағынан шырақшы қойған. Үйдің бір басында

келіп-кетушілерге, түнеушілерге арнап мейманхана ашқан).

Аудан орталығынан әсем ғимаратта атаның мұражайы ашылып, баба ұлылығын ұрпақ қолына ұстатқандай. Мұражайдың ашылуының тұсаукесер салтанатында Рымқан ағамыз екеуіміз лента қию құрметіне ие болдық.

Ақжардың ағысындағы дала сахнасында күмбірлеген күй мен әсем әуеннің арты жергілікті ақын Жанғалидың Төлегенінің «Ұлы би және үлкен би» атты суреттемесіне ұласып, соңында Шағатайқызы Бақыттың орындауындағы «Бабаларым болмаса» атты әні жүрегімізді елжіретіп, көзімізге жас келтіргенімен, тоғысқан бабалар аруағының рухы мақтанға бөлеп, асқақтатып жібергені және бар.

Аруақ сыйлап, баба құрметтеген даналар ұрпағының ұлылыққа бергісіз тағы бір елдігінің, бірлігінің куәсі болып, кеудемізге «Кеңгірбай Би – 260» Баба бейнесін тағып, аруағына сыйынып, көңіліміз де, кеудеміз де күндей жарқырап елге аттандық.

Қазақтың халық ақыны, фольклоршы, композиторы, қарт шежіреші, 1991 жылы Қазақстанның тұңғыш Президентін таққа отырғызу салтанат-рәсімінде Н.Ә.Назарбаевқа бата берген Шәкір Әбенев — Абай шәкіртінің сүт кенжесі десе де болады.

Шәкір атамыз 1992 жылы Қараменде Би бабасына ас бергенде Шыңғыстаудағы бес болыс Тобықтының игі жақсыларын бастап келіп, бабасына ас беріп, құлпытас қойып, өз аузынан құран-хатым түсірген болатын. (Бұл туралы кейінірек тоқталамыз).

Ұлылар ұрпағының соңғы дараларының бірі — Шәкір ата 1994 жылы қазан айында дүние салғанда біз хабарсыз қалдық.

Келесі, 1995 жылы маусым айында Сағадат Жапабайұлы бастаған Жарылғалтың Махмұты, Нөкештің Оразы, Әлиев Мырзанның Зекені, Баймұқанның Көрібегі, Жанат жетеуіміз Шәкең атамыздың орнына барып, қазақша бата жасап, дұға оқып қайттық.

Қасиетті атамыздың зираты өзі туып өскен Құндызды өзенінің жағасында, «Құндызды» кеңшарының орталығындағы көп зираттың оңтүстік шетінде, жеке дөңінің үстінде Жайық бойының ақ мәрмөрінен ерекше бейнемен салынған.

Сіздермен біз сәл шегініс жасап, аруақтарын аялап, Абайын асқақтатып, Шәкәрімін әуелетіп, Мұхтарын

өлпештеген Шыңғыстаудың жері мен елінің көлбетіне қысқа да болса ой жүгірттік.

Оқырманға енді сол қасиетті өлкеден Қараменде би Шахаұлының 1992. жылы 25-26 қыркүйекте өткен 285 жылдық мерейтойына келген құрметті қонақтарды таныстыра көтейік.

Әбенұлы Шөкір — 92 жаста, атақты халық ақыны, Қазақстанның тұңғыш Президентіне бата берген көнекөз шежіре, қазақ халқының дана білгірі. Тобықты, Мұсабай, Сүйірбас, Сары, Мәмбетсопы Боранай, Жұмағұл, Мамайдан Үшкүлдір... Бітімбайдан — Әбен.

Орынбаев Байбота Төлеуғалиұлы — Абай аудандық Кеңесінің төрағасы. Тобықты. Абай өлінің ақиық азаматы.

Ғабдуллин Рымқан — Тобықты, Әнет баба ұрпағы. Елінің аласапыран ақтаңдақтан шеккен азабы ерте есейтіп, атқа ерте мінгізген, халқының панасы, ақылшы данасы. Бабалар тарихының білгір дариясы.

Исабаев Бекмағанбет — Тобықты. Бөрлідегі Мұхтар Әуезов мұражайының директоры. Абайтанушы, шежіреші.

Сармурзин Мәделбек — Көңгірбай, Ералы, Қарақан, Шаянбай, Абай өлінің алғыр, ер мінезді, намысты қолдан бермейтін батыр мінезді азаматы.

Дерібаев Жақсыгелді — Тобықты. Абай ауданының орталығы Қарауыл селосының Кеңес төрағасы. Жаны жайсаң, жаратылысы тек жақсылық үшін ғана туғандай өл азаматы.

Шағатаева Бақыт — Тобықты. Ырғызбай ұрпағы. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері. Абай аудандық мәдениет бөлімінің бастығы. Атақты өнші.

Сағынбаева Баян — өнші, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты.

Сәкенова Роза — өнші, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері.

Көзбаева Тамара — өнші, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері.

Әбенова Сана Шөкірқызы — халық ақыны, қазақтың қасиетті ардагері Шөкір әкеміздің қызы, мұғалім.

Ғылымбаев Мәнсүр — Құндызды селолық Кеңесінің төрағасы, шежірелі өлкөнің, ұлылар мекенінің еңселі, ер азаматтарының бірі, ойы терең, көкірегі толы даналар ғибраты.

Кемербаев Амантай — Тоқтамыс батыр атындағы

кеңшардың жұмысшылар комитетінің төрағасы. Шыңғыстың дархан табиғаты сыйлаған өнер өлкесінде өзіндік орны бар, талаптың тұлпарына иемденген ұлыпар топырағының перзенті.

Қасымов Ғаппас — Абай аудандық мәдениет үйінің директоры. Өнер өлкесінде Абай ұрпағының даңқын өлемге паш етуде өзіндік үлесі бар азамат.

Түңлікбаев Марат — Абай аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы. Абай өлінің қадірменді ақсақалы.

Әкішев Әлібек — Абай ауданындағы №19 кәсіптік-техникалық училищесінің директоры, ел басқаруда білікті азамат.

Екібаев Жақсыбек — Абай ауданы өкімінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, кішіпейіл, парасатты, өмір танымы мол азамат.

Құрметті қонақтардың жетекшілер тобының құрамының қысқаша аты-жөнімен сіздерді таныс еттік. Реті келген жерде, жол-жөнөкей, әңгіме барысында бөрімен болмаса да, ретісімен қайыра кездесіп, толығырақ танысуларыңызға мүмкіндік туары күмәнсіз.

Осы басқару алқасы тобының құрамынан асып түсетін Бабасының тойына қызмет көрсететін қонақ күтушілер легінің құрамын ұзыннан-ұзақ тізіп, жеке мінездеме беріп жатудан шегініс жасалады. Өйткені, Шыңғыстау сияқты киелі жердің, Абай, Шөкәрім, Мұхтар сияқты аруақты рудың аманатын арқалап келген ел арысының бірінән-бірін жеке бөліп қарауға болмайтын «Халық» деген сом алтындай әр қасиеттің тұлғалары еді.

1992 жылдың қыркүйек айының 22 жұлдызы, Күн мен Түн теңелетін әлемдік айшықты күні Абай ауданы өкімі Орал Арғынбекұлының жедел хаты Бабаның 285 жылдық мерейтойының басталу салтанатындай жүрек жарар қуанышқа бөледі.

1992 — Мешін жылы — қазақ халқының еркіндікке қолы жетіп, егемендік алуының екінші жылы бөрөкелі де мерекелі халық көңіліне қуаныш, келешегіне үміт сыйлаған жыл болды.

Сол жылғы табиғат рақымында айтарлықтай айрықша пейілді еді. Көп жылдарғы қуаңшылықты қатал ауа райы күрт өзгеріп, өлге жеткен егемендікке Күн-Ана арайымен алқа тағып, Алланың нұрымен шашу шашқандай еді. Қуаң тартқан

Жер-Ананы бірде шөлектеп төккен нәсерімен, бірде себелей жауған ақ моншағымен негіздеткен қалың жаңбырлы жаз сонысымен ешбір өзгеріссіз күзге ауысқан еді. Тобықты, Дадан Шахаұлы Қарамөнде бидің 285 жылдық мерейтойында табиғаттың да дәл осындай ағыл-тегіл пейіл берекесіне дәп келетін қоңыр күздің, қыркүйек айының 25-26 жұлдызына петуаланғаны оқырманымызға атап айтпасақ та аян екеніне еш күмәніміз жоқ. Абай дана айтқандай:

Сұрт бұлт түсі суық қаптайды аспан, *

Күз болса дымқыл тұман жерді басқан... — деп күн артынан күн өтіп, тойға таянған сайын сұр бұлт аспан әлеміне өзі ғана билігін жүргізгендей қабат-қабат өркештеніп, күн нұрынан күдер үздіргендей, ақ моншағын дамылдамастан себелеуін үдетіп түскен еді.

Табиғат ана асыраушымыздың осы бір кең пейілі, мол рахымы кімді де болса ойлауға душар еткені сөзсіз. Әсіресе, той басқарушы қазылар алқасына күдік пен үмітті қатар ұсынғаны есімізден ешбір ұмыт болмас. Күдігіміз — ауа райы осы алған бетінен қайтпай қыс қаһарына ұрынып кетпесе, халықты тоңдырып алмасақ, алыс-жақыннан келген жеміғат бабаларының басында емін-еркін арзаққа төу етіп қасиетті топырағына аунап ардақ тұта ала ма?.

Біздің бұлай күдікке берілуіміздің басты себебі: бұрынғы аруақтарға арналған ас, тойлар елді мекенде, аудан орталығында, қалаларда мемлекеттік (үкімет) басшылықпен ұйымдастырылатын.

Бабаң тойы бұл өңірде, алғаш аруақтың өзі мәңгілікке тыныстаған «жұмағы» — «Бабаң айырығы» атанған қасиетті Ақжарықтың көкжайдағында, ең далада, табиғат ананың кең құшағында өткізу жоспарланған.

Той өткізу жауапкершілігі халық сайлаған «Ынтылы то» атанатын қазылар алқасының билігінде екені де аудандағы алғаш жаңалық. Қазылар алқасының той өткізудің орнын таңдап алудағы батылдыққа баруы, енді күдіктенуі де тегіндіктен туған тұжырым емес еді — шежірелі Шыңғыстау мен қасиетті Ақтоғай өлінің екі басшысының жоғарыда аталған хатындағы сүйіншілі хабардың алтындай түйіні.

Семей жеріндегі, Шыңғыстау өліндегі бес болыс Тобықтының атынан араға екі жүзге тарта жыл салып Баба

(Қарамөнде би) іздеген, бауыр-ағайын іздеген ұлы көш (көшбасшылар ел аталары, Шәкәр сияқты ел даналары туралы жоғарырақта таныс болатынсыздар) 24 қыркүйекте Бабаң басына (Ақжарыққа) ат басын тіреп, Мұсабай, Көкше, Құлықтың ақ ордасын тігіп, Қарамөнде би бабаларына халқының, Кеңгірбай бауырының ыстық сәлемін жеткізбекші.

Үмітіміз: алда қатарынан дара шығып, дана туған, өрісі үш жүзге аты мөшһүр, Абылай сияқты қазақтың алтын діңгек тірегінің ақылшы, кеңесшісі болған,

«Басы өді Тобықтының Қарамөнде,

Сіре, сендей жан тумас, дара пенде.

Асыл сөзден тең бұған мың тоғанақ,

Орта жүздің құты өдің қара көмбе» — деп Қожаназарұлы Жидебай батыр толғағандай, Тобықтының (көсемі) басы, орта жүздің құты, қазақтың қара көмбесі (асыл сөздің бұлбұлы, өділдіктің дүлдүлі) асыл бабамыздың 285 жылдық мерей тойы.

Араға күн салып, құдай қаласа екі ғасырға тарта уақыт іргесі бөлінген Рыспетектің Мұсабай, Көкше, Құлығының (5 болыс) ұрпағы Рыспетектің Даданның (Өмірдің) (2 болыс) ұрпағымен төске-төс, жүрекке-жүрек түйісіл құшақтары өнді жазылмастай мәңгілікке айқасары сөзсіз.

Көмеңгер халқымызда «шын жыласа соқыр көзден де жас шығады», «Алладан тілеген ақ тілек мұратқа жеткізеді» деген қарапайым қысқа да нұсқа иірімдер де тегін айтылмаса керек. Халық болып Алладан тілеген ақ тілеу қабыл болып, қыркүйектің 22-ші жұлдызынан бастап ауа райы күрт өзгеріп, бұлт сөйліп, аспан өлемінде күн нұры билік алып, жер-анаға қызуы мол, шұғылалы шуағын теге бастады.

Бұл жақсылық «көп тілеуі — көл», Алла жарылқаған халықтың ақ ниет, ақ тілеуі дәй тұрсақ та, Алланың сүйген құлдары Бабалардың, даналардың, батырлардың, бектердің маңдайына жазған абырой бақыты осындай ерекшеліктермен, таңғажайып дарындармен айшықтанатыны баршаға аян.

Ендеше, Бабамыз — Алласы сыйлаған асыл қасиеттің алтындай жарқыраған сом тұлғасы — деп танығаң, өрісі ісі қазақ халқының данышпан дарасы.

Дәл осындай данышпан дарасын бір Алла да жақсылығымен жарылқап, рақымымен разы ететіні Жарылқаушының бір өзіне аян.

Ендеше, Бабасына деген халқының ағыл-тегіл ықылас-ыждахаты, ақ тілеу-арманы бір Алланың сүйген құлына деген шапағаты деп білуіміз — ерқайсымыздың адамдық-имандылық борышымыз.

Тағатсыздана күткен қыркүйек айының соңғы он күндігінің алғашқы жұлдызының арайлы таңдары қат-қабат қарбаластықпен қатар, күдіктен қуанышы басым абыройлы сәттерді ала келді. Қыркүйектің жиырма үшінші жұлдызы күні түске жақын алғашқы жыл құсындай болып, «Қоңырат» кеңшарының Көрпетай-Нұртай ауылынан «Үлкен үй» деп халқы қадірлеп көткен бабамның қарашаңырағы ас өтетін Бабам айырығына «Көкжайдақ» атанатын киелі қонысының төрінен, дәл ортадан бой көтерді. Я, Аруақ!

Ұзақ ғұмырына сәрік болып, небір айшықты сәттерді сыйлаған Бабаңның қасиетті қарашаңырағының алтын босағасының киелі маңдайшасы 60 жыл өткеннен кейін Бидің мазарына жеткізіліп, шырақ жағылып, қабірінің басына қойылды.

Той бастауы атанған 23 қыркүйектің үлкен бесіні мен кіші бесіні аралығында Қаражал-Маутан, Нұра-Кежек жерінен, «Ақши» атты кеңшар өлінен Баба ұрпағы, Нақыпбек молланың қызы Күлиза, молланың нөмерелері Тілвүлес, Сәниялардың (ел басшылары Тұрғанбектің Аманы мен Солтанбектің Мейрамының басшылығымен тойға арнаған алты қанат ақшаңқан үйлері Көкжайдақтан Бабаң үйіне таяу келіп бой көтерді. Осы күні кешке қарай аудан орталығынан Төкіштің Жансарбайының Күлшікен апайдың бастауымен Нескөн, Рыскүл иелігінде) алты қанат ақбоз үйі, Дадан қожа ұрпағы Омардың Сәтбегінің (Мақан шешеміздің төбе билік етуімен, Көукердің бастауымен, Мәриям, Надя, Нұрғайшалардың қоштауымен) ақ ордасы той өтетін қонысқа Бабаң үйімен қанаттаса орын тепті.

Дәл осы күннің кешінен бастау алып, аруақ зираты басында, киелі маңдайша қасында алаулаған шырақтар сәулесі таң аппақ атқанша бір сәтке толастамастан алыс-алысқа нұрын шашып, Ақжарық өңірін алтын сәулеге орап, аудан орталығы, Қуаныш ауылына қол бұлғап, тойға шақырып тұрғандай еді.

Сол түнгі тошала аталатын ас үйдің төңірегінде сойылған

қойды ешкім де есепке алған жоқ. Тек, әр жер ошақтың той қазанында буы бұрқыраған ас төңірегінде әлекейдей жалаңған даяшы жастардың легінен біреуді біреу айырып болмайды. Бұның барлығы — дінімізді, ділімізді жоғалтқан көшегі тар заманда Бабасының басына жете алмай, зиратына жөтіп топырағын сипай алмай, аруақтың атын атап рухына табына алмай іш қыстада күн көшіп келе жатқан аруақтың ортақ перзенттері еді.

Мешін жылының (1992 ж.) 24 қыркүйектегі күнін аруақтарын асқақтатып, арыстарын ардақтаған Ақтоғайлықтар үшін ұрпақтан-ұрпаққа мәңгілікке өсте қалатын даңқты күн деуге болады.

Бүгін, дәл 24 қыркүйек күні Ұлы Абай өлінің, Шыңғыстау жерінің Баба Іздеген, ағайын аңсаған ұлы көші Қотана-Балқаш, Ақтоғай өліне, Тоқырауын жеріне 200 жылдан астам уақыттан кейін тұңғыш рет қадам басады.

Тобықты сияқты үлкен рудың Рыспөтегінен тарайтын бір өке, бір шешеден туатын Мұсабай, Көкше, Құлық. Даданнан тарайтын төрт атаның ұрпағы қасиетті Тоқырауын жерінде, аруақты Әлтеке-Сарым өлінде құшаққа құшақ айқастырады.

Той өткізудің Қазылар (комиссия) алқасындағы азаматтар шетінен көшегі қатал дәуір атанған Советтік заманда өл басқаруда, халқына қиянатсыз қызмет жасауда ысылған, терең өмір тәжірибесінен өткен, ақыл-парасаттарына білімдері сай, халық құрметтілері.

Бір сөзбен айтқанда, «Ынталы топ», Ақтоғай халқы той өткізуге, қонақ күтуге төубасы ішінде, сақадай сай еді.

Семей өңірі, Абай ауданы, Шыңғыстау жерінен көп тобықты елінен шыққан қасиетті көшті, құрметті қонақтарды, ардақты бауырларды қарсы алуға «Абай», «Шұбартау», «Айыртас» кеңшарлары бойына Қияқбайдың Бердіғалиы, Жарылғаптың Махмұты, Ноғайдың Амантайы (аудан әкімінің бірінші орынбасары) бастаған 7-8 жігіт өкі жеңіл машинамен 23 қыркүйекте түс ауа аттанып кеткен болатын.

Ондағы басты мақсат - құрметті ағайындарды Әлмағанбеттің Байзағы басқаратын «Абай» кеңшарында арнайы үй тігіп, ардақтап қарсы алу. Жігіттердің терең толғамынан туындаған қонақтарға арнаған қошемет-құрмет, шүкіршілік деп айтқанда, көңілдегі орнына ие болды.

Құрметті оқушы! Қарамеңде би бабаларыңыздың құдай артық жаратқан данышпандығына арнаған халқының ұлан-асыр сый-құрметке толы екі күндік тойын бастан-аяқ естелік бетіне түсіруге қабілет жетпейтіндігін мойындап, кешірім сұраймын?!

Екіншіден, Ақтоғай сияқты тарихи әлкеде ас беріп, той жасаған дана билер, дара батырлар, ардақ тұтар арыстар, өнер дүлдүлдері туралы белгілі қаламгерлердің деректі туындылары өр кезең тұсында жарық көріп жатқаны баршамызға аян. Ендеше дана халқымыздың «Дарияның жиегінен құдық қазба» деген өрнекті өсиетіне біз де бас идік.

24 қыркүйектің мамыра жай нұрын төккен шуақты күнінде Бабаң басына, құт қонған, аруақты да қасиеттілеріне (Сәдір қожа, Қарамеңде би) Мекке мен Мединесі, Түркістаны іспеттес киелі өлке атаңған Ақжарыққа Семей облысы Шыңғыстау өлкесінен, Солтүстік Балқаш жағалауы, осыдан екі ғасыр бұрын жайлы қоныс іздеген Сана би мен Қарамеңде бидің кешінің түйесі тұңғыш шөккен құтты мекені Дересін бойы, Балқаш, Қоңырат қалаларынан, Тоқырауын бойы Нарманбет ауылынан, Айыртас, Шұбартау, Қусақ өңірінен («Абай», «Шұбартау», «Абай» кеңшарлары), Ақсораң, Бегазы, Қаратал («Қызыларай», Бөкейхантегі кеңшарлары) қойнауларынан, Арқарлы, Желтау, Кенелі-Майтас алқабынан (Сарытерек ауылы), Ақжал, Ақшатау көніштерінен, Түлкілі, Қаратал, Жәмші («Жәмші» кеңшары) алқабынан, Нұра бойы, Шет ауданы Шерубай-Нұра, Шабанбай би мен Жидебай батыр жатқан киелі атыраудан («Кеншоқы», «Ақши» кеңшарлары), Ақсу-Аюлы қонысы, Қарағанды, Қарқаралы қалаларынан, Көрпетау-Нұртай, Отарадыр-Қызылтас, Жалаңаш-Жайдақ салаларынан (Жидебай ауылы) ұзақты күнге ағылған көш берекелі жазда халқына құт-нәсіп сыйлаған Аспан әлемінің өркеш-өркеш көшпелі бұлт-тауларындай әсер қалдырды десек, өштеңені артық айтпай, қайта атадан қалған қасиетті салттың қайталанбас көрінісін өз мәнінде жеткізе алмағанымызды кешірерсіз?!

Кешке қарай Тоқырауынның боз талымен көмкерілген, долана-қарақатымен әрленген, тобылғы-қараған, ұшқатымен сән берген Көкжайдақтың көкорай шалғынды кең қолтығына тігілген елуге тарта ақ шаңқан үйлерді, тал ішінен шығып,

сәл алыстау барып, қыр басынан қарасаңыз көз алдыңызға жасыл-желөкке оранған кіші-гірім ақ шатырлы қала бейнесі оттай басылады.

Күн ұясына қснып, әлемді түн қараңғылығы құшағына ала бастаған, қазақша «өл орнына отыратын» мезгіл деп аталған шақта, сағатпен есептегенде көшкі жеті мен сөгіздің аралығында тағатсыздықпен асыға күткен қуанышты сәтімізге де жеттік. Дәл осы сағатта Бабаң мазарына батыс жағынан «Тасөткел» арқылы келетін үлкен жол бойында жобамен жарты шақырымдай жердегі құба жонның үстінде қаз-қатар тізілген машиналардың жарығы Ақжарық, Қызылсөңгір, Қаражұмақ, Шатырша аспанын Алматының ақ түніндей, аруақ шалған ақ нұрға бөлеп тұрды.

Сол ақ нұрдың киелі сәулесінің арасында мазарға дейінгі жарты шақырым жазықта біріне-бірі қарсы ағылған халықта толас жоқ. Ағайындар ләгі бір-біріне таяп, құшақтасуға қол созым қалған сәтте, қасиетті өлдің қадірлі қонағының алдыңғы ләгінен, түнгі тұнық ауаны күңіреніте, «аруақ, аруақ!» деп шыққан жалынды үн бәрімізді ерекше жүрек дүрсілімен елең еткізді. Екі жақта дыбыссыз, үнсіз қозғалыссыз қалысты.

Осы сәтте, қарсымыздағы алыстан келген ағайындар жерге тізерлеп отыра қалып, маңдайларын Жер-анаға тигізіп, уыстап алған топырақтарын иіскеп, өріндеріне тигізіп, Аллаға, аруаққа жалбарынып бола берген кезде, бағанағы өмірлі өсем қоңыр дауыс:

— Құдай ерекше ұлылыққа ие қылған Ақтоғайлықтар!

Рұқсат болса, біз бірінші ыстық жүрек әмірін, Шыңғыстаудағы бабалар өлінің, даналар өлінің дұғай сәлемің сағыныш ләбізін салған 30 мыңға тарта Абай ауылы халқының жүрек сандығын, ұлы бабасына жолдаған құлпытасын үш жүздің Қараменде биіне жеткізсек, ұлының қабірін құшақтап, рухынан ұзақ жылдар сағындырып, кеш көлгеніміз үшін көшірім сұрап, жалбарынып, жалынсақ. Ұлы данамыз бірлікке қайыра туысқанымыз — деп, сөзін аяқтай бергенде біздің Әлімхан, Сейілбек моллалар бастаған жан-жақтан жиналған ақсақалдар алқасы, барша жиналғандар ілесіп:

— А, құдай! Ақсарбас, ақсарбас! Рұқсат, рұқсат, бауырлар! Иә, аруақ, Жаратаушы Жалғыз Хақ, ұзағынан сүйіндір, ұзағынан сүйіндір! — деп, ең даланы күңіренітіп

жіберді.

Бұдан әрі екі жақ та іштей жүректерімен табысып, жүздерінде қуаныштың шаттық нұры ойнап, түбі бірге туғандық ортақ сезіммен «тәуба, тәуба» деген еншілес лебізбен имене жылжып, Бабаларына да жетті:

— Ассалаумағалейкум, Жан Баба!

— Армысың, данышпан дана, қамқор Баба!

— Кеш бізді, еулие өткен Ардағым, халқына қамқор болған Саңлағым, кеш!

— Жан бабам Қарекөң, артыңда қалған ата-жұртыңның Көбей, Кеңгірбай бастаған кешегі билердің бүгінгі ұрпағының өзіне көшірім сұрай жолдаған жүрек жарды ыстық сәлемдерін қабыл ала гөр!

— Абай, Шөкәрім, Мұхтар сияқты дана ұрпақтарыңды дүниеге әкелген даналар өлінің, қасиетті бабалар елінің, Шыңғыстау жерінің еңбектеген баласынан бастап, өмір төріне жеткен ақсақалдары данасының жолдаған сағынышты сәлемдерін, өзіңнен бата тілеген тілегін қабыл ал!

Ұлыға жалбарыну, жалыну, сағынышты жүрек шөрлерін тарқату тағылымы сағатқа тарта уақытқа созылып, жалғасы Шыңғыстаулықтардың Бабасына жолдаған жүрек хаты — құлпытасты қасиет жайлаған ұлының зиратына қоюмен ұласты.

«Замана жаңаырып, жақсылар рухы мәңгі ұйқыдан оянып, өмірімізге тәлім болаан, санамызды өрбітіп, сабырымызды таватсыздандыраан шаққа да, ұлы Қараменде бабамыздың аруавына да бас иеміз».

Абай еліндегі ұрпақтарынан.

Семей облысы.

22.09.1992 ж.

Ағайынмен айқасқан құшақ, ағынан жарылған жүрек, сағыныш сазынан жасқа малынған қарашықтар рәсімі толастамастан түннің біраз уақытын меңзеп тастағанына баршамыз да куәгер болғанбызтұғын.

Келесі күні, 25 қыркүйек, жұма — мұсылман қауымның тазару мерекесінің ертесіне асқа жиналған дүйім халықтың қатысуымен тоқсаныншы жылдың басында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Назарбайдың Әбішінің Нұрсұлтанына (баласына) бата берген 92 жасар Қазақстанның

халық ақыны, баба ұрпағы Әбеннің Шәкірі Дадан Шахаұлы Қараменде би бабасына арнап құран-хатым түсірді. Соңынан Мұсабай, Көкше, Құлық, Әнет баба, Көңгірбай би, Мамай, Тоқтамыс, Көбей би, Нысан абыз — өулие-батырлардың атын атап 9 құран үлестірді.

Көкжайдақ қонысының той шаһарының дәл ортасына орналасқан алты қанат Бабаңның ақ ордасының оң қанатын ала Абай елінің айрықша сән-салтанатымен, жол-жоралғысымен Би атаның (Шыңғыстау елі Көңгірбай биді ерекше құрметпен «Би ата» деп атап көткен) 8 қанат ақ ордасы бой көтерді. Бұл жерде Абай ауылының киіз үйінің қазақи сән-салтанатын айтып жеткізуге қазақтың (ауылының) қасиетті тарихына әдет-ғұрып, дәстүр-салтына білгір, ғұламалық қажет. Біз болсақ, бұл жағынан мақрұм өстік. Тек, Көштің көлігі жүк артылған машиналар легі келіп тоқтасымен ошақтың басына көгенделген «ақсарбастың», Бабаң үйі белдеуіне байланған құла бестінің аруаққа арналған ақтық екенін сөзу қиынға соққан жоқ.

Осыдан кейін Бабаң үйінің қасиетті босағасының есігі айқара ашылып, дүйім қазақтың қарт ақыны, қадырмен атасы Шәкең Бабай түкті шәшті Әзиз бабасы іспетті көреқарыс кірпік қасын маңдай иірімдерімен жоғары бір көтеріп қойып, киелі табалдырықтан, дәл төрде Қараменде би бабасы құшақ жая қарсы алғалы отырғандай имене де еркелей аттап.

— Ассалаумағалейкум, Жан Бабам! — деп аттай беруі мұң екен, сөлем етушілер легінің аруаққа жалынып, жалбарынған жүрек түбінөн тұнып шыққан тілектерінің жаңғырығы жердегі Алла үйі — үлкен мешітке жұма күні жиналған мұсылман қауымның үмітті үніне ұқсап, ауыл үстінен асып, алыс-алысқа тарап жатты.

Моллалар мен ақсақалдар легі төрге озған кезде, үлкен табақ-дастарханмен нан, тұз көтерген Бақыт Шағатаева бастаған (Бақыт туралы алда айтылып көткендей, Ырғызбай ұрпағы, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы) Абай елінің сымбатты да сұлу арулары, сұлулықтың періштесі — Тоғыжан, Әйгерімдердің сіңлілері тізе бүгіп, бас иіп сөлем етіп, Бабаң дастарханына нан, тұзын қойып, төрде ілулі тұрған киелі маңдайшаның астына құндыз бөрік, пюш шалап бастаған «тоғызды» іліп, би ұрпағының үлкені, халқының аса

қадірлі ақсақалы, ауданның имамы Әлімхан Мақажанұлынан дұға-бата сұрады.

Жаратылысынан жаны жомарт, Алла төрең оймен ақыл-сезімге толы, талғамы төрең, дуалы тіл берген Әлтайым ақ тілегін екі жақтың аруақты бабаларына арналған дұға-аяттан бастап, соңын халқына, ұрпағына деген Алладан тілеген улағатты өсиет өрнегімен аяқтады

Жоғарыда айтылып өткен, бірақ аты-жөні аталмай кеткен, екі елдің ағайындар арасындағы «алтын көпірдің» түйісөр сәтінде Ақжарық аспанын жаңғырта «Аруақ, аруақ!» деп бабасын іздеп, ғасырдан ғасыр өткенде тұңғыш үн қатқан Семей, Шыңғыстау өңірінің дара туған перзентінің бірі — баба ұрпағы, ұлылар ұрпағы Ғабдолланың Рымханы өді (Рыкең туралы да ілгеріден қысқа да болса нұсқа таныссыздар).

Қаншама уақыт араға түсіп, қаншама ұрпақ өсіп-өніп өмірден өткеніне қарамастан, Индия халқының ұлы, данасы, көмеңгер бабасы Д.Неру:

«...Өз бөліңнен ұл туса, ұзарғаны өмірдің.

Сүйсең егер немере алыстайды өмірің» — деп толғағанындай, қос бабаның сегізінші ұрпақтары аман-есен қауышып, жеті болыс Тобықтының ортақ ордасы — ағалы-інілі екі бидің киелі шаңырағын қатар көтерісті. (Көңгірбай, Ералы, Қорахан, Шайынбай, Сарымырза, Мөдалбек, Есіл, Мерей, Қараменде, Дүйсеке, Қозжан, Самырза, Ақжолтай, Ақмағанбет, Марат, Талғат) Сыр бойынан көшіп, Қаратау, Ұлытауды басып өтіп, Ордың (қазіргі Орск қаласы) Қарағашын жайлап, кері қайтып, Көкшөтау, Баянауыл, Қарқаралы өңірін аралап, Шыңғыстаудан жаңа ғана жеткендей қос орда қасиетті халқына ақ төсін ұсынған қос ару анадай еңселі де елжірей мейірленуде.

Қоныс құтты болсын! Халқы аман, бақытты болсын! Ағайын арасы мәңгілік бірлікте болсын! Шыңғыстау-Тоқырауын — «Алтын көпір» асқақтай бөрсін, абырой-мәртебесі биіктей берсін, Асыл ағайын!!!

Аруақ ортақ. Баба ортақ «Ас — аттынікі, той — тондынікі» деуден бір Алла өзі сақтасын Халық деген — қайтпас қаһарман, бөреке-бірліктің баһадүрі.

«Халық біріксе алынбас амал, бұзылмас қамал болмас. Ұйымдасып көтерген жүк жеңіл. Көлісіп пішкен тон келте

болмас» деген қазақтың көсем де тәлімді қағидаларын санасына сімірген Ақтоғай, Балқаш, Тоқырауын өңірі халқының бабасының тойында «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» өнегелі істері мен ұйымшылдық еңбектерін реті келгенде бір-екі ауыз сөзбен айта кету — міндетті борышымыз.

Дана халықтың мұндайда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысың, жаманның жамандығын айт, берекесі қашсын» деген мерген айтылған нұсқа сөзін біздің де аттап кете алмайтынымыз Аллаға аян.

Тойға арналып өлуге тарта үй тігіліп, 16 жылқы, 3 сиыр, 18 қой малы жұмсалған болса, жиналған ақша қаражаты тек, банкте ашылған бабаң есеп шоты мен қолдай жиналғаны ғана күткен межедей болған еді. Бұдан сыртқары той күні бабаң мазары басына қойылған жөшік пен «ақтыққа» арналып ілінген ақшалардың сомасы қаншама! Жеңілі бар, артқаны бар, шығыс пен батыстан, оңтүстік пен солтүстіктен Ақтоғай, Айрыққа келген келік саны екі жүзден асып кеткенін аудандық ішкі істер бөлімі (бөлім бастығы Қияқбайдың Бердіғалиы) мемлекеттік автоинспекциясындағы арнайы бөлінген жігіттер жүріс-тұрысқа, олардың келу-кетуіне қатаң бақылау жасай жүріп, қазылар алқасына жеткізген еді.

Қыркүйек айының биылғы салқындығы еске алынып, сырттан келетін сыйлы қонақтарға арналып мейманхана, жатақхана орындары дайындалып қойылды. Бұдан тысқары, ауданның абырой-атағына маңдай терін төгіп, ел ағасы атанып, алыс-алыстарға аттары жетіп жүрген он азаматтың үйлері 100-120 қонаққа арналып, сақадай сай тұрды.

Дәл осы дайындықтың куәсіндей мына бір кішкене қалжың-әңгіме көңілге келіп қалды. Сырттан келген сый қонақтарды іріктеп, өсіресе, Семейліктерді бастап қонақ үйінің алдына тоқтатып, қадірлі өкемізді (Шәкірді) Мәнсүр екеуіміз қолтықтап, Сана таяғын өзірлеп (Мәнсүр Ғылымбаев — өкеміз тұратын Абай ауданы Құндызды селолық көңесінің төрағасы, Шәкең өкесінің ғылыми хатшысы іспеттес, Сана Әбенова — Шәкеңнің ұлы да, қызы да) құрметтеп аттан түсіріп жатқанымызда:

— Екеуің мені сүйрей бермей, кішкене, маған да еркіндік беріңдер, — демесі бар емес пе. Санасы ұсынған таяғын

қолына ұстай беріп:

— Әй, Мәнсүр, сен мені мына сүйресіңмен, «Сабазыңды дедектетіп жүріп өлтірдік-ау» дейсің ғой бір күні. Ақыры, ойың нағыз осылай болса, құдай бастап, топырақ айдап келген шығар, мені аруақты бабамның қасына орналастырып кет. Мыналар бабамның жанына жатқаныма жамбас-ақы сұрай қоймас, — деп өлді бір күлдіріп алды да, біздің жігіттерді бағдарлай бір шолып:

— Ауылдың басшыпары, сендерге құлаққағысым, мені басшылармен араластырмаңдар, таба алмай қаларсыңдар, жеке сақтаңдар — деп сөзін аяқтады.

Ақырын аңдаған біздің азаматтар аруақ шалған атасын қонақ үйінің «Люкс» деген жайлы бөлмесінің есігін айқара ашып, «Төрлетіңіз, Аға! Қолда барына қанағат?!» — деуі мүң екен, Шөкең тағы да әзілге басып:

— Бұл құрмет Шәкір өкелеріңнің тақиясына тарлық танытпас — дей бергенде, манадан аңдысын аңдып тұрған Ораз әзілдің көкөсін төтесінен сұрақ ретінде:

— Аға енді кемпір керек болатын шығар — деп қойып қалғанда, тумасынан ұшқыр атамыз, ойланбастан:

— Оларыңа рахмет! Бірақ, сататын басы артық ештемелерің бар ма еді — деген де тұрған халық күлкіден бірін-бірі құшақтап шектері қатты.

Бұдан әрі біздің жігіттер, Шөкең сияқты ойынан қалжыңы мен өнер өрбіген дүлдүл атасын Жарылғалтың Махмұты қонақ үйінде қалдыруды жөнге есептемей, құрметтеп Санасы екеуін өз үйіне шақырып, қайтқанша қонақ жасады. Біз де қолымыз босап кеткенімізде атамыздың қасында болып, әнін тыңдап, қайнарына құлақ құрышымызды қандырған болатынбыз.

Басты мақсатымызға, әңгіме түйініне ауысар болсақ, той өткізген баба сыйлаған, аруақ құрметтеген, халқымыздың қанына ата-бабадан сіңген асыл қасиеттердің бастауларына біз де шеттеп соғуды жөн көрдік.

Той қонысы Ақжарықтың Көкжайдағына Қотана-Балқаштың Дересін ауылынан Ғалының Жақсырақымы, Нығыметтің (Дүйсенбай молланың немересі) Әбікені, ауыл басшысы Нұрсейіттің Қарлығашы дайындаған ата қоныстың халқының ақбоз үйі тарту-таралғысы, сойыс малымен бой көтерді.

Нарманбет ауылынан Әйнектің Жәкөні, Нөкербектің Кәкешесі, Сыздықтың Зөкәрімі бастаған халықтың дайындығы, тіккен үйлері Шолақ, Сағадан бергі Дуанға дейінгі Тоқырауынның құт-берекесін, сән-салтанатын көшіріп ала келгендей еді.

Арысымыз деп, алашқа айбар тұтар, бұл үш азаматымыз бір-біріне алыс емес ағайындар, Тобықтының Жуантаяғының (Дәулетек) Байғарасынан тарайды. Елін басқаруда, халқына қамқор болуда намысты қолынан бермейтін, адамгершіліктері жоғары ел құрметіне ие болып келе жатқан ел ағалары.

Әттең, рақымсыз тағдыр Жөкөнімізді (Жармолланың) өмірінің базарлы төрінде, қабілет-дарынының толықсып тұрған шағында арамыздан мезгілсіз әкетті. Қолдан келер шара жоқ. Жаның жәннатта болсын, абзал бауыр!

Балқаш шаһары Қоңырат кенішінен тойға жан-жақты әзірлікпен келіп, бабасына (үй тіккен) сый-құрмет көрсеткен басқарушылары Сламбектің Хамзасы, Қынашаның Амантайы, Бақтыбектің Қасымбегі еді.

Шет ауданы Нұра бойы «Кеншоқы» көңшары халқының атынан үй тігіп, бәйгеге ат қосқан, тойға сүбелі дайындықпен келген Нияз, ел басшылары Мұсаның Қайыргелдісі, Күлеймөннің Жолдыбегі болатын.

Сарытерек ауылынан, халқының атынан ерекше сый-сияпат көрсетіп үй тіккен Қайдар, Шынарбек, Төлеу-тұғын.

Бұрынғы «Қаратал», сол кездегі А.Бөкөйхантегі, қазіргі Шабанбай ауылынан халқының асқа жасаған қошемет-құрметінің ұйымдастырушысы Қауаз, Жақан, Зейнолла, ел ақсақалы Нұржігіттің Мөкәрімі және Мұқсиын екенін құрметпен атаймыз. Бұл абзал азаматтардың қонақжай құрметтеріне алда аялдау ойымызда.

Береке қонып, құт дарыған қазақтың үш арысы Әлихан, Жақып, Әлімхандардың кіндік қандары тамып, отаны атанған Қызыларай елін тойға қопара көшіріп келген халқының құрметті Қазағасы — Қазкен, Көген, Кәрібек, Сүндет, Нілтайлар. Ал, Бабаң жиені Қасымның Серікбайы болса, «Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма» деген даналықты орнына дәл пайдаланып, тізгінді еріксіз елдің абзал азаматтарына беріп қойған болатын.

Бабасына жанын салып ас беруге бөлсөне қатысқан Сүндет бауырымыз кішіге қамқор ақылшы аға, үлкенге ізетті

іні еді. Келер жылы мазар құрылысы жүріп жатқан кезде рақымсыз ажал бойындағы ақыл-парасаты, қажыр-қайратын еліне, жеріне арнаған от-жалын шағында өмірден ерте алып кетті. Топырағың торқа болсын, қайран бауыр!

Дадан, одан Асан, одан Есенбақты, одан Қалдау, одан Бегімбет, одан Қожамқұл, одан Толыбай, одан Жаныс, одан Шегірше, одан Қыстау, одан Әжібек, одан Мұхтарбек, одан Сүндет, одан Серғазы Серғазы қазіргі уақытта ақылшы анасы Дәркен Қайыржанқызының басшылығымен Алматы қаласында тұрады. Республикалық «Заң» газетінде редактор болып жұмыс істейді.

Бабаң айрығы, бабаң елі атанып кеткен Ақтас өзені, Берікқара, Былқылдақ, Ақжарық өлінің «Еңбек» кеңшарынан бүгінгі «Қараменде би» ауылынан үш бірдей үй тігіп, бабаларының асына ақпейілдерімен ақтарыла ағыл-тегіл қошемет көрсеткен Қалидың Құсыманы, Садықбектің Қазиы, Әубөкірдің Сайлауы, қадірменді ақсақал Омарбектің Сейдіғалиы, Ынтықбайдың Ұзақбайы, Айтжанның Серігі бастауында болған, бірінен-бірін бөліп болмайтын қасиетті өңірдің өнегелі үлкен-кішісі төрт көзі түгел еді.

Ақтоғайдың өулиелі аймақ атанатын «Ақжарық» өлкесі — осы «Қараменде би» ауылына қарайтын шұрайлы ырыс қонған, киелі аймақ. Кешегі Кеңес үкіметі дәуірінде ақиық ақын, Ақтоғайдың жыр дүлейі атанған Кенішбай атамызға, Шаханың Орысынан тарайтын Бексейіттің Жаңабайына, олардан соң Сарым руының Аралбайынан тарайтын Сүйменбайдың Шөкіжанына құтты қоныс болса, бүгінде егемендік пен жекешелендірудің заманында атадан ұрпаққа мирас болып, Шөкеннің інісі Тәкежанға, баласы Төңілікке жайлы қоныс, берекелі өріс, атамекен болып отыр.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішөр» деген өнегеге сусындаған әкелі-балалы Тәкен мен Төңілік ешкім ескөртпестен әкесінің алты қанат ақ боз үйін тігіп, бабасының тойына келген құрметті қонақтарға, алыстан келген ағайындарға ата салты бойынша ерулік-қонақасы беріп, тойдың салт-дәстүрін өрлендіріп, тайқазанын тасыта түсті.

Артына көргені мол, өнегелі ұрпақ қалдырған халқының қадірлісі — Шөкен ағамызға Алла иман берекесін берсін!

Бұл — Қараменде би ауылының данасының тойына тіккен

төртінші үйі, бабасының аруағына деген шексіз сүйіспеншілігі еді.

Шұбартау өңірінің тойға дайындығы мәселесін өз қолдарына алған Жақсыбектің Шүкірі, Адамбектің Жұмағазысы («Шұбартау» кеңшарының басшылары), Шалқарбайдың Кәукербегі (бас имам) елінің еңсәлілігін, халқының ұжымдығын көрсетіп, асқа қазақша өзірліктің әр түрінен құр қалмаған Қарекөң ұрпағы Тілеубайдың Айтжаны бастаған ару аналар, қырмызы көліншектер тіккен алты қанат ақ боз үйдің баяғыша сән-салтанатының өзі нәге тұрарлық, 35 шақырымдық ат жарысының бас бәйгесін Шұбартаулықтардың «Кербалағының» иемденуі қазақ үшін той-астағы үлкен абырой, даңқ.

Халқының қадірлі қарт ұстазы, имамы, жаны жайсаң Кәукербек ағамыз Алла берген мол ғұмырын абыроймен тамамдап, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, қызығын көрген Аллаға төуба деген шағында дүниә салды. Құдайдан рахмет, Пайғамбардан шапағат болсын!

Ақтоғай, Тоқырауын өңірінің «кенжесі» болып есептелетін ұлы Абай атындағы кеңшар халқының қуанышқа толы ыстық ықыластарын, тарту-таралғысын артқан, бабасының тойына інжу-маржаннан шашу шашқан көшін кеңшар басшылары Әлмағанбеттің Байзағы, Жақыпбайдың Бекмұраты бастап келген болатын.

Байзақ атын, азаматтығын тойға дайындықтың бастау кезеңінде де ауызға алып кеткеніміз әншейіндіктен емес. «Ардақты қартқа қолыңды бер, Ақылды жасқа жолыңды бер» деген даналық түйін осындай жастарға арналғандығын Байзақтың өмір жолы айғақтай түседі. Оған Үш жүздің ұлыларының басын қосқан Алаша хан, Жошы хандарға Орда өмірлеріне мекен болған Ұлытаудың перзенті екенін қосыңыз.

«Айыртас» туралы сөзімді рахметтен бастасақ та ешбір артықтығы болмаса керек. Өйткені, Айыртастың Алматы-Талдықорғаң, Шығыс Қазақстан, Семеймен шектесетін бекеті сияқты Ақтоғайдың оңтүстік шығыс шекарасының жол қатынасына қолайлығы, біздерді де Шыңғыстаулық тобықтылармен табысуымызға жол басшымыздай болған еді.

Дәл сол жолғы Сапарымызға Аманбайдың Жақсылығы мен Исбектің Әуезі азаматқа тән қаншама ақыл-көңес беріп,

көмек жасағаны — естен шықпас, келелі парыз. Айыртастықтардың тойға әзірлігі (тіккен үйі, әкелген аты, сойыс малы, тарту-таралғысы) көршілес Шұбартаулықтармен бәсеке-жарысқа түскендей. «Айыртас» халқының жеке ерекшелігі — Жақсылық өзі бастап жүріп, Қарекен басында тоғыз моллаға құран-хатым түсіртіп, тоғыз құран (нәфіл-садақа) берді. Алла қабыл ойласын халқының ақ тілеуін, өзіңді аруақ жөбеп-жөлей берсін, қадірлі Жақсылық!

Ақтоғайдың ардақ тұтар арысы, Қызыларайдың сирек туар түлегі, еліне құрметті, ортасының дарын-қабілетке, ақыл-парасатқа бұла өскөн бөйтерегі — Әуезді сұм ажал ерте әкетті өмірден. Иманды бол, аяулы бауыр, абзал азамат!

Аудан орталығының халқының тойға әзірлігі, оны өткізудегі қыран еңбегі, бәреке-бірлігі туралы талдап айту ойымызда жоқ шаруа, өм қолдан келмес бәтуа.

Той хабары басталған сәттен-ақ, жарғақ құлақтары жастыққа тимей, қуаныштары қойнына симай, «Аруақ, аруақ» деп дүбірлі күнді асыға күткен аудандық ағайындар ішінен салтымен үй тігіп, ерекше қызмет жасаған Исатайдың Маралбайы, Қаппардың Амантайы, Қажыкөеннің Жанатбегі, Ноғайдың Әбілінің Амантайы, Рақымбектің Оразбегі, Алтынбектің Сәлиманы, Омаштың Амантайы.

Өзім дегенде өзегім жұлып беретін қазақтың терең тектілігі, асыл қасиеті қанына сіңген, түптеп келгенде «Бабаң ауылы» деген құрметке ие болып келе жатқан «Қоңырат» кеңшарының, бүгінгі Жидебай батыр атындағы ауылдың тойға дайындалып өткізудегі жасаған ұшан-теңіз еңбектері, риясыз пейілдері бөлек, бір төбе қуаныш. Қоңыраттықтар той бастаудан үш күн бұрын бабаң үйін тігіп, маңдайшасын той жайлауына жеткізгеніне өздеріңіз де куәгерсіздер. Осы күннің ертеңіне Мұқан әкеміздің ақ боз үйін құрметті анамыз Үйсінбала, ұлы Дінғабыл, келіні Сәуле, Аман тіксе, Қазыкейдің Өмірбегі жолдасы Мөре, жеңгесі Ақмаңдаймен өзінің киелі шаңырағын көтерген болатын.

Арыстанбайдың Әбілғазысы бастаған Боранқұл, Қасымбек қолдаған Мәдениеттің ақ отауын той төріне қондырса, Күшікбайдың Әбілінің, Тоқмағанбеттің Тойғанбайының атадан қалған киелі қарашаңырақтары Бабаң үйлерімен қанаттаса көліп бой көтерген-ді.

Осы астан кейін көп ұзамай жаны жайлау, көңілі көктем, жалпыға бірдей жайдары, ілтипатты да инабатты келіміз Мәдениет мезгілсіз дүниеден озды. Көрмеген көшеңнен жарылқасың, бір Алла!

Халыққа келген не жақсылықтың ұйтқысы да бастаушысы да, небір қиын-қыстау ауыртпалықты мойнымен көтерушісі де, әмәнда, ел ағалары, халық басшылары, алтын көкірек азаматтары екені Аллаға аян.

Той өткізуде, аруақ сыйлауда Қоңыраттықтардың (Жидебай батыр ауылы) абыройлы еңбектерінің ұйтқысы болған Қойлыбайдың Жаңабегі, Жұмабайдың Турағұлының, Бейсенбінің Мұратының, Тойбектің Сатыбалдысының, Алтынбектің Қосыманының, Әбдіғұлдың Қуанышының, Аманбектің Қордабайының, Нұрабайдың Қауланының, Сейілханның Сейдіғалиының, Бөкірдің Мерғазысының, Тілеубектің Өмірбегінің, Әшкөйдің Төлеуқадырының, Мөлгаждардың Сәметінің, Әбілқастың Райханының, Хамзаның Дәнелиясының, Кептербайдың Сағынтайының, Рыспектің Қалияқпарының, аттары аталмаған басқа да азаматтардың адамгершіліктеріне құрметпен басымызды иеміз.

Жоғарыдағы аттарын ағайындық ақ жүректердің алғысымен атаған арыстарымыздың арасынан рақымсыз ажал Жұмабайдың Турағұлын, Тойбектің Сатыбалдысын мезгілсіз әкетіп, ортамызды ойсыратып тастаған еді-ау, опасыз дүние-ай! Жаратылыстарынан өмірге мезгілдес келіп, табиғатынан ұқсас туған Ақтоғайдың Тұрашы мен Сәкесі Алла берген адамгершіліктің асыл мұраттарының ақ жолында өмір көшіп, артарына өнегелі ұрпақ, тағылымды тәлімі мол із қалдырған арысымыз еді!? Алладан рахмет, Пайғамбардан шапағат болсын!

Жидебай, Жалаңтөс батырлар мен Қарамеңде би бабаларының, үш әулиенің ұрпақтары тағдыры тоғысқан: Жәмші, Жалпаққайың, Ұрыңқай, Нұртай, Имек, Бектауата елкесін бабалар елі, үш әулие Отаны деп құрметпен атайтыны — бұл өңірдің атақ, абыройына, халқына берген баға.

Ежелден құт қонған өңірдің, әулиелер ұрпағынан өсіп-өнген Жәмшіліктердің Баба тойына деген дайындықтары, ықылас-ниет қуаныштары кім-кімнен болса да биік тұрғаны ақиқат еді.

Көкжайдақ төрінен қоныс тепкен Ошанның Жаңабайының киелі шаңырағы, Жидебай бабамыздың Ордасы атынан Күзембайдың Сұлтанының ақ отауы, Жалаңтөс бабасының аруағына арнаған бірі сегіз, бірі алты қанат Рақымбектің Оралының ақшаңқан ордалары, «Қарамөнде би үйі» атанған Тұрғанның Бақышының қара шаңырағы. Сана би бабасының атына арналған Әбеудің Бөлекбайының ақ босағалары, қазқатар тізілген ақшаңқан ауыл өркімдерді-ақ таңдай қаққызған болатын.

Жаңабай мен Рузия апарған қара шаңырақты киелі деп, ерекше қадірлеп, астын сызып, айғақтай айтуымыздың ағайын үшін терең мәні бар. Анықтай айта кетсек, Тобықтының Рыспетегінен — Мұсабай, Көкше, Дадан. Даданнан — Асан, одан Есенбақты, одан Қалдау, Қалдаудан — Жұмағұл, Бегімбет, Шаха. Қалдаудың қарашаңырағы Бегімбеттен Ошаңға мирас болып, Ошыкөңнен ата салты бойынша баласы Жаңабайға қалған. Жәмшіліктер тойға сойысқа 2 жылқы, 1 сиыр, 4 қой малын, тарту-таралғыға 112000 сом (бір жүз он екі мың) ақшалай өкелді. Бұл көз бағаның тұрақты, ақшаның құнды кезі болатын. Бұдан тысқары селолық Совет қызметкерлері мен жәрдемақы алатындар, фермерлер ақшалары аудандық банкке тікелей өткендіктен бұл суммаға қосылған жоқ.

Ағынан жарылып, Алла деп, ақиқатын айтар болсақ, аруақ тойына сый-құрмет көрсетуден тыс қалған өкі-ақ азамат болған өді. Олардың аты-жөнін өдейі атамадық. Бірақ, шындықты аруақтан бұлтара да алмадық, себебі келесі жылда өкеуі де аруақты өсіне алып, көшірім сұраған шығар

Халқы ұйымшылдықпен бастаған не жақсылықты игі істердің көш басында өл ағалары, іскер азаматтары жүретіні сияқты, жәмшіліктердің де баба тойына көрсеткен өрен еңбектерінің ұйтқысы болған Көпбайдың Зікіриясының, Тәтибектің Мөйірханының, Байболаттың Әбузарының, Хасеннің Ермөгінің, Балғабайдың Мөжитінің, Стамбектің Мөдібегінің, Қақабайдың Елегенінің, Бәкірдің Сейітқазысының, Құтжанның Ғазизының, Рақымбектің Оралының, Сәкеннің Мырзағалысының, Айтбайдың Жайлауының, Шәженқызы Алманың, Шөкөннің Советінің, Атабайдың Тасболатының, Әбдірбайдың Маратының, Сүлейменнің Мұратының, Аяғанның

Сағынтайының, Шамғұнның Зарханының, Алдабергеннің Қарпығының, Ошанның Жаңабайының, Оңғарқұлдың Тұяғының, Жармағанбеттің Алтайының, Аханның Бөгендігінің, Бөйсенбінің Қайыркөнінің, аттары жазуға сыймаған көптеген азаматтардың ыждахатты адамгершіліктері алдында басымызды иеміз!

Көенің көзі, шежіренің өзі атаңған Дошайдың Аятайының, Шәріптің Жаппарғалысының, Мөжімеденнің, Тиіштібайдың Хасенінің Бидің рухына арнаған хатым-құрандары. Бидің өмір жолы, асыл мұралары туралы шерткен көкірек шежірелері тойдың алтын қорынан ұрпаққа тарту болғандай. Халқына қадірлі қарияларымыздың, өмірі үлгі дарияларымыздың жұмақтан болсын тұрағы, сөнбесін мөңгі шырағы!

Тойға дайындық комиссиясының (қазылар) Ақшатау, Ақжал, Қайрақты көніштерінде жұмысшы тобын басқарған Жазылбектің Сырымы, Қоянбайдың Қайыры жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүріп, халықпен қоян-қолтық араласып, ақылдаса, көңесе жасаған еңбектері — біріншіден, бабасына жасаған пәрзенттік борышы болса, екіншіден, бір жыл дайындалып өткізетін ас пен тойды, баяғы екі жарым айда сәтті өткізуге қосқан азаматтық өрекшеліктері еді.

Тек қана, Бабаң ұрпағы деген құрметке ие болушы Ақшатаулықтар тойға 22600 сом шашумен келгенін айта кеткенді жөн көрдік. Екінші бір, басын ашып айта кететін ойымыз, бұл өңірде бабаң ұрпағы, нағашы-жиенді тұрмыстағы қыздарды қосқанда 24-25 жанұядан аспайды.

Сырым болса келесі (1993 ж.) жылы қолға алынып, бой көтеретін бабаң мазарына 20 тонна цемент дайындап, алдағы келелі істі сәтіммен бастап та қойған болатын. Амал не, өсіл сабаз, Сырым фәниге аз күн қонақ болып, өмірінің алтыншы мүшөлін жаңа бастаған шағында бақиға озды. Алла алдыңнан жарылқасын!

Тойға дайындықтың ең ауыр шақтары, өрісі халықтың, бөрісі ағайын, ұрпақтың ыстық жүрегіннің біріккен бірлігінің арқасында бөрі артта қалып, сол тас-түйін өзірліктің таразы талқысына түсер, қауымнан өділ бағасын алар уақыты, соңында, аруақтың ұрпағына берер ризашылығы күтіп тұрған сын-сағатқа, бақытты сәтке де жеттік.

— Тәуба, тәуба, мың хатта тәуба, Жаратушы жалғыз хақ!
Бұл — көптің тілеуі, баба сыйлаған, аруақ ардақтаған

абзал халқымыздың тілеуі.

Орайы келгенде алдын-ала ойларыңызға сала кеткеніміздей, ауданымызда үкіметсіз, халықтың ынта-тілегімен басталып, өтейін деп отырған тұңғыш той — Қараменде би тойы, ұрпақ тойы.

Ата-баба салты бойынша аруаққа арнап ас беру, той жасауға дайындық жұмысы кемі бір жыл бұрын басталып, алыс-жақын ағайынға сауын айтылатын.

Бабаң тойына дайындық Ақтоғай селосы халқының 1992 жылғы 13 тамыздағы жиынында қабылданған шешіммен басталып, соңғы әзірлікке нүкте қойған 24 қыркүйек аралығында, не бары 74 күн ішінде өткен еді.

Халық біріккен жерде алынбас қиын, шешілмес түйін болмайтынына дәл осы 74 күн дәлел де айшықты айғақ болды. Халық деген қасиетіңнен айналайын!

Астың басталу сәтінен бастап, аяқталу сәтіне (қонақтарды шығарып салу, көштерді жөнелту) дейінгі аралықта өтетін әрбір той шараларына, халыққа көрсетілетін қызмет салаларына арнайы комиссиялар (қазылар алқасы) құрылып, өте жауапты да қызықты жұмыстар атқарды.

Тойдың бастау алар, халқы тағатсыздана күткен ашылу салтанаты (аудандық Советтің төрағасы Мырзахан Қалияқпарұлы), «Халқымыз пір тұтқан Қараменде бабамыз» атты баяндама (баяндамашы аудан әкімі Дүйсөбеков Сағадат Жапабайұлы), баяндаманы әзірлеуші әм баяндама дайындау комиссиясының төрағасы Орманбетұлы Нарманбет ақынды, Қараменде би бабасын зерттеп, жинақтаушы жерлесіміз, Би ұрпағы Амангелді Туғанбайұлы. Театрланған көрініс, ойын-сауық, мәдени шаралар (Мұқанұлы Тұңғышбай, Қожамбайұлы Қуат). Ақындар айтысы (Қаленұлы Қасымхан әділ қазылар алқасы төрағасы), ат жарысы (Нұржанның Фаниы, Қызылбайдың Жанғабылы, Әбдірахманның Райымбегі), балуандар белдесуі (Тұяқбайдың Қабдырашы, Мұқанұлы Асан қазылар алқасы жетекшісі), халыққа тұрмыстық жағдай, саудасаттық шаралар да (Армиянов, Смайылов О.) назардан тыс қалған жоқ.

Бабаға арналған тойдың ерекше бір көрінісі — асқа қатысушы дүйім халқы қабылданған үндеуді аудан әкімінің орынбасары Мұқанұлы Тұңғышбай оқып таныстырды. Онда

халқымыздың салт-дәстүрін жаңғырту, жастарымызға ата-баба әдет-ғұрпы, имандылық, ізеттілік, адамгершілік туралы тәрбие беру, тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы үшін бірлікті нығайту сияқты келер күннің міндеттері сараланған.

Тойдың бірінші — салтанатты бөлімінде сөзін «Сүйінші, сүйінші» деп бастаған «Еңбек» кеңшары, Қуаныш селолық кеңесінің төрағасы Әубәкірұлы Сайлау кеңшар халқының сұрауы бойынша «Қуаныш» селолық кеңесі өзгертіліп, «Қараменде би» атымен атау туралы селолық Кеңес сессиясы шешім қабылдап, оны Ақтоғай аудандық Кеңесі атқару комитетінің бекіткенін той халқына қуана паш етті.

Тойдың ең құрметті аруаққа жаппай дұға бағышталар киелі шағы — шаңқай түс, сағат 13.00. Жиналған халық арнайы құрылған комиссияның тікелей басшылығымен үйді-үйге, ауыл ортасына жасыл кілем үстіне, ашық аспан астына жайылған бірнеше қатар дастарханға жайғасып болды-ау деген сөтте, ауыл алдында комиссияға арналып тігілген ақ ордадан:

— Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Құрметті халайық, аруақты сыйлап, асқа жиналған ағайын!

Ас қабыл болсын, той құтты болсын!

Тойдың ең құрметті, киелі сәтінде Үш Жүзге үлгі-өнеге айтқан Тобықты, Дадан, Шахаұлы Қараменде би бабамыздың 285 жылдық мерей той асына арналған құран-хатым түсіру құрметіне «Қараменде би» ауылының бас имамы Әбілқайыр молла ие болды.

Сөз сізде, құрметті молла. Дұғаңыз қабыл, ниетіңіз ақ болсын! Әумин! — деп дыбыс күшейткішін Әбекөң моллаға құрметпен ұсынған еді Ораз.

Осылайша екі жарым сағатқа созылған той дастарханының береке-құты, адамдарды куту, қонақтарды құрметтеу, сый-құрмет қошеметке толы ақ ниеттен шыққан алғыстар, көңіл ризашылықтары дастарханнан дастарханға жалғаса берді.

Осы бір дастархан жауапкершілігі қазаққа ата-баба салты бойынша бірінші құрметке ие, киелі деп есептеледі. Нә жақсылық дастарханмен бірге, нә бір кішкене көлеңсіздік дастарханға өкпеден басталады.

Астың ың-шыңсыз тыныштық, ризашылықпен өтуі біріншіден — халқының Қараменде сияқты аруағын сыйлаудағы тектілігі болса, екіншіден — той басқарып, қонақ

күтудің қазақи салт-дәстүрінің бүге-шігесіне жетік, спадияр ел ағалары атанған Тохметов Жарылғап басқарған дастархан даяшыларының өлшеусіз ақыл-парасатпен жасаған еңбектері деп есептеп, ағайын атынаң халық атынан айтар рахметімізде шек жоқ.

Дәл осы жерде той қонақтарының кейінде аудан, облыс баспасөздерінің бетінде жарық көрген той туралы пікірлерінен үзінді келтіре кетуді жөн көрдік.

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосынан келген құрметті қонақ, зейнеткер, халқының қадірменді ақсақалы К.Жақсылықов «Сарыарқа» газетінің бетінде «Ас берілсе, осылай берілсін» деген тақырыппен пікірін «Салтыңды жоймағаның, халқыңды ойлағаның» деп, көпке ой тастай бастайды өз сөзін:

«Халқымыздың қасиетті жоралғыларының бірі — аруақтарға бағыштап ас беру. Кешегі коммунизмге құлаш ұрған шақтарда жоғалтып алған сол дәстүріміз ортамызға қайта оралды. Бұл, әрине, қуанышты жағдай. Бірақ, оның да бір көлеңкелі тұсы бар. Ол — аты ас беру болғанымен, соның көбісінің аяғы ырду-дырдуға айналып кететінін баспасөз бетінен оқып жүрміз. Өйткені, ас берген жерге арақ деген пәле де араласып кететін болып алды емес пе? Арақ жүрген жерден аруақ қашады. Ас үстінде арақ құю елдіктің емес, ессіздіктің белгісі деп білемін. Өкінішке орай солай болып жүргенін сан мәрте естіп жүретін едік. Сөйтіп жүргенде...

Жақында Ақтоғайлықтар Тобықты Қараменде бидің аруағына арнап ас берді. Мен де осы асқа қатысып өдім. Міне, тамаша! Бәрі орын-орнымен өтті. Ешқандай айқай да, шу да, артық кету де болған жоқ. Арақ өзезіл бұл маңайға жолаған жоқ. Дұрысы, оны жолатпады. Естуімізше, аудан әкімі С.Ж.Дүйсәбеков ас күні арақ сатушыларға қатаң тыйым салып, оларды жолдан қайтарып жіберген.

Білікті адам осылай істесе керек-ті. Әйтпесе, ас берген аруақтардың атын арақ ішіп былғап жүргеніміз ел-жұртқа ұят қой. Тегі, алдағы уақытта ас беретін болсақ, Ақтоғайлықтардан үйренетін іс көп секілді. Бізге, қарт адамдарға олардың ас өткізу рәсімдері қатты ұнады.

Иә, шынында да ел боламыз десек, ата жолға қайта түсеміз десек, өз салт-дәстүрімізді өзінің сән-салтанатымен

жарқыратып көрсетуіміз керек» — деп түйіндейді.

«Сарыарқа» газетінің 1992 жылғы 7 қазан күнгі №193 санында Б. Жаппарұлы «Абылайға ақылшы болған» деген үлкен тақырыппен бастаған бабаң асына арнаған ой арнауын «Салтыңды жоймағаның — халқыңды ойлағаның» деп бастап, одан өрі «Төуке мен Абылай тұсында өмір сүрген Қарамөнде би — Тобықтыдан шыққан ірі тұлғалардың бірі. Қаздауысты Қазыбекпен бірге Орта жүзге билік айтқан, бүкіл Үш Жүзге үлгі көрсеткен Қарамөнде би Шахаұлы Абылай ханға ақылшы болған, Төукенің «Жеті жарғысын» жасауға қатысқан деген әңгімелер ел аузында сақталған, тарих сезі...

...Қыркүйектің соңғы сөнбісінде Қарамөнде би жерленген жерде баба аруағына арналып ас берілді. Қарамөнде би бастаған Дадан Тобықты кезінде Тоқырауын, Жәмші өзендерінің бойына, Балқаш көлінің солтүстік жағалауына қоныс төпкен. Бабаң мазары қоныс төпкен «Қарекөң айрығы», «Қарекөң басы» деп аталатын көң қонысқа 52 киіз үй тігілді. Асқа Қарекөңнің Семей облысы, Абай ауданындағы ұрпақтары арнайы келді. Оларды Қазақстанның халық ақыны, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев алғаш таққа отырғанда халық атынан бата берген 92 жастағы Шөкір Әбенев пен Абай аудандық Кеңесінің төрағасы Байбота Орынбаев бастап келіпті. Приозерный аудандық Кеңесінің төрағасы Әміртай Жұманбаев бастаған өкілдер бес киіз үй тікті.

Қарекөңнің Семейден келген ұрпақтары бабаларына құран оқытып, ас беруге арнайы дайындалып келген екен.

Олар баба басына құлпытас орнатып, ақтық байлайтын ағаш отырғызды, құран-хатым түсіріп, ас берді...

Баба асында баяндама жасаған Ақтоғай ауданы өкімі С.Ж. Дүйсебековтен кейін, бес ауданның өкілдері алыс-жақыннан келген ағайындар өділ билігімен көрегенді Үш Жүзге мәлім болған Қарекөң туралы, оның халқымыздың бірлігі мен тірлігін көздеген ұлағатты істері жайлы тебірене сөз сөйлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әңгімелерді асқа жиналған алқалы жиынның ортасына тастады.

Осы астағы баба рухына жасалған үлкен құрмет, мәңгілік ескерткіш — «Еңбек» кеңшары халқының «Қуаныш» селолық Кеңесінің «Қарамөнде би» атын беру туралы қабылдаған шешімдері бопды...

... Астағы өнегелі іс, айта қаларлық жаңалық — асқа қатысушылардың үндеуі болғаны, ел болып, құптарлық тағылымы...

... Тобықтының бас өді Қараменде,

Сирек туар дәл сондай дара пөнде, — деп Жидебай батыр айтқан Қарекөңе берілген ас көлер ұрпаққа тағылымы мол өнегелі мұра...»

Біздің қазақта сонау әлімсақтан қалыптасқан ғажап қасиет бар. Ол — қайтқан құстай тізіліп сан ғасырлар өтсе де ата-бабалар алдындағы ұрпақтық парыздарын өтеп, аруақтар рухына төжім етіп, бас ию. Соның бір дәлелі іспетті, Қарекөң бабамыздың асына сонау Сөмей облысының Абай ауданынан ат төрлетіп, ұлттық жөн-жобаларымен ұлы адамның ұрпақтары келгенін ілгеріде нәше рет айтсақ та, олқы соғып жатқандай, қайталай өске алып, жарқырата берудің өш артықтығы жоқ сияқты.

Асқа келген Абай ауданының, Шыңғыс өлінің көне шежіре-тарихшысы Бөкең (Бекмағанбет) Исабайұлының жүрек тебіренісінен шыққан мына бір сөзі: «Екі қара шалдың — Қарекөң мен Кеңгірбай бабаларымыздың аруақтары жөбеген ұрпақтарының арқасында бүгін туыстықтың, бауырлас-тықтың Алтын көпірі салынды. Ұрпақ пен ұрпақ қауышып, мерейіміз асты. Ұзағынан сүйіндірсін, Алла!» Ұзаққа сілтеп, ұрпақтан ұрпаққа үн қатып, жоба нұсқап тұрғандай.

Абайлықтар (Сөмей) бабаларына арналған 30 мыңнан астам Шыңғыстаулықтардың жүрек жарды дұғай сәлемінен тұратын ас берулерін комиссия мүшелерімен пікірлесе келіп, өздері арнайы әкел тіккен Абай өлінің сәнді де өсем үйлерінде өткізуді (біздің жігіттердің ұсынысы бойынша бір мезгілде екі үйге сыймайтын болғандықтан, көршілес отырған он шақты үйге бір мезгілде беріп, уақыттан ұту өді) қалады

Мұсабай, Көкше, Құлық ұрпағының Қараменде ұлы Би бабасына арнаған асына бірінші кезекке жер-жерден келген, барлық жиналғандардың жасы үлкені, қадірмен аталары, ақ жаулықты өжелері, моллалары мен имамдары шақырылып, 92 жасар қарт жырау, данагөй атамыз Шәкір Әбенұлы мен ауданның бас имамы, Қарекөң ұрпағы, Шәкеңнің бауыры Әлімхан Мақажанұлының бастауымен құран-хатым түсірілді.

Екінші кезекке асқа жиналған халықтың әрбір ауыл, қала,

кеніш, басқа да орындардан келгендерден 5 адамнан орта жастағылар шақырылып, Абайлық Түңілікбайұлы Марат пен (Абай ауданы ардагерлер Кеңесінің төрағасы) ауданымыздың Сақасы — Байжұманұлы Сағатайлардың бастауымен баба рухына бағышталған дұға-аят оқылып, ас берілді. Бұдан кейінгі кезекте дәл, осылай, әр ауылдан бестен ару аналар, өнегелі шешелер, бабасының асына арнайы келген қыз-келіншектер шақырылып, Шыңғыстау Ырғызбайының ұрпағы Шағатайқызы (Абай ауданы мәдениет бөлімі басқарушысы) Бақыт пен Байдәулеттің Талпақ қажы ұрпағы Бейсектің Торғайы (Ақтоғай ауданы өкімшілігінің жауапты қызметкері) екеуінің басшылығымен баба аруағына дұға-тілек ниеттеліп, ілтипат көрсетіліп, мінажат етілді. Сән-салтанатты қыз-келіншектеріміздің баба рухынан имене бастаған құрметтері, екі жақ болып, таныса келе Айпара, Зере, Әуез өнең (Әуезбақы), Ұлжан, Тоғыжан, Айгерім, Күләш, Аққыз (Мүгілсім) сияқты ел аналарына, ұлылықты сыйлаған даналарына ауысып, арты өн-жырға ұласқан, қызықты кездесу болды.

Шыңғыстаулықтардың соңғы күтетін, құрметті қонақтары — Алматы-Қарағанды, Ақмола, Семей, Ақтөбе, Балқаш, Қарқаралы шаһарларынан арнайы шақырылған қонақтар. Абай, Ақтоғай, Ағадыр, Тоқырауын, Шет аудандарынан келген сыйлы қонақтар, ел, ауыл, көңшар басшылары болатын.

Бұл салиқалы кездесудің де дәл-тәрінде үлкен Би атанған Көңгірбай орнында Шөкөң отырса, Ұлы би атанған Қарамөнде орнында Әлекөң (Әлімхан) жайғасқан екен. Кездесудің жүргізуші асабалары десем, аласартып алармың, билік иелері ұлылар өлінен Орынбайұлы Байбота болса (Абай аудандық Кеңесінің төрағасы), дарындар өлінен Қалияқпарұлы Мырзахан (Ақтоғай аудандық Кеңесінің төрағасы).

Қос молланың аруақтар рухына арнап алма-кезек оқыған дұға-аяттарымен басталған ас рәсімі, жиналған көңілі дария, ойы ғұлама азаматтардың шөжірелі пікірлерімен ұштастырылып, әрісі қазақтың ұлылығымен куәгер, бәрісі бүгінгі ұрпақтың борышы дөгізер өнегелі ой мен әрісті пікірге ұласқан өді.

Соңғы кездесу ас берудің белгіленген жоспарының аяқталу сәтімен ұштаса жалғастырылған болатын. Сондықтан, кездесуге қатысушылардың әңгіме-дүкенді көңінен құруға,

іштегі тұнып жатқан сағыныш-шежірелерін аянбай ағытуға уақыттары шектеусіз болатын.

Естелік желісінде естеріңізге ескертілгендей, көздесулердегі қызықты әңгіме, пікір таластарды толық жеткізе алмайтынымызға ғафу өтінеміз!

Ұлы Абай өлінің ұрпақтарының аруақ рухына бағышталған бұл қызметтерінің терең мөнін, ұлағатты өнегелік ғибратын кейіннен ақылдаса келіп, көз жеткіздік.

Абайлықтардың Ақтоғай, Тоқырауын жерінде, Қарамеңде, Жидебай, Шабанбай, Жалаңтөс, Сана би сияқты әулиелер елінде болған үш күндік сағынышпен қауышуы, тебірене табысуы — ұлылар өлінің ұлылық мұра салтына сай өнеге өрісті, өсиет-өнер, имандылық-инабат, көрегенді-үлгіліктің Жәрмеңкесіндей болды десек, асыра айтқандық емес, жеткізе алмағанымыз шындық.

Қонақтарымыз осылай қарай оң сапарға қадам басқалы тұрғанда, Қарауылдың халқының шығарып салу салтанатында Абай ауданының өкімі Аргынбекұлы Орал бауырымыз

— «Қасиетті өлге, аруақты жерге ұлы Би Қарамеңде бабамыздың 285 жылдық мәрейтойына әрісі Сәмей облысы халқының атынан, нақтылай айтсам, Мұсабай, Көкше, Құлықтан тарайтын ұрпақтары атынан, Би ата бастаған аруақтар атынан бара жатырсыздар! Ақиқатын айтар болсам, Сіздер тойдың құрметті қонағы болып, той тойлап, сый-құрмет, қошемет дөметіп бара жатқан жоқсыздар. Сіздер ең алдымен, 200 жылға тарта уақыттан астам іргесі алыстаған бауырымыз Даданның ұрпағын, ұлы бабамыз Қарамеңденің аруағын аңсап барасыздар.

Сіздер ұзақ жылдардан кейінгі үзілістен соң, таяуда Ақтоғайлық ағайындар бастап салған «Алтын көпірмен» қасиетті өлге, киелі Тоқырауын-Балқаш жеріне Шыңғыстаулықтардан он мыңдаған ыстық жүректерінен шыққан сағыныш сәлемін арқалап барасыздар. Сіздер, осыншама халықтың атынан Қарекен сынды әулиеге ас беруге, рухына құран-хатым түсіру құрметіне ие болып барасыздар.

Бұл — аруақ сыйлаған ұрпақ үшін құрметті де киелі, жауапты сапар. Әрқайсыңызға жүктер жауапкершілігі мен қатар игілігі де мол сапар.

Жауапкершілігі — кешегі қиын-қыстау кезеңде Бабамызға

құшағын жайып қарсы алып, ортасынан ойып орын берген Майқының Әлтеке-Сарымы сияқты кесек елге, текті жерге барасыздар.

Құрметтісі — өлемге абыройы артып тұрған ұлылар өлінің, даналар жерінің ұлылығын, даналығын жарқырата көрсететін Алла берген, табиғат берген ақыл-парасат, дарын-даналықтың інжу-маржанын арқалап барасыздар.

Тілегім: Жолдарың болсын, құрметті бауыр іздеген бауырларым! Аруақтар жар болсын!

Сұрарым: Ұлылар өлінің ұлылығына сай болыңдар!

Азғантай Тобықты жерге қарап қалмасын!

Сарыарқаның бабамызға той жасап, ас бергелі жатқан қасиетті халқына Шыңғыс елінен, бабалар аруағына дұғай сәлем!»

Орал бауырымыздың сөзі сол кездегі тойға келген Абайлықтардың үн таспасынан қысқартылып жазып алынған болатын.

Арғынбекұлы Орал бауырымыз — Мұсабай. Мәмбетсолпы Мамай батыр ұрпағы. Аруақты өлкенің ұлылығына тартып туған дарынды перзенттерінің бірі.

Абайлықтардың қонақтарды төрт топқа бөліп, сонша дүркін сый-сияпат, құрмет көрсетулерінің терең сыры ақтық түйіні қайда жатқаны, өздеріңізге де енді анығырақ болған шығар.

Абайлықтар, айтса айтқандай, Құдай берген ұлылар өлі деген ата-баба салт-дәстүрін абыроймен асқақтатқандарына халық өзі куә болды.

Абай өлінің тойдағы салт-дәстүр, қонақ күту, сый құрмет көрсету, жол-жоралғы беру сияқты, тағы басқа ғажайып үлгі-өнегелері туралы үшінші кезектегі «Ару аналар мен өнегелі шешелер» кездесуінен кейін-ақ, жиналған халыққа көңінен тарап кетті.

Осы бір сәттен бастап Абай ауылына ағылған халық та той аяқталғанша толастаған жоқ. Бөріне үлгеріп қасиетті нан ауыз тигізіп, болмаса уыс-уыстан конфет шашуы уақыт болған сайын, жалғаса берді. Абай үйіне таяй алмаған жастар жаны қолдарына түскен мөмпәсіін қаққа бөлісіп, кейбіреулері қолындағы құрттарын кезек тістесіп, Абай мен Әйгерімнің дастарханынан алғаннан бөтер қуаныш ләззатына қанығатпай, бара жатты.

Қазақта «Той тарқар» деген ойға ала жүретін атадан қалған өнеге сөз бар. Ол сөздің де жетерлік жол-жоралғылары бар. Біздің жігіттер осылардың бірі ретінде, құрметті қонақтарды «рахмет» айтып аттандырып, қажет болғандарын жолға шығарып салуды да назардан тыс қалдырған жоқ. Қонақтарды қабылдауға бөлінген комиссия (ынталы топ) мүшелері бағыт-бағдар бойынша қош айтысып, шығарып салу міндетін де абыроймен аяқтап шығып, баба рухына сыйынып «тәуба» дескен болатын.

Семейліктерді шығарып салуға аудан халқы әкімшілік ғимаратының алдындағы (қазіргі үш арыс ескерткіші) алаңға сағат тоғызға дейін-ақ жиналып қалған болатын. Аудан әкімі Сағадат Жапабайұлы Қарамөнде би бабасының тойына қатысып, Абай өлінің дәстүріне сай, парасаттылық танытқан ұлылар ұрпағына аудан халқының атынан рахмет айтып, қалың қауым жүрегінен амандықпен ақ жол тіледі.

Бұдан кейінгі кезек маған жеткенде, мен балаша жүрегім лүпілдеп, бір түрлі толқу үстінде Бабаңның атына арналған ақ боз атты жетектеп көпшілік алдына шыққан кезде, салтанатты мінберде тұрған 92 жасар ұлылар ұрпағы. Қазақстанның халық ақыны, Қарамөнде ұлы бабасының рухына дұға етіп, ас бөре келген Шәкәт әкемізді жігіттер қаумалай әкеліп оң аяғын үзеңгіге салып, қаршығадай ғып өрге отырғызғанда, тізгінін қолына беріп, жетектеген бөтімен алаңды бір айналдырып шықтым. Сондағы аруақ жанаған атамыздың ат үстінде отырып берген батасы:

Бисмилләһи- Рахмани -Рахим. Қымбатты балаларым!
Жүзге жүзген атаңмын,
Берер болсам батам — мың.
Дәл, осылай бастауы,
Нұрсұлтанға берген батамның.
Ағайындықтың Ақ туы асқақтасын!
«Алтын көпірімізді» шаң баспасын!
Еліміздің мәртебесі биік болып,
Ұрпағын, төңірім, аман сақтасын!
Ағайын, аруақтар иманды болсын!
Фәниде жүздерің дидарлы болсын!
Бәріңе Алла түгеспейтін ризық беріп,
Тәуфікте төрт құбылаң тең болсын! Әумин.

Жол-жоралғы рәсімі аяқталған шақта Абай ауданының Кеңес төрағасы Төлеуғалиұлы Байбота (Жөкей Тобықты) мінберге шығып, ұлылар елінің, даналар елінің атынан тойға құрметтеп шақырған Ақтоғайлықтарға, Қараменде бабамызға ортасынан ойып орын берген, аруағын асқақтатып, сыйынар, табынар піріміз деп, Арқа ардақтысы атандырған Өтеміс-Тоқсан, Әлтеке-Сарым ұрпағына рахмет айтты.

Кездескенше күн жақсы болғай айтысып, Бабасына ас беріп, той тойлап қайтқан Ұлы Абай елінің көруен-көшінің алды аэропортқа жеткенде, арты өнді қозғала бастаған еді.

Алдын-ала уағдаластық бойынша Шыңғыстаулықтарды Қараталдың Шабанбай ауылы азаматтары құрметті қонақ жасауға жолдан күтіп алмақшы. Жол бастап келе жатқан біздерді (Ноғайдың Амантайы, Бердіғали, Ғалым, Ораз, Махмұт, Тұңғышбай) Ақсораңның қарағайлы, қайыңды, ақ теректі, мойылды, қарақатты-бүлдіргенді Әулие атанатын ат шаптырым алқаптың солтүстік жақ беткөйіндегі бұлақтың басынан жолға қарай шұбаған жаяулар легі қарсы алды.

Бұлар — ауыл ағалары Қауаз Мұқажанұлы, Жақан Алтынбекұлы, Зейнолла Құдашбайұлы, Қазтай, Мұқсиын жөнө Мұрат, Сапар, Матжандар бастаған ел азаматтары, қыз-келіншектері, жақсыны көрмек үшін дегендей, жиналған халық еді. Күннің желтең салқындығына қарамастан, орманның ортасын өдей ойып жасағандай дөңгелек алаңға жайылған ұзын дастархан басында ағытылған ақ тілектер, әуелеткен өн, күмбірлеткен күймен, шұрайлы өңгімелер өзін-қалжақпен кезек алмасып, сағат 3-ке дейін толастаған жоқ.

«Жол мұраты — жетпек» деген, жолаушыларымыз халықтан рұқсат сұрап, дастарханға Шөкең атамыз ақ батасын беріп, Рымқан ағамыз халқына жүрек тереңінен рахмет-алғысын айтты. Ду көтерілген ел Шөкең бабамыздың бөтінен сүйіп, қош айтысқандар легі басыла бергенде, көліктің алды, Қызыларайды бетке алып, Ақсораңның кең қайқаңын өрлеп бара жатты.

«Қызыларай» ауылының орталығын қақ жарып отетін көтерме тас жолдың тамамдалар шетіне іліккенде, жайдақ өткелді өзеннен өтісімен ата-бабамыз «Қара жол» деп атап кеткен қасқа жол басталып, Қарқаралыны, бөрірегінде Аппаз өзенін, «Жамбыл» кеңшарын бетке алып, одан өрі тоғыз тирлеу

жолға ұласып, жан-жаққа тарап жатады.

Біз «Қызыларай» көңшарының орталығына ат басын бұрып, аялдағамыз жоқ. Өйткені, Қызыларайлық азаматтар бұрнағы күні Абайлықтарды арнайы қонақта болғанда, «біз Семей мен Ақтоғайдың шекарасында отырмыз, көле жатқанда ат басын тіреп, амандасар, қайтып бара жатып, жол болсын айтар ағайынбыз. Сондықтан, қайтар сапарда ауылымызға аялдап, бір күн демалып аттанасыздар» деп қолқа салғанда, қонақтар ұзын көшпен қона жата алмайтынын айтып, рахмет дескен болатын. «Олай болса, құдай қаласа, ұзын жолдың бойында кезігерміз» деп, қош айтыспағандығын. Қызыларайдың орталығынан 30 шақырымдай жол жүріп, ұзын өлкені өрлеп келіп, биік қайқаңның беліне көтерілгенімізде Қарақуыс, Қарқаралы таулары таяудан-ақ мұнартып тұрды. Біз тұрған бөлестен басталған кең өлке солтүстік батысқа қарай алыс-алысқа созылып жатты. Шынында да осы бір биік қайқаңнан бастау алған «Аппаз», «Көктал» өзендері солтүстікті бетке алып, Нұра атанып кете барса, оңтүстікке бет алған «Дөмбүлан», «Жіңішкө», «Қаршығалы» өзендері дәл осы алқаптан бастау алып, Тоқырауын арқылы Балқаш көліне жетеді. Алқабымыздың етегін ала, төменіректе машиналардың, адамдардың топ шоғыры көрінді. Біз топқа таянып тоқтағанымызда, кең жазықта күз болса да жаз реңінен айырылмаған көкорай шалғын арасынан аспанға атқылап тұрған фонтанды айнала қоршаған адамдар арасынан қасында екі қызы бар Майлық Мұқтардың Алтыны қонақтарға күміс табақпен, кестелі орамалымен жабылған нан-тұз ұсынды. Абай елінің сән-салтанатына сәл де болса ұқсаған осы бір көрініске іштей қуанысып қалдық.

Алтын болса, қолындағы қасиетті нан-тұзын жүзге жүзген (өзі айтпақшы) атасына ауыз тигізіп, шөжіре жазылған ақ қағаздай тарих нұры шалған үлбіреген бетінен сүйіп, ақ батасын алды.

Бұдан соң құрметті қонақтарға сәлем беруді жүзге жасы жетпесе де, жүзді көргендей басы бар, халқының «Қазағасы» — Тойымбектің Қазкөні бастап, Қасымның Серікбайы- (Мәрияшымен), Бекмолданың Көгені, Баймұқанның Кәрібегі, Мәжіманның Нілтайы, Әбәудің Сүндеті қолтағаған бір топ ел ағалары, ауыл азаматтары жалғастырып жатты. Сәлем

берушілердің легіне қарап. Қызыларайлықтар жартылай көшіп келген бе деп қалғандар да болды ішімізде. Бұл сұрақ та төгіннен-тегін ойға оралмаса керек. Қызыларай елі — ертеден-ақ ел аузына ұйымшыл, қонақжай, еңбекшілдіктерімен қатар өнерпаз, сауықшылдықтарымен ілігіп келе жатқан аруақ жанаған ел.

Бүгінгі көздесуде осы бір қасиетті халықтың атадан балаға өнеге-үлгі болып жалғасып келе жатқан асыл мұраттарының айшықты бір кезеңі болды.

Күздің қысқа күнінің 2 сағатқа тарта уақыты ішінде екі жақтың бір-біріне деген сый-құрмет қошеметтері ағыл-тегіл еді, егер көлістіріп жазушы болса, ұрпаққа ұсынар тағылымы мол із қалар еді.

Қызыларай халқына, қызыларайлықтар арқылы Ақтоғай халқына шексіз рахметін айтып, ағыл-тегіл ақ батасын берген Шәкең әкемізден кейін рахмет айтқан Исабайұлы Бекмағанбет ағамыз қысқа да нұсқа былай деді:

— Уа, халқым, біздің Қараменде бабаны — Ұлы би, Кеңгірбай бабаны (Би ата) — Үлкен би деп ұрпақтары асқақтатқан екен, даналық дариясын тасытқан екен. Рахмет, айналдым сол ұл-қыздарымнан!

Бұл — қасиетті Жидебай, Жалаңтөс, Шабанбай бабалардан ұрпаққа қалған ұлылықтың сарқыты деп білеміз. Ұлылардың сарқыты мәңгілікке сарқылмасын!

Өсиет-өнеге оранған Ақтоғайдың ұл-қыздары дәл осы бұлақ көзіндей мөлдіреп, абыройлары аспанға атып, жарқырасын! — дей келе:

— Құрметті ағайын! Көздесулеріміздің куәсі, ағайындық «Алтын көпіріміздің» шекарадағы тұтқасы болсын деп, мына, киелі бұлақты «Туысқандар бұлағы» деп атасақ деген ойымызды орталарыңызға тастадым, бәтуа!

— Өте дұрыс, қуаттадық бір ауыздан, бәтуа, бәтуа! — деген қуанышты дауыстар айқайы басыла бергенде, ауыл басшысы Серікбай жұбайы Мәрияштың сырлы тегенесінен үлкен тостағанға құйған бұлақ суын Баба түкті Әзиз атамыздан (Шәкір) бастап, үлкендете бір-бір ұрттап шығуға ұсынды. «Туысқандар бұлағының» шипалы суынан алғаш ауыз тиіскен (жаңа атынан кейін) ағайындар құшақтаса қош айтысып, қайыра қауышқанша амандықтағы жақсы күндер көп болғай айтысып,

аттанып кетті.

Я, Алла, амандық бөре көр, ағайынға, өмсемізге!

Қазақта «Ас — аттынікі, той — тондынікі» деген мәтел сөз бар. Сол атадан қалған қағида сөзді мен заманымызға қарай «Ас — ағайындыкі, той — туысқандыкі» деп сөз өзгертіп ой түйдім. Өйткені, жоғарғы орыннан өшкім тапсырыс өскерту жасамай-ақ туысқан бастап (ынталы топ), ағайын қостап Қараменде бидің 285 жылдығына арнап айта қалғандай ас берілді, таңдай қағарлықтай той жасалды. Бұл — бір ғана адамның немесе ат төбеліндей туыстардың қолынан келетін шаруа емес. Жұмыла көтерген жүктің жеңілдігін ағайындық ақылға жеңгізген, ұйымдасқанның ұтатындығын, елдік бірлікке жеңгізген көсегелі ұрпақтың, аталы халықтың қаһармандық ағайындығы. Тойға Астана (Ақмола) қаласынан келген Бидің Дүйсекесінен тарайтын ұрпағы халқына адамгершілігімен, ыждахатты өңбегімен құрметі артқан, қадірменді ақсақалымыз Қайназардың Шөймені тойдан кейін Ақжолтайдың Маратының (үлкен үй) үйінде бас қосқанымызда:

— Жігіттер, Зияда, Ғалым, Бердіғали! Бабаңа бір ғаламат қызмет жасалып, ас берілді. Мөнің таңым осы ғаламат, ұлан-асыр шаруаға қалай жүректерің дауалап, батылдарың барды екен деймін?!

— Шөке, дұрыс айтасыз, аруаққа күңіретіп ас беру, күмбірлетіп той жасау жеке дара біз түгіп, басқаның да қолынан келмейді. Аста біз жеке тұлға емес, көптің бірінің ісін ғана атқардық. Аруақ сыйлаған халық бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бабасына ас та берді, той да жасады. Халқына қуат беріп, үлкен істе ұйымшылдықты іс тындыруға жұмылдырып жөбеп-жөлөген Бабаң аруағы болар.

Бабаң сияқты сүйген құлына әмәнда қамқор болып келе жатқан бір Алланың рахманы болар — дедім мен.

Сөзді әрі қарай өзі жалғастырып, Шөкең Қараменде бабамыздың ойдағы-қырдағы, даладағы-қаладағы ұрпақтары атынан, тойға жан-жақтан ат сабылтып, атан болдыртып, қопарыла көшіп, қуана қоныстанған, ағыл-тегіл ас берген барлық халқына, тойға көле алмаған, тілеуқор, ағайындарына елжірегөн жүрегінің, езілген көңілінің тұнығынан шыққан алғысқа толы рахметін айтты. Құрметті көш басшымыз, сонымен бірге біздерге, би ұрпағына да ұлағатқа толы үлкен

міндетті — аманат етіп кетті. Ардақты ағаның асыл аманаты «Ағайынның төсін жесең, ұшасын сайла» деген қанатты қағидаға саяды.

Алла халқына қуат, бәреке, бірлік беріп, аруақ азаматтардың ісіне жар болып, Бабаңның асы да тойы да етті. Күдікті көңілімізге қуаныш ие болғандай, төуба, төуба! Аллаға мың хатта төуба!

Тойға дайындала жүрсек те, астың аласапыранымен жүрсек те, тойды өткізіп көңіліміз қуанышқа көнелсе де, ойымыздан бір түйткіл өш шыққан емес. Ол — көлер жылы, құдай қаласа, жаңғыртылмақшы Бабаң мазарының үлкен шаруасы. Бұл «түйткіл» — той тарқағаннан кейін, тіпті, тереңдеп, ауырлап, алаңдатуға көшкені хақ.

Ас алдындағы дайындық кезеңінде ақсақалдарымыздың «кесенесі жаңармай, асқа асығу қалай болар екен, кесенеге қаржы қалмайды-ау» деген күдіктері қайыре жанданғандай, ойды ауырлатып тұрды. Шынын айтар болсақ, тойдан кейін Бабаң қоры есеп шоты қоржынында қолға ілігер қаржы шамалы еді.

Осындай толқуымды Ақсораңның өулиесінің бұлағының басында Рымқан ағамызды оңашалау шығарып сөздіргенімде, «бұл мәселе біздің жігіттердің де ойында бар. Әсем күмбез бабамызға жарасып-ақ тұр. Жол-жөнөкей ақылдасып, айтармыз» деп қуанып тастады.

Әңгіменің жалғасын «Туысқандар бұлағы» басында Рекең бастап, Байбота бауырымыз түйіндеді. «Бұл, өте құптарлық шаруа. халық та қуана қарсы алады деп ойлаймын. Елге бара азаматтармен ақылдасамыз, Орал да қарсы болмайды. Хабарласып отырамыз ғой» деп жақсылықтың шетін суыртпақтап кеткен болатын.

Бұл кезде Ұлы Абайдың 150 жылдық мерей тойына дүниежүзілік (ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша) дәрежеде дайындық жұмысы қызу басталған болатын. «Киіз кімдікі болса, білек соныкі». Аты дүниежүзілік болғанымен, той жасайтын, қонақ атқаратын Абайлықтар. «Тас түскен жерге ауыр». Ауырды көтеру — елдікке сын. Абайлықтардан жөткен қуанышты хабар — кесенені салуға алаңдамау керек және асықпау керек. Көңілге тиянақ болар хабар.

Дәл осы кезде елдегі жағдай — өтпәлі кезең атанатын.

Одақ ыдырап, көненің құлдырап, құрдымға көте бастаған шағы болатын. Жаңаның енді-енді төй-төй басып, тірнектеп өзгеден жинай бастаған балаң көзі болатын. Болашаққа сенім артудың кімге де болсын буылдырлау мезгілі болатын:

Желтоқсан айының (1992 ж.) орта тұсында Бапқаш қаласына балаларға келдім. Ойым өзімізге қараған ағайынға ақылдасып, пікір бөлісу. Мөнің қалаға келу мақсатымды түсінген Қазі (ұлдың үлкені, қалалық СЭС-та дәрігер): «Сіз ағайынды артқа қойып, алдымен «Балқашмыстың» өзінен неге көмек сұрамайсыз. Кейінде осындай халықтық шараларға көмек беріп жатыр дөп естідім. Тура комбинаттың директоры Раджибаевтың өзіне кіріңіз» — дөп ақыл берді. Бұл да жөн өкөн дөп, бапаның дұрыс пікіріне қолдау көрсөттім. Бір ойды, бір ой қозғайды, «Жалғыз ақыл жақсы, екеу болса, бөкөм болады» деген халық даналығы ойға оралып, Мейрамбек ақсақалға телефон соғып, өңгіменің басын үлкеннен ақыл сұрай бастап, аяғын комбинаттың Бас директорына кірөйік деген пікірге тіредім. Мекең туа табиғатынан кісі сөзін қатты сыйлайтын, үлкен-кішіге бірдей өлгезек адам, бірден мақұлдап, «олай болса, Раджибаев Марат Юнусовичтің қабылдау күніне қарамай-ақ өртөң жұмыс аяғында өсебін тауып кірөйік» — дөп (директордың аты-жөнін сақ өткізді) жетектөй жөнөлді.

«Сабақты ине сөтімен», көлесі күні жұмыс аяғынан өрте-рек көшкі сағат төрттерде комбинатта болып, өзіміздің жігіттерден бас директордың орнында өкөнін білдік. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қызымыз біраз қиналыстан кейін, алдындағы тілхат құралының бір тетігін басып қалып, бас директорға біздің өтінішімізді айтып бола берген кезде «После шести» (алтыдан көйін) деген қоңырқай дауыс саңқ өте түсті.

Мекеңді алға салып, бас директордың жұмыс бөлмесіне ұлықсат сұрай өсік ашқанымызда төрдегі сөнді жұмсақ орындықтан баяу көтерілген орта бойлы, қызыл шырайлы, қоңырша көлген толықтау қазақ жігіті бізге қарсы жүріп, оң қолын ұсына бергенде, Мекең қолын ала-мала көң құшағына алып, сөлемдөсіп жатты. Мен де Мекең ізімен Маратты құшағыма алып, шүйіркелөсе бердім. Мараттың өзіне таяу нұсқаған жерден орындыққа отырғаннан кейін, Мекең өзімізді таныстырып шығып, сөз аяғын маған тастады

Мен болсам, «Айран сұрап келіп, шөлөгіңді жасырма» деген нұсқа сөзді еске алып, қысқа ғана Бабаң асына демалыста болып өзінің келе алмағанын, Сыздықов Елқайырдың (I орынбасары) қатысқанын айтып, келер жазда қонаққа шақырудан бастадым сөзді.

Осы кезде «барамын» деп рахмет айтып, сөзге араласқан Марат Қарекөң басында екі рет болағанын әңгімелеп, бізге жылылығымен жақындай түсті. Кезекті сөтті пайдаланып, «айран сұрай келген шөлөгіңді» көрсеткенімде, Марат «қанша сумма қажет дейсіз?» деп, ақпейіл ықыласын алдыма жайып салды. Мен де «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дегендей, бой үйренгендікке салып 1000000 (бір миллион) сом деп қойып қалдым. Мекен де осы кезде маған жалт қарады. Маратта үн жоқ. Тек алдындағы қаптаған телефон тетігінің бірін басып қалып, «Амангелді Жұмақанұлы, мөңде Қарамөңде бидің ұрпақтары отыр. Бабаның мазарын салуға бір миллион сом көмек сұрайды, қалай, қашан көмектесе аламыз?» дегенде, өр жақтан «Марат Юнусұлы, көмектесуге болады. Тек ақшаны желтоқсанның 25-інде бір рет, екіншісін келер жылдың ақпан айында аударамыз» деп бізді өзіне шақырды.

Амангелді Жұмақанұлы Мұқаханов — «Балқашмыс» комбинатының бас бухгалтері. Біз Марат бауырымызға алғысты жаудырып, рахметімізді айтып, Амангелді Жұмақанұлына келдік. Амангелді ақша аудару үшін алдымен «ынталы топтың» жиналыс қаулысы, аудан өкімі мен аудандық Советтің қатынасы, мазардың жобасы мен сметасы жөнө есеп шот нөмірі, мекенжайы туралы құжаттарды тездетіп өкелу керектігін айтып шығарып салды.

Үлкен шаруаның бастауына арқау болар жібінің ұшын ұстағандай сергек көңілмен машинаға отырған бетте Мекен: «Зикен, жаңа директорға миллион сом деп қалай батылың барып айттың, мен көп пе деп қысылыңқырап отырдым. Бірақ өте дұрыс болды ғой» — деп, ризалықпен «Аллаға төуба!» деді.

Араға біраз күн салып, айтылған құжаттарды дайындап, қайта оралып, Амангелдіге тапсырдым. Уақыт — тынымсыз жолаушы. Халыққа жақсылығынан «жаңалығы» басым түскен 1993 жылдың табалдырығын аттағалы төртінші айдың жүзі

ауып барады. Жаңа жылдың өлге жеткен «жаңалығы» бізді де айналып кете алмады. комбинатымыздың Бас директоры Марат бауырымыз Алматыға ауысып, біздің үмітіміз өліара шаққа деп келіп, үзіліп кету қаупі төнген еді. Ақиқатында солай болды да, бірақ істің ақырын Алла өзі оңғарып, оң жолға бастады. Жаңа директорын күтіп отырған комбинат көткеннің тапсырмасын қайтсін. «Өлінің тілін тірі ала қоя ма» деген ұтқыр ой осындайда көдеге асқан болар. Көңілденген көңілдің көк жиегін қайыра күдік қаптаған шақта «Бітетін істің басына, жақсы көлер қасына» деген даналықтың біз үшін деп басқан тұсы болар.

Осы бір қолайсыз кезеңде Әлтөкөнің Жөмеңкесінен тарайтын Қошантайдың Жақыпбайының Сөті тосын апаттан қайғылы қазаға душар болған еді. Қайғылы қазаға аудан халқы аза тұтты. Жәмшіліктерге ауыр қайғы кім-кімнен де ауыр тиері сөзсіз еді, сондықтан да боздақтың қаралы қайғысы менің де ортақ қайғым деп біләмін.

Қонағасыға Балқаштан Әбілқанның Шөкімі жұбайы Шөкенмен келді. Шөкен (марқұм, жаның жәннатта болсын!) болса, Жақыпбайдың қарындасы Күліштен туған жиен болады. Ал Төкең (Төлеуқұл — Шөкім) жиен күйеу болып келеді. Төкең сияқты азамат бауырымызды алдын-ала шолатастыруымыздың басты себебі — үзілген үмітті жалғайтын, «бітетін істің басына көлген» жақсымыз да, ақылшымыз да, қамқоршымыз да осы Төкең болатын.

Ғаләң (Ғалым) өкеуіміз алдын-ала ақылдаса келіп, Төлеуқұлға оңаша жолығып, бабаң мазарын салудың жолын іздеуге (қаражат, құрылыс жабдығы) ақыл сұрамақшы болатұғынбыз.

Төкеңе жағдайды бастан аяқ қысқаша баяндап, айтқанымызда, өбден тыңдап алып, өш бөлсініп бұлданбастан, іркіліп, ауырсынбастан:

— Дурыс, Зеке, Ғалеке, құдай қаласа, Бабамызға дұрыстап бір мазар салайық. Бөрімізді де қолдап, жебеп-желеп жүрген сол бабалар аруағы ғой — деп, сөл ойланып қалды да, — мен өртең Балқашқа барғаннан кейін Алматыға екі күндік іс сапармен барып қайтам. Ертеңді қосқанда үш күн өтіп төртінші (жұма) күні Балқашқа келіңіздер, тікелей маған келіңіздер. Сол жерде жігіттермен ақылдаса отырып

шешеміз. Алаңдамаңыздар, бабамызға қолдан келгенді жасаймыз. Алла амандық берсе — деп, ақ жүрегін алдымызға жайып салды.

Төкеңнің «құдай қаласадан» бастап, «Алла амандық берсемен» аяқтаған екі ауыз түйінді де тиянақты сөйлемі бізді қанаттандырып, баба аруағын асқақтатып жіберді.

Айтылған уағдалы күні Ғаләң, Бердіғали үшеуіміз Балқаш шаһарына жетіп, «Балқашмыс» комбинатының құрылыс жөніндегі директорының қабылдау бөлмесіндегі хатшы қызға жолыққанымызда, Төләуқұл Әбілқанұлы өзінде өкенін, кеңес еткізіп жатқанын, түске дейін босамайтынын білдік. Түстен кейін, сағат үштерде амандасып жолыққанымызда бүгін «жұмыс басты» өкенін айтып, көшірім сұрап, ертеңгі онда келуімізді өтінді. Айтпақшы, біз отырғанда хатшы қызды шақырып алып, он шақты адамның аты-жөнін айтып тіздіріп, ертеңгі он жарымға өзіне келулерін тапсырды.

Ертеңгі сағат тоғыздан аса бөре біз де «жұмыс орнымызға» — күту бөлмесіне келіп орналастық. Әңгіме арасында Ғаләң: «Біз үшеуіміз бірден мұнда уақыт өткізбей, Қайрақтыға, Сырымға Бердіғали екеуіміз жүре бөрейік. Мұндағы шаруаға сіз қалыңыз» деп ой тастады. Бір жағынан бұл да дұрыс пікір, уақыт болса өтіл барады. Менің ойыма қазақтың «көмектеген қонақ жөнелтөді, көптөген жау қашырады» деген мәтелі келіп, үшеуіміз қатар болсақ, салмақтырақ болармыз жөне де «көлісіп пішкен тои келте болмас» деген қағиданы көлденең тартып, не көздесуді де ақылмен бірлесіп шешкеннің дұрыс өкенін ұсындым.

Мезетті сәтте «кірсін» деген хабармен есік ашқанымызда, төрде отырған Төкең жұмсақ креслосынан баяу көтеріліп, бізге қарай бөттөп, қарлығыңқырап жуан дауысымен «төрлөтіңіздер, бауырлар» деп қос қолын әрқайсымызға көзек ұсынып, елдің, отбасымыздың амандығын сұрай берді.

Әңгіме негізгі шаруа мазар құрылысына ауысып, мазардың жобасы жайлы, көлемі қандай болуы керектігі туралы қызу пікір-таласына өнген көзде, хатшы қыз кіріп, адамдардың жиналғанын хабарлағанда, Төкең «кірсін» деп бірден бұйрық берді. Орысы бар, қазағы бар он шақты жігіт амандықтан соң ұзын столды жағалай қойылған орындықтарға бізге қарсы отырысты.

Төкең біздерді келген азаматтарға лауазым аты-жөнімізбен таныстырып шықты. Бұдан соң таныстыру кезегі өзінің еңбектес жолдастары, бізге беймәлім қонақтарға ауысты.

Сыздықов Елқайыр Қабылкөрімұлы — «Балқашмыс» АҚ бас директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары.

Мұқажанов Амангелді Жұмақанұлы — «Балқашмыс» АҚ бас бухгалтері.

Кенбаев Мұхтар Рахманұлы — СМУ бастығы

Жұмағұлов Қажымұрат Абдоллаұлы — «Балқашмыс» АҚ монтажды-жөндеу цехының бастығы

Шаймерденов Сағат — «Балқашмыс» АҚ капиталдық құрылыс бас инженері.

Қарымсақов Саржан Қуанышбекұлы — ОКС-тын жоспарлау бөлім бастығы.

Кромин Сергей Александрович — РСУ бастығы.

Әбеуов Мұрат — сәулетші-архитектор.

Төкең келген азаматтарына бұл бас қосу кезекті өндірістік кеңес емес, ағайындық ақылдасу екенін айтып, еркіндік бере, тізгінің бір жағын өздеріне ұстата ой тастады. Бұлардан кейін кезек-кезек өз ойларын ортаға салған өндіріс басшыларының айтқан тілектері, ойлары бір ортаға жинақталып, үмітіміздің түйінін шешіп берді десем ешнәрсені асығыстықпен артық айтпағаным деп есептеймін. Ақылдасудан жүрегіме жол тартқан зерделілік — қол ұшын бере пікір айтқан өр саладағы лауазым иелерінің, өл ағаларының Қараменде би бабамызға қызмет жасауға қарыздарлық пәйілмен ой тастап, аруақ үшін бәрін жасауға дайын екендіктері болды.

Ұлы орыс халқының өкілі Сергей Александрович Кроминнің «Қараменде би великий Баба — наша Баба» деген жүрек тебірентерлік бір ауыз сөзі жүрегімізді жаулап алып, елжіретіп жіберді.

Ақылдастар алқасындағы ағайындық ақылдың қорытындысы бойынша мазарға қажетті құрылыс жабдықтары (ақ кірпіш, цемент, темір-бетон, түрлі өлшемдегі темірлер, мрамор табақтары, гранит, габро, есік, терезе, т.б. ағаш материалдары) жеткілікті мөлшерде дайын болатын болды.

Екінші мәселе, құрылыс жүргізілетін «Ақжарықтағы» бабаң

мазарына инженерлік, барлау-өлшеу жұмыстарын жүргізу үшін құрылыстың бас инженері Шаймерденұлы Сағат өкеумізді Ақтоғайға іс сапарға бөлді.

Бұдан соңғы күрделі жұмыстың бірі — Қараменде би мавзолейінің құрылысының жалпы локальды сметасын және жалпы құрылыстың сметасын жасау А.А.Кубыкин мен С.А.Тутееваларға міндеттелді.

Мавзолейдің архитектурасын жасау сәулетші Мұрат Әбеуовке тапсырылды. Құрылысты жүргізу жұмысшы күшімен қайыра салуға байланысты құрылған «ынталы топ» комиссиясына жүктелді. Ал, құрылыс материалдарын мазар басына (Ақтоғай, Ақжарыққа) жеткізуді комбинат өз жауапкершіліктеріне алды.

Осылайша, ақылдастар алқасы, азаматтар көлісімі имандылық игіліктің қорытындысын жасап, аруақ үшін «Алла» деп үлкен істі бастаған еді.

Комбинаттың құрылыс жөніндегі бас инженері Шаймерденұлы Сағат өкеуміз Жәмші, Ақтоғай арқылы Ақжарықта болып, ескі мазарының орны, көлемі, жаңа құрылысты жүргізудің инженерлік жобасын өлшеп, сызып анықтадық.

Маманның аты — маман, білімнің аты — білім. Сағаттың жеті рет өлшеп, бір рет сызғандағы түйіні — Баба мазарына жаңадан үлкен құрылыс, күмбезді көсене салуға болмайды. Келешегі қауіпті. Өйткені, Бабаң өзі жатқан мүрдеханасынан бастап 15-30 метр жерге дейін тас, балшық мазарлар, қоршалған қабірлер (көрхана), кесенеге фундамент (іргетас қою) қазуға болмайды, ондаған адамдардың мүрделеріне зардабы тиіп, сүйектері үгітіліп, құдай алдында, аруақ алдында обалға қаламыз деген мұсылман перзенті үшін ауыр шешім. Осылайша екі бағытты ұйғарыммен Балқашқа оралдық. Бірінші ұйғарым — Бабаң ағасы, баласы үшеуі жатқан төрті бөлменің (ескі мазар екі бөлмелі) үстінен шағын күмбезді тұрғызу. Екінші ұйғарым — екі бөлмені және іргеге таяу жатқан қабірлерді қамтып төрт құлақты ашық мазар тұрғызу.

Екі ұйғарымның жобасы бойынша терең фундамент қазылмайды деп қортындылады. Сәулетшілерге осы екі жоба бойынша тапсырма берілді. Комбинаттың құрылыс архитекторы Әбеуов Мұраттың жобасы көптің көңілінен шығып, бөрімізге

ұнады.

Мавзолейдің Әбеуұлы Мұрат жасаған бірінші жобасы бойынша сметасы жасалды. Немесе №ПЭ-112013 сызу схемасы бойынша жасалған смета 1 қаңтар 1991 жылғы баға бойынша (№3954 санды смета) 128624 сом, еңбекақы 10315 сом болып бекітілді. Өздеріңізге белгілі, смета 1 қаңтар 1991 жылғы бағамен жасалғаны, бұл кезде ақша құны өзгермегені, Одақ ыдырамағаны, бағаның босатылмағаны. Ал, мавзолей құрылысы 1993 жылғы қалың қауырт өзгеріс тұсында жүргізіліп, сметадағы сома 48 миллионға күрт өскен болатын.

Жоғарыдағы көрсетілген дайындық жұмыстары Төкеңнің қатаң бақылауының, жіті талап етуінің нәтижесінде сол жылдың 28 мамырында толық аяқталып, 30 мамыр күні алғашқы кірпіш тиеген 2 «КамАЗ» автомашинасы Ақжарық мекені, бабаң басына «Бисмиллаһи-Рахмани-Рахим» деп, киелі құрылыстың киелі жүгін жеткізген болатын.

Төкеңнің Бабасының мавзолейін тұрғызуға қызу да құлшынып кіріскені соншалық, өзінің аса жауапты да ауыр жұмысына қарамастан, күнделікті жұмыс күнін Бабасынан бастап, өзгелерден де талапты осы мәселеден бастап, жиі бақылауға алатын.

Сметаның (А.А.Кубыкин, С.А.Тутеева) бір күнге кешігіп келген документінің бұрышына «уточнить и исправить цифры и срочно в печать. Собрать визы сегодня и выпустить приказ сегодня. 28.05.93 г.» деп қол қойып жазған осы бір бұрыштамасы Төкеңнің азаматтық биіктігін айқындай түсетіні ақиқат.

Алла сәтін берсе, өндігі алда тұрған басты міндет — барды ұқсатып, орнына көлтіріп, «жібекті түте алмаған жүн қылады» дегізбей, қарапайым да керікті, бабаның даңқына сай мазар тұрғызу. Ол міндет — Ақтоғайлықтардың сыбағасына тигені мәлім. Ынталы топ құрамының бас қосуында ақылдаса келіп, Қияқбайдың Бөрдіғалиының (марқұм) ұсынысы бойынша ауданда көйінде құрылып, жұмыс жасап жатқан Малдыбаев Шаймұрат басқаратын «Перспектива» кооператив қоғамы (құрылысшылар бригадасы) мазарды салуға кірісті. Құрылысшылар бригадасының мүшелерінің басым көпшілігі, ауданда сонау қырқыншы жылдардан бері қарай қоныс теуіп, бірге туғандай болып, біте қайнасып кеткен

жергілікті немк ұлтының төпсе темір үзетін шебер, еңбекшіл азаматтары болатын.

Бабаң басындағы басталғалы тұрған үлкен жұмыстың басына көшіп барып, аруаққа шырақшы, құрылыс жабдығына күзетші, келіп-кеткен қонаққа, өзіміздің көмекке келген адамдарға қонақжай болуға Чапай өлінде Әйнәк, Өмірбек, Несіпбек ақсақалдармен ақылдасқанда, Несіпбек пен Ақмаңдай (Ыбырайдың Қабдолласының әйелі) келісіп, азаматтық жасағандай болды. Нақты көшуге келгенде екеуі де уағдадан шыға алмай, табансыздық танытты.

Аудан орталығында қызмет етпейтін, бос отырған Би ұрпақтарымен ақылдасуда еш нәтижесін бермей, ағайын арасын аз да болса торықтырып тастады.

1993 жылғы шілденің 1-жұлдызында торыққан көңілмен Жәмшіге от басына оралып, Қанаш, Қами-Ғалия, Абзал-Элмиралармен жанұялық ақылдастық жасадым. Ойым орнынан шығып, дереу көш қамына кірістік. Өзімізде киіз үй болмағандықтан, Калининге Тұрғанның (Нөкештің) Бақышының киіз үйіне машина жібердік. 2-ші шілдеде дайындық толық сақадай сай болды-ау деген қуанышты көңілмен, қонаға жүкті тиеп қойдық.

3-ші шілденің ертеңгі сағат ондардың мөлшерінде жиналған халқымызға жеңіл жолашар жасап, рахметімізді жаудыра көштің басын қасиетті Ақтоғайдың киелі Ақжарығына түзеп, аттанып көттік.

Біз қасиетті қонысымыз — Бабаң басына жеткенде сағат тілі өкіні көрсеткен өкен. Бабаң мазарының айналасы ығы-жығы қаптаған халық, үлкенді-кішілі он шақты автокөлік. Бұлар— Аллаға сыйынып, аруаққа дұға өтіп, Бабаның 1922 жылы халқы тұрғызған саман кірпіш кесенесін бұзып, арнайы орынға үйіп жатқан аудан орталығы азаматтары өкен.

Қастарына көш келіп тоқтағанда Әлтайым (Әлімхан молла), Байжұманның Сағатайы, Ғалым, Нөкештің Оразы, Исатайдың Саматы бастаған көпшілік жабыла келіп «Қоныс аман болсын!» айтылып жатты. Осы кезде жиендігін бағып Ораз Әлекең нағашысын қолға ала жөнеліп: «бұрынғы моллалар шариятта бір салынған бейітті бұзбайды, қайыра жаңғыртпайды деп уағыздаушы еді. Ал, біздің нағашымыз Әлекең молла, Алла бәрін простит етеді, бұрынғыларға кінә

жоқ, арабша білмейді, біз құсаған орысшаға жетік емес деп шарифатқа орысшадан өзгеріс енгізіпті» — деп халықты бір күлдіріп тастады.

Әлекең болса, жиеніне қарсы дауға шыға алмай: «Шарифатта солай айтылатыны ақиқат. Алла өзі оңғарсын, бабаның отауының орнына Орда тұрғызайын деп жатырсыңдар, оған бабаларың разы болмаса, ренжімеуге тиіс» — деп, өзілден арыла, ой тастады.

Бабаң басына бір жаратушыға сыйынып, алғаш рет үй тігіп, мал сойып, хатым (құран) түсіртіп түнеу құрметіне ие болған сол түнге қуанамын. Алғашқыда қуаныштан жүрексіну басым болғанын жасыруға болмайды. Сол күні бабаң басына Әлтайым мен Фалең екеуі бізбен бірге қонып қалды. Ондағы ойлары — біздің алғаш түнді алаңдамай қонып шығуымыз болса керек. Молланың бізге ескерткен уағызының бірі — егер ескі мазарды бұзатындай қажеттілік туатын болса, онда сол мазарды мекендеп жатқан ақи иесісінің ұрпақтары ғана шарифатқа сай жолдарын жасап, бұза алады екен.

Баба кесенесін салуға байланысты дайындық кезеңін аз да болса, қамтыңқырап баяндап жатқанымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген даналықтың дәл орнына жұмсалып, маңызды мағынасына ие болғанын анықтай түскіміз келгендіктен болар.

Даналықтың алғашқы жолдарының қасиетті қағидасына сай асыл қасиет иесі атанып, ел құрметіне бөленіп жүрген абзал азаматтардың нұрлы жолы (нұры тасысын) келер ұрпаққа пір тұтар, жол бастар, адастырмас темір қазық болса, даналықтың соңғы жолдарының (құты қашсын) ащы да болса айтарынан, бәтуасыз жолынан келер ұрпақты сақтандыру болмақ.

Бұрынғы мазарды алып, орнын тарзарту жұмысына келесі күні көшегі ағайындарға Сәуледен Әбілғазы баласымен, Қасымбек, Ұзақбай, ауданнан Әсет, Сатыбалды, Марат, Бекен, Жанатбек, Темірғалылар қосылып, толық аяқтап, молла дұға оқыды.

Енді жұмысты келісім-шарт бойынша Малдыбаев Шаймұраттың «Перспектива» кооперативінің құрылысшылар бригадасы мазардың фундаментін қазудан бастады.

Құрылысшылардың өздерінде техника болмағандықтан, техникамен қамтамасыз етуді Әбілғазы (Қоңырат) өз міндетіне алған болатын. Техникамен көмек жасауда «К-700» тракторының жүргізушісі Бейсенбин Маралдың еңбегі алғыс айтарлық болды.

Мазар құрылысы екінші жобамен кең көлемде басталатын болып келісілген болатын. Бұл жобаның авторы Малдыбаев еді. Бұл мәселені дйттеп қайталуымыздың себебі, комбинат жасаған әсем күмбез жобадан неге ауытқуымыз болып отыр. Фундаментті қазу кезінде, әсіресе, негізгі бөлім тұсында мейіттердің қабірлері зақымдалып, адамдардың бас сүйектерін қайыра жерлеуге тура келді.

Комбинаттың құрылыс жөніндегі бас инженері Сағаттың ескерткен қауіптеріне толық көзіміз жетті. Тағы да қайталауға тура келеді, бірінші жобамен жұмыс жасағанда қаншама аруақтарға зардабымыз тиіп, сүйектері үгітілетін еді. Оның есесіне мазарының сыртында жатқан Нақыпбек (Қапыштың әкесі), Әлібек (Сатыбалдының әкесі), Сәттібай Манас (Тілеужанның әкесі) Үмбетбай (Бердіғали әкесі), Сәрсембай, Ибақ (Көрібектің әкесі), Татубек-Бекбала, Бақтылы-Махмет шешесі, әкелеріміз, шешелеріміз жаңа мазарға қоныс тепті.

Комбинаттан құрылыс материалдарын қабылдап, Ақтоғайға жөнелтіп тұру үшін Балқаштан Қышқашбайдың Әшірбөгінің Амангелдісін жауапты етіп қойдық. Бұлай жасауымыз мазар құрылысының үздіксіз жүруіне үлкен ықпал жасады.

Бабаң мазарының құрылысы басталған 3-ші маусым мен 4-ші қазан аралығында алыс-жақыннан, ауылдан, қаладан ақ тілек айтып ағылған халықта бір күнде толас болған жоқ.

Ақжарыққа іргеміз тиген алғашқы күннен (3.07.1993 ж.) бастап қолыма қалам алып, шағын күнделікке келіп-кетушілерді жазып отырған өдім. Сол күнделікке аты-жөні жазылғандардың ұзын саны 850-ге тарта адам болды. Бұдан сыртқары менің Семей, Балқаш, ел арасы сапарларым кезінде келіп-кетушілер және бар.

Күнделік демекші, күнделік жазуға себепкер болған Тілеужан деген қарындасымыз еді. Бабаң аруағына сыйынып, алғаш түнеп шыққан күннің ертеңінің сәске түс мезгілінде Бабаң мазарынан алыстау келіп тоқтаған «Жигули»

автомашинасынан түскен төртеу аруаққа жаяулап, мінажат өтіп, көпшілікке амандасып, басталған іске Алладан сәттілік тілеп болғаннан кейін орта бойлы дембелше келген қара торы көліншек:

— Ағайлар, танысуды артынан таныса жатармыз, алдымен бабама біреулеріңіз құран оқып жіберсеңіздер дұрыс болар еді — деп бір жағы бұйыра, бір жағы өтіне тілек білдірді. Молла болса қара көз қызының тілегін қалт жібермәй орындап тастады. Молла өкесіне риза болған қарындасымыз, өзінің туа біткен ашықтығына басып, өзін таныстырып ала жөнелді.

— Құрметті өкелер, ағайлар, буырларым! Мен де Бабамның бір ұрпағымын. Атым — Тілеужан, өкем аты — Қабиболла (Қаби дейді), руым — Манас, — деп, сөл кідірістен кейін, — мынау жұмыстың басшысы кім болды өкен? — деп бәріміздің жүрегімізді мөлдір қара көзімінен бір-бір тінтіп шықты. Көпшіліктің арасынан «мына тұрған Зияда деген ағаң» десе, үлкендер жағы «осы тұрған ұзын ағаң» деп жатты. Маған күлімсірей қараған қарындасым:

— Ағай, көпшілік қолдаған үлкен жұмысыңызға Алла өбүйір берсін, Бабаң аруағы жар болсын! Мен Қарағандыда тұрамын. Былтыр Бабама ас бердіңіздер, қабыл болсын! Көш естіп келе алмағанымға көшірім сұраймын. Биыл мазарын жаңадан салады деп естіп арнайы келдім. Сәттілік болсын, іші нұрға толсын, ағайындар!

Өзімді толығырақ таныстырайын. Қағазыңыз болса жазып аласыз ба, әйтпесе өзім жазып берермін — деп өңгімесін өрі қарай жалғастырып өкетті. Көп Тобықтыдан осы Бабам бастап келген екі болыс Дадан баласы Үш бақтыдан тарайды ғой. Соның Дәулетбақтысынан Манас, Танас тарайды.

Манастан — Андығұл, одан Күншубай, одан Байтемір, одан Қойгелді (баба), одан Дәуітбай, одан Тұмабай, одан Ахметше, одан Сәттібай, одан Қабиболла — менің өкем. Сол өкемнің өкесі — Сәтен (Сәттібай) 1939 жылы науқастанып жатқанында баласына (Қабиға)

— Мен дем таусылып тағдырым бақи дүниеге бастаса Қараменде бабамның басына апарып, кесенесінің іргесіне жерлеңдер. Жалғыз аманатым осы — депті.

Атам болса, көп ұзамай дүние салыпты. Сол кездегі

қиындыққа қарамастан, ағайын-туысы Шұбартаудан Бабасының басына өкеліп жерлеген өкен. Баласы, менің әкем соғыстан оралмады. Атамды жерлеуге қатысқан үлкен әкелеріміз Сәтенді Бабаңның ауыз бөлмесіне үш қабірдің аяқ жағына жерлегеміз деп айтып отыратын — деп сәл кідірді.

Бұдан кейін, молла ауыз бөлмеде жатқан мүрделерді атымен атап шыққанда екі қабір аталмады. Сол кезде Тілеужан қарындасымыз аяқ жақтағы өкеудің шеткісіне таяу келіп, өкесінің исі шыққандай, тіпті, дыбыс бергендей:

— Әке, әкешім, аташым, мен келдім, балаң келді — деп қуана қабірді қос қолдап сипап, елжіреген жүрегіне ие бола алмады. Бәріміз де атасын іздеген қаны бар қазақ қызын, абзал туған қарындасымыздың маңдайынан иіскедік. Сол күні Тілеужан қарындасымыз Алланың атын атап, мал шалып, атасына ас берді.

Аруақ басына төу өтушілермен түней жатып шыбындай жандарына дөріс (өм) дөметушілерді, арнайы құтты болсын айта келушілер мен үлкен істі дөмеушілерді тегіс қамтуға мүмкіндік болмағандықтан, жекелеген тұлғаларды атамай кетсек, аруақ риза болмас деген оймен, аттары қағаз бетіне түспеген ағайындардан көшірім сұрай отырып, бірақ жүрегіміздің терең түкпірінде жазулы өкенін өскертеміз.

Осы жылдың жазы дүниеге қатар келіп, халқына қапталдаса қызмет жасап,

«Сарыарқадай жер қайда?

Жидебайдай ер қайда?

Қарамендедей би қайда?» — дегізген қос көмеңгердің, қос әулиенің аруақтары тағы да қатар халқымен қауышқан — қуаныш жазы, киелілер жазы болды.

«Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз дария,

Көкірегінің көзі бар,

Көпке өнеге сөзі бар,

Сөзі — соқпақ, өзі — нар» — Дос батырдың немересі, Қараменде бидің замандасы, ақылшы өз ағасы Қожаназарұлы Жидебай батырдың 280 жылдық мерейтойы және мазарын қайыра жаңадан тұрғызу құрметіне арналған қос қуаныш жылы болатын. Батыр ұрпақтары мені ас өткізу комиссиясының құрамына ұсынған болғатын.

«Құрметті Аманбаев Зияда! Сіздің Қараменде баба ұрпағынан алдымыздағы жазда өткізілетін Қожаназарұлы Жидебай бабамыздың асын өткізу комиссия құрамына ұсынылаандығыңызды хабарлаймыз. Есепшоты: №700018 АПК Код 191609507 МФО 608543 Ақтоғай селосы, Жезқазған облысы. Ұйымдастыру комитеті. 1992 ж.

Кешегі аруақ сыйлаған аталы елдің бүгінгі Жидекең ұрпақтары Ақпанбек молланың нөмересі, ғылым кандидаты Ұғы бастаған, Қабиболла имам, Сәбит, Сәкен, Мерхаят, Қайрат, Базыл, Иса, Өміртай-Қамаш, Кәріжас, Қасым, Амантай Қаппарұлы, Үкітай (марқұм), Өмірәлі Орманұлы және басқа бір топ Батыр баба ұрпақтары бидің тұсына ат байлап, құран-хатым түсірді.

Жидекеңнің 280 жылдық мерейтойына біздер, Қарекөң ұрпақтары «Сыйға — сый, сыраға — бал» өнегесімен қарап жатпай, «Қараменде би» үйін тігіп, 3 қой сойып ас бердік.

Сөз арасында Ақпанбектегі Ұғыдан Жидебай батыр мен Қараменде бидің рухтарына бағыштап құран оқуды өтіндім. Ұғы бауырымыз өтінішті екі етпей, Ақтоғай аспанын күңіренге қос бабасына бағыштап құран-хатым түсіріп, Аллаһу акбар айтқан кезде, жиналған мыңдаған халықтың «Қабыл болсын!», «Әумин!», «Рахмет!», қос аруақ (Жидекең мен Қарекөң) жөбеп-жөлей бәрсін деген алғысқа толы, Аллаға жалбарынған дауыстары той ауылының аспанында біразға дейін қалықтап тұрды. Көпшілік-қауымның үні басыла берген кезде Қажы әкемізден Қасабөк молладан қос бабасы атынан той халқына бата беруді өтінгенімізде, 88-ге келген жасына қарамастан, солдатша орнынан тұрып, дауыс күшейткішті ала салып, Аллаға сыйына қос бабасының атын көзек атап, ақ жүрегінен шыққан ақ батасын ағылтқан кезде Қажы әкеміздің саңқылдаған ашық дауысына Шатырша, Жосалы шыңдары қоса жаңғырып тұрды.

Батырдың ұрпағы Жөңгірұлы Әлиханға Қараменде би атынан шапан жаптым. Әлекең де «берген жомарт емес, алған жомарт» деп, би ұрпағының 88 жастағы, кезіндегі ауданның бас имамы, халқының аса қадірлі ақсақалы Әлімхан моллаға — ағасына Қырғыз халқының ақ батасының жүнінен жасалған мамықтай ақ шапанын иығына жауып, ақ қалпақты басына кигізген кезде, халық қол шапалақтап, рахмет айтып жатты.

Бұрынғы астана, бүгінгі бас қаламыз — Алматы шаһарынан арнайы ат сабылтып, бабаларына дұға бағыштай келген ел азаматтарының бәрінің болмаса да, Сіз бен бізге танымал туыстарымыз бен арыстарымызды айтар болсақ: Мұхаңның (Мұхай) Ыбырайханы, Мөкенбайдың Алтынмұраты (екеуі де үйімен), Көкше Тобықтысынан Шынтемірі, Тохметтің Саяты, Болғанбайдың Әсеті, Хамзаның Мағауиясы қасында Рақымбөктің Мейрамбөгі, Сағындықтың Өмірсерігі.

Шіркін, опасы жоқ жалған дүние жан бауыр, жылы бірге жолдас, жасы бірге құрдас, қимас дос, ардақты азамат — Ыбырайхан осы жолы Алматысына қайтып бара жатқан сапарында қайғылы қазаға душар болды. Жан жолдасы Мөкериманың, азынап қалған анасының (төтөсінің), құлындары мен бауырларының қайғысына ортақтасып Бердіғали, Қуандық үшеуіміз барып қайттық. Тохметтің Саяты да ауыр науқастың зардабынан өмірден озған еді. Қайырмен бірге оқып, інідей болған, ауданда қызмет бабында басшы болған, Ақтоғайда тумаса да туғандай артық санаған абзал азаматпен қонағасына қатысып, топырақ салып қош айтыстым.

Болғанбайдың Әсеті болса, ғылым жолын қуған Ақтоғайдың докторының бірі, арысы азаматы, сол көлген сапарында ұзақ отырып, Фалең бастаған жиналғандармен біраз әңгіме-дүкен құрған еді. Әңгімесінің бастауы бабалар жайлы басталып, арасында бізден «Қарекөнді іздеп, зерттеп жүрген ешкім бар ма?» деп сұрап қойды. Біз өртеректе, партияның тұсында Көпбайдың Әбдірашы болғанын, қазір Туғанбайдың Амангелдісінің айналысып жүргенін айтқанымызда, ғалым ағамыз «Әбдіраш ағай осы кісі туралы қудалауға түсті ғой, есіл сабаз дүниеден өрте көтті ғой. Әттең осы уақытқа аман жеткенде. Қарекөңнің ұлылығы төрт қырынан жарқырай ашылатын еді» деп бір күрсініп қойды. Бабамыз «Жөгі жарғының», қазақтың ата заңының дүниеге келуіне үлес қосқан ұлы Би. Абылайдай ханға ақылшы болған көсем би.

Осы екі қабілетінің өзі ғана өзге билерден заңғар биіктігін көрсетіп тұрған жоқ па? — деп тағы да аз дамылдап алып, — бабаларды іздеуіміз керек, өртең көш болады, — деп әңгімесін келте аяқтады. Осы әңгімеден соң араға бірнеше жыл салып Ақтоғайдың арысы, ғылым жолына бар өмірін бағыштаған ғалымы рақымсыз ажал құшағына душар болды.

Алтын аймақ атаған Ақтоғайдың өнер шыңының жарық жұлдызының бірі — Қазақстанның шертпе күйінің дүлдүлі Мағауия ағамызбен 1993 жылы Шыңғыстауға Абай еліне Мамай, Тоқтамыс батырлардың 300-280 жылдық мерей тойларына барғанымызда, Абайлықтар Мағаңды басына көтеріп, өрекше құрмет көрсетіп ат мінгізген болатын. Бұл туралы айтылып кеткен болатын.

Батырлар тойының салтанатты жиынының салтанатты мінберінде (жұмысшы президиумында) Мағаң, Ғалының Жақсырақымы, Рғайбектің Баймырзасы, Мұқанның Тұңғышбайы қаз-қатар тізіле отырған болатынбыз. Бір мезетте аудан әкімі Аргынбекұлы Орал мен аудандық Советтің төрағасы Орынбайұлы Байбота екеуі Мақаңа ат мінгізді, шапан жабу құрметіне Мақаңды қос қолдап көтеріп алып, біразға дейін түсірген жоқ. Қос құшақтың құрметінен босаған ел ардақтысын біз де құшағымызға алып, «арғымақ құтты болсын, абырой-мәртебе биіктей берсін!» дей бердік. Сол сәтте Мағаң менің қолымды қыса түсіп, «Айналайын, бабаң ұрпақтары, абырой, қуаныш ортақ, еңбек — сен үшеуіңдікі, рахмет те — сендердікі» деп бетімнен қайыра сүйгенде, мен де қайран абзал ағаны еңкейе құшақтап, екінші рет бетінен сүйдім. Ел еркесі, өнер серісі, күй дүлдүлі Мағаң жаңа ХХІ ғасырдың табалдырығына таман барып дүние салды. Опасы жоқ, дүние!?

Араға бір жыл салып, 1995 жылдың шілдесінің 21-22 күндері Бектауатаның солтүстік күншығыс жақ етегінде «Қасиетті Төкен басы» атанатын дөң басындағы тас мазардың солтүстік алдындағы көң өзекте өткен Төлеген мырза тойына Қарамөнде бабасының атынан құран оқытылып, қой сойдық. Мырзаның көсенесіне қойылған құлпытастың ашылу салтанатына қатысып, киелі бабаның топырағын сипап, құлпытасына маңдайымызды тигізіп, тағзым еттік.

Бұл — менің Төкен басына бірінші келуім емес, сонау сұрапыл соғыс жылдарының аяқ кезінде пар жөккен өгіз арбаға ілесіп, «Чапай» ұжымшарынан Балқашқа сапар шөккеннен бастап, күні бүгінге дейін «Аллаһу акбар» айтып, төу етіп өтер қасиетті орным.

Аруағыңнан айналайың, Жидебай батыр атындағы ауылды мекен еткен хапықтың бабаң асына қандай дәрежеде қатысса,

бидің кесенесін салуға одан да жоғары ұжым-бөреке мен қалмай қатысты десем ешбір артықтығы жоқ.

Ас берудің тізгінін Қоңыраттықтармен тең ұстаған, ауыртпалығын тең бөліскен, рахмет-қуанышында да өншілескен Жалаңтөс, Жидебай батырлардың ұрпақтары мен би ұрпақтарының басын қосып бабалар ауылы атанып отырған Жәмшіліктер туралы айтар ақ алғысқа толы рахметіміз де шексіз, дәлірек айтсақ, алғыс-рахмет те тапшылық өтері сөзсіз.

Аталы сөз «Сыйға — сый». Атадан қалған осы бір дана ұлағат сөз — біздің де басты бағытымыз. Араға жыл салып, Жалаңтөс бабамыздың 300 жылдық мерей тойын тойламақшымыз. Аруақ ортақ. Жақсылыққа — жақсылық, өнеріңді салып, елдігіңді көрсететін шақ — осы тұс.

1994 жылы қазанның 14-16 жұлдызы күндері Құлық атаның Жібек өнеден тарайтын Төтибектің Мейірханы мен Рақымбектің Оралының өтінулері бойынша Жалаңтөс батырдың 300 жылдық мерейтойында дайындықты бастау сәтіне Қарағанды қаласының түбіндегі Соқыр өзенінің бойында жатқан Батырдың зиратына барып, аруағына дұға бағыштап, мазарын жаңартып, 300 жасқа толу құрметіне ас беріп, той өткізуге «рұқсат сұрау» рәсіміне қатысу құрметіне ие болдым.

Халық айтқандай, «Ардақты қартқа қолыңды бер, ақылды жасқа тоныңды бер» деп, Оркең екеуміз бұғыбай басшылықты Мейірханға беріп, атқосшылықтың тізгініне ие болғанбыз. Жастайынан қызметке ерте араласқан бұғыбай басшымыз Қарағанды сияқты үлкен шаһардың бірінші басшыларынан бастап, бір қатар зауыт-фабрикалардың табалдырығын аттап, не марқасқа лауазым иелерімен ескі досындай тіл табысып, шаруа тындырғанының куәсі болдық.

Сапарымыздың сәтті нәтижесінің қорытындысы бойынша, құдай қаласа, келесі 1995 жылдың жазында Батырдың мавзолейінің құрылысын бастауға толық мүмкіндік жасалып, бұғыбай басшылықтың тізгініне Орал ақсақал қайыра ие болды.

Батыр кесенесінің құрылысы басталған 1995 жылдың 27 маусымында Байыз екеуміз арнайы сапармен Қарағанды қаласында болып, мавзолейдің ірге тасын қою рәсіміне қатыстық. Жұмыстың басталу құрметіне мал сойылып, құран бағыштап, ас берілді.

1995 жылдың қазан айының алғашқы жұмасында Қарағанды қаласына Батырдың басына мал шалуға жүрмекке дайындалып жатқанымызда, Шыңғыстаулықтардан «келеміз» деген хабар алдық та, сапарды сөл кейінге қалдырдық. Бұл мәселе туралы кейінірек әңгімелейтін боламыз.

Қонақтар (Абайлықтар) келіп қайтқаннан кейін, 18 қазан күні Жалаңтөс бабаның аруағына арнап, Аллаға сыйынып, Қарағанды қаласына Қанаш, Байыз үшеуіміз жолға шықтық. Бұл кез күн қанша салқын болғанмен Баба мавзолейінде құрылыс қызу жүріп жатыр екен. Құрылыстың қабырғасы бітіп, күмбезін (төбе шатырын) шығару жұмысы басталыпты. Сол күні Қарағандыда қар ұшқындап, суық жел жердегілердің өзінің берекесін алып тұрғанда, сонау биікте, мавзолей төбесінде жүрген төрт жігіттің қайрат-қажырлығы, іске деген ынталығы таң қалдырған еді. Әрине, бұл Бабаға деген ұрпақтың қарыздарлық құрметі болса керек.

1996 жылдың 16-18 тамызы. Жалаңтөс Құлықұлының 300 жылдық мерей тойы Қарағанды шаһары, Соқыр өзені Баба кесенесінің басында басталып, жолай Жидебай батыр, Шабанбай би, Қараменде би мазарларына тоқтап, құран-хатым түсіріліп, Тоқырауынның «Қарамойын» жайлауында жалғасты.

Асқа тігілген 50-ге тарта үйдің қақ төрінде Жалаңтөс батырдың алты қанат ақ ордасының оң қанатын ала Қараменде бидің алты қанат ақ ордасы (төрінде қасиетті маңдайша) келіп қонған болатын. Үй иелері Баба асына қатысушы, той өткізуші Батыр ұрпақтарына ас бөріп, тік тұрып екі күн қонақ күткен еді. Бидің атынан жеті моллаға құран (нәфіл-садақа) таратылып, дуға бағышталды.

Батыр ұрпақтары Бабаң үйіне оның киелі маңдайшасына алты қанат үйдің есігінен жайғанда төрінен озып жатқан қалы кілем жауып, тағы да мәрттіктерін көрсетті.

Шыңғыстаулықтарға қайта оралар болсақ, Абай елінің Қарекеңе ас бергеннен кейін (1992 ж.) Тоқырауын өңіріне екінші рет келулері. 1993 жылы қыркүйектің 24-25 жұлдызындағы Бидің мавзолейінің біту рәсіміне арналған салтанатқа ағайындар көле алмаған болатын. Бұл кезде ұлы Абайдың 150 жылдық мерей тойына дүниежүзілік дайындықты бастаған Шыңғыстаулықтардың үлкен жауапкершіліктен бір сағатқа мойын бұрылмайтын, қат-

қабат, ұлан-асыр іс тындырып жатқан кезі болатын.

Дүние жүзіне дүбірлетіп той өткізген, жер жүзіне бірліктің, ұжымшылдықтың, ұлы Бабасына деген ұлылықтың өнегесін көрсеткен ұлылар елінің даңқына даңқ қосып, абырой алғысқа көнелген Абайлықтардың Ұлы Би Бабаларын іздеуге мұршаларының көлгені осы болатын.

Даңқты Абай жылының (1995 ж.) қыркүйегінің 13 жұлдызында Абай елінен (ауданынан) Ұлы би Қараменде бабасының жаңа мавзолейіне құран-хатым түсіріп, ас беруге бір топ қонақ келе жатқаны туралы жедел хат алып, Байжұманның Сағатайы бастаған жиырмаға тарта аудан азаматтары түс ауа Ақжарыққа Бабаң басына жиналды. Көп кешікпей күткен қонақтарымыз да аман жетіп, сағыныса қауыштық. Амандық арты Сөдірқожа бастаған Бабалар рухына дұға оқуға ауысты. Дұға оқылып аяқталған кезде мавзолей ішіне кірмес бұрын Бөжей ұрпағы Сармырзаның Меделбегі келген құрметті қонақтарды біртіндеп таныстырып өтті. Атап айтқанда: Смағұлұлы Өнер — аудан әкімі, Құмарғазы — аудандық мәслихат хатшысы, Төлеген Жанғалиұлы — аудандық әкім орынбасары, Сөйфолла — аудан әкімінің бірінші орынбасары, Кемтан — ДЭУ бастығы, Бақыт — мәдениет бөлім бастығы, Роза — әнші, республикаға өңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Сұлтанғазы сияқты ірі шаруашылық басшылары.

Бірінші күні қонақтарға аудан басында «Жастар орталығы» деп аталатын үлкен залда қонағасы берілді. Қонағасына аудан және мекеме басшылары, «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблі мүшелері қатысты.

Көздесу — тарихы тағдырлас, халқы бауырлас Бабалары бастас, даналары дидарлас Шыңғыстау мен Тоқырауын елінің ежелден келе жатқан туысқандығының, тілеулес тұтастығының айғағындай болды.

Ертеңінде Бабаң басына киіз үй тігіп, үш дүркін қонақ жөнелтіп ас берді. 9 моллаға құран беріп, кілем бастаған жол-жоралғы таратты. Келесі күні Шыңғыстаулықтар Сана би Бабасының басына барып құран-хатым түсіріп, бес моллаға құран (нәфіл-садақа) атады.

Абайлықтар аттанар алдында қонақжай да бауырмал, елдігі биік, аруақ сыйлаған Ақтоғай халқына жан төбірөңтөрлік рахметтерін айта келіп келесі жылы өтетін Кеңгірбай (Би Ати)

бабаларының мерей тойына шақырды

Тоқырауындықтардың тумысынан қалыптасқан ата салты дәстүрімен Шабанбай ауылы мен Қызыларай елінен құрметті қонақтарға түскі қонақасы беріп, атақты «Туысқан бұлақтан» шығарып салып, біз де қимай қош айтыстық.

Халық болып жұмыла көтерген жүк әрқашан жеңіске жеткізетіні ұйымдасып бастаған іс сәттілікпен бітетіні — өмір заңы. Қасиетіңнен айналайын, халық көп болып ақылдасып еді, топ болып ұйымдасып еді, 14 айдың ішінде Бабасына дүбірлетіл той жасап, ас та берді, күмбірлетіп күмбөз де салды. Мавзолейдің бітуіне байланысты «Ынталы топ» комиссиясы отырыс өткізіп, тұсаукесер рәсімін 24-25 қыркүйекте өткізуге бөтуа жасады. Бұның өзі Бабаңа ас берудің бір жылдығымен дәл тұспа-тұс келіп тұрды

Бабаң асынан көйін мазарын салуға кіріскеннен бастап 93 қой, 5 жылқы, 1 сиыр малы, қолдай 410200 сом ақша (аудан банкісіндегі Бабаң есепшотындағы қаржыдан бөлек) жиналып, жұмсалды. Қолдай ақша, мал бағыштағандар арнайы дәптерде жазулы. 23 қыркүйек жұма күні Бабаң басына Көжектөн (Ақши) Нақыпбек молланың Күлизасының үйі, Көрпетайдан Үлкен үй Нәзікен, Жидебай ауылынан — Үйсінбала шешөй үйі, Жәмшіден — Сұлтан, Қуаныштан — Сәйдіғали ақсақал үйлері, Ауданнан — Күлшікен апай, Сәтбек қожаның үйлері, Ғалым және Зияда үйі барлығы 8 үй тігілді. Аруақ мазарынан «Тұсаукесер» салтанатына 20 қой, 3 жылқы (Марат, Күлиза, Жәмші), 1 сиыр малы сойылды

24 қыркүйек күні түсте Бабаң мазарының біту рәсіміне арнап ас беріліп, құран-хатым түсірілді. Балқаш, аудан мешіттеріне құран (нәфіл-садақа): Ақтоғайдан — Қабиполла имамға, Әлімхан, Көрімбек, Сәйілбек, Аққожаға, Шабанбай ауылынан — Опиға, Қызыларайдан — Башар, Сембекке, Жәмшіден — Хасән мен Мажмеддинге, Сарытөректен — Мүсілімге, Қарамөнде би ауылынан — Әбілхайырға, Сәуледен — Рыстайға, Ақшиден — Қайдарға, Шұбартаудан — Кәукөрбекке, Нарманбеттен — Қабдуахитке, Дересіннен — Жақсырақым, Әбікенге, ауданнан Ихсанға — барлығы 21 құран (нәфіл-садақа) малдай-ақшалай бағышталды

24 қыркүйек сенбі күні түнде күн аяздатып мұз қатқанына қарамастан, күндіз желсіз, тынық, жылы болды. Бұның өзі

Алланың аруақты сыйлағаны десек, аруақтың тойына жиналған халқына деген жөбеп-желәуі болғаны ақиқат.

Бабаң мазарының тұсау кесер тойына хабарланған қонақтардың алды ертеңгі сағат 9-дан бастап жан-жақтан ағыла бастады. Тоқырауын бойы Дересіннен бастап сағат 11-ге дейін келіп бітті. Ақшатау-Ақжал-Қайрақтылықтар, Балқаштықтармен қатар түскі 12-ге Бабаң басында болды.

Балқаштан келген құрметті қонақтарды Әбілханның Төлеуқұлы өзі бастап келді. Ұзын саны жиырма бір адамнан құралған сыйлы қонақтардың төрінде Жидебай батырдың ұрпағы Жөңгірдің Әлиханы, Төлеген мырзаның ұрпағы Мұстафаның Спимұханбеті, Сөдірқожаның ұрпағы Рақысжан Темірханұлы, Дүйсөнбай молланың нәмересі Нығыметтің Әбікөндері отырды. Әрісі Тобықтының, берісі Би ұрпағының ата-мекені атанатын Балқаш өңіріндегі ағайын-туыстар, құда-жекжаттар, дос-жолдастар легі ез алдына бір көш-керуен.

Тоқырауын ауданынан шақырылған қонақтарды аудан өкімі Төлеубайұлы Байыз өзі бастап келген болатын. Шақырылған қонақтар, арнайы келген ағайындар, аудан орталығы халқы (шақырылғаннан шақырылмағаны басым) жиналып біткен түскі сағат 1-ден 10 минут өткенде Шахаұлы Қарамөнде мавзолейінің тұсаукесер салтанаты басталды. Баба кесенесінің тұсау кесер рәсімінің салтанатын кіріспе сөзбен ашып беріп, жиналған халыққа, халық арқылы барлық Баба рухын сыйлаған қасиетті Балқаш, Қоңырат, Тоқырауын ауданы, Ақтоғай, Ақшатау, Ағадыр, Шөт аудандары еліне, Алматы, Ақмола, Қарағанды, Ақтебе, Қарқаралы, Жезқазған қалаларының жөкелеген асыл азаматтарына Қарамөнде би ұрпақтарының атынан, «Ынталы топ» комиссиясының атынан алғысқа толы ақ жүректен шыққан Рахметімді айттым. Жүрекпен жүрек, құшақпен құшақ, тілекпен тілек қауышқан, Шыңғыстау мен Тоқырауын арасында үзілуге айналған үмітті жалғасқан Алтын көпір салған Абайлықтарға Қотана-Балқаш, Тоқырауын халқының атынан айтар алғысымыз да, рахметіміз де шексіз еді.

Алғыс рахметімді аяқтаудың ақтық шөгіне жеткенімде төлқып тұрып Қарамөндедей Асылды айтпай-ақ алыстан танып, айқара құшақ ашқан, ортасынан ойып Орда ұсынған Жидебай, Жалаңтөс батыр, Шабанбай Билердің жүректерінің

даналықтары, ақылдарының алғырлығы, көңілдерінің кемеңгерліктері, атадан туған алыптықтары жүрегімді елжіретіп, көзіме жас толған бетімде Бабалар аруағынан айнала бердім. Аруақ сыйлап, Бабалар жолын жалғастырып келе жатқан бүгінгі әулиепер ұрпақтарына басымды үш рет иіп, ағайын атынан терең тілекке толы рахметімді айттым.

Я, қасиетті халқым, Алла қалап, іргөң бүтін бақыт-мерейің арта берсін! Бізді, осынша, халқыңның құрметіне бөлеген, не деген құдіретті өдің Жан Баба!

Бірінші болып тілек білдіру құрметіне ие болған аудандық Кеңестің төрағасы Омарханұлы Мырзахан өз сөзінде, жиналған халықты аруақты қуаныштарымен, киелі қызықты сәттерімен Шабанбай би ұрпағы атынан, аудан халқы атынан құттықтай келіп, былай деді:

— Қарекөң аруағы қашаннан рухымызға дем беріп келеді. Бабаға деген ұрпақ ниетіне әр қилы заманның сергелдең-сүргіндері де бөгет бола алмады. Бүгінде еліміз егемендік алып жатқан шақта Әулие Бабаның рухына тағзым етуші ұрпақтары Қарекөң басына жұртшылықтың қолдауымен тамаша ғимарат тұрғызды. Бұған жалғыз Ақтоғайлықтар емес, Әулие есімі жүрегінде сақталып қалған алыста жүрген ағайындар да, бізден шалғайда жатқан елдер де үлкен үлес қосты. Бұл барша халықтың Бабамызға деген тілегінің, ниетінің арман-мақсатының бір арнаға тоғысқанын көрсетеді.

Келесі сөз кезегі Жидебай батырдың ұрпағы Балқаштықтардың кешегі басшысы, бүгінгі ардақ тұтар ақсақалы Жөңгірұлы Әлиханға. Одан кейін ақ тілек кезегі Сана би, Төлөген мырза ұрпағы Мұстафаның Спимұханбетіне ауысып, әрі қарай ақ тілекті Тоқырауын ауданының әкімі Төлеубайұлы Байыз, Жалаңтөс батырдың ұрпағы, «Жәмші» кеңшарының директоры Тәтибектің Мейірханы, Баба ұрпағы Нақыпбектің Күлизасы, Жапабайұлы Сағадат — аудан әкімі, Баба ұрпағы «Ынталы топ» комиссиясының белсенді мүшесі Байжұманның Сағатайы жалғастырды.

Қарекөңнің пірі Сәдірқожаның ұрпағы, Балқаш қаласының қадірлі ақсақалы Темірханұлы Рақысжан қожа жиналған халыққа бата берді. Бұдан әрі, жиналған халайық Сәдірқожаның рухына дұға оқып, мінажат өтті. Келесі кезек Баба мавзолейінің ашылу құрметінің лентасын қиюға ауысып

құрметті рәсімді Әбілханұлы Төлеуқұл мен Нақыпбекқызы Күлиза атқарып, «Нұрлы болсын!» айтып аяқтаған сәтте, аудан имамы Қабіболла бастаған моллалар, ақсақалдар легі мавзолейге оң аяқтарымен аттай бере:

— Ассалаумағалейкум, Баба. Қиямет жақын! — деп Аллаға жалбарынған, аруаққа сыйынған дауыстарды Қабіболла имамның:



Қарамеңде би мазары.

— Құрметті халайық, ардақты ағайындар, аз ғана сабыр етіңіздер. Қарамеңде бабамыздың аруағының құрметіне құран-хатым түсіру үшін Би ұрпағы ауданымыздың бұрынғы имамы, біздің ұстазымыз, бөріңіздің аса қадірлі өкелеріңіз Әлімхан молланы алға шығуға шақырамыз — деген күңірене шыққан дауысы бөліп жіберді.

1922 жылы Баба мазары ағаш кесенеден саман (балшық) кесенеге ауыстырылып, аруағына арнап ас бөргенде атқа шапқан қара домалақ бала, — араға аттай 70 жыл салып, Бабасына мавзолей тұрғызып, құран-хатым түсіру құрметіне

ие болып отыр. Бабаға иненің жасауындай болса да, жасаған осы бір перзенттік қызметтен артық ұрпақ үшін бақыт болмаса керек.

«Ата көрген оқ жонар, ене көрген тон пішеді» Бабаң мазарының аруақты тұсаукөсерінің салтанатты кезі аяқтала берген кезде Би ұрпағы Сөйілхан мазар алдында ұзындығы бір бұрыштан екінші (мазардың) бұрышқа жететін дастархан жайып, бірнеше жерден табақ тартып, аруақтың рухына сый-құрмет көрсетіп, дұға оқытты. Сөйілхан болса, жанұясымен Бабасының рухына жасаған зөредей тектілік қызметі үшін жиналған халықтың ақ алғысына бөленіп жатты. Бабаң басына былтырдан бері (1992 ж.) екінші рет келіп тұрған киелі маңдайшасын ақ жаймаға салып, құрметпен иіліп сәлем етіп, көтерген Марат бастаған жастар легі жолай моллаларға бір-бір иіскетіп арнайы рұқсатпен көсене төріне, Баба қабірінің бас жағына қойды. Ендігі кезек әулие бабамыздың мавзолейін тұрғызуға тайлы-таяғы қалмай атсалысып, ақ тілеулерімен үлкен үлес қосқан барша халыққа Байжұманұлы Сағатайдың рахмет айтуына жалғасты, сый-құрмет көрсетуге ұласты. «Балқашмыс» комбинатының күрделі құрылыс бөлім басшысы Әбілханның Төлеуқұлына Аманбай әулеті атынан ақ боз ат мінгізіп, шалап жапқанымда, Төкең ақ боз аттың үстінде толқып тұрып халқына қарап:

— Құрметті халқым, ардақты азаматтар! Біз бүгін Қарамендедей қасиетті бабамызға, әділетті данамызға тағзым етіп, бас ие отырып, мынау торғай көзіндей тартуымызды кеш тағылым өткенімізге, әулие рухынан көшірім сұраймыз. Оған замана кінәлі дей тұрсақ та, бір нәрсе — ақиқат. Бүгінде мынау ұлан байтақ қазақ даласының бір шетінен екінші шетіне ұшқыр айырпланмен (самолет) әрең жетіп жүргенде, ұлы Бабалар, сайын батырлар аттың жалында, түйенің қомында жүріп жаудан қорғап, ұрпағына, бізге осынша байлықты мұра етіп қалдырғаны хақ. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді кемеңгер өткендер, өндеше қолымыздан келетін не жақсылықтың бәрі әулие бабаларға арналу керек «Ештен де кеш жақсы» дейді халқымыз. Алда Сана би, Жидебай батыр, Шабанбай би, Жалаңтөс батыр бабаларымызға рухына сыйынып, қызмет көрсетер кез туып тұр, құдай қаласа!?

Мен қазіргі сәтте ақ боз ат емес, аруақ шылауының ақ

сәлдесіне оранып, халқымның ақ алғысының қанатында тұрмын. Рахмет халқым! Баршамызды Бабалар аруағы қолдай берсін! — деп, жиналған халқының алдынан бір айналып шығып, атының шылбырын Рақысжан ақсақалға ұсынды.

Бабаң ұрпағы Қалпебайдың Қасымы комбинаттың бас еселшісі Мұқаханұлы Амангелдіге өз әулеті атынан ат мингізіп, шапан жауып, рахмет айтты. Нақыпбек молланың Күлизасы Төлеубайұлы Байызға арнайы шапан жауып, рахмет айтты. Еркек бағалы, намысты қолдан бермейтін Күлиза бауырымыз екі сіңлісімен (Тілеулес, Сөния), балалары, келіндерімен өткен жылғы Бабаң асындағыдай киіз үй тігіп, ту бие сойып, ас берді.

Қара шаңырақ иесі, үлкен үйдің Мараты Жидекөң ұрпағы Жәңгірдің Әлиханына шапан жауып, рахмет айтты. Марат болса, бабасының мазарының тұсаукесер байғазысына ат байлаған болатын.

Осылайша, асабалық тақтың өміршісі Сақаң Бабаң ұрпақтары қолымен Төлеген мырза ұрпағы Спимұханбет ақсақалға, Темірханұлы Рақысжан ақсақалға шапан жабуға әмір етті. Комбинаттан келген құрметті қонақтар Кромин Сергей Александрұлына, Мұрат Әбеуұлына, Мұратбек Оразымбетұлына, Сағат Шаймерденұлына, Елқайыр Сыздықұлына, Амангелді Тайжанұлына, Жаңабек Қағазбекұлына, Артем Құлмышұлына, Төкен Сламбекұлына естелік сағатын тапсырып, Сақаң халық атынан рахмет айтты.

Бұндай сый-құрмет пен сияпаттан Ақтоғай, Тоқырауын еңірінің аруақ сыйлаған арыстары, азаматтары тыс қалған жоқ.

Мазар құрылысын жауапкершіліктеріне алған «Перспектива» кооператив мүшелеріне: Малдыбаев Шаймұрат пен Репп Оттоға сыйлықтар тапсырылып, халықтың атынан рахмет айтылды.

Баба мазарының тұсаукесер рәсімінің салтанатты бөлімінің соңы жиналған халыққа, тігілген сегіз үйге үштен дастархан жасалып, түскі қонағасының сый табақтары тартылды. Аруақ рухына құран-хатым түсірілді. Бұл жолы да Шет аудандық қадірлі қариямыз Жанасылов К. риза болғандай, дастархан басына арақ-шаралқа жол тиген жоқ. Осы күні «Арқа еңбеккері» газетінің бетінде «Ұрпақ бас иген

Баба» деген Махмұт Жарылғаптың тарих тағылымынан түйген ойы: «Бабаның аруағынан шапағат деген осы. Кер заманда жөнтөктеліп қалған ұлттық сананы желпінтіп, қайратына қайыра мінгізген заманымызға, Қараменде бабамыздың аруағына, халқына мың да бір рахметін айтты. Қарекен айрығында бір жылдан кейін бас қосқан дүйім қауым осыны көңілге түйіп, ерекше бір қуанышпен тарасты. Өйткені, аға ұрпақ аңсап, жетпеген биікке біз жеттік, олар көрмеген қызықты біз көрдік, ұзағынан сүйіндірсін! — деген төубасы мол, қуанышты тілекпен сөзін аяқтаған еді. Баба мазарының аспан түстес көгілдір мұнарасымен аруаққа жалбарына қоштасқан құрметті қонақтарды асаба-әміршіміз Тоқырауынның күзгі сары алтынға малынған ну орманның, мөлдір суының мол жиналған сары ала шалғынды «Жартас» қойнауындағы дала дастарханына демалуға бастады.

Қасиетті Тоқырауынның таза ауасында кештің біраз уақытына дейін демалып, өзін-оспақ, әсем өуендермен көңіл көтерген қонақтарды аудан орталығында алдын-ала дайындалып отырған жеті үйге құрметті қонақ жасап, сый көрсетуді біздің жігіттер ерте жоспарлап қойған болатын. «Көмектеген қонақ жөнелтер» деген дана сөз дәл осындай бірлігі берік, бөрекесі мол елге, оның ақиық азаматтарына айтылса керек.

«Қараменде бабаның мазарының құрылысы бітіп, тұсаукесер тойы болыпты» деген хабарды естіген халық алыс-жақыннан ағыла бастады. Біз болсақ, Қанаш екеуміз ақылдаса келіп, Бабам басын иәсіз тастап кетуге қимай, өлі де, бір жетіге еру болуға көлістік. Күн қанша суық болғанымен, аруақ рухының жебөуі, адамдардың алғысы, әсем ғимараттың көк күмбезінің қуанышы өсте суықты сөздірер емес.

Сонау жылдар ұлы Мұхаң (Мұхтар) оңтүстік өңіріне шығармашылық сапармен (товрчестволық) барып, оқырмандар жұртшылығының қалың қауымымен көздескенде ағасы Ахмет (Әуезұлы) көпшілік ішінен:

— Мұхтаржан, бәрі жөн, бірақ Нұрғаным апаңның етегін Базаралыға қалай ашқыздың? — дегенде, Мұхаң:

— Аға, шындықты жасырсақ, ақиқаттың атасы өледі — деп жауап берген екен.

Ұлы бабамыз Қараменде Шахаұлының аруағын сыйлаған

Ақтоғай, Тоқырауын, Балқаш өңірі халқының елдің қасиетін, адами асыл абыройлы еңбектерін шағын естелікте толыққанды мағанасында жеткізе алмағаныма тағы да көшірім сұрай отырып, сол кездегі үлкен істе, шексіз қуанышта кездескен иненің жасуындай ғана көңіл кірбіңін де айта кеткенді жөн көрдім.

Айналайын, халқым, ел басшысы азаматтар аруақтар арасында алғылардың алды етіп Бабаңа дүбірлетіп той жасап, ас беріп, күмбірлетіп күмбөз орнатты. Фажайып іс тындырды. Осының бөріне төубе келтіріп, рахмет жаудырып жатқанда сол кездегі Ақтоғай селолық Кеңесінің төрағасы, баба ұрпағы Ораз марқұм арқылы мәдениет үйі жанындағы бос тұрған темір шарбаққа қол жеткізе алмай, ұлы Абайдың 150 жылдық тойында Ақжолтайдың Мараты Бабаң мазарының қазіргі қоршауын Шыңғыстаудан (Семей) арқалауға тура келді. Бұл да болса, оқасы жоқ, ұлылар елінен, даналар жерінен Тоқырауын топырағына төбөрік, бабасына белгі шығар.

29 қыркүйек, сенбі күні Ақжарыққа жыл он екі ай ат ауыздығын алмаған, ауыздарына толтыра ас салмаған, аруақ үшін алаңдап ұйқылары қанбаған, екі жылда екі рет ас беріп, той тойлап, қызығына тоймаған «Ынталы топ» комиссияның мүшелеріне, сонымен бірге әр сәтте ақылдаса төр төккен азаматтарды, ағайындарды келтіріп, тойтарқатар жасадық, Бабаның рухына мәңгілік қарыздарлықпен мінажат еттік. Жиналған ардақ тұтар арыстарымызға, аруақ сыйлаған азаматтарымызға, келіндерімізге рахметке толы жүрек тебіреністерімізді жеткізе алмай жатқанда, Қанашты келіндері ақжаулыққа орап, шапанмен тегілдіріп тастапты. Қыздардан қалмайын дегендей үлкен үйдің Мараты атып тұрып, «Мен өкемізге Бабаның үйінің атынан ат мінгіземін» деген сәтте отырғандар атып тұрып, баламыз өкеуімізді кезек құшақтап, Маратқа рахметін жаудырып жатты.

Тұсаукөсер рәсімінен сәл бұрынырақ Балқаштан келген Рақысжан бастаған Әлихан, Спимұханбет, Әбікен, Төлеуқұл және бір топ жігіттер бастаған үлкендер Әлімхан моллаға сәлем бергенде, соңынан Рақысжан ақсақал:

— Моллеке, Сәдірқожа бабамыздың кесенесін көрсетіп, бір дұға жасап берсеңіз қалай болады? — деп өтініш етті.

— Жарайды, азаматтарым, әулиенің басына таман таяйық

— деп, Бабаң мазарының солтүстік шығысында Кенішбай ақынның мазарынан кейінгі дөңгелек бейнәлі тас бейіттің бас жағына тізерлеп отырысқан соң, Дүйсенбай молланың нөмересі Әбікенге аят оқуға рұқсат берді. Дұға оқып, Аллаһу акбар айтылғаннан кейін, Рахаң ақсақал мені қасына шақырып алып, (Рахаң комбинатта істеп жүргенде, «Жәмші» кеңшарына бірнеше рет іс-сапармен келген болатын):

— Зияда інім, Алла қаласа, Қарекеннің пірі атанған Сөдірқожа бабамызға бір жақсы ескерткіш жасасақ деп ойлап тұрмын. Сен Балқашқа келгенде менімен байланыс жасап тұр — деп. Қарамеңде би даңғылы, 28-ші үй, № 2-16-12 санды телефон номерің, мекенжайың берген еді. Мен араға жыл салып Балқашқа жолым түскенде, Рахаңмен телефон арқылы байланыс жасағанымда, ол кісі «Балқашмыс» комбинатының атына аудан әкімшілігі мен аудандық Советтің бірлескен шешім қатынасы көректігін айтты. Қарекен Бабамыздың мазарына дәл осылай жасаған болатынбыз. Ауданнан керек құжаттар дайындалып жібергенше уақыт созылып өте берді. Бұл кезде «Балқашмыс» комбинаты шетелдіктердің билігіне көшіп те үлгерген болатын.

Аруақ асықпайды, Алланың рақымын, ұрпағының дұғасын дөметіп, жебеп-желеп, бақилық дүние сапарын жалғастыра беретін болар. Ұрпағы болса, Бабалар аруағын ешқашан естен шығармайтыны Аллаға аян.

1997 жылы қазан айының 11-ші жұлдызында Балқаш қаласы, Орта-Дересін, Ақжайдақ теміржол (Балқаш-Саяқ) станциясының жанында бұрынғы «Қызыл Октябрь» балық ұжымшарының қонысында Сөдірқожаның төртінші ұрпағы (Сөдір, Сарқұл, Тоққожа, Үпі) Көріпбай қожаның 140 жылдық мерейтойын атап өтіп, басына ұрпақтары, халқы ақ кірпіштен күмбез орнатып, құлпытас қойды. «Соңғы өулие» атанған Көрекең қожаның асына Ақтоғайлық ағайындар (Жөңке, Сәтбек қожа ұрпақтары бастаған) киіз үй тігіп, сойыс сойып, ас берді, құран-хатым түсірді. Көрекең өулие асына «Жәмші» ауылынан арнайы шақырумен Алтай, Байыз үшеуміз қатысып, перзенттік қарыздарлықпен топырағын сипап, дұға бағыштаған едік. Алла қабыл ойласын! Қожа аруағы жебей берсін!

Келесі 1998 жылы жазда Балқаш өңіріндегі, Ақтоғайдағы Өтеген қожа әулеті Өтеген бабаның үшінші ұрпағы Дадан

қожаға (Сапарымбет) ас беріп, (Орта-Дересінде) мазарын жаңадан салды.

Өтеген, Дадан қожаларды Қарамөнде бабамыз, қысылғанда сыйынар пірім, қажығанда қуат берер қорғаным деп қатты қадір тұтқан. Ұрпағына қожа әулетінен қыз алуға тілдерің тиеді деп, рұқсат бермеуінің өзі — ата пірі қожа әулетіне деген қисапсыз құрметтің құдіреті болса көрөк.

Халқының азаматының аузынан шыққан ғибартты сөз — атылған оқ, мегзегенін дөп басатын, оқпанына қайта соқпайтын. Қарамөнде Бабасының мазарының алдында ақбоз аттың жалында тұрып айтқан Төлөукүл бауырымыздың дуалы уәдесі Алладан мәдет болып, Бабалар аруағымен араға ай-жыл салмай-ақ, сол мезеттің өзінде қауышып жатқанына баршамыз айғақпыз.

1995 жылдың жазында топырағы тойдан кенде болмаған Тоқырауын өңірі, Ақтоғай елі Шабанбай би Қалқаманұлының 240 жылдық мерей тойында бабаның аруағына күмбірлетіп ас берді, батагөй дананың рухына дүмбірлетіп ұлан-асыр той жасады.

Шабанбай бабамыздың даналығы мен зерделігі, көкірегі толы қазыналығы мен өділеттілігі туралы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге тағылым болып келе жатқан Жақсы Жанғұттыға берген батасы — Алаш баласына бой тұмар. Жақсы Жанғұтты Ботантайұлы Сарым Шабанбай биден бата алуға, сәлем бере келгенде, Шабөкең баланың қабілетін бір көргенде топшылап, «Балам, тазада не таза, мықтыда не мықты» дегенде, алғыр бала жұлып алғандай: «Ата, тазада ең таза — су, су бар арамды көтіреді, мықтыда — жер мықты, жер жаһанды көтеріреді» деп, жауап беріпті. Риза болған би баланы өкі-үш күн қонақ етіп, көтеріңде «Балам, қолыңды жай, бата берейін» деп айтқаны:

Аллаға жағамын десең — азанды бол,
Халқыңа жағамын десең — қазанды бол,
Судай таза бол,
Жердей көтерімді бол.
Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын,
Сөзің халқыңа қуат болсын» — депті.

Шыңғыстаудан алысты мегзей, қопарыла көшкен екі болыс

Тобықтыға ортасынан ойып орын бөрген Әлтеке-Сарым елі, Жидебай батыр, Шабанбай би ұрпағы. Шабекеңнің тойына Қараменде би ағасының ақ ордасын тігіп аруақ рухына азаматтар ас берді. Мен тойдың салтанатты мінбелерінде (президиумында) құрметті қонақтар қатарында отырып, той иелеріне, барлық Шабекең ұрпақтарына ақ тілек айтып, Баба атынан үш моллаға құран (нефіл-садақа) атадым.

Шабекеңнің тойынан ескерткіш сыйлаған құран-кәрім мен қасиетті Мекке мешітінің қабырғасының суреті салынған Жайнамаз кілемшесін үш рет маңдайыма тигізіп, үш рет сүйіп, Аллаға сыйынып мінажат еттім.

Сол жерде құран-кәрімді Қарекен ұрпағы Байжұманның Сағатайына, жайнамаз кілемшені Жидекең ұрпағы Жұмабайдың Турағұлына сыйладым. Қасиетті Бабаның аруағы баршамызға медет болсын!

Еліміз еркіндік пен елдігінің тізгінін өз қолына алып, еңсесін көтере бастаған сол бір тоқсаныншы жылдардың іші — киелі аруақтармен, дулығалы өткен батырлар рухымен қауышып, «Алланы бір деп, Құранды шын деп» салт санамызда жаңару кезеңі болды.

Сол жыпдары алғашқылардың алды болып ақиық ақын Нарманбет Орманбетұлына Тоқырауын, Балқаш халқы, Ақтоғай елі бірігіп ақынның атақонысы Тоқырауын аяғы Сағада ас беріп, басына мазар тұрғызып, құлпытас қойған болатын.

Нарекен болса, Даданнан Асан, одан Есенбақты, одан Қалдау, одан Бәгімбет, одан Қожамқұл, одан Алыбай, одан Деріпсалды, одан Балтабай, одан Байжомарт; одан Орманбет, осы Орманбеттен туады. Қазіргі халық білетін өтене жақын ұрпақтары Ықыметұлы Қасым, Рахымбекұлы Мейрамбек, Оразбек, Нақыпбекұлы Айталым, Мұсаханнан Жанат, Қанат.

Бұрын Ақтоғай ауданына қарасты бірде «1 Май», бірде «Сталин», бірде «XXII партия съөзі» атанып келген ұжым, кеңшарға ардақты ақынның аты беріліп, қазірде Нарманбет ауылы аталып отыр. «Жақсының аты өлмейді, ақынның хаты өлмейді». Нарекен — халқының жүрегінде жақсының жалғасы, ақындардың ағасы болып мәңгіге жасайтын ұлы тұлғалардың бірі. Ұлы Абаймен ағайындығы, ұстаздық ақылдастығы тағы бар.

Кешегі бір «Советтік» деп аталып қалған дәуірде Нарекен

кертартпа, зар заманның ақыны атанып, өлөңі тұрсын, атынан адасып қала жаздаған кезеңде «атадан ұл туып, ата жолын қуып», ақыннан қалған сом алтындай асыл мұраны жүрек түкпіріне ұзақ жылдар сақтаған ақтық таңы атар шақты сарыла күткен Қарекөң мен Нарманбеттанушы, Ақтоғайдың әдебиет тарихы саласында қалам тартып жүрген, көкірегі шежіре Туғанбайдың Амангелдісінің асқақ арманы Нарекөң туралы жиған-терген үлкен еңбегі өткен жылы баспадан жарық көріп, Нарманбет ақын ұзақ жылдардан кейін халқымен, ұрпағымен табысты. Амангелді болса, дана өткен Бабалар өмір жолына жұмсаған ұзақ жылдарғы ауыр да құрметті еңбегінің оқушы қолына жеткеніне асып-тасымай, перзенттік қарыздарлықпен Құдайға төуба деп, алдағы асқақ мақсаты — Қарекөң Бабасының киелі соқпағымен ілгері тартпақ.

Нарманбет ауылынан баяғы ата-бабалардың көш жолымен Тоқырауынды өрлей ой сапарына шықсаңыз алдыңыздан Қотана-Балқаш атанған шақта аудан орталығы болған Дуанши ауылы түйе бойы ну шилердің арасынан «мен мұндалап» қол бұлғап тұрады. Сапарымызды Тоқырауынды өрлей жалғастырар болсақ, көп ұзамай атақты Әлібек тоғанына, бір кезде Алакөздің Жобалайынан тараған Ақсақ атанатын бір тайпа елдің басын құраған 10-шы ауылына, жолай соғып, одан әрі «Қаратал» атанатын 7-ауылға (Жуантаяқтар), сәл өрі қарай қадам басып өрлей берсек 9-12 ауылдарды басып өтіп, Сарытеректен сәл жоғары Сана би өулиенің ақбоз атаны шөккен. Жетімшоқының жалғыз төбесіне сіз бен біз де аялдап, тізе бүкпей, бір дұға жасамай өте алмаймыз.

Бұл жерде екі ғасырдан астам уақыттан бері бақилық тыныстап, өулие көріпкел би атанған Қараменде Биге адасқанда жолбасшы, қысылғанда ақылшы болған Сана би Қожантайұлы бабамыз жатыр.

Аруақ алаламайтын Қотана-Балқаш, Тоқырауын, Ақтоғай халқы аруаққа деген ұрпақтық парыздылықтарын, сый-құрметтің кезегін Сана би бабаларына арнаған 1994 жылы күрте көктемде мавзолейін салуды қолға алып, небары екі айдың ішінде бұрынғы қарағай қорғанның сыртынан өсем ғимарат орнатып, құлпытас қойды.

Көріпкел бабаның мерейтойына қырықтан астам үй тігіп берді, ат жарысып, жорға екшесіп, көкпар тартып, палуан

күресіп, арқан тартысып, жүлде алысқан үлкен той өтті.

Тойда Сырдан көшкен қалың елін елу жылдан астам уақыт аттың жалында, түйенің қомында жүріп, аман сақтап, Қазақ даласының жарымын шарлай көшкенде ақылдары ажырамаған, бірліктері ыдырамаған қос әулиенің ақ ордаларының қанаттаса қатар тігілуі жүрегімізге ұлылық нұрын ұялатқандай болды.

Аруақ шапағаты бастаған ой қанатындағы сапарымызды Сана би бабамыздың «Атан шөккен» төбесінен кері қайтып, жалғастырар болсақ, тағы да бір «Бабалардың аты аунап түгі, түйесі аунап жүгі қалған» үлкен сүрлеумен Ақтұмсық Дастар, Түкөде, Шыбық арқылы «Әуезбақы» атанатын қасиетті бұлаққа дөп боламыз.

Құрметті оқушым, бұл қасиетті бұлақтан сіз бен біздің аналарымыз келіп, талай су алған, аталарымыз келіп талай ат суарған, аруақтар ісі аңқыған — ардақты бұлақ. Біздің де арнайы іздеп келіп, ат басын тіреуімізде тегіннен тегіндік емес. Бұл жерде Қарекен Вабамыздың қатар өткен, сыйлас келіні Дадан Тобықтының Алакөзінің Жолымнан тарайтын Бораншы ұрпағы ауылынан әулие атанған Әуезбақы анамыз жатыр. Халқы пір тұтып қасиетіне бас иіп, атын тіке атамай, Әуез енең деп құрметпен атап кеткен. Біз ат басын тіреп тұрған бұлақ та, мекен де — «Әуезенең басы» деп аталады. Дәл осы бұлақтың Бектауатаға қараған күнбатыс жақ жағасында 10-15 метрдей жерде әулие өткен анамыздың мүрдесі жатыр.

Ел аузындағы деректер бойынша анамыз жасы жөтіп, жүзден асып, дүние айырбастар шағында ұрпағына «Мені пәлен деген бұлақтың басына жерлеңдер, бірақ кесене соқпайсыңдар, өйткені іргесі ұстап тұрмас, Алланың нұрын, Күннің шуағын иіскеп жатайын» депті. Ұрпағы болса, әулиенің есиетін бұлжытпай орындаған екен. Кейінгі Ақтоғай-Балқаш көтерме тас жолы салынып пайдалануға берілгенше, бірден-бір Балқашпен арадағы қатынастың қаражолы — Әуезенең басы болатын.

Машинамен жүрген көп сапарларды айтпағанда, менің де бірінші рет (Сақып апаймен) түйе арбамен, екінші рет ұжымшардың көк құртын сатуға апара жатқан Жазекен молланың (Жәзілбек — Сырымның әкесі) пар өгіз арбамен әулие анамыздың басына қонып, үлкендердің аруақ рухына дұға оқып, ақтық байлағандарының куәсі болғаным бар.

Аруақтар рухын оралтып, санамызда, жадымызда жаңғырып, жаңарып жатқан 1996 жылдың 24 тамызында Балқаш қаласынан 70 шақырым. Ақтоғайдан 130 шақырым елсіз өң далада әулие атындағы бұлақ басында Ақтоғай, Қотана-Балқаш, Тоқырауын халқы тағы да мәрттіктеріне, өлдіктеріне басып, жиырмадан астам үй тігіп, әулиелік дарыған анамыздың рухына бағыштап ас берді. Анамыздың өсиетін сыйлап, күмбез тұрғызбай, өзі айтқан жобада мрамордан өсем белгі салынып, құлпытас қойылды.

Әулие өткен анамыздың асына бір-бір қой Баба атынан ұсынар нәфіл-садақамызды (құран), байлар ақтығымызды аруақ рухына ырым етіп Жәмші өлінен Сәкеннің Мырзағалысы, Роза, Қанаш, Байыз бәсеуміз қатысқан өдік. Араға көп жыл салып, пір тұтқан анамыздың топырағын сипап, ұрпағыңды қорғай жата көр деп мінәжат өттік. Ел аузындағы бір деректі әңгімеде: Қарекөң бабамыз қатты науқастанып қалғанда арнайы адам жіберіп, Әуезбақы көлінің алғызады. Әуезенәң есіктен кіре бабасына иліп сәлем етіп, жаулығымен маңдайынан сипап өтіп ұшықтапты. Бабаң болса, сол сәттен бастап ауруынан құлан таза айығып, Әуезенәңе ықыласымен рахмет айтып, жолын беріп, шығарып салыпты. «Әуезенәң бұлағы», «Әуезенәң алқабы» атанатын аруақ шалған осы бір сайын даланың — біздің әулет үшін тағы да бір қымбаттылығы жөнә бар. Әуезенәң мазарынан күнбатысқа, Бектауатаға қарай 1000 метрдей жерде тұрған қос кесененің ілгерісі — Қарамөнде бидің Байдагелдісінің немересі Түржіке байдың кесенесі. Түржікеден — Мұсағұл, одан Аманбай, одан Зияда, одан Қазі, одан Нұрболат, Салтанат, одан Жібек. Алладан амандық тілей жат, ұрпағыңа жан ата!

Байтақ та жомарт Қазақ даласының киелі үш пұшпағының екеуі атанған Абайлықтар мен Ақтоғайлықтар аруақтар рухын құрметтеп ас беріп, той жасауда өзгелерден адым алда өкені заңдылық сияқты.

1995 жылдың тамызында өтетін ұлы Абайдың 150 жылдық мерей тойына Ақтоғайлықтар да жалпақ елімізбен бірге күн ілгері дайындалып, тойға қонақ болуға емес, қонақ жөнәлтуге сақадай сай қамданып, 1 тамыз күні Шыңғыстауға жетіп, Қарауыл төбедегі Ақжардың кең жазығына қоныс төпкөн бір мың бес жүзден астам ақшаңқан той ауылының төр жағынан

екіге бөліне шаңырақ көтерген болатын.

Бірінші бөлім, немесе жоғарғы, құрметті қоныс — Абай ауылы — Әнет баба, Көңгірбай би, Нысан абыз, Мамай, Тоқтамыс батырлар, Көбей би, Шәкәрім қажы, Мұхтар үйлері болып даңқымен, дәрежесімен жалғаса беретін әулиелер, даналар, батырлар, билер ауылы. Бұл ауылдың ерекше құдіреттілігі де сол, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген не аруақты не даңқты өткен бабалар елінен келген 1500 үйлер тек қана Абай ауылының Абайының 150 жылдық даңқты мерекесіне қызмет жасау үшін, құрмет көрсету үшін ғана келгендігінде.

Ел басшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы мен ЮНЕСКО-ның директоры Фидерико Майор бастаған он мыңдаған халықтың құрметті қонақтардың құрметпен тағзым етер, сағынышпен сәлемдесер, Қазақ халқының тарихи ұлылығына бас ұрар, көусарынан сусындар аққайнары да дәл осы ауылда, ұлы Абай ауылында.

Осыдан екі жыл бұрын 1993 жылдың жазында Мамай-Тоқтамыс батырдың тойын Тоқырауын, Ақтоғай аудандары болып көтеріле көшіп тойлаған жолы, қайтар сапарымызда Қарауылдан Шаған өзеніне дейінгі 110 шақырымдық жолда «Волганың» артқы орындығында Шыңғыс өлінің бүгінгі Құнанбайы атанып кеткен Хафез ағамызбен екеуара сырласқанымызда: — Зеке, Абайдың 150 жылдық мерей тойы да таяп келеді. Абай тойын дүние жүзі халқы атап өтеді. Бұл той тек біз емес, бүкіл Қазақ атты халыққа сынды асқақ дәреже. Абайымыздың тойына жан-жақты, жақсылап дайындалып келіп, Абай ауылы мен Ұлы би ауылын қатар қондырып, ұлы Абай мен Ұлы Би ақ ордаларын қатар қондырсақ, шіркін?! — деп армандағаны алдын-ала естеріңізде болар.

Тоқырауын елінен Абай өліне сән-салтанатымен, жол-жоралғысымен, өнер сайысына тарту-таралғысымен Қарамөнде Бабаның киелі маңдайшасы бастаған ауылдың екіге бөлінуінің себепі енді түсінікті болар.

Абай ауылының ортасынан орын алған Қарамөнде би ауылын дайындап әкелуге ерекше еңбек етіп, азаматтық адамгершілік жасаған Сарытерек ауылынан Бауымбектің Дәкімінің жанұясы Қарамөнде бидің ордасын жабдықтап

апарып, киелі маңдайшаны төріне қойған еді. Егінбайдың Төлегенінің жанұясы Сана би бабамыздың ақ ордасын, Қараталдың Шабанбай ауылынан бидің ақ ордасын, Қараменде би ауылынан Садықбектің Қазии жанұясымен Көтен палуанның ақ ордасын (Көтен палуанды ерекше ардақ тұтатын Хафез Ыбырайұлының тапсыруы бойынша), Сейдіғали ақсақал Қараменде би ауылынан жанұясымен Жалаңтөс батырдың ақордасын, Ақшидің Кежек ауылынан Тұрғынбектің Аمانы жанұясымен Жидебай батырдың ақордасын өкептігіп, аруақпен аруақты, бабамен бабаны, данамен дана рухтарын қауыштырған үлкен өлдіктің өнегесін көрсетті. Көлуші халықтың, әсіресе, Абайлықтардың қошаметі мен ақ алғысына бөленіп қайтқан болатын.

Той басталудан он күн бұрын қонақ күтуді бастаған өрбір ауылға, өр киіз үйге таңғы сағат ондарда басталған адамдар легі түннің біраз уақытына дейін толастамайды. Осынша халыққа аяқтарынан тік тұрған ізетпен қарсы алып, ілтисатпен құрмет көрсетіп жатқан 1500 үйдің иелерінің қонақ жайлылығы, дастархан берекесі, оның ішінде Абай ауылының қонағы — тойға қанша адам ат сабылтып келсе, сонша адам болатыны тойдың тағылым алар сөті екені түсінікті. Ақтоғайлықтардың Ұлы Абайының 150 жылдық дүбірлі тойына апарған екінші ауылы — сол кездегі Жезқазған облысына бөлінген кеуде жақтың дәл ортасынан орын алған. Бұлар Жәмші, Жидебай, Қызыларай ауылдарынан Күзенбайдың Сұлтанының, Мұқсинның Әйкенінің үйлері болатын. Ұлы тойдың ұлылығы туралы бір ауыз сөз той күнделігінде көзімізбен көріп куә болғанымыздай, құлағымызбен естіп бөтуа жасағанымыздай, Абай тойы бұған дейін дүние жүзінің 26 өлінде тойланып өтіп, Ұлы Абай арқылы Қазақ халқының ұлылығы жер шарына аруақты нұрын шашқандай болған еді.

Бүгін 1995 жылдың 11 тамызы. Ұлы той — ұлылар өлкесі, даналар ордасы Қазақтың ұлы Абайы, өлемнің Абайы дүние өсігін ашқан, киелі кіндік қаны тамған қасиетті Шыңғыстау топырағында, Қарауылтөбе, аруақты Жидебай алқабы да арайлы шапағатқа толы нұрын шашқан он күннен бері сағына, сарғая күткен 80 мыңнан астам халқына ашылу салтанатының шашуын шашпақ.

Халқымыздың өзі куәгер болғандай, түскі сағат 11-12-

лердің аралығында Қарауыл төбеден Жидебай қорығына (24 шақырым) ағылған 80 мың халықтың легінен жер қайысады десе дегендей. Мұнда той тарихының алтын өріппен жазылатын алғашқы беташары — Абай мен Шәкәрім күмбездерінің мемориалының ашылу салтанаты.

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы жиналған жұртына күмбездің биік мінберінен төбірентерлік төрең мәнді сөз арнап, күмбездің лентасын қиды. Ел басының арнау сөзінде ойға түйерлік тәрбиелік ұлағатқа толы төбірөнісінде:

— Бүгінгі күннен бастап Абайдың атақонысындағы осынау қасиетті орын халықтар өмірінің тыныштық пен тең құқылық, татулық жағдайында өтуі идеясын қолдайтын әрбір адам үшін рухани Меккеге айналады — дегенде, қалың халық дүр сілкініп, рахмет айтып, қол шапалақтап кетті. Сөл кідірістен кейін: — Құрметті Семейліктер, Мен сіздерге ризамын! — деп сөзін аяқтады. Мен осы кезде қасымда тұрған Қайдар моллаға: «Ел ағасының сөз соңын Семейліктерге арнап аяқтауында да үлкен жүректің ой түйіні жатыр-ау» деуім мұң екен, Қайдар көңіл қарақтығына салып, өңгімені әрі қарай өзі жалғастырып жөнелді. Молла екеуіміз осының алдында ғана Алматыдан көлген 4-5 зиялылардың ортасына түсіп, Қайдардың «ауызша емтихан» алғаны бартұғын.

Тамыздың 1-ші жұлдызынан басталған Тоғжан, Әйгерім, Абай өндері той қызығы қызған соңғы үш күн, үш түн бойы ғасырлар үніне ұласып, өн мен күй Қарауыл төбе, Түйе өркеші, Орда, Жидебай, Шыңғыстау аспанын тәтті жырға бөлеп, алыс-алыс елдерге тарап жатты. Көлөр ұрпаққа бүгінгі аға ұрпақтың ұсынар асыл мұрасы, өлемнің «Жеті көреметіне» қосылар алтын қазынасы — Абай, Шәкәрім күмбездерінің мемориалының ашылу салтанатынан қайтқан халық той салтанатының рәсімінің кезегін асқа берді. Қарауыл төбе. Шаңқай түс. Асқа жиналған 100 мыңға тарта қауым сыйғанынша киіз үйге, сыймағаны «ашық аспан» дастарханына жайғасып болған шақта, Халифа Алтай бастаған қазақ мұсылман дінінің қайраткерлері Ұлы Абай Құнанбайұлының рухына арнап құран-хатым түсірді. Соңынан іле ұлы ас берді.

Аста бізге, Қарамөнде би ауылына Абай өлінің 64 ақсақал-қариялары, қажы, имам, молдалары жиналып, Тоқырауын өлінің, Шыңғыстау жерінің фәниден бақиға озған аруақтар

рухына дұға бағышталып, қызықты деректер айтылды.

Ас басталардан аз уақыт бұрын ғана Бабаң ауылына «Алматыдан қонақтар келетіні, бір үйді арнау туралы» хабар жеткен болатын. Қазыналы қарттарымның даналық дуылы енді басталған кезде мені Зәрубектің үйіне шақырып келді. Ұлы Абай қайтыс болғаннан кейін Көкбай ақын айтқандай:

Жәннатта жаның болғыр, Абай құтып,

Қасыңда бос жүріппін шатып-бұтып.

Осындай өн дарияны жайлағанда,

Тым болмаса, қалмаппын тына жұтып... — дегендей, мен де Абай елінің тұнып тұрған тірі тарихы, кеудесі — алтын, көкірегі — шалқар дария ғұламасы атанған, көне көкірек қарияларымнан ауыз толтырып айтарлық «сарқыт» өкпесі алмағаным, өздеріңізден көшірім сұраймын.

Зәрубектің үйіне сәлем береді кіргенімде отырған екі үстел қонақтар мені ищаннан келгеннен бөтер, орындарынан жаппай тұрысып, қолымды кезекпен-кезек ұстап жатқанды, бірінші көптен ұялып, қысылғаным. Сәлем соңында қонақтар болып, ауыл болып, кеукеулей келіп, төргі үстелдің қақ ортасына қонжытып, Сағдат отырғандарға мені таныстырып, маған қонақтарды Алтынбек Сәрсенбаев пен Оралбай Әбдікәрімовтан бастап жағалай таныстырып шыққанды, екінші рет ұяттан маңдай терім шып-шып қайнады, білөм.

Құрметті қонақтарды ақтоғайлықтар қанына сіңген тектілігімен қарсы алып, өулеттен қалған адамгершілікпен аттандырып салғаннан соң, Мырзаханға (Кілкөнге) менің жаңағы құрметті қонақтардан жоғары өрлеуіме жол болсын деп сұрағанымда, бір жағы қалжыңға сүйеніп, Кілкөнге:

— О, жігіттердікі өте дұрыс, төбеңіз көкке тіреп, иегіңіз жер тіреп, өсіктен осы қалпыңызбен таудай болып кіріп келе жатқанда Бабаға «ұқсап» кеткеніңіз рас — дегенде, тұрғандар шөктері қатқанша күліп жатыр.

— Олар сіз бен бізді ойлап жатқан жоқ. Олардың ойындағы аңсағандары — Баба аруағы, ируиқ үшін сізді де құрметтеп аруақ алдындағы азаматтық парыздарын ақтап жатқан болар, — деп, Кілкөнге сөзін тамамдады.

Ұлттық салт-дәстүрімізде ата-бабадан қалған өрісті өнегелі бірі — тойға шашумен, Асқа сойыс малымен, тарту-таралғысымен бару.

1851 жылдың жазында Құнанбай қажы әкесі Өскенбайға Көкшетаудың Көкжайдағында ас беруге дайындалу кезінде құдасы Алшынбайға ақылға келе жатқанын естіген Алшынбай қасына Тіленші би мен Жапалақ батырды ертіп алдынан шығады. Жапалақ батыр болса, Құнанбайдың келе жатқан шараусын естігенде, «Шыңғыстауда жер жетпегендей. Құнанбайдың қай басынғаны» деп атқа ашумен мінеді.

Алшынбайлардың қарасы көрініп, таянғанда Құнекең атынан түсіп, жаяулап келіп, сәлем береді. Жапалақ батырдың қолын алып тұрып: «Батыр, ағаңыздың асы қабыл болсын!» — дегенде, Жапалақ батыр жұлып алғандай «Айтсын, сойысқа 30 ту биө» — депті, Құнанбайдың мергендігіне Жапалақ батырдың жомарттығы сай келіп.

Осы асқа Шұбыртпалы Ағыбай батырдың Балқаштың Тасаралынан 5 құр ат жетектетіп барғаны және бар. Өскенбайдың асына дайындалып айдап барған сойыс малынан халықтың тартуы асып кеткен өкен. Міне, Бабалардан қалған енегелі асыл мұраның бірі ғана бұл.

Біз де от басы болып ақылдаса келіп, «не көп — ас көп, не көп — той көп, бірақ Ұлы Абайдың 150 жылдық ұлы тойы дара. Оны қызықтау біздің еншімізге тиіп отыр. 200 жылдыққа дайындалып жатқан ұрпақ бар. Орамал тонға жатпаса да, тоннан құрметті жолға ие» деген асыл ойды алға тартып, Қарекең ауылындағы киелі маңдайшасының қасына ілуге ішік арнаған едік.

Бұл ішік — ескі бабалар ізімен бағанағы Абайлық 64 кемеңгердің ішінен не Абай ұрпағының үлкенінің, не Кеңгірбай би ұрпағының үлкенінің иығына жабылуға тиіс. Аңғары кең ақсақалдар алқасы ақылдаса келіп, жасы кіші болса да, жолы үлкен Кеңгірбай бидің, одан бері Бөжейдің ұрпағы Сармыозаның Меделбөгіне лайық деп пәтуаласты. Тұлпардың тұяғы, аруақтың арты, анадан зерек туып, көшелі із басқан Меделбек болса, ұшқыр ойлы беттілігіне басып.

— Рахмет, менің заңғар әкелерім, аңғар ағаларым! Қарамеңде бабаның исі аңқыған бұл тон (ішік) бір иыққа ғана лайық болуға тиіс емес, Шыңғыстауда қанша бабалар ұрпағы болса, сонша иыққа сый-құрмет. Сондықтан, Сіздерге перзенттік жүрегімнен тағы да рахмет айта отырып, Сіздер ұсынған киелі сыйлықты барша Абайлықтардың ортақ ордасы.

қарашаңырағы аудан әкімінің көңесіне ілемін — деп, ұлылардың зередей болса да, асыл ұшқыны екенін аңғартып тастаған еді. Бөжей ұрпағы Меделбектің бастамасымен Абайлықтардың үлкен сый-құрметі — Бабаң кесенесін қоршайтын шарбақ дайындап қойғанына екі жыл болса да, жеткізу мүмкіндігінің сәті болмай жүретін еді «Жақсының шарапаты мыңға». Жәмшіліктердің азаматтықтарының арқасында «үлкен үйдің» Мараты 1992 жылғы Шыңғыстаудан Абайлықтар әкеп қойған құлпытастан кейінгі ескерткішті Бабасының басына жеткізіп, ұрпақтық игілікті іс тындырды. 1997 жылдың қыркүйегінің 22 жұлдызы, Күн мен түн теңеліп терезелері теңдесе өткенге есеп, көлер уақытқа бағыт-бағдары таразы басына салатын теңдік күні — Семейдің Қарауылынан төмендегідей жеделхат алдым:

(Срочная) Ақтоғай Жамшы Қараанды Аманбаев Зиядаға, Семей Қарауыл. 22.09.97. №059

Құрметті Зияда мырза және өл азаматтары сіздерді 24 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында Бөрлі және Жидебайда болатын М.Әуезовтың 100 жылдық мерей тойына шақырамыз.

Тоғанбеков, аудан әкімі.

Жеделхат «асығыс» деген атымен Жәмші ауылына сол күні жетіп, менің қолыма не өрі емес, не бері емес, жұмыс күнінің аяғы атанатын кешкі сағат 6-да тиді. Ойланатындай ештеңе жоқ, арада бар жоғы жалғыз күн. Дереу, Ақтоғайға байланысқа шығып, Төлеужанды да (аудан әкімі Ахметбеков), Махмұтты да (аудандық мәслихат хатшысы) жұмыс орындарынан таппадым да, еріксіз Төкеннің үйіне қоңырау шалғанымда, әкім жарты сағат бұрын Қарағандыға өртеңгі жиналысқа жүріп кеткен болып шықты. Мәслихат хатшысына кештетіп телефон арқылы хабарды жеткізгенімде, уақыттың тығыздығына, Мұхтар сияқты алыптың 100 жылдық тойына бара салуға болмайтындығы, Төлеужанның Қарағандыға өстімей жүріп кеткенін айтып, қатты абыржып толғаныста қалды. «Бару керек» деген тоқтамға көлдік.

Мұхтардай ұлының 100 жылдық мерей тойына қатыса алмай, хабарсыз қалу — Ақтоғай сияқты арыстар еліне, Бабалар еліне Алла алдында кешірілмес күнә еді. Қарағандымен түнде жасалған байланыс бойынша, Семейге

баратын жігіттер аталып, көліктер іріктелген. Егер Төкеңнің өзіне облыс басшысы рұқсат берсе, ертең жолай Қарқаралының Қарағайлысында кездесуге уәде еткен

Мен болсам, ертеңгі таңғы 7-де Ақтоғайда болуға уәде еттім. Айтылған мерзімнен жарты сағатқа кештетіп мен келгенде, Махмұт телефон құлағында бірде күліп, бірде ренішпен қарбаласа сөйлесіп жатыр екен. Әңгіме төркіні Семейге баратын көлік жайлы, реніште сол жайлы болса керек.

Қарбалас дайындықпен уақыт өте шықты. Сағат болса асықпай тықылдап көшкі 4-ке жетті. Тойға дейін 16 сағат уақыт қалды да, арада 560 шақырымдық жол жатты. Ақылдаса көліп, азаматтар Абайлықтарға уақыттың тығыздығын айтып, жеделхатпен құттықтауға бел байлады да тарасты.

Байланыс бөліміне жеделхат беруге және телефондар арқылы сөйлесуге хатшы екеуміз келгенімізде, Махмұт біраз үнсіздіктен кейін:

— Зеке, қалай қарайсыз, жеделхат жазуға қолым бармай тұр, сөйлескім де келмей тұр. Бармасақ, тиыш жатайық, өйтпесе, біздің жаман «Нивамен» төуекел деп керейік — деп батыл шешімге келіп тұрғанын айтып, сөз соңын маған тастады. Мен, жол алыс, жалғыз машина, жүріс түнде болатынын айтып, тізгінді қайыра өзіне ұстаттым. «Шешінген судан тайынбас» деген Аллаға сыйынып, төуекел дейік, аруақ жар болсын! Машинаны дайындатып алып, жол берсе, сағат 8-де жүріп кетейік, жолда Зейнолла дайын отыр — деп, тиянақты шешімге келді.

Күн ұясына отыра бастаған шақта қызыл күрең арайлы күн сөулесіне шомыла малынып тұрған Бадам мазарына «Қаражұмақтың» иығынан тоқтап, дұға бағыштап, рұқсат алып, Алла жол бере көр деп, өлем Мұхтарының ауылына аттанып кеттік. Зейнолла болса, Мұхтар данасының 100 жылдық тойына бармақшы сегіздің көшбасшысының бірі ретінде сақадай-сай отыр екен. Көпке дайындалған мол дастарханға, көп адамша күліп ойнай отырып, ауқаттанып алып, түнгі сағат онда, той басталуға 12 сағат қалғанда, қасиетті Шабанбай ауылынан ұлылар өліне, Мұхтардың туған жеріне басталған сапарымызды ары қарай жалғастыруға Алла деп атқа отырдық.

Қызыларай, Туысқан бұлақ, Жамбыл-Аппаз, Қарғайлы, Кентөбе, Бақты, Доғалаң, Абыралы, Дөгелең, Медеу, Қарауыл төбе — 24 қыркүйек 1997 жылы таңғы сағат 9.30. Қасиетті Жидебай, сағат 11.00.

Біз Қарағанды облысынан келген қонақтар атанып, Әбіш Кекілбаев бастаған топқа қосылып кеттік. Абай-Шөкәрім ғимаратына тағзым өтуге тұғырға көтерілген бетте, Абай күмбезіне кіре берісте басшылармен, еліміздің зиялы қауымы атанатын ғылым, өнер тарландарымен бетпе-бет қауышып, Ұлы тойдан соңғы (Абай) Үлкен той (Мұхтар) құтты болсын айтыстық. Қонақтың алды ішке кірген кезде, Мұрат (Мұхтардың ұлы) қасында орта бойлы, дәмбелше келген аққұба жігіт екеуі елден бөлініп, Оспанның кесенесі жақ бұрышқа таяй бере маған басын изеп амандасқандай болған соң, мен қайыра барып, қол беріп жаңа сәлем бергенімді айттым. Осы кезде қасындағы жігіт менің қайдан келгенімді сұрап алып, «Той қалай өтіп жатыр, не көрдіңіздер. Әрине, Абайдың тойымен салыстыруға болмайды, Абай — ол Абай ғой. Мұхаң — Абайдың қолқанаты ғана, бірақ Мұхтарсыз Абай жоқ, Абайсыз Мұхтар жоқ» деп, қалтасынан қағаз, қарындашын әзірлеп, менің аузымнан не шықса да жазуға сыңай танытты. Мен қысылыңқырап тұрып ойымды қысқаша білдірген өдім... Ойдың қысқа мазмұны сол жылғы «Абай» журналына шыққан болатын.

Жолай Зәре әже мен Ұлжан ананың, Шөкәрім қажының әкесі Құдайбердінің зираттарына зиярат өтіп, Жидебай мұражайына келгенімізде, елдің алды Абай үйімен қауышып, қайыра шығып жатқан көз болатын. Іштен шығып көле жатқан 5-6 адамдардың орта шөнінен Ақселеу Сөйдімбек бауырымыз бізге ұзағырақ қарай берген соң, бұрылып, екінші рет сәлемдестік.

Бұл менің Ақселеу сияқты ақиық ой дариясымен үшінші рет жүзбе-жүз шүйіркелесе амандасуым. Бірінші кездесуіміз 1991 жылдың жазында Ағыбай батырдың асында «Қарамөнде би ауылында» болғаны оқушының ойында болар. Бұдан соңғы дидактарласуымыз Ақтоғайдың бұрынғы «Жемші», қазіргі Нүркен ауылында қонақ жайлық жағдайда болған өдік.

Қазақтың өнер жолындағы біртуар ұлдарының бірі, қыл қаламның шөбөр-саңлағы Сахи Романның 70 жасқа толу тойы

құрметіне өнер алыбын Ақтоғай сияқты қасиетті де киелі топырағына бір аунатып алуға, бірі — жолбасшы, бірі — атқосшы болып Сейдімбектің Ақселеуі, Жақанның Илиясы, Қашқынның Жөңісі, Әбіштің (Әзімбайдың) Қабылсаяты Ақтоғай, Қызыларай, Бегазы, Қаратал (суретшінің туған жері), Тоқырауың Жәмші бойына 1997 жылы қаңтар айының басында келген болатын. 9 қаңтар күні Нүркен Әбдіров атындағы орта мектептің әсем бөзөндірілген кең залының сахна төрінде қатар отырғанымызда Ақаң біреуді іздегендей, қабағын сәл көтеріңкірей түсіп менің бетіме қарап, ойланғандай рең білдірді. Мен Ағыбай тойы туралы қысқа айттым.

Одан өрі әңгімені өзі жалғастырып, осыдан екі күн бұрын Қарекөң басында болғандарын айтып, өңгіме аяғын Баба туралы орталық баспада Жөңістің өлеңдерінен басқа ештеңе жазылмайтынына тоқталды. Сол жолы 70-ке толып, халқының ардақты ақсақалы атанған Ақтоғайдың өр тұлғасы — Сахиға жәмшіліктер арғымақ мінгізіп, атқосшыларына шапан жауып арнау сөз жазған ескерткіш кітаптар сыйлап, шығарып салған болатын.

Сол жолы құрметті қонақтарға, арнайы шақырсақ қол жетпейтін ардақты ағаларына сый-құрмет, қошемет көрсетуде мектеп директоры Алма Шөженқызының ілтипатына риза болған ағалары да ақ алғыстарына бөлеп аттанған еді.

Үшінші жолығуымыз айта жүруге шөжіреге татырлық сапар болғандықтан да болар, Шыңғыстауға, ұлылар еліне, Абай, Шөкәрім, Мұхтарлардың кіндік қаны тамған жеріне біздің келе бермейтінімізді ескерді ме, келсек те өзімен дәл осылай жолыға бермейтінімізді ойлады ма, амандық-саулық сұрасқаннан кейін сол иығына іліп алған суретке түсіргіш құралын қолына алып, әрлі-берлі бұрап алды да:

— Жігіттер, мынау қазақтың қасиетті қарашаңырағы Абай үйінің ауласында суретке түсейік, мына бір жерге келе қалыңдар — деп, ауланың төрін нұсқады да, өтіп бара жатқан жас жігітке: «мынаны шарт өткіз» деп, суретке түсіргіш құралын ұсынды. Сөйтіп, өзі, Махмұт, Зейнолла үшеуіміздің ортамызға келіп тұрды. Осы кезде Ақаңмен бой жағынан шамалас, менің ойыма: «Шіркін, Ақаңмен ой жағынан да қарайлас болса ғой, тіпті үштің бірін берсе қанағат» деген желең ой келді. тәтті қиялға шомып.

Бірақ, дәл осы жолы Абай елінің, Тобықты елінің, Мұхтар елінің «Абай» эпопеясында ұлылық пен даналықтың, махаббат пен іңкәрліктің, өн мен жырдың, талас пен тартыстың мекені болған Шыңғыстау, Орда, Архат, Ақшоқы, Ералы, Тума Бөрлі, Қасқабұлақ, Аралтөбе, Тышқан, Күшікбай, Ақшатау, Мұқыр, Сарыжал, Шаған, Бақанас, Байқошқар, Саятқұр, Жидебай, Қыдыр, Түйөөркеш, Шұнай сияқты ата-бабалардың «аты аунап түгі қалған, түйесі аунап жүгі қалған» тарих самалының тұнығынан тына жұтқан жайымызға, Аллаға тәуба дейміз! Бұл жайында да ілгеріде өңгімелеген болатынбыз.

Жидебайдың өңі сарғылт тартқан көк майсалы кең алқабына алқа-қотан тігіп тастаған, ана жылғы Абайдың 150 жылдық мерейтойында бірінші орын алған Үржар ауданының 6-8-12-18 қанат ақшаңқан ордалары мен Абай ауылының ақ ордалары. Той ауылының дәл төріне тігілген 18 қанат екі ақбоз үйдің бірінші үйіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаев бастаған республика басшылығындағы ел азаматтары, халқымыздың қадір тұтар азиялылары, ұлы Мұхаңның ұрпақтары шақырылды. Бұл құрметке Ақтоғай ауданының халқы атынан, Қараменде би ұрпағы атынан біздің бұғыбай басшымыз Махмұт Қарылғапұлы ие болды. Бірден кейін екіншісіне бізді той дастарханына шақырды. «Ат шаптырым» деп атайтын дастархан төрінде Алматы, Ақмола қалаларынан бастап, облыстардан келген қонақтар, құдай бұйыртқан төрден Зойнолла екеуіміз де орын алдық. Әдеттегідей тойдың бірінші кезегі асқа беріліп, Мұхтар Омарханұлының аруағы рухына арналып құран-хатым түсірілді.

Ұлы Мұхаңның 100 жылдық дүбірлі тойының екінші кезегінің алғашқы бастау сөзін біздің тойхана бойынша асаба Арғынбекұлы Орал қажы Қарағанды, Ақтоғай, Тоқырауын өңірін толғай келіп, Қараменде би ұрпағы деп маған ұсынды. Алла деп шамам келгенше Мұхаңа арнап Ақтоғайлықтардың сәлемін жеткізіп ұлылардың даңқы биіктей беріп, ұрпақтарына амандықпен бақытты өмір нәсіп болсын — деп өнімде, отырғандар таңдай қағып тамсанбаса да, рахмет айтып, қол соғып жатты. Мен үшін жауапты да үлкен міндетті атқарып арқа-басым кеңіп қалған еді. Уақыт жетіп той аяғы танығанын хабарлап, басқарушымыз Қараменде Баба ұрпағы

Зияда ағамыздан бата сұраймыз — деп, дыбыс күшейткішін екінші қайтара ұсынғанда:

«Бисмиллаһи Рахмани Рахим!
Сұрасаң халқым бата берейін.
Ақ жүректен ақ тілекті төгейін.
Құтты болып ұлы Мұхаң тойы,
Алашым, биіктөй берсін мерейің!
Құрметті халайық, баршаңызды,
Алты Алаштың Төле бидей Бабасының,
Исі қазақтың қаз дауысты Қазыбектей данасының,
Айыр тілді Әйтеке бидей
Үш жүздің панасының аруақтары желеп-жебей берсін!
Ұрпағымыз: Абылайдай қазақтың тірегі болсын,
Әнет бабадай өділеттің жүрегі болсын!
Жүз жасаған Нысан абыз жасын берсін,
Мамай мен Тоқтамыстай халқының берені болсын!
Қараменде бидей аруақты болсын,
Би атадай халқына ардақты болсын!
Айпара анамыздай абырой беріп,
Көбей бидей ойлы да салмақты болсын!
Ырғызбайдай ұрпақты, ұлысты болсын!
Өскенбайдай өрнекті, өрісті болсын!
Қүнекөңдей абырой, атақ қатар беріп,
Адамзаттың Абайындай келісті болсын!
Зере өжеміздей сәулетті болсын.
Әуез піріміздей әулетті болсын,
Нысан абыз әулие жебеп-желеп,
Оразбай атасындай дәулетті болсын!
Абайдай асыл қасиеттің көсемі болсын,
Шөкәрімдей терең ойдың шешені болсын,
Қазақты жер жүзіне асқақтатқан,
Мұхтардай маңғаз туған көшелі болсын!
Аллаһу акбар!» — айтып, жүрегімде көптен

түйінделіп, көкірегімде көптен жинақталып жүрген тілегімді айтып аруақтар қасиетіне кешіре көр — деп, бас идім.

Әлем тойына айналған Абай тойына құрметті қонақ болып келген ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майордың «Бүкіл өлемді тітіренткен Шыңғысхан өскеріне қазақтың осы

сайын даласында алғаш тосқауыл қойылған болатын. Ал, сол дала болғанда, Евразияның кіндігі болып табылатын Шыңғыстауда өмірге келген Абай қаһарлы хан қылыштың жүзімен бағындыра алмаған өлемді қаламмен, сөз құдіретімен жаулап алды» деген. Осы бір бағалы сөзі — Абай дүниесінің алтын әбдіресінің кілтін ашып, ішіндегі гауһарын әлемге шашу ғып шашқан Ұлы Мұхтарға да, Абай өлемінің алтын бұлағынан қана сусындаған Шәкәрім қажыға да ортақ.

1998 жыл Шәкәрім Құдайбердиевтің кезегіне тиген даналар мерекесінің үшінші жылы. Шәкәрім қажының 140 жылдық мерейтойы бұрынғы Шыңғыстау, бүгінгі Абай ауданының 70 жылдық тойымен тұспа-тұс келгендіктен, Абайлықтар екі тойды бірігіп тойлауға ұйғарысып, тойдың 28-29 тамызда өтетіні туралы Ақтоғайға жеделхат жіберген-ді.

Тойға аудан бойынша өр ауылдан өкілдер жіберіліп, ел болып ұйымдасып бару туралы аудан өкімінің үлкен шарасы бойынша, түптеп келгенде тойға қатысу — Жидебай батыр ұрпағы, Ақтоғайдың абыройы мен намысын қолдан бермейтін өмір мектебінің өсіпн еңбекпен ашып, бақытын еңбектен тапқан, халқы құрметпен «Сөкең» атап кеткен Сейілханның Сейдіғалиы, аудан депутаттары мәслихатының хатшысы Жарылғаптың Махмұты, аудан өкімінің орынбасары, аруақты Айтбай баба ұрпағы Әбдіғұлдың Сағаты төртеуіміздің өншімізге тиген болатын. Той дәсе табиғаты түрленіп сала беретін Шыңғыстау өңірі бүгінде өрекше нұрға малынып, Ақжар өлкесі ақшаңқан үйге толған. Қарауыл-Жидебай арасы өрекше шаттық пен ән мен күйге бөленген. «Өрекше» деп өншілей айтуымыздың да тарихи мәні бар. Бұл өлке жетпіске тарта жыл өзі тұрсын, өлігінен де көз жазып қалған, дарыны түгіл атын атаудан қалған Шәкәрімдей данасымең, дарынымең қайта табысып, тұңғыш рет 140 жылдық мерейтойын тойлау бақытына ие болып отыр.

Біз де Абайлықтардың қуанышына Ақтоғай халқының атынан ортақтасқанымызды — өміріміздің «тәуба» дейтін бір сәті деп бағалап, өмірге ортамызға қайта оралған Шәкәрім қажының даңқы жоғарылай берсін дедік.

Бізді, Ақтоғайлық төртеуді төрт рулы ел келгендей, Саят Одағының батыры Зәкария Белібаев атындағы көңір атындап салған Архаттықтарға бөлген болатын. Архат жерінің табиғаты

бай, шұрайлы, орман-тоғайлы, мөлдір сулы Қопа көліне құятын өзендер басын Архат тауының саялы салқын бұлақтарынан алады. Семей өңіріндегі «Құс базары» атанған Аймақ көлі жөне бар.

Құрметті оқушы, керікті Архат аймағы бұрын естеріңізге салғандай, «Жаушы», «Атаманның ақыры» кинофильмдерінен ойларыңызда болар.

Архат Ұлы Отан соғысындағы З.Белібаев, С.Бекбосынов сияқты Совет Одағының Батырларының Б.Әбжанов, О.Қазанбаев, Болат Бағдатов, Р.Қасымжанов сияқты Еңбек Ерлерінің Отаны. Ауыл ағасы Кемербайдың Амантайы — ел басқаруда, халыққа қызмет жасауда Шыңғыстау топырағының асыл өнегесін бойына сіңірген сөгіз қырлы, терең сырлы азаматтардың бірі

Жоғарғы Архат туралы әңгімені қонақтарды таныстыру көзінде Амантай ақынға жақын шебер ой өрнегімен біз жазғаннан әлде қайда кең баяндай келіп:

— Мынау, өздеріңізге жете отырған палуан шалыс жігітіміз Архаттың атақты шопаны, Социалистік Еңбек Ері, кезінде СССР Жоғарғы Советінің депутаты болған Болат Бағдатов деген бауырларыңыз. «Бай бастас, кедей — мұңлас» деген, өзі де Сөкен өріптесінің оң тізесіне сүйеу-тиянақ бола отырыпты ғой — дей бергенде, бөйге атындай өзіл-қалжак десе, дөлебесі қозатын дегбірсіздігіне басып — Я, дұрыс айтасыз, «балықшыны балықшы күндік жерден таниды» деген. Бөкеңнің өріптес екенін сүйеу-тиянақ бола отырғанынан емес, кимелей-сүйкене отырғанынан аңғарып едім, — дегенде, отырған елде күлкіден шек жоқ. Сөкеңнің олай дейтіні, өріптесі өзінен бой жағынан қарайлас та, дене бітімі жағынан семіздіктен оралымсыздау болатын.

Бұдан арғы әңгіме-өзіл барысында өткен өмірден де бүгінгі күн биігінде де терезесі тең қос батыр Қарағанды. Семейден бірге аттанып, Қазақстан, кешегі Одақ көлемін, тіпті шет мемлекеттеріне де сапар шегіп жиған-тергендерін ортаға салып, таразы басын алма-кезек ауыстырып отырды. Сөкең болса, Болаттың ақкөңіл аңғалдығының аңдысын аңдып отырып, әңгімені бастатып қойып, ортасына келгенде алдынан орап шығып, мәнеріне келтіре қорытып, өзілімен елді дуылдатып алады. Абайлықтардың атадан келе жатқан

дәстүрлі салты бойынша құрметті қонақтарды той иесінің ақ ордасынан дәм ауыз тигізу — тойдың сыйлы шағы.

Әрідегі, отызыншы жылдар басындағы Бақанас бойынан құрылған алғашқы «Бірлік» коммунасы, «Бірлік» ұжымшары, «Бірлік» кеңшары, бүгінде «Шөкәрім» ауылы атаған Бақанас өңірі тіккен сөгіз қанат Шөкәрім ордасына 40-тан астам қонақ жиналған. Қонақтарды осы шаруашылықты көп жылдар басқарып келе жатқан білгір басшы, алғыр ойлы Сайлау Көшкеұлы өзі қарсы алып, отыратын орнымызға дейін жігіттеріне атап тапсырып жатты.

Қонақтарға алғашқы арнау-таныстыру сөзін алған Сайлау:

— Құрметті қонақтар. Шөкәрім ауылына, Шөкәрім үйіне, Қажының 140 жасқа толу тойына қош келіңіздер! Тойларыңыз құтты болсын! Кеңіліміздің ақ төрінен шыққан асыл лебіздер мен қажы шаңырағының киелі дастарханындағы қасиетті ырымдар өздеріңізге ғана арналады

Бүгінгі той — үлкен той. Ұлы Абайдың 150 жылдық, Ұлы Мұхтардың 100 жылдық мерейтойларының тай қазанын тасытып, кемеліне келтірген той — бұл той. Дәл бүгінгі тойға дейін Абай мен Мұхтардың ортасында Шөкәрім орны ұзақ жылдар иесіз тұрғаны, Шөкәрімін іздеген халқының зарығуын туғызған ауыр күндер артта қалып, бүгін өшкөніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, Абай, Шөкәрім, Мұхтар дөп тең аталған — толысқандық тойларыңыз тағы да құтты болсын!— деп, танысу рәсімін аяқтады. Сайлаудың сөзіне одан әрі жан бөре жалғастырған Абай елінің ақиық қаламгері Көмен Оразалин ағамыз қонақтарды ыстық лебізбен құттықтай келіп:

— Қазақ әдебиетінің қара шаңырағы Шыңғыстау өлінде ұзақ уақыттан бөрі, жаңа Сайлау айтқандай, Абай мен Мұхтардың арасы үңірөйіп бос тұрғаны ақиқат. Алланың өзі осы ұлы үш адамды бір жерден, бір ауылдан дүниеге келтірудің өзі — Шыңғыстаулықтарды асқақ сезімге бөлел көледі. Шөкәрім қажыдан көз жазып қалған көп жылдарды, Мұхтар аға келген сайын ауыл адамдары «Шөкәрімнің жұмысына неге араласпайсыз, оның қатарға қосылар уақыты бар ма?» дейтін. Сонда Мұхтар аға: «Шөкәрім жұрттың медеу-сүйеуінсіз-ақ өзін-өзі ақтай алатын адам. Абай ағамыз: «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген жоқ па, уақыты жеткенде көледі, күтіңіздер»

дейтін. Не деген даналық, не деген көрегендік. Ұлыдан қалған ұлы сөз — куткен күндеріңіз — тойларыңыз құтты болсын, балаларым, бауырларым! — деген еді.

Дем үстінде өңгіме-дүкен арасында Сайлау бауырымыз Мемлекеттік делегацияның 12 мүшесінің бірі болып, Куба мемлекетіне барып қайтқанда Ақтоғайға Бабасының басына бір барып сәлем бере алмай жүргенін айтып, «Көшіре гер Баба» деп, бізден де көшірім өтінгендей болды. Осы сәтте мен де сөзге араласып:

— Бабаларыңыз «келмейді» деп өкпелеп жатқан жоқ шығар, «Көрмедім» деп сағынып жатқан шығар — дедім.

— Құдай қаласа, ойымды көптен мазапап жүрген міндетім — деп, Сайлау бізге қарады. Біз де қарап қалмай бір ауыздан «Күтеміз, құдай қаласа» дедік. Сөйдіғали болса, ежелгі жүйріктігіне, жаны жомарттығына басып:

— Қарөкеңнің ағасы, ақылдасы Жидөбай батыр ауылынан дем тататындарыңызды естеріңізге ерте салдым, Алла қаласа — деп, Сайлаудың қолын қысты.

Қос тойдың салтанатты жиналысында Ақтоғай, Тоқырауын халқының Шөкәрімге деген сүйіспеншілікпен жолдаған жүрек сәлемін, тарихи өлкенің өркендеп өсе беруіне деген тілек сәлемін терең төбіреніспен жеткізген Махмұттың сөзін зал толған халық ерекше ынтамен қуаттап, «рахмет» жаудырып жатты. Аудандық әкімшілік атынан ұлылар елінің ұлағатты ұрпақтарын қос мерекесімен құттықтаған Сағат Абайлықтарды осы жылдың қыркүйек айының ортасында өтетін Алаштың үш арысы — Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбайұлы, Ермектің Әлімханына арналған тұңғыш ескерткіштің ашылу тойына шақырып, бүгінгі тойға арналған шашу, тарту-таралғысын табыс етті.

Бұл күнде біздер төріміздегі Шөкәрім суреті салынған кілемге қарап қажының рухына күнде өртемен сәлемдесіп, тағзым етеміз. Қос алып — Абай мен Мұхтар Шыңғыстың солтүстік шығысы Қасқабұлақта дүниеге келсе, үшінші алып Шыңғыстың сыртындағы Байқошқар өзенінің бойындағы Қаным бұлағында дүние есігін ашқан. Қаным — Шыңғыс сыртындағы мол сулы, кең жайлау — Құнанбайдың үлкені Құдайбердінің жайлауы.

Ал, бастапқы «Бірлік» көйінгі Шөкәрім кеңшарының

орталығы Мұқыр өзенінің бойында да, жайлауы Қаным өлкесі. Шөкәрім ауылы — тек қажы атымен ғана әйгілі емес, талай еңбек, өнер тарландарына да құтты қоныс. Шыңғыс Әзімбаев, Сұлтан Байбелов, Оразғали Қазанбаев, Оразбек Табаев сияқты Социалистік Еңбек Ерлері осы көңшардан шыққан.

Республикадағы атақты педагог, Социалистік Еңбек Ері Жақия Шайжүнісов — осы ауылдың түлегі. Қазақтың «Ағаш аяқ» өнінің орындаушысы, иесі, әрі ақын, әрі өнші, әрі сазгер Берікбол Көпенұлы екі аяғына екі бақанды байлап алып, биікте жүріп ән салған, 99 өнер иесі атанған, цирк өнерінің қарлығашы, Шөкәрім ауылының түлегі.

1998 жылдың қыркүйек айының ортасында Ақтоғай топырағы, Тоқырауын бойы дүбірлеткен үлкен той өткізіп, алыс-жақында жүрген Ақтоғайлық тумалардың қазақ елінің әр түкпірінен шақырылған құрметті қонақтардың басын қосқан болатын. Той Ақтоғай ауданының тұсау көсеріне, екіншіден Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күрестің көсемдері, әйгілі қоғам қайраткерлері, Алаштың үш арысы Әлихан Бөкөйхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековтердің ескерткішінің ашылу рәсіміне, үшіншіден Ә.Бөкөйхан атындағы қазақ орта мектебінің 70 жылдығына, аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінің 60 жылдығына арналған. Ақиқатына келгенде той аттарына сай дүбірлеткен үлкен той болып өтті.

Алдын ала естеріңізде болар, Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күрес көсемдері, әйгілі қоғам қайраткерлері, Алаштың үш арысы: Ә.Бөкөйханов, Әлімхан Ермеков, Жақып мырза Ақбаевтардың өмірге қайта оралып, халқымен қауышу құрметіне 1992 жылы той өткен болатын.

Бүгінгі көп тойдың өрекшелігі, — үлкен дә, бөлекшелігі — Қазақтың маңдайына біткен мақтанышы, Ақтоғайдан шыққан үш арысына бүкіл елімізде бірінші болып, тағы да, туған жерлері Ақтоғайында ескерткіш орнатылуы.

«Сүйерлік ұлың болса, сен сүй» деп, ұлы Абай дәл осындай Алаштың үш арысын, сирек туар шоқ жұлдыздарын айтқаны анық. Тойдың осындай жарқ өткен жаңалығынан да болар, арнайы шақырылған қонақтар Қазақ жерінің түкпір-түкпірінен, шет елдерден, Тәшкент, Бішкек, Москва, Санкт-Петербургтен т.б. ірі қалалардан көптеп жиналған болатын.

Ақтоғай десе ала-бетен алаң көңілмен отыратын Абай

елінің азаматтарын екі ел арасындағы «Алтын көпірдің» атасы, халқының аса қадірлі ақылшысы, ағасы Рымқан Ғабдоллаұлы өзі бастап келген болатын. Рекең атқосшы-нөкерлерін де «Бірәуі жүз кісілікпіз» дейтін Бөжей ауылының жігіттеріндей «сен тұр — мен атайынның» тура өзінен іріктеп алған екен.

Рақымбайұлы Сейфолла — аудан әкімінің бірінші орынбасары, руы Жуантаяқ Тоқтамыс батырдың ұрпағы. Ақтоғай топырағына екінші рет жолы түсіп отыр.

Сармырзаұлы Меделбек — аудандық шаруашылық басшысы. Көңгірбай би, Бөжей ұрпағы. Қарауыл мен Ақтоғай арасының «Алтын көпірінің» арқауын қолымен қойған, сонау 1992 жылдан бері екі ел арасын шаң қылған, өнегелі істің ұйтқысы.

Көшкеұлы Сәйлау — «Бірлік» шаруашылығының әкімі, кешегі Шөкәрім атындағы кеңшардың директоры, Көкше тобықтысы ұлы Абайдың шөкірті, жан серігі Көкбай ақын Жаңатайұлының ұрпағы. Өзі де ақынға бергісіз, ата даңқына сай абырой иесі. Қараменде бабасын өзі де сағынып, Ақтоғайға алғаш келуі.

Көңжебекұлы Мұрат — Жидебай музей-қорығының директоры. Бұған дейін аудан басшылығында тер төккен, халқына қамқор жүрекпен еңбек еткен, ұлылар елінің атағына сай азаматы.

Көмербайұлы Амантай — Архат ауылының әкімі, Тоқтамыс батырдың ұрпағы. Ақтоғай-Қарауыл ағайындар «Алтын көпірінің» кілтін ұстаушылардың алғашқысы. Даналар өлкесінің дарынды перзентінің бірі.

Құсман Тілеубердіұлы — аудан орталығы Қарауыл селосының әкімі. Шыңғыстау елінің үлгілі өнегесіне сусындай өскен көкірегі шөжіре, талаптың тұлпарын ерте ауыздықтаған азамат.

Ахат болса — құрметті бауырлардың жасы кіші жолы үлкен түлеп ұшқан бала бүркіті. Абай елінен Тоқырауын жеріне, Қараменде Би бабасына дұға бағыштай келген үшінші ұрпақ.

Атасы: 92 жасар Әбеннің Шөкірі 1992 жылы Абай-Ақтоғай арасына «Алтын көпір» ашыл, екі жүз жылдан астам уақыт алшақтаған ағайын арасын қауыштырып кетсе, өкелері.

Меделбек пен Жақан ата салған ақ жолдың асқақтығының абыройын ұрпағына жалғастырып жатса, Ахат баламыз алдыңғылардың асыл мұраларын антпен қабылдап, келер ұрпағына өсиетпен ұсынар ұлағат иесі атанарын уақыт әлі-ақ көрсетеріне сенім мол.

Дәл осыдан екі жыл бұрын 1996 жылы тамыз айында Абай еліне Би атасының (Кеңгірбай) 260 жылдық мерейтойына, алқалы асына Тоқырауын бойынан құралған ағайындар тобын «Алтын көпірдің» Ақтоғайдағы атасының немересі Байыз Зиядаұлы бастап барып, (топ құрамы Мырзағалы, Тұңғышбай, Амангелді және Зияда), Қараменде бабасының жолдаған сөлемін жеткізіп құлпытас қойғаны ойларыңызда шығар. Байыздың домбыраға қосқан жуан да емес сызылған жіңішке де емес, өсем қоңыр үнімен «Келтенің жоқтауын» күңіреніп салған өні Ақжар аспанында, Қарауыл қойнауында мәңгіге қысқа ғұмырының өліне деген өскерткішіндей болып қалықтап қалған еді.

Ардақты ағайындар ауылдан шыққан атбасын Ақжарыққа тіреп, Сайлау мен Кенжебекті Бабасының басына дұға ұйытып, топырағын иіскөтіп, ақтықтарын байлаған болатын. Қонақтар соп күні Жәмшінің киелі топырағына табандары тиіп, Жидебай, Жалаңтөс батырлардың Қараменде Би ұрпақтары өсіп-өнген аруақты ауылға құрметті мейман болған-тын.

Абай еліне дәм жазып, біз барған сайын, Алла жол беріп, өздері келген сайын Меделбек бастаған бауырларымыздың айтар жалғыз бұйымтайлары сары алтындай сарғая сақталып көле жатқан еді. Ол, «Ағамыз» деп жылы жүректерінің түкпіріне бейімдей атап кеткен біздің қарашаңыраққа арнайы сөлем беру. Бірде ағайындарды «Туысқан бұлаққа» шығарып салып отырғанда, Меделбек:

— Құрметті, ақ жүректі, кең пейілді екі жақтың ағайындары, тоғысқан тағдырымыз — туыстық түбірі бір терең тамырына көңінен жайылып, келер буынға ұлағатты үлгісімен асқақ мұра болып қалды. Бауы берік, құтты болсын Алла алыстан алысқа, ұрпақтан ұрпаққа бойтұмар болып тағылсын, жүректеріне

Бірақ, келген сайын Ағамызды уәдеге бөлеп, сағынтып құттіре келеміз. Егер, «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген Ағамыз «олай-пұлай» болып кетсе, мынасы кім, анасы кім

дөп сұрап жатсақ, «Қуырдақтың үлкөні түйе сойғанда» деген сол бола ма деп қорқамын — деп көпшілікке ой тастай сөйлеген еді.

Анадағы Шөкәрім қажының 140 жылдық тойында жүрегі жомарт, дастарханы дархан Сөкөң (Сөйдіғали) Абайлықтардың бәрін болмаса да, біразын береке дарыған, құт қонған жазирасы — Жалаңашына қонаққа шақырғаны жөнө бар.

Аруақтар ауылына Абай өлінен келген қадірлі меймандарды ту бие сойып, ат шаптырып қарсы алмасақ та, тай сойып, ағайындық ақ жүректен жарылып қош алдық.

Ұлылар өлінен келген құрметті меймандарды аруақты ауылдың азаматтары жапырлай келіп сәлем беріп, қошаметтей жүріп шығарып салған сөті:

Ақтоғай шалқып жатқан ырыс далам,

Еңбекшіл өлі қолға ту ұстаған.

Сөнімен Күләштардың сәулеттеніп,

Әнімен Манарбектің тыныстаған.

Гүл-гүлдей жайнай бер, Ақтоғайым,

Бұлбұлдай сайрай бер, Ақтоғайым!

Атыңды айтып мақтанайын,

Алтын бесік — Ақтоғайым! — деген өсем өннің өуеніне ұласып ардақты ағайындар өн қанатында Ақтоғайдан Шыңғыстауға қалықтай бара жатқан еді. Сөкөң болса, Бабалардан қалған «Әлі келген алып та жығады, шалып та жығады» деген мөрген сөздің көйлегін кигендігіне бағып, қадірлі қонақтарын Жалаңашына апармай-ақ, Ақтоғайдың Жосалысының көң қойнауындағы той ауылының шығыс жақ оңаша шетінен Дөкөн өкөуі б қанат ақ ордаларын тігіп қарсы алған болатын.

Екі күн тері құрметті қонақтан босамаған Дөкөннің ақ босағасының өсігі сәлем берушілерден бір сәтке жабылмаған еді.

Қонақтарын аттандырар алдында Сөкөң сөзді Көкімбек Салықовтың Мөриямына арнаған:

Сөнімім берік сенгенге,

Жақсы ғой мінезің табынар.

Сағынған досым келгенде,

Сақтағаның табылар — деген өлеңін өзінің Дөкөніне

арнай бастап, ағасы Рымқан ақсақалға ат мінгізіп жатқанда Дөкен болса, Сайлаудың «Волгасына» қалы кілем жауып, құдаларының қалғандарының иықтарына шапан іліп:

— Ат мінген ардақты ағамыз аруақты аталыққа жетіп, ұлағатты баталы болсын. Аяулы азаматтарыма ардақты ағаның жолын бөріп, халықтың ақ алғысы аялай берсін! — деген аналық ақ тілегін алдарына жайып салды.

Абайлықтардың атадан қалған өнегелі дәстүрлерінің бірі — жасы үлкен қария-ақсақалдарға, ару-өжелерге аралап жүріп арнайы сөлем беру, амандық-саулықтарын біліп, кішілік ілтипат көрсету. Бұл дәстүр, үлкенге сөлем беру ісі қазаққа тән қасиет. Біздің Ақтоғай өңірі, өлі де ата дәстүрден алдарына жан сала қоймайтыны Аллаға аян.

Рымхан ақсақал бастаған Мұсабай, Көкше, Құлық ұрпақтары аудан қарияларына сөлемдесе аралап жүргенде, кезек 93 жасар Сөйілбек ақсақалдікіне келгенде, төсегінде жантайып жатқан құлан сүйек, қырандай сөргек данагөй өкеміз киікше қарғып тұрып, бауырларының құшағына алма-кезек оралып жатты.

Амандық-саулық сұрасып, сағыныш мауқы басылғаннан кейін, қонақтар үй иесінен рұқсат сұрағанда, Сөкең құлағының ауырлау естуіне қарамастан,

— Бауырларым, балаларым, барлығыңа рахмет! Сөндерге аруақ риза, аруақ риза болса, бір Алла да риза шығар. Өйткені, Алланың пендесіне мынау фәни дүниеде айтар уағызы — Бірлік, сыйласымдық. Рыспөтөк бабадан туған үш ағайындының іргелері бөлінгелі жеті ата болған еді. Тоқсан жыл өмірімде мұндай ағайындық ара қатынас болғанын көргенім де жоқ, «болып өді» дегенді естігенім де жоқ. Менің сендерге берер рұқсатым жоқ, бүгін менің қасымда боласыңдар. Сөндер енді қайта айналып келгенше, мен де Әлімхан мен Сәтбектің қастарына жұрт аударатын шығармын — деп қос құрбысын еске ала өзілдеп қойып, қонақтарын терге оздырды.

Кеудесі шөжіре алтын сандық — Сөкең ұлылар бұлағынан қана сусындаған Рөкең екеуі әңгіме тізгінін алма-кезек алысып, сұраққа жауапты кезек қайтарысып, қызу әңгіме-дүкенмен қыркүйектің ұзақ түнін көлер күннің атар таңына таяп барып дамылдаған.

Келесі күні аттанар алдында Рекең Сөйілбек ағасынан рұқсат сұрап, көңіліндегі ризашылыққа толы рахметін айта келіп, әкелік жүрек түйінін келін баласы Ғазизаға арнап:

— Қарағым, Ғазиза, мынау қасиетті – қара шаңырағымыздың өсігінен төріне дейін бабалар исі аңқып тұр екен, босағасынан шаңырағына дейін бақыт-дәулет шалқып тұр екен, Аллаға шүкір! Әкөмізді Пайғамбар сипатында сақтап, періштелік сымбатында баптап отырған пәрзенттік еңбегіңе әкелік жүрегімнен рахмет айтып, басымды иемін. Рахмет, Балапан!

Мынау — кілем, кілем емес, бұл — бір кездегі Ұлы би мен үлкен Би (Қарамөнде мен Кеңгірбай) отырған Шыңғыстаудың төкөметтей жері. Әкөмізбен бірге табандарыңа басыңдар. Екі аруақ жөбеп-жөлей бөрсін, Аллаһу акбар — деп Ғазиза мен Манағұлдың маңдайынан сүйді.

Жол болсын айтқан Сөкөңнің ақ батасымен ағайындар елге беттеп аттанған кезде, шығарып салушылардың алды «Қаражұмақ» қайқаңына іліккен еді. Ақсораңның өулиөсінің кең қойнауы, қарағай-қайың, терек-талға мекен болған ну орманы екі жақтағы ағайындардың өзін-қалжақ араласқан ақ жүректерден ағытылған ақ тілектермен әуелеткен әсем өуендеріне бегіп тағы да қош-қош айтып, ақ жол тілеп тұрғандай еді. Біз де, Алладан келесі кездескенше күн жақсы болғай деп тілеп, қош айтыстық.

Бүгінгі аға ұрпақ, біздің өншімізге тигең кешегі деп аталған заманда көсем ойлы шөшен билерді екі жүзді, алақолды, жемқор етіп, батырларды аусар, ұрда жық, бөтуасыз, тасжүрек, мейірімсіз етіп көрсету — өтек алғанын өшкім де бекерге шығара алмайды.

Қазақстанның кең байтақ көгінде өгөмендіктің көк байрағы желбірігелі атақты-атақты билердің аруақтарына арналып ас беріліп, толысқан жасына той өткізіліп, аруақ та риза, ұрпақ та риза болса, ел қорғаған ерен ерлеріне, жер қорғаған даңқты батырларына мәңгілік өскөрткіш орнатып, өсімдерін ел жүрегінде ғұмырлыққа қалдырып, дүбірлі думандар өткізіп, аруақтың рухтарына пәрзенттілік қарыздарлықпен бас июде.

Дегенмен, тарих көшінің шұбырынды соқпағы бізге, ұрпаққа өлшеусіз көп салихалы шежіренің сарынын аңғартады. Тарихта топтанып, халық жадынан көмескілене бастаған

бабалар, даналар, батырлар мен баһадүрлер қаншама!

Дәл осындай, санамызда сарғая бастаған Шәгірұлы Мәнжіғұл батыр — сол асыл тұлғалардың бірі болатын. Даданның Асанынан — Есәнбақты, одан Ебескі (Құланшы), одан Шағырбай, одан Маныбай, одан Қаржау, одан Шәгір Шәгірден — Мәнжіғұл батыр.

1999 жылы 21 тамызда ұрпақтары: Исаның Ахметінің Сәйтханы (Алматы), Сұршаның Көбені, Бабақтың Сәметі, Бекмағанбеттің Әбдікешінің Көбені, Қуаты, Буланбайдың Нұрмағанбетінің Қанағаты, Рысбайдың Аманбегінің Қордабайы, Қалидың Сапарбегінің Орынбайы, Битүсіптің Айтпайының Жайлауы, Сарымсақтың Қуанышбегінің Саржаны (тағы-тағы көптеген батырлар ұрпақтарының аттарын атауға мүмкіндік болмағандықтан, кешірім сұраймын) халықтың қолдауымен ата мекені Орта Дересінде «Исаның Тораңғысында» жиырмадан астам киіз үй тігіліп, ат шаптырып, ас берді. Мәнжіғұл батырға ерекше сәулетпен қойылған құлпытастың ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегін алып, «Баба ұрпақтарынан Батыр рухына Алладан рахмет, пайғамбардан шапағат бұйырсын, құлпытасың нұрға толсын!» дей көліп, Батыр аруағын сыйлаған ұрпақтарына рахмет айтқан едім. Батыр бабаның Жәннаттан тұрағы болсын, баршамызды аруағы жөбей берсін!

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны өшкім ойламаса.
Ол кетседе, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса.

Шөкәрім қажы.

Адам ата - Хауа анадан тараған Адамзат аты Алланың құлына үлкен-кішісіне, ақ-қарасына, жақсы-жаманына қарамастан, фәни дүниедегі Құдай-тағала жаратқанның бәрі ортақ болғанындай, Бәкі дүниедегі Алланың құзырындағының да аруақ үшін бәріне ортақтығы — шариғаттан мәлім, кімнің орны жұмақта, кімнің орны тозақта — ол жаратушы жалғыз Хақтың өмірінде.

Жаратылыстан бері жалғасып келе жатқан адамзат ұрпағына аруақ ортақ. Ұрпақ болмаса, аруақ та болмайтыны табиғат қағидасы. Шөкәрім қажы айтқандай, «Өлді-өшті, оны өшкім ойламаса, керектісін ескеріп ұмытпаса». Аруақты

қастерлеп, еске алу — өр түйсікті ұрпақтың Ата-Ана үшін Алла алдындағы перзенттік парызы. Өйткені, өзің де ертең аруаққа айналып, аманатың ұрпағыңда қалары — жаратылыстың жазуы.

Ұрпақ мәңгүрттігінің қара түні сырылып, имандылық иірімдерінің ақ таңы атқаннан бөрі қасиетті қазақ жерінде Ислам құдіретінің ұлы жаратушысы Алла әмірін мойындап, атқарылып жатқан үлкен өнегелі істерге Ақтоғай елінің, аруақ сыйлаған ұрпақтарының үлесі ешкімнен де кем емес.

Ұлы Бабаларға, дулығалы батырларға, асқақ арыстарға беріліп жатқан алқалы астар, торқалы тойлар, көкке таласқан күмбездер, нұрлы құлпытастар бөрі-бөрі аруақ үшін.

Қазақ бұрнағы өткен бабалардан кешегі өткен ата-аналарға жеткен мұсылмандық шариғаттық шырағын алғаш Ақтоғай төңірегінде де жарқырата бастаған ұрпақтардың ата-ана парызын ойлаған өнегелі жұмыстары, үлгілі үрдістері ұрпаққа ой тастаған істері бөрімізді қуантады.

1999 - 2001 жж.

Зияда Аманбаев
Әулет аралық естелік

Естелік-шөжіре

Редакторы — Қ.Сәденов
Техникалық редакторы — А.Исатаева

Төруге 12.11.2001. жіберілді. Басуға 21.01.2002 қол қойылды.
Қаріп түрі "Arial". Компьютерлік төрілім. Тапсырыс №10 Тиражы:
230 дана.

Кітап "Полиграфия" ААҚ "Гортипография" Балқаш қалалық
баспаханасында басылды.

Балқаш қаласы, Сәйфуллин көшесі, 25-үй.

